



«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Астана 2013

«МӘДЕНИ МҰРА» ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Майлыбаев Бағлан, *кеңес төрағасы*
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек
Атабаев Қамбарбек
Аяған Бүркітбай
Әбжанов Хангелді
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әлімбай Нұрсан
Байпақов Карл
Байтанаев Бауыржан
Балықбаев Тахир
Дүйсембаев Еркін
Есім Ғарифолла
Жақып Бауыржан
Жұмағалиев Асқар
Жұмағұлов Бақытжан
Қасқабасов Сейіт
Қозыбаев Ілияс
Құл-Мұхаммед Мұхтар
Құрманбайұлы Шерубай
Мұхамәдиұлы Арыстанбек
Мыңбай Дархан
Нысанбаев Әбдімәлік
Салғараұлы Қойшығара
Самашев Зейнолла
Сұлтанов Қуаныш
Тұяқбаев Қанат
Шеңгелбаев Бақытжан

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Ән-өлеңдер

100 ТОМ



УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-5
Б 12

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік
маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У., Өлбеков Т.,
Әлібекұлы А., Күзембаева С.А., Қалижанов У.,
Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:

Қалижанов У., Қирабаев С., Күзембай С., Өзібаева Б., Қорабай С.,
Өлбеков Т. (*жауапты редактор*), Алпысбаева Қ., Рақышева Ж.,
Орынғали Қ.

Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:

Өлбеков Т., Орынғали Қ. (*жауапты шығарушы*), Оралбек А., Байғазы А.

Б 12 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2013.
Т. 100: Ән-өлеңдер. — 440 бет.

ISBN 978-601-292-757-3

«Бабалар сөзі» сериясының 100-томына халық ән-өлеңдерінің ай-
мақтық үлгілері, әсіресе Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Моңғолияның Баян
Өлгий өлкесі мен Қытайдың Шыңжаң өңіріндегі қазақтардың музыкалық
мұралары енді.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-292-757-3 (т. 100)

© Әдебиет және өнер институты, 2013

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2013

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді аяқтайды.

Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған тоқсан тоғыз томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді бөлігі болып саналатын эпостық шығармаларға, ертегілерге, шетелдердегі қазақ фольклорына, қара өлең, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, аңыздар, шежірелер т.б. жанрларға арналды. Дәлірек айтқанда, «Хикаялық дастандардың» — он үш, «Діни дастандардың» — жеті, «Ғашықтық дастандардың» — он бір, «Тарихи жырлардың» — он бір, «Батырлар жырының» — жиырма, «Мақал-мәтелдердің» — бес, «Қара өлеңнің» — екі, «Шежірелік жыр-аңыздардың» — үш, «Ертегілердің» — бес томы, «Тарихи аңыздардың» — төрт томы, Ауызекі әңгімелердің — үш, «Ғұрыптық фольклордың» — екі томы және «Жұмбақтардың», «Балалар фольклорының», «Қазақ мифтерінің», «Моңғолия қазақтарының фольклорының», «Топонимдік аңыздардың», «Күй аңыздың», «Аңыздық шежірелердің», «Аңыздық жырлардың», «Өтірік және мысалдардың», «Магиялық фольклордың», «Түс жору және ырымдардың», «Хикаяттардың», «Ән-өлеңдердің» — бір-бір томы баспаға дайындалып, басылым көрді. Бұл жинақтардың он екі томында Қытайдағы, біреуінде Моңғолиядағы қазақтардың фольклорлық мұралары қамтылды.

Серияның соңғы 100-томы фольклорлық мұралардың арасында өзіндік орны бар, халық жадында аса мол сақталған — ән-өлеңдерге арналды. Топтаманың 99-томында музыкатанушы-жинаушылар: А.Затаевичтің, Б.Ерзаковичтің, Б.Ғизатовтың, В.Дернованың және Л.Хамидидің, Ғ.Құрманғалиевтың, сондай-ақ 1960-1970 жылдарда ел ішіне шыққан ғылыми экспедициялар барысында жазылған ән-өлеңдер үлгілері енген болса, бұл томға аталған жинаушылардың еңбектерінде аз қамтылған аймақтардың, әсіресе Оңтүстік Қазақстанның, Жетісу өлкесінің, Шығыс Қазақстанның, Моңғолия Республикасының Баян Өлгий өлкесі мен Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өңірі қазақтарының ән мұралары топтастырылды.

Халықтың мәдени мұралары, өнері саясатқа, шекараға тәуелді бола бермейтінін Қазақстанның көрші елдермен жүргізіп отырған қазіргі қарым-қатынасы, мәдени байланыстары көрсетіп отырғаны баршаға мәлім. Әсіресе, көршілес жатқан Қытай-Қазақ елдері өздерінің ішкі-сыртқы саясаттары бар жеке мемлекеттер болғанымен, Тәңір тауы мен Алтайға дейінгі аралықты бойлай шекаралас, қоныстас отырған жұрт — бір халық, біртұтас ұлт екендігі, әлі күнге шейін шекараның екі жағында бір рудың, тіпті олардан тараған бір атаның ұрпақтары мекендеп жүргендігі, сондықтан олардың рухани жақындастығы, ән-өлеңдердегі сақталған бірегей дәстүр үзіле қоймағаны да белгілі. Сондықтан кейбір ән мәтіндерінің нұсқалары қазақтар тығыз қоныстанған жерлердің бәрінде кездесе беретіндігін заңдылық деп есептеуге болады. Мысалы, Қазақстан өңірлерінде қалыптасқан ән-өлеңдердің лирикалық, тарихи, философиялық сипаты басым болса, шетелдік қазақтарға тән музыкалық мұраларда көшпелі тұрмыс-салт, туған жер мен өскен елге деген сағыныш, баянсыз махаббат, орындалмаған аңсар-арман, дархан көңіл, табиғат тынысы т.б. тақырыптар басым болып келеді.

«Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясын түйіндеп отырған 100-том зерттеуші З.Керееваның әнші-ақын М.Байбатыровтан жазып алған «Жетісу қазақтарының 54 халық әні» қолжазба жинағы (1957), сондай-ақ М.Бестібаевтың «Қазақ әндері»

(1957), К.Төлеутаевтың «Балқаш өңірінің әндері» (1989), Р.Темірбаевтың «Қазығұрт әуендері» (1991), С.Медеубекұлы мен Б.Мүптекеевтің «Жетісу әуендері» (1998), Қ.Ақмерұлының «Моңғолия қазақтарының әндері» (1983), Ә.Бафинаның «Синьцзян қазақтарының халық әндері» (1959), Д.Кенешұлының «Алтай-Тарбағатай өңірінің халық әндері» (1,2-кітаптар, 2008), А.Әнуарбекұлы, Н.Қиясбекұлы т.б. құрастырған «Қоңыр әуен» (2009) жинақтарында жарияланған халық әндері мәтіндерінің негізінде дайындалды.

Бұл ретте қалың оқырманның назарына салатын бір мәселе — ең алдымен, халық әндерін жинау, жариялау осы екі томдық басылыммен шектелмейтіндігін ескерту, құлаққағыс ету. Себебі 2012-2013 жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырып, Моңғолиядағы, Ресейдегі, Өзбекстандағы, Қарақалпақстандағы, Қытайдағы қазақтар тығыз қоныстанған өлкелерді аралап қайтқан экспедициялардың жинаған мәліметтеріне, материалдарына қарағанда, әлі де халық жадында сақталғанмен, хатқа түсірілмеген музыкалық мұралар аз емес. Тіпті, Қазақстан көлемінде де сарқыла жиналып болған жоқ. Мәселен, Шыңжаңда жарық көрген «Қазақ ауыз әдебиетінің қазынасы» көптомдығының «Халық әндері» (17-том. 2011) жинағына енген 683 ән мәтіні жүйеленіп, бұл томда қамтылмады.

Екіншіден — халық әндерін жүйеге түсіру, текстологиялық сараптаулар жүргізу, хронологиялық тұрғыда мерзімдеу т.б. жұмыстардың өте күрделі екендігін қаперге салу. Себебі бүгінгі таңда ән мұраларды ешбір ғылыми дәлелсіз ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген халық композиторларының, әнші-ақындардың, сал-серілердің авторлығына телу үрдісі белең алғандықтан, оларды бір-бірінен ажырату, тұжырымды пікір айту ұзақ уақытты, зерделі зерттеулерді талап етеді. Сондықтан бұл томды дайындауда жинаушылардың мәліметтері ғана назарға алынды.

Топтаманың ұстанымдарына сәйкес, томға енген мәтіндер әліпби бойынша жүйеленіп, реттік санмен нөмірленді. Томның ғылыми қосымшасына: томға енген мәтіндерге түсініктеме,

мәтіндерде кездесетін тарихи, діни есімдер және ру атаулары, сөздік, жер-су атаулары, томға енген мәтіндерді жинаушылар мен жариялаушылар туралы мәлімет, шартты қысқартулар, пайдаланылған әдебиеттер, мұрағат және қолжазба қорлары және томның орыс, ағылшын тіліндегі түйіндемесі енді.

Томның көлемі — 27,5 б.т.



МӘТІНДЕР



1. А, КҮНІМ

Дәйім менің мінгенім Шұбалаңкер,
Қос сақина қолыңда бұрама зер.

Қайырмасы:

А, күнім, бұлбұлым,
Қалайша сәулем көңілім.

Алыс ауылың кеткенде, қалқатайым,
Көзге күйік болады ойнаған жер.

Қайырмасы.

Дәйім менің мінгенім қарала тай,
Неге міндім, шіркін-ай, тағаламай.

Қайырмасы.

Кәмшат бөрік шекеме қырын киіп,
Жүруші едім мен-дағы жан жаратпай.

Қайырмасы.

2. А, ҚАЛҚА-АУ

А, қалқа-ау,
Ғашық болдым әуел баста.
Ғашық оты мағлұм,
А, қалқау, көрі жасқа.

Қайырмасы:

Әйи-яю
Әйи-яю-ай.
Бірге өстім кішкентайдан біте қайнап,
Көңіліңде бар ма,
Уәде, а, қалқа-ау, менен басқа?

Әріптес сен дегенде қуанамын,
Еңкейіп жез шөйнекпен су аламын.
Кеткенде ауылы алыс, ей, қарағым,
Мойнында асасы жоқ дуанамын.

Қайырмасы.

3. А, ҚҰРБЫМ, АЙДАЙ-АУ

Есік алды қара су бойламадым-ей,
Бұл жалғанның өтерін ойламадым.

Қайырмасы:

А, құрбым, айдай-ау.

Бұл жалғанның өтерін білген болсам-ай,
Құлын-тайдай айқасып ойнамадым.

Қайырмасы.

4. А, ШІРКІН

Ат жақсы арғымақтан, шабыс болса,
Жат жақсы ағайыннан, а, шіркін,
таным болса-ай.

Дұшпаның досыңменен табалайды,
Аяғың бір нәрседен, а, шіркін, шалым басса-ай.

Жүгірсе аттың бәрі бурылдай боп,
Ойнаса жанның бәрі, а, шіркін,
құрбыдай боп-ай.

Дауысың бесенеден беп-белгілі,
Сайраған таңертеңгі, а, шіркін,
бұлбұлдай боп-ай.

5. А, ШІРКІН, ЖАНАЙ-АУ

Ақша қарда жорытқан қояндайсың-ей,
Шөп-шөп сүйсем бетіңнен, оянбайсың.

Қайырмасы:
А, шіркін, жанай-ау.

Екі көзің күн нұры жарқыраған-ей,
Қандай жанға өмірлік баяндайсың.

Қайырмасы.

Ары өтейін аулыңнан, бері өтейін-ей,
Ақ алмасын арудың тере өтейін.

Қайырмасы.

Шын пейіл, шын көңілің менде болса-ей,
Алтын қобыз қолға алып әндетейін.

Қайырмасы.

Бір белгісі өнердің, ей, көрінеді,
Жіп тартатын мәшине шөлмекпенен.

Қайырмасы.

Мына сөздің келпеті, ей, келген жері,
Бәрі де анық адамға өлмек деген.

Қайырмасы.

Бағаң артық баласың, ей, әуес қылар,
Кімдер мініп жорғаны терлетпеген.

Қайырмасы.

8. АБАЙКӨК

(1-нұсқа)

Бойында бұл Қобданың ши бар ма екен,
Оуда шебер ойған мін бар ма екен?

Қайырмасы:

Ей, Абайкөк,
Жерің шалғай-ей,
Амал жоқ.

Ант ішкен айрылмастай екі қалқа,
Көретін қайта айналып күн бар ма екен?

Қайырмасы.

Немене өлең деген ермек деген,
Саудагер ел ішінде көлбектеген.

Қайырмасы.

Кеткенде ауылым алыс, ей, қарағым,
Зар болдым көлеңкеңе елбектеген.

Қайырмасы.

9. АБАЙКӨК

(2-нұсқа)

Қараойда ма аулың, боз талда ма, Абайкөк,
Қарай-қарай артыңа, көз талды ма, Абайкөк?
«Әй-ау» десем артыңа қарамайсың, Абайкөк,
Шыныменен көңілің бек қалды ма, Абайкөк?

Қайырмасы.

Есік алды монша сай,
Басына бұлбұл қонсашы-ай.
Күнде жиын, күнде той,
Заман сондай болсашы-ай.

10. АБАЙКӨК

(3-нұсқа)

Берейін өнге салып жамағатқа, үй Абайкөк,
Бұл өлең мұра болған азаматқа, ей.
Жерің шалғай, ей, амал жоқ.

Осында үлкен де отыр, кіші де отыр, үй,
Абайкөк,
Көрсем да артық болмас саламатпа-ай,
Жерің шалғай, ей, амал жоқ.

Сөйлейін сөйле десең, халқым қалап, үй,
Абайкөк,
Елімнің мерекесін құтқа балап-ей!
Жерім шалғай-ей амал жоқ.

Өсе бер ортақ дәулет күнде мыңнан, үй,
Абайкөк,
Мәпелеп еңбекті елім тұр аймап, ей,
Жерім шалғай, ей, амал жоқ.

11. АБАЙКӨК

(4-нұсқа)

Күміс те алтын, мыс та алтын, алтын да алтын,
Сыр болмайды жақсыда айтылмайтын.

Қайырмасы:

Абайкөк, гүлім-ай деп,
Өтті-ау жалған, қайтейін,
Дүние-ай деп.

Бәрі бірдей сыртынан алтынмын дер,
Отсыз, ойсыз жел сөзбен сарқылмайтын.

Қайырмасы.

Досым жайлы, ей, қалқа, досым жайлы,
Ынтымағы жаманның қосылмайды.

Қайырмасы.

Алды-артын ойлайтын ер-азамат,
Дүниеге мастанып отырмайды.

Қайырмасы.

12. АҒАЖАН—АЛТАЙ

Елім кетіп аңырап-а, ай, жерім қалды,
Асқар асу, шұрайлы белім қалды.

Қайырмасы:

Ағажан, Алтайдай жер қайда-ай.

Өр Алтайдан дүркіреп ел көшті ғой,
Ақ даланың бойынан оқ есті ғой.

Қайырмасы.

Қара арғымақ сүрініп қу томарға,
Қара нардың бұйдасын жау кесті ғой.

Қайырмасы.

13. АЙ ҚАРАҢҒЫ, ТАҢ ЖАРЫҚ

Өлең де өнер, жігітке өнер де өнер, жан сәулем,
Өрге шапса, шын жүйрік өршеленер.

Қайырмасы:

Ай қараңғы, таң жарық,
Ей, құрбылар ойнашы-ай.

Осындайда құрбылар күл де ойна, жан сәулем,
Жанып тұрған шырағың бір күн сөнер.

Қайырмасы.

14. АЙ, БҰЛБҰЛ

Ұстағаным қолыма қалам еді-ай,
Бәрімізден бұл жалған қалады енді-ай!

Қайырмасы:

Ай, бұлбұл,
Қызыл гүл,
Өтіп дәурен барады,
Тіршілікте ойнап-күл.

Сен сұрасаң өлеңді, мен айтайын-ай,
Жазып алғын осылай, балам, енді-ай!

Қайырмасы.

Өлең деген, ендеше, өлең деген-ау,
Өлең десе, құлағым елеңдеген-ау.

Қайырмасы.

Өрнегіне келтіріп әуен қоссаң-ау,
Өлеңің өзгермеген, көнермеген-ау.

Қайырмасы.

15. АЙ, ЖАНЫМ, ҚАЛАР КӨҢІЛІҢ, ҚОЙ ЖАНЫМ

Басы еді өлеңімнің сексен сегіз,
Шықпайды тауға бидай екпесеңіз.

Қайырмасы:

Ай, жаным, қалар көңілің,
Қой жаным, қой.

Кез болған қиуада қимас қалқам-ау,
Берейін өлең айтып сөкпесеңіз.

Қайырмасы.

Басынан қара таудың қарай жаттым-ау,
Беліме күміс белбеу орай жаттым.

Қайырмасы.

Кез болған қай ауылда-ей, құрбылар-ау,
Жол тосып жолаушыдан сұрай жаттым.

Қайырмасы.

16. АЙ, КҮНІМ-АЙ

Асыл құмған, ендеше, асыл құмған-ай,
Айналайын көзіңнен, ай, күнім-ай,
ашып жұмған-ай.
Өкең сұңқар болғанда, шешең — тұлпар-ай,
Неге жаман боласың, ай, күнім-ай, содан туған-ай.

Әруағына сиынған Биекенің-ай,
Жаман білмес жақсының, ай, күнім-ай,
кім екенін-ай.
Қайда жүрсе жақсының жаттығы жоқ, ай,
Жақсы болсаң боларсың, ай, күнім-ай,
бір мекенім-ай.

17. АЙ, ҚАРА КӨЗ

Жарапсың ғой, жаным-ау, сірә, зерек,
Замандасым, басқадан жөнің бөлек.

Қайырмасы:

Ай, қара көз,
Қалмасын айтылмаған
Ойдағы сөз.

Күндіз ойдан кетпейсің, түнде түстен,
Тал бойыңда мінің жоқ жасыл желек.

Қайырмасы:

Ай, бұлбұлым,
Жүрмісің сау-сәлемет
Қызыл гүлім.

Айналайын қарағым, қара қасым,
Қос иықта бұралған қолаң шашың.

Қайырмасы.

Өзіңменен бір болсам бұл өмірде,
Болады ғой бақытты менің басым.

Қайырмасы.

18. АЙ-АЙ, СӘУЛЕМ-АЙ

Барады көшіп аулым Көлме көлге,
Көлме көл алыс дейді.
Ай-ай, сәулем-ай, көрмегенге-ай.

Түскенде сен есіме, ей, қарағым,
Жүремін өрең шыдап,
Ай-ай, сәулем-ай, өлмегенге-ай.

Қалқатай етің аппақ қояндайсың,
Ән салсам үй сыртынан,
Ай-ай, сәулем-ай, оянбайсың-ай.

Бірге өскен кішкентайдан, замандасым,
Дәм тартып әлдекімге,
Ай-ай, сәулем-ай, баяндайсың-ай.

19. АЙ-АЙЫМ

Қалқаның сағынғанда салған өні,
Үзілтіп, үлбіретіп толғағаны.
Келешек өмір ісін болжаймын деп,
Езілтіп, ет жүректі қозғағаны.

Қалқатай, айым да сен, күнім де сен,
Қасқа тісің көрінер, күлімдесең.
Бойыма ішкен асым тарамайды,
Көзіме жарты сағат көрінбесең.

20. АЙДАЙ

(1-нұсқа)

Айт дегенде өлеңді-ай, аяйын ба,
Жаңа келдім жақсының, айдай, маңайына-ай.
Ән салайын құрбының-ай көңілі үшін,
Бір серпілмей мұндайда, айдай, қалайын ба-ай.

Қайырмасы:

Айдай, айдай,
Атқан таңдай.
Екеуің айдай,
Жаққан шамдай-ай.

Етігімнің өкшесі-ай айнала жез,
Айналайын көзіңнен, айдай, дөңгелек көз-ай.
Екі ауылдың екеуіміз-ай ардағы едік,
Жел айдаған қаңбақтай, айдай, болдық қой кез-ай.

Қайырмасы.

21. АЙДАЙ

(2-нұсқа)

Жоғартыннан келеді бесті мінген,
Ұзақ жерге кетеді кешке жүрген.
Бағаласам, бағаңа жан жетпейді,
Жақсы ауылдың баласы есті білген.

Қайырмасы:

Ат байладым шарбаққа,
Ауылыңа бармаққа.
Суда балық сен болсаң,
Ілінерсің қармаққа.

Жоғартыннан келеді бие мінген,
Құйысқанын салмайды, түйе мінген.
Бағаласам, бағаңа жан жетпейді,
Жақсы ауылдың баласы жүйе білген.

Қайырмасы.

22. АЙДАЙ

(3-нұсқа)

Аулым көшіп барады Алмалыға,
Ой бөлмеймін шын істің, айдай,
Жалғанына-ай.

Бір кетпейтін есімнен есіл, қалқам,
Жетер ме екен қол созған, айдай,
Арманына-ай.

Аулым көшіп барады Алмалыға,
Кім көнбейді Алланың, айдай,
Салғанына-ай.

Бір кетпейтін есімнен есіл, қалқам,
Кетер ме екен біреудің, айдай,
Қармағында-ай.

23. АЙДАЙ

(4-нұсқа)

Айтагенің айтайын ән баяулы,
Жарлы болар жігіттің айдай жаны, аяулы-ай.
Тіршілікте қалайық күліп-ойнап,
Өтіп жалған барады, айдай, күн санаулы-ай.

24. АЙДАЙ

(5-нұсқа)

Шөлкөденің басында алмалы едім,
Қымыз емес ашыған саумал едім-ай.
Қалың шөбің, Шөлкөде, бір көрінсе,
Шәй көрпеді жатқандай аунар едім-ай.

Қайырмасы:

Арқадан соққан жасыл жел, айдай,
Торғайдай тозған қайран ел қайда-ай?!

Елім барды-ай кейінгі Көлме көлге,
Алыс дейді Көлме көл көрмегенге-ай.

Артта қалған Сәбетте-ау, қайран елім,
Ұшар қанат менде жоқ сен дегенде-ай.

Қайырмасы:

Арқадан соққан самалың, айдай,
Өтіп бір кеткен заманым, айдай.

25. АЙДАЙ, АЙДАЙ

(1-нұсқа)

Сен сен еді, сен еді сен кеткен соң,
Сеңгір таудан ит үрмес ел кеткен соң.
Ат тұяғын тай басар дегендейін,
Сендей болар ма ер жеткен соң.

Қайырмасы:

Айдай-айдай,
Қаршыға алған шығады,
Қоян аулай.

Базардан алып келген күміс қасық,
Емілдің өте алмадым суы тасып.
Аулың алыс кеткенде, алыс сәулем,
Жүрейік ақ қағазбен амандасып.

Қайырмасы.

26. АЙДАЙ, АЙДАЙ

(2-нұсқа)

Айналайын атыңнан, орта бойлым,
Сары майдан айырып, сәулем, торта қойдым-ай.

Жаңа ғана өзінді көрсем-дағы,
Күлім көз деп атыңды, сәулем,
жорта қойдым-ай.

Қайырмасы:

Айдай, айдай,
Ұйқым шайдай
Ашылды, сәулем,
Бір сені ойлай.

Ертелі-кеш ән салсам, жалықпаймын,
Тоқсан түрлі даусыңды, сәулем,
анықтаймын-ай.
Кәрісің деп қу қыздар күледі екен,
Күледі деп оларға, сәулем, қамықпаймын-ай.

Қайырмасы.

27. АЙДАЙ, ТАМАША

Мен істеймін жұмысты өндірісте, ахау,
Маман тауып келемін әрбір іске.
Айдай, тамаша!

Озып шығып қатардан жүлде аламын, ахау,
Мен сенемін бойдағы қайрат, күшке,
Айдай, тамаша!

28. АЙНАМ-АУ

(1-нұсқа)

Басың биік, Алатау, жарқырады, ахау,
Шалғыныңды ел басып жапырады-ай.

Қайырмасы:

Айнам-ау,
Алғаным жоқ сырыңды-ау,
Әлдеқандай, қайдам-ау.

Оралыңның барында ойна да күл,
Өтіп жалған барады қапияда-ай.

Қайырмасы.

Басың биік, Алатау, қарың кетпес, ахау,
Ақ жүзінен сұлудың әрі кетпес.

Қайырмасы.

Сен есіме түскенде, беу, қалқатай, ахау,
Тамағымнан титімдей тары да өтпес.

Қайырмасы.

29. АЙНАМ-АУ (2-нұсқа)

Аулым көшіп барады лай көлге,
Дүрия бешпент жарасар қынай белге.

Қайырмасы:

Алғаным жоқ сырыңды,
Әлдеқалай қайдам-ау.

Айырылысқан адамның қосылмай ма,
Айналайын көзіңнен, жылай берме.

Қайырмасы.

Ұшып жүрген әуеде көгілдірік,
Көк дөненге жарасар өмілдірік.

Қайырмасы.

Жиын, сауық, мәжіліс бас қосқанда,
Өлеңдерді шырқайын төгілдіріп.

Қайырмасы.

30. АЙРЫЛДЫМ, ҚҰРБЫМ, АРМАНДА

Мінгенім астымдағы жетім шұбар, Ақерке-ау,
Қайқайып бұл асудан көшім шығар.
Айрылдым, құрбым, арманда.

Ойласам, ауылың алыс кеткен шақта, Ақерке-ау,
Сағынып, сарғаюдан есім шығар.
Айрылдым, құрбым, арманда.

31. АЙХАЙ, ЕЛ

Алыс жерден біз келдік жер Қабаға-ей, ел-ай,
Соғысуға дұшпанмен осы арада.

Қайырмасы:

Айхай, ел, туған жер,
Туысқандар бізге кел.
Киер киім, мінер ат, бөрі де жоқ-ей, ел-ай,
Гоминданның қолында жан баға ма?

Қайырмасы.

Гоминдандық үкімет бермес пайда-ей, ел-ай,
Пайда етсе, кешегі ерлер қайда?!

Қайырмасы.

Талай жақсы халықтың ұлдарының-ей, ел-ай,
Қалды емес пе бастары талай сайда.

Қайырмасы.

Айхай жалған дегенде, айхай жалған-ей, ел-ей,
Орындалмай кеткеннің бәрі де арман.

Қайырмасы.

Өз мекенің, өз елің өсіп-өнген-ей, ел-ай,
Кіндік кесіп, кір жуып, сайран салған.

Қайырмасы.

32. АЙХАЙ, ЗАМАН ӨТІП БАРАДЫ-АЙ

Айхай! Заман өтіп барады-ай!
Біздің ауыл Шәлкөде шұқырында, оу-ай,
Мін болмайды сұлудың мықынында, айхай,
Заман өтіп барады-ай.

Өріп танып, мінекей, балаларым, оу-ай,
Еш жамандық жоқ екен тұқымыңда, айхай,
Заман өтіп барады-ай.

Біздің ауыл Шәлкөде иегінде оу-ай,
Мін болмайды сұлудың иегінде, айхай,
Заман өтіп барады-ай.

Жасөспірім жас бала, келдің қайдан, оу-ай,
Еш жамандық жоқ екен сүйегінде, айхай,
Заман өтіп барады-ай.

Ұшып жүрген әуелде өңкей ұзақ, оу-ай,
Құрдым енді ұзаққа мен де тұзақ, айхай,
Заман өтіп барады-ай.

Ата-анаңнан айналдым сені баққан, оу-ай,
Болсын енді, балалар, жасың ұзақ, айхай,
Заман өтіп барады-ай.

33. АҚ АЙША

Айналайын, қарағым, асыл айым,
Мінезімді несіне жасырайын.
Расыңмен көңіліңді берер болсаң,
Балапандай жем беріп асырайын.

Қайырмасы:

Мінген атым торыдай,
Жалтарады қояндай.
Татулықтың белгісі —
Қозы-Көрпеш, Баяндай.
Аяңда, сәулем, аяңда,
Аяңдашы, ей, аяңдай.

Сен қалайсың, қарағым, мен дегенде,
Ұшар қанат мен де жоқ сен дегенде.
Тигізетін құрбыңа пайдаң бар ма?
Сені ойлаймын күндіз-түн шөлдегенде.

Қайырмасы.

34. АҚ АЛМА

Аулым көшіп барады, тау аралап,
Кеттің ғой жүрегімді сен жаралап.

Кеткенде жерің шалғай, қимас қалқам,
Жүрейін суретіңді мен паналап.

Қайырмасы:

Ақ Алма, мен кеткенде сен қалма,
Алма мойын ақ сұңқар,
Біз құрбыңа қол жалға.

Сен де ғашық, қалқатай, мен де ғашық,
Нені алданыш етерміз мауық басып?
Кеткенде жерің шалғай, қимас сәулем,
Ақ қағазбен жүрелік амандасып.

Қайырмасы.

35. АҚ БИДАЙ

(1-нұсқа)

«А» дегенде дауысым бір саңқылдар, ақ бидай,
Қатпа түйе жел соқса үйге аңқылдар, ірку жай.
Жан-жар-ей,
Үкілі Бағлан-ай.

Алған жары жігіттің болса жақсы, ақ бидай,
Үйрек ұшып, басыңнан қаз қаңқылдар,
ірку жай.

Жан-жар-ей,
Үкілі Бағлан-ай.

Айт дегенде өлеңді іркілмеймін, ақ бидай,
Өлең айтқан жігітті, шіркін, деймін, ірку жай.
Жан-жар-ей,
Үкілі Бағлан-ай.

Өлең айт деп көпшілік бұйырған соң, ақ бидай,
Жолға түскен жорғадай бүлкілдеймін, ірқу жай.
Жан-жар-ей,
Үкілі Бағлан-ай.

36. АҚ БИДАЙ

(2-нұсқа)

Жоғарыдан келеді бір топ тана, ақ бидай,
Бір топ тана су ішер ұрттап қана.

Қайырмасы:

Игаужан, жан, жан-ай,
Дәурен екі келмейді-ай.

Көп ішінде сағымды сындырмадың, ақ бидай,
Төсегіңде ойнайсың бір топ бала.

Қайырмасы.

Сырлы қасық, жаным-ау, сырлы қасық, ақ бидай,
Сылқымдықпен сындырдым сабын басып.

Қайырмасы.

Күнде мұндай кезіміз келе бермес, ақ бидай,
Бес-алты ауыз өлең айт көңіл ашып.

Қайырмасы.

37. АҚ БӨДЕНЕ-АЙ

Баяны жоқ дүние бұл бір жалған-ей, ей,
Бұрынғыдан сұм жалған бізде қалған-ау.

Тіршіліктің барында ойна да күл, ей,
Еркін қолға тимейді, көңілге алған-ау.

Қайырмасы:

Ақ бөдене-ай,
Ауылың бірге болсашы,
Өттеген-ай.

Мына жалған қай жалған, белгісі жоқ-ей,
Белге соққан жыландай өлгісі жоқ-ей.
Гүл жазыңның барында ойна да күл, ей,
Қайта айналып бұл заман келгісі жоқ-ау.

Қайырмасы.

38. АҚ ЕРКЕ

(1-нұсқа)

Ай болмаса аспанда адасады-ай,
Көтермесе, көңілді кір басады-ай.

Қайырмасы:

Ақ ерке,
Өніңе сал,
Жанерке-ай.

Жақсылардың кеудесі алтын сандық-ай,
Кілт болмаса, сандықты кім ашады-ай.

Қайырмасы.

Қудым сені дүние бала жастан-ай,
Аз-көбіне шаруаның қарамастан-ай.

Қайырмасы.

Гүл жазыңның барында күл де, ойна-ай,
Өгіп жалған барады ғазиз бастан-ай.

Қайырмасы.

39. АҚ ЕРКЕ

(2-нұсқа)

Қош болғайсың, ей, қалқа, қош болғайсың,
Боз жорғаның шылбырын бос салғайсың.

Қайырмасы:

Іңкәржан, ақ ерке, аман бол.

Ауылың алыс кеткенде, беу, қарағым,
Мен құрбыңды қалды деп, еске алғайсың.

Қайырмасы.

Ойнап-күлген жерімде сұңқар қалды,
Бозбалалар ауылы алыс қалды.

Қайырмасы.

Алыс қалған ауылыңа қараймын деп,
Қаршығадай қайрылып, көзім талды.

Қайырмасы.

40. АҚ ЖАЙҒЫН КӨЛ

(1-нұсқа)

Сөйлеп, сөйлеп берейін сөз келгенде-ау,
Тоқтау болмас жүйрікке сар желгенде-ау.

Ақ жайқын көл
Жайлайды біздің ел.

Мұнда айтпаған өлеңді қайда айтамыз-ау,
Іздегенің алдымнан кез келгенде-ау.
Ақ жайқын көл
Жайлайды біздің ел.

41. АҚ ЖАЙҚЫН КӨЛ

(2-нұсқа)

Су ағады арықтан шыр айланып-ай,
Өлмегенге мал бітер бір айланып-ай.

Қайырмасы:

Ақ жайқын көл
Жайлайды-ау біздің ел.

Оралыңның барында ойна да күл, ей,
Кім бар, кім жоқ көргенше жыл айланып, ей.

Қайырмасы.

Аулым көшіп барады Сарымсаққа, ей,
Қой айдаттым базарға алымсаққа, ей.

Қайырмасы.

Аулың алыс кеткенде, ей, қалқатай, ей,
Шықпайды екен шыбын жан сағынсақта, ей.

Қайырмасы.

42. АҚ ЖАЙЫҚ ПЕН СҮР ЖАЙЫҚ

Сүйген жардың алдынан жарқылдайын-ей,
Өле-өлгенше көңілінді қалдырмайын-ей.
Өзің көңіл бергенде әттең, қалқам-ей,
Бір өзіңе ерттеулі атым дайын-ай.

Қайырмасы:

Ақ Жайлақ пен сүр Жайлақ,
Мен сағындым сізді ойлап.

Өрмегейті, Қаракөл жердің туы-ей,
Алтын бұлақ секілді аққан суы-ай.
Ән дауысын сағынып жүргенімде-ей,
Қай жеріңнен келеді әннің туы-ай.

Қайырмасы.

43. АҚ КӨЙЛЕК

(1-нұсқа)

Үстімде ақ көйлегім, ахау, бүрмелеген,
Жігіттің несі жігіт, ақ көйлек, көңіл жай,
бір күлмеген, еу, айдай.
Жақсыға айтар сөзің, ахау, өтер деген,
Жаманға назар салма, ақ көйлек, көңіл жай,
сөз білмеген, еу, айдай.

Үстімде ақ көйлегім, ахау, желбіреген,
Жігіттің несі жігіт, ақ көйлек, көңіл жай,
ел білмеген-ау, айдай.
Кеткенде ауылым шалғай, ахау, қалқатайым,
Ешбір жан дәл өзіңдей, ақ көйлек, көңіл жай,
көрінбеген-еу, айдай.

Үстiмде ақ көйлегiм, ахау, ноқталаған,
Айдасам, жылқым өрге ақ көйлек, көңiл жай,
жоталаған-еу, айдай.
Жетемiн уағдалы, ахау, айтқан сертке,
Құр бояу мен емеспiн, ақ көйлек, көңiл жай,
жосалаған-еу, айдай.

44. АҚ КӨЙЛЕК (2-нұсқа)

Мiнгенiм дөйiм менiң, ахау, құла қасқа,
Қалқатай, сүйгенiм жоқ.

Ақ көйлек, көңiл жай,
Сенен басқа, еу, айдай.

Кеткенде ауылың алыс, ахау, қимас қалқам,
Берiп кет орамал шыт.

Ақ көйлек, көңiл жай,
Жыламасқа, еу-айдай.

45. АҚ КӨЙЛЕК, КӨҢІЛ ЖАЙ

Өлеңдi мен айтамын, ахоу, қызбайын деп,
Айтылған уәденi, ай, ақ көйлек, көңiл жай,
бұзбайын деп, беу айдай.

Аққудай көлде жүзген, ақ көйлекпен,
Алдымнан шықса сәулем, ай, ақ көйлек, көңiл жай,
бiз дайын деп, беу айдай.

Жан сәулем жүрген шығар, ахоу, мен келед деп,
Өрнектеп ою сызып, ой, ақ көйлек, көңiл жай,
дөңгелектеп, беу, айдай.

Көйлекті ақ жібектен, ахоу, киген сәулем,
Алдымнан шыға келсе, ой, ақ көйлек, көңіл жай,
«не керек» деп, беу, айдай.

Салдырдым сал қараға, ахоу, жез тағаны,
Қалқатай, ақылың артық, ой, ақ көйлек, көңіл жай,
ең бағалы, беу, айдай.

Үстінде ақ көйлегің, ахоу, көлбең қаққан,
Бес бие, алты атқа алған, ой, ақ көйлек, көңіл жай,
бір жағаны, беу, айдай!

46. АҚ САУСАҚ

Айт десеңіз айтайын, ей, айдай он бес,
Сауынан үйреткен тайдай он бес.

Қайырмасы:

Ақ саусақ, қима бел,
Сағынсаң, сәулем, мұнда кел.

Тіршіліктің барында, ей, ойна да күл,
Қайта айналып оралмас қайран он бес.

Қайырмасы.

47. АҚ САУСАҚ, ҚЫПША БЕЛ

Сен дегенде сәулежан, ей, ойым бөлек,
Он жасымнан өлеңге болдым зерек.

Қайырмасы:

Ақ саусақ, қыпша бел,
Сағынсаң, сәулем, мұнда кел.

Бағаласам, бағаңа жан жетпейді,
Айналайын көзіңнен дөп-дөңгелек.

Қайырмасы.

Дәйім менің мінгенім қара ала тай,
Неге міндім шіркінді тағалатпай.

Қайырмасы.

Камшат бөрік шекеме қырын киіп,
Жүруші едім мен-дағы жан жаратпай.

Қайырмасы.

48. АҚ СИЯ-АЙ

Тіл — бұлбұл, көңіл — бақша, ой — тас қорған,
Жігітке қиын екен ғашық болған-ай.

Қайырмасы:

Ой, ақ сия-ай,
Ақ сұңқар,
Екі-ай бала-ай.

Сыртыңнан дидарыңа болдым ғашық,
Мен емес қолдан тартып, тілін сорған.

Қайырмасы.

49. АҚ ТОЛҒАЙ

Гүл бәйшешек оранған жерім еді,
Көптен бері көзіме көрінбеді, ақ толғай.

Қайырмасы:

Барайын десем, жер шалғай,
Бармайын десем, ел қандай.
Өл-дөрменім құрып тұр,
Құрбыларды көп ойлай.

Дәулеті мол ырысты, несібені.
Қанша халқым өзіңнен теріп жеді, ақ толғай.

Қайырмасы.

Қалды кейін қайран ел, туған жерім,
Аман да бол, қайыр қош, асқан белім, ақ толғай.

Қайырмасы.

Ата-ананың көзінде ізі қалып,
Ең алғашқы кіндік қан тамған жерім, ақ толғай.

Қайырмасы.

Жайнап өскен жас шыбық доланасы,
Бал татыған шекерлі ақ алмасы, ақ толғай.

Қайырмасы.

Жатсам-тұрсам есімнен бір кетпейді,
Ақ бастаулар сылдырап сай-саласы, ақ толғай.

*Қайырмасы.***50. АҚ ТОРҒАЙ***(1-нұсқа)*

Талға байлап күреңді мінсем қандай-ау,
Күліп-ойнап қалқамен жүрсем қандай.

Қайырмасы:

Ой, ақ торғай,
Біз баруға жер шалғай.

Осы жолы ауылыңа бармап едім-ау,
Армандаймын, қайтейін, ауылың шалғай.

Қайырмасы.

Күн шығады шашырап алтын арай-ау,
Құрбыда да құрбы бар талай-талай.

Қайырмасы.

Жатсам, ұйқым келмейді сені ойлаумен-ай,
Көзім талды жолыңа қарай-қарай.

Қайырмасы.

51. АҚ ТОРҒАЙ

(2-нұсқа)

Еңбекпенен Ногооннуур, нұрын төккен-ей,
Жаңа өмірге жайнатып гүлін еккен.

Қайырмасы:

Ой, ақ торғай,
Біз баруға жер шалғай.

Егістікке бөленген байтақ жерім-ей,
Ардагер боп атанған еңбеккерім.

Қайырмасы.

Бес жылдықтың планын орындауға-ей,
Күш-жігерін арнауға барлық елім.

Қайырмасы.

52. АҚ ШОҚЫ

Ақ шоқы бауырың жазық, басың биік,
Сен сонда мекендеген,
Әй, гигой ерке киік ри-яи-ай.

Көрінген көз ұшында сағымдайсың,
Жете алмай арманыма,
Әй, гигой тарттым күйік ри-яи-ау.

Қайырмасы:

Ақ тамағын үлбіреп,
Шытыра көйлек желбіреп.
Күлімдейсің, қарайсың,
Қара көзің мөлдіреп.

53. АҚАУ

(1-нұсқа)

Көзіңнен айналайын, қалқатайым,
Келмейді сенсіз жерде менің жайым-ай.

Гүл жайнап көз алдымда сен тұрғанда,
Басқаның күн мен айын не қылайын-ай.

Қайырмасы:

Ақау, ақау, айым,
Алгідігайым.
Келмейді сенсіз жерде,
Менің жайым-ай.

Қалқаның көзі күлген мен дегенде,
Құриды ынтызарым сен дегенде-ай.

Қуаныш бойды кернеп, ойды алған,
Жүргенде мен сағынып кез-келгенде-ай.

Қайырмасы.

54. АҚАУ (2-нұсқа)

Қудым сені дүние он жасымнан,
Денем ауыр тартады қорғасыннан.

Қайырмасы:

Ақау бойдай талай-ай.

Су төгілмес үстінен майда қоңыр,
Қартайған соң таймай ма жорғасынан.

Қайырмасы.

55. АҚАУ, АЙДАЙ

Жүргенде қараңғыда-ей қабанымыз,
Ауырар жаяу жүрсек табанымыз-ай.
Бозторғай қой үстінде-ей жұмыртқалайт,
Дейтұғын енді туды заманымыз-ай.

Қайырмасы:

Ақау, айдай, өнім қандай,
Келбеті қалқатайдың туған айдай-ай.

Көшкенде жылқы айдаймын-ей белеңменен,
Қара көк өзі-ай сұлу дөненменен-ай.
Кеткенде жерің шалғай-ей, өттең, құрбым,
Жүремін сені жоқтап өлеңменен-ай.

Қайырмасы.

56. АҚАУ, АРМАН

(1-нұсқа)

Ары өтейін аулыңнан, бері өтейін,
Шалбарымның балағын зерлетейін.
Өзің көңіл бергенде, ей, қарағым,
Не көрсем де жалғаннан бірге өтейін.

Қайырмасы:

Ақау, арман,
Іштен жанған,
Еркін қолға тимей жүр
Көңілге алған.

Айт деген соң айтайын самырсын деп,
Екеуімізді ел айтар тамырсың деп.
Аулың алыс кеткенде, ей, қалқатай,
Шағи көрпе берейін жамылсын деп.

Қайырмасы.

57. АҚАУ, АРМАН

(2-нұсқа)

Ойлап тұрсам, дүние жалған екен,
Он сегіз мың ғаламды алған екен-ай.

Қайырмасы:

Ей, ахау, арман,
Бөрімізден қалады-ау
Дүние жалған-ай.

Машинаның ізіндей қайран өнім,
Шабан аттай шалдығып қалған екен-ай.

Қайырмасы.

58. АҚАУ, ӘЛИЛӘЙ

Көктейді, тамыр болса, жалғыз терек,
Жасыннан суландырған алып көрек-ай.

Қайырмасы:

Ей, ахау әлиләй,
Ахау әлиләй-ау.

Аулың алыс кеткенде, қалқатайым,
Сенсіз өткен өмірім неге керек-ай.

Қайырмасы.

59. АҚАУ, ДҮЛДҮЛ

Өлең десе дауысым, әнге келсін,
Үлкен-кіші отырған кемеңгерсің-ай.
Алдарыңа кез болдым осы үйде,

Қайырмасы:

Ақау, дүлдүл,
Сіз бір бұлбұл.
Екі көзің қап-қара,
Ал қызыл гүл-ай.

60. АҚАУ, КЕРІМ

Барады көшіп аулым белден асып,
Бұлт пенен белден асқан араласып.
Кеткенде аулың алыс, ей, қарағым,
Кетерсіз әлдекімге бауыр басып.

Қайырмасы:

Ақау, керім,
Бұраң белім,
Күнде той,
Күнде жиын-ай,
Жүрген жерім-ай.

Келеді қара бұлт мендей болып,
Қалады кескен терек жендей болып.
Кеткенде аулың алыс, ей, қарағым,
Көзіме кім көрінер сендей болып.

Қайырмасы.

61. АҚАУ, ЛӘЙЛІМ

Көзіңнен айналайын қой мақпалдай,
Құрбыңмен неге отырсың, ей, ойнап қалмай-ай.
Құрбыңмен аз ғана күн ойнап қалсаң,
Жабарсың қабырғанды бойдақ малдай-ай.

Айтайын айт дегенде тау нұраған,
Етекке таудың тасы-ей саудыраған-ай.
Кеткенде аулың алыс-ей, қалқатай,
Көзіңнен айналайын жаудыраған-ай.

62. АҚАУ, ЛИЛИЛАЙ-АУ

Есік алды қара су, қалың жиде,
Көңілім онда болса да, көзім үйде.
Ақау, лилилай-ау.

Аулың алыс кеткенде, ей, қалқатай,
Жата алмадым құлазып жалғыз үйде.
Ақау, лилилай-ау.

Ойнап-күлген жеріңде қамыс қалды,
Қалқатайдың ауылы алыс қалды.
Ақау, лилилай-ау.

Алыс қалған аулыңа қараймын деп,
Қаршығадай қайрылып мойным талды.
Ақау, лилилай-ау.

63. АҚАУ, МОСЫМ

Ақау мосым, ақау мосым,
Өзің көңіл бергенде болса болсын-ай.
Сүйген сәулем, жақын досым,
Аулымыздың арасы жақын қонсын-ай.

64. АҚҚУ ЕДІМ

Сен де сері, ей, қалқа, мен де сері, ахау,
Шын сүймесем, көңілімді бермес едім, дариға.
Құс аңдыған мергендей көл жағалап, ахау,
Сен болмасаң, бұл жерге келмес едім, дариға.

Қайырмасы:

Аққу едім көлдегі,
Сұңқар едім шөлдегі,

Үйрек ұшып, қаз қонған
Дария шалқар келдегі.

Шықпай жатып бесіктен қайғы торып, ахау,
Сарғалдақтай жаңбырсыз қалған солып, дариға.
Қайда барсаң алдыңда Қорқыт көрі, ахау,
Неге тудық бақытсыз халық болып, дариға.

Қайырмасы.

65. АҚТАМАҚ

Сенен сұлу, Ақтамақ, жан өтпейді,
Ақылың асқан дария көз жетпейді, Ақтамақ.
Шыққан күндей жарқ етіп бұлт астынан,
Көрген адам таң қалмай бір өтпейді, Ақтамақ.

Қайырмасы:

Айдын көлдің еркесі,
Еркін өскен ақ шабақ.
Гүл бақшада сайраған,
Бұлбұлымсың, Ақтамақ.

Оқтан өткір жарқ еткен қара көзің,
Қорғасындай балқытар айтқан сөзің, Ақтамақ.
Сымға тартқан күмістей нәзік белің,
Сәтті күні жаралған жансың өзің, Ақтамақ.

Қайырмасы.

66. АҚТОЛҒАЙ

Бойы ұзын тоғайдың миясындай-ау,
Қасың қара молданың сиясындай,
Ақтолғай.

Қайтсем саған қолымды жеткіземін-ау,
Жүрген жерім сұңқардың ұясындай,
Ақтолғай.

Қайырмасы:

Барайын десем жер шалғай,
Сағынып жүр ғой бұл құрбың,
Қонасың қашан сен қолға-ай.

Сені анаң өсірді айдай қылып-ау,
Алақанға еріткен майдай қылып,
Ақтолғай.

Тал бойында тарыдай бір мінің жоқ-ау,
Жеткіземін қолымды қандай қылып,
Ақтолғай.

Қайырмасы.

67. АҚЫЛЫҢ, ӘДІЛІҢ

Қызыл қыршын-ау, қызыл қыршын,
Ойнаған қыршылдатып ойның құрсын.
Аулыңа әдейілеп келгенімде,
Қойдың ғой сыйпалатып жүктің бұршын.

Қайырмасы:

Ақылың, әділің,
Өтеді-ау шырақ кәдірің-ау.

68. АЛ, БҰРАҢ БЕЛ

Салмаймын салдықпенен балағымды,
Ораймын ақ шағименен тамағымды.

Қайырмасы:

Үй, өттәри, ахаурияй,
Ал, бұраң бел,
Өтеді дүниең, а, ей, ой.

Сағынып құрбы даусын жүргенімде,
Япырай, қайдан көрдім қарағымды?

Қайырмасы.

Ауылыңа ат терлетіп барайын ба,
Әніңе майдақоңыр салайын ба?

Қайырмасы.

Әніңе майдақоңыр салмаушы едім,
Ешкім жоқ сізден басқа маңайымда.

Қайырмасы.

69. АЛ, ГІДІГ-АЙ

Жылқы айдаймын көшкенде жалбаспенен-ей,
Ортан жілік бітеді жамбаспенен.
Ал, гідіг-ай.

Көрмегелі көп айдың жүзі болды-ей,
Ауыл-аймақ аман ба, мал баспенен.
Ал, гідіг-ай.

70. АЛ, ЖАНЫМ-АЙ

Өлең деген немене өнерпазға-ау,
Өлең тұрмақ сөз қиын, ал, жаным-ай,
ақылы азға-ай.

Көтерелік көңілді осындайда-ау,
Кім бар, кім жоқ ендігі, ал, жаным-ай,
келер жазға-ай

Қайырмасы:

Ал, жаным-ай,
Аман-есен болса екен
Мал-жаның-ай.

Қонған жері елімнің ой болса екен-ау,
Ойды қаптай жайылған, ал, жаным-ай,
қой болса екен-ай.

Сұрайтыным тағдырдан, ауылыңда-ай,
Күнде осындай бас қосар, ал, жаным-ай,
той болса екен-ай.

Қайырмасы.

71. АЛ, ҚАРАЙ КӨЗ

Барады аулым көшіп сарымсаққа-ай,
Шыбын жан шықпайды екен сағынсақта-ай.
Келмеді қыста хабар, жазда хабар-ай,
Сарғайып елесіне табынсақта-ай.

Қайырмасы:

Ал, қарай көз,
Шықса сәулем ырғалып.
Торғын салын бос салып,
Санаменен сарғайдым,
Мен сәулемнен-ай құр қалып.

72. АЛ, ҚАРАКЕР*(1-нұсқа)*

Қара тау бауырың жазық, басың биік,
 Сен сонда мекендеген-әй гай-гөй,
 Ерке киік рияй-ау.

Қаракер болдырса да тағатым жоқ,
 Айрылып бір өзіңнен ай-гай-гөй,
 Тарттым күйік рияй-ау.

Ал, қаракер, аяңда,
 Барар жерің таяуда.

73. АЛ, ҚАРАКЕР*(2-нұсқа)*

Көзіңнен айналайын күлімдеген,
 Жаманға басқан ізің, әлигәли-гөй, білінбеген,
 үрия-ай.

Ішіне дәрежемен сөздің сазын,
 Салсам да алтын қармақ, әлигәли-гөй, ілінбеген,
 үрия-ай.

Қайырмасы:

Ал, қаракер, аяңда,
 Барар жерің таяуда.

Қолында қалқатайдың алтын пышақ,
 Аулына жан қалқаның, әлигәли-гөй,
 жайдым құшақ,
 үрия-ай.

Қалқатай отыр ма екен, жатыр ма екен,
 Шомылған айдын көлге, әлигәли-гөй,
 аққуға ұқсап,
 үрия-ай.

Қайырмасы:

Ақ маңдай, қолаң шаш,
Үкілі камзол, қиғаш қас.

74. АЛ, ҚАРАКЕР (3-нұсқа)

Ақақай, ал, қаракер, аяңдай бер,
Құрбылар екі-екіден ән сала бер-ау.

Өлеңге сен қиын ба, мен қиын ба,
Жақсының аты шығар-ау, тап жиында-ау.
Кез болған қиуада-ау, қимас қалқа,
Алдыңнан арғымақтай-ау орғиын ба-ау.

Астымда, ал, қаракер, аяңдай бер,
Құрбылар екі-екіден ән сала бер-ау.

75. АЛАТАУ

Алатау басың биік тақиядай,
Ел жайлап шалғыныңды жапырады-ай.
Бұл өмір басы биік тауменен тең,
Бір күні айрыласыз қапиядан.

Басында Алатаудың қос барабан,
Бойынан дария шалқып, су тараған.
Сұлу қыз, маңғаз жігіт бәрі осында,
Артық жер көргенім жоқ осы арадан.

76. АЛКҮРЕҢ

Дәйім менің мінгенім Алкүреңім-ей,
Шілдедегі құрақтай балдыр едім.

Қайырмасы:

Алкүрең алма мойын,
Сізде еді менің ойым-ай.

Ауылыңның сыртынан қарауылдап-ей,
Құс аңдыған мергендей аңдыр едім.

Қайырмасы.

77. АЛҚОҢЫР

Ән салсаң, өзімдей сал баяулатып,
Бұрынғы өткен әнге таяулатып.
Сыртынан ауылыңның ән шырқасам,
Шыдайды дәтің қалай ояу жатып.

Қайырмасы:

Ахау, ахау, Алқоңырдай!
Ән салсаң Алқоңырдай-ау
Дәл осындай!

Алқоңыр ән-ақ екен баппен айтса,
Ер жігіт не болады серттен тайса?
Ән болмас Алқоңырдай қайда барсаң,
Ән білем деген адам шынын айтса.

Қайырмасы.

78. АЛМА ЖАЙ

Асыл қайрақ, ендеше, асыл қайрақ, оу,
Жүруші едік тепсеңнің басын жайлап.

Қайырмасы:

Алма жай,
Алма жай, қарғам,
Өлу-гөй.

Келемін деп бұл жерге ойлағам жоқ, оу,
Келіп қалдым бұл жерге дәм-тұз айдап.

Қайырмасы.

Көгілдірік, ендеше, көгілдірік, оу,
Қабырғамның бір жағын сөгілдіріп.

Қайырмасы.

79. АЛМА МОЙЫН

Дәйім менің мінгенім Шұбалаңкер-ей,
Қос сақина қолымда бұрама зер-ей.
Ей, алма мойын-ай.

Аулың алыс кеткенде, ей, қарағым,
Көзге күйік болады ойнаған жер.
Ей, алма мойын-ай.

Боз аттың болды-ау талай былқылдағы,
Кетпейді қыздың даусы ұйқымдағы.
Ей, алма мойын-ай.

Жүруші ем медеу көріп мен сыртынан,
Сүмбедей қара жорға жылқымдағы.
Ей, алма мойын-ай.

80. АЛМАТЫ МЕН ҚОҒАЛЫ-АЙ

Дүние өтеді тағы да, дүние өтеді, ахоу,
Оймақсыздың қолына ине өтеді, әләулім-ай.
Күлің барда күнде ойна, мынандайда, ахоу,
Сұм жалғанның түбіне кім жетеді, әләулім-ай.

Қайырмасы:

Алматы мен Қоғалы-ай!
Әркімнің көңілі жоғары-ай!
Аса байлық не керек,
Ден сау болса болғаны-ай.
Жүгіріп шықтым белеске,
Белес жақын емес пе.
Осы отырған отырыс
Бір ғанибет емес пе-ай!

Қаршыға алған, ендеше, қаршыға алған, ахау,
Қаршыға алған жерімде қамшы қалған,
әләулім-ай.

Сізді тапқан анаңа, бөрекелді, ахау,
Жауқазынның түбінен аршып алған, әләулім-ай.

Қайырмасы.

81. АЛТАЙ

Кербез сұлу керілген, алтын Алтай,
Сайрандаған саяңда халқың, Алтай.
Күн туар ма көретін қайта айналып,
Бейне анамдай, ақ шашты жарқын Алтай.

Қайырмасы:

Ағажай, Алтайдай жер қайда-ай.

Әйгілі әлемге атың, Алтай сері,
Қазақтың ата қоныс, қарт мекені.
Өскен жер, өрбіген ел, қош аман бол,
Ұмытпас, қайда барса, халқың сені.

Қайырмасы.

82. АЛТЫН СЫРҒА, ЖЕЗ ТҮЙМЕ

Кескен ағаш қалады, жеңдей болып-ей,
Қара нөсер келеді меңдей болып-ай.

Қайырмасы:

Бәтима-ай,
Алтын сабақ,
Жез түйме-ай.

Аулың алыс кеткенде-ей, қарағым-ей,
Кім көрінер көзіме сендей болып-ей.

Қайырмасы.

Қолымда бір қамшым бар алтындаған-ей,
Ажарың ақ жамбыдай жарқылдаған-ей.

Қайырмасы.

Сексен қыз серуенге шықса да-ей,
Ішінде сен қоңыр қаз қаңқылдаған-ей.

Қайырмасы.

83. АЛТЫН СЫРҒА, ҚИМА БЕЛ

Бір күн оңда дүние, бір күн солда-ай,
Дүние шіркін тұрмайды үнемі қолда, сәулем-ай.

Тұлпар мініп, ту алған ер болсаң да-ай,
Ажал жетсе, қалады басың жолда, сәулем-ай.

Қайырмасы:

Алтын сырға, қима бел,
Сағындым ғой, қайран ел.

Ойлап тұрсам, дүние жалған екен-ай,
Он сегіз мың ғаламы болған екен, сәулем-ай.
Машинаның жібіндегі қайран өнім-ай,
Шабан аттай шалдығып қалған екен, сәулем-ай.

Қайырмасы.

84. АЛТЫННАН АЯҚ

Қарағым, айналайын, асыл туған-ай,
Жібектің бір тобымен белін буған-ай.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді-ай,
Секілді ақ балапан түйғын қуған-ай.

Қайырмасы:

Алтыннан аяқ, күмістен таяқ,
Жел сөзді не қылайын сіздерден аяп-ай.

Мінгенім дәйім менің бұлан керім-ай,
Жорға емес, жүйрік емес, алып керім-ай.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды-ай,
Жүрмісің аман-есен бұраң белім-ай.

Қайырмасы.

85. АЛТЫНТАУ*(1-нұсқа)*

Алтынтаудай жер бар ма жайлағанға-ау,
Асау мініп, жас құлын байлағанға, Алтынтау.

Қайырмасы:

Алтынтау,
Қыз — қаршыға,
Жігіт — бау.

Сары майдай балқырсың, ояу жатып,
Бұлбұл құстай сызылтып сайрағанда, Алтынтау.

Қайырмасы.

86. АЛТЫНТАУ*(2-нұсқа)*

Қайран мекен қалдың-ау, туып-өскен-ай,
Ата-бабам кір жуып, кіндік кескен-ай.

Тамашасы жәннаттай, қайран жерім-ай,
Жатсам түстен кетпейсің, тұрсам естен-ай.

Қайырмасы:

Алтынтау, қайран мекен қалдың-ау.

Ертіс қыстап жүруші ек, Алтай жайлап-ай,
Қарасаз бен Үшілік бие байлап-ей.

Қайырмасы.

Кең алқапқа жарасып ақ боз үйлер-ай,
Күнде ойын, күнде той, сауық сайран-ей.

Қайырмасы.

87. АЛТЫНЫМ-АЙ, КҮМІСІМ-АЙ

Барады аулым көшіп Көлме-көлге,
Көлме-көл алыс дейді көрмегенге-ай.
Кетсе де аулың алыс, екі-ай, қалқа,
Жаз шығар күн күркіреп өлмегенге-ай.

Қайырмасы:

Ой, ахау, алтыным-ай, күмісім-ай,
Аман жүр қайда жүрсең, туысым-ай, ау.

88. АМАН БОЛ, ҚҰРБЫМ

Қызығы бұл жалғанның өн беретін,
Жігітке өнер артық бір жүретін.

Қайырмасы:

Аман бол, құрбым,
Көргенше қашан-ай.

«Аға — жал, іні — құйрық, бала — қанат», —
Бұрынғы айтқан екен сөз білетін.

Қайырмасы.

89. АППАҚ ЕТІҢ

Қалқатай, су түбіне-ой, қармақ салдым-ау,
Қармақты бір тістетіп балық алдым.
Ботадай еркелеген келбетіңе-ау,
Сүйініп ту сыртыңнан қарап қалдым-ау.

Қайырмасы:

Аппақ етің, қардай етің,
Құлындай едің жаңа туған-ой,
Дәл суретің-ау.

Бозторғай шырылдайды-ой, көк тұрып-ау,
Іледі тұрымтайдай құс-ой, ептеп жүріп-ау.
Тең-тұсым осы арада-ой, сен екенсің-ау,
Өтейік тату-тәтті ойнап-күліп-ау.

Қайырмасы.

90. АППАҚ-АППАҚ ҚОЯНДАЙ

Өлең басы «бісміллә» деп айтады,
Жаратымсыз жаман сөз нені айтады, сәулем-ай.
Бәрімізді жаратқан Жаппар құдай,
Құдайы айтпай әуелі нені айтады, сәулем-ай.

Өлең айтқым келмейді ерінгенде,
Бойым байсал тартады керілгенде, сәулем-ай.
Жерден алтын тапқандай қуанамын,
Тақияның төбесі көрінгенде, сәулем-ай.

Қайырмасы:

Аппақ-аппақ қояндай,
Тасқа жаққан бояудай,

Жасымда айтқан өлеңді,
Қартайғанда қоям ба-ай.

Өлеңімді айтамын өрнекпенен,
Ол да ғұмыр жақсыны көрмек деген, сәулем-ай.
Жабы, жүйрік әр жерде жатыр толып,
Жарым кезден жаясы сербектелген, сәулем-ай.

Қайырмасы.

91. АПТАРИ-АЙ

Деуші едім ариайдай, ариайдай,
Шықпайды арпа болып өскен бидай,
аптари-ай.
Өлеңді айтпаймын деп тоқтасам да,
Өлеңнің құмары ұстар насыбайдай,
аптари-ай.

Қайырмасы:

Аптари-ай, маптари-ай,
Ари, ари, айхай, дариға,
Айдай, игигай-ай.

Қара су ойылмайды мұз қатқанда,
Шаңғауыз зар қағады қыз тартқанда,
аптари-ай.
Буының, сірә, қалай босамайды,
Өзіңе тең құрбы деп сөз қатқанда,
аптари-ай.

Қайырмасы.

92. АРДАҒЫМ

Ұшады қыран бүркіт құм айналып,
Арықтан су ағады лайланып.
Адамға жақсы өлең атпенен тең,
Қазығын тапшай қоймас бір айналып.

Дегенде жыңғыл шоқпар, жыңғыл шоқпар,
Жерлерге бетегелі жылқым тоқтар.
Өлеңнің жақсысы бар, жаманы бар,
Айтайын қандай өлең сылқым соқтай.

93. АРҚАЛЫ

Сол жігіттің арқалы аты семіз-ай,
Қыз-жігіттің думанда аты сегіз-ей, құрбым-ай.
Күй толқытып, бұралтып өн шырқаса-ау,
Аспан асты масайрап болар теңіз-ей, құрбым-ай.

Гүл бақшада сайраған, бұлбұлымыз жаңаша,
жадыраған-ей,
Жаз күні жайлау неткен-ей, тамаша.

94. АРМАН-АЙ

(1-нұсқа)

Ауылым көшіп барады-ау, Талдыөзекке,
Қойбүлдірген, қарақат төңіректе.
Шіркін-ай, арман-ай,
Арманым жоқ, жалған-ай.

Асықпаған арбамен-ау, қоян ұстар,
Дәмі тартқан жетпей ме, бір кезекте.
Шіркін-ай, арман-ай,
Арманым жоқ, жалған-ай.

95. АРМАН-АЙ*(2-нұсқа)*

Айналайын көзіңнен, бота көзім-ай,
Ойлағаным өзге емес, жалғыз өзің-ай.
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқа-ай,
Естен кетпес «қош болғай» деген сөзің-ай.

Қайырмасы:

Шіркін-ай, арман-ай,
Бұл дүниенің қызығы —
Ойнап-күлген дәурен-ай.

Құлағыңа таққаның күміс сырға-ай,
Күмбірлетіп шығасың күнде қырға-ай.
Сағыныштан сарғайып жүргенімде-ай,
Мен өзіңді қосамын ән мен жырға-ай.

*Қайырмасы.***96. АСЫҒЫС ЖАЛҒАН, АЯЛ БЕР**

Дүние, дүниеден дүние өтеді,
Қолынан оймақсыздың ине өтеді-ай.

Қайырмасы:

Асығыс жалған, аял бер, угай-гай.

Барында оралыңның ойна да күл,
Түбіне дүниенің кім жетеді.

Қайырмасы.

97. АСЫЛ БЕКЗАТ

Келдің қайдан, қалқатай-ей, келдің қайдан-ей,
Алма мойын ақ үйрек ұшар сайдан-ей.

Қайырмасы:

Асыл бекзат құрбышым-ай,
Аман-есен жүрмісің-ай.

Мекеніңді, қарағым-ей, айтып қойшы-ей,
Жат болмағы адамның осындайдан-ай.

Қайырмасы.

Бәсі қымбат базарда-ей, алашаның-ей,
Қызы сұлу болады қарашаның-ай.

Қайырмасы.

Өлең даусын сағынып-ей жүргенімде-ей,
Даусы қайдан шығады құдашаның-ей.

Қайырмасы.

98. АСЫЛ ЗАТ

(1-нұсқа)

Базарда бәсі қымбат бас киімнің,
Қос күрең-ай.
Өспейді мал мен басы қос күреңнің,
Асыл зат, құрбым-ай, аман бол.

Сағынып ән дауысын жүрегімде,
Қос күрең-ай.
Шығады дауысы қайдан қос күреңнің,
Асыл зат, құрбым-ай, аман бол.

Базарда бәсі қымбат борлаттардың,
Қос күрең-ай.
Көрінер мойыны сұлу жорға аттардың,
Асыл зат, құрбым-ай, аман бол.

Сағынып ән дауысын жүргенімде,
Қос күрең-ай.
Шығады дауысы қайдан бекзаттардың,
Асыл зат, құрбым-ай, аман бол.

99. АСЫЛ ЗАТ

(2-нұсқа)

Сүйгенім қой ішінде-ай жебей саулық,
Жарасар келіншекке жібек жаулық.
Кеткенде ауылың алыс, ей, қарағым,
Жүреді күндіз-түні көңілім аулық.

Қайырмасы:

Ей, асыл затым,
Қиғаш қасым,
Шақырсаң,
Жаныңызға-ау кім бармасын?

Ақ үйден шыға келдің айдай болып,
Жылқыда қысыр емген тайдай болып.
Кетесің, қолым тисе, былқ-сылқ етіп,
Қарынға жаңа салған майдай болып.

Қайырмасы.

100. АСЫЛ ЗАТ

(3-нұсқа)

Ал, жаным, жиреншалбас, ау, жиреншалбас,
Ағашқа саясы жоқ, асыл зат, бұлбұл қонбас-ау.

Жаманға дауыс айтам, ау, жолдас болса,
Көңіліңді кейде ауласа, асыл зат,
кейде ауламас, ау.

Екі ойна ебі келсе, ау, осындайда,
Әйелі жамандарға, асыл хат, қонақ қонбас-ай.

Ау, жаным, жақсы қандай, ау, жаман қандай,
Байқасаң жүйрік қандай, асыл зат,
шабан қандай-ау.

Алыстан түлеп ұшқан-ау, біз ақ тұйғын,
Жасауға бізді қонақ, асыл зат, шамаң қандай-ау.

Бозторғай қой үстінде-ау, балалайтын,
Кешегі өтіп кеткен, асыл зат, заман қандай.

Жаманмен, жайды білмес-ау, болсаң жолдас,
Ішінде қараңғы үйдің, асыл зат, қамалғандай-ау.

Жақсының өні сондай-ау, қандай жақсы,
Қолыңа іліктірер, асыл зат, шам алғандай-ау.

101. АСЫЛ ҚИҚЫМ

Көк ала үйрек ұшады көл дегенде,
Сілекейің бал татыр шөлдегенде-ау.
Аулың алыс кеткенде, екі-ау қалқа,
Бінтызарым құриды сен дегенде-ау.

Қайырмасы:

Асыл қиқым,
Сені ойласам, келмейді,
Жатсам ұйқым-ау.

102. АСЫЛ-АЙ*(1-нұсқа)*

Сөйле десең сөйлейді-ей Жекебайы,
Айтатұғын төреге өлең дайын-ей.

Қайырмасы:

Асыл-ай арман, асыл-ай-ау,
Осылай, төрем, осылай-ау.

Қойнауында Қобданың-ей мекендеген-ей,
Мен сөйлесем, айтармын елдің жайын-ей.

Қайырмасы.

103. АСЫЛ-АЙ*(2-нұсқа)*

Жақсы болар жылқы мал күзеткенге-ей,
Қайың құрық сынбайды дүзеткенге.

Қайырмасы:

Ой, асыл-ай,
Арманда едім қосылмай.

Дәтің қайтып шыдады ояу жатып-ей,
Үй сыртынан ән тартып біз өткенде.

Қайырмасы.

104. АСЫЛ-АЙ*(3-нұсқа)*

Айналайын атыңнан, Асыл айым-ай,
Мен несіне сырымды жасырайын-ей, Асыл-ай.

Шыныменен көңілін менде болса-ей,
Балапандай жем беріп асырайын-ей, Асыл-ай.

Қайырмасы:

Торғын шәлің басыңда,
Жан сүйерің қасыңда.
Ақ сұр аттай ойнақтап,
Жүрші менің-ай қасымда.

105. АСЫНЫҢ САЛҚЫН ЖАЙЛАУЫ-АЙ

Көкше қоян қашады өзекпенен, оу,
Сөз сөйлегім келеді кезекпенен, оу.

Қайырмасы:

Асының салқын жайлауы-ай,
Өмірдің бар ма байлауы-ай.

Жай білмейтін жаманмен жолдас болсаң-оу,
Соңын күтпей сөзіңнің безектеген-оу.

Қайырмасы.

Жақсылардың жауабы неткен артық-оу,
Сөйлеседі астыртын кезекпенен-оу.

Қайырмасы.

106. АУ, ЗАМАНДАС

Құнан керім, тай керім, дөнен керім-ай,
Ою салып жасайды, ахау, аттың ерін, ахахай.

Көрмегелі көп айдың жүзі болды-ай,
Аман-есен жүрмісің, ахау, бұраң белім, ахахай.

Қайырмасы:

Ау, замандас, осы әнге бас,
Қайта айналып келмес жас.

Ауылым көшіп алысқа, тұрдым жырақ-ай,
Ат шаптырым арада, ахау, біздің тұрақ, ахахай.
Жеңіл қарап жастықпен күдер үзбе,
Жер шалғай деп ұмытып, ахау, кетпе шырақ,
ахахай.

Қайырмасы.

107. АУ, ҚАРАҒЫМ-АЙ

Айналайын-ай, көзіңнен-оу, күлімдеген-ай,
Тал бойынан-ай, оғаштық білінбеген-ай.
Неткен жақсы еді-ай, мінезің-ау, майда қоңыр-ай,
Көрген адам-ай, сыртыңнан күлімдеген-ай.

Қайырмасы:

Ау, қарағым-ай,
Сен дегенде-ай,
Тартады оң қабағым-ай.

Айналайын-ай көзіңнің-ай қарасынан-ай,
Хат жазайын-ай қасыңның арасынан-ай.
Асыл бешпет-ай үстіңнен-ай шешіп берген-ай,
Айналайын-ай қолыңның саласынан-ай.

Қайырмасы.

108. АУ, СӨНКІЛ КӨЛ

Өлеңді айт дегенде іркілмеймін,
Кісіні өлең айтқан «шіркін» деймін.
Жел сөздің тағдыр берген арқасында,
Жорғадай жолға түскен бүлкілдеймін.

Қайырмасы:

Ау, Сөнкіл көл,
Мекендеген сіздің ел,
Жан рахаты сайран жер.

Өлеңді тіл бастайды, жақ қостайды,
Бәйгеден келсе жүйрік, ойқастайды.
Барында тіршіліктің ойна да күл,
Өлеңді біз тұрғанда кім бастайды?

Қайырмасы.

109. АУ-АЙДАЙ

Ау, жаным, көк өрікті-ау, көк өрікті,
Сабағы көк өріктің көгеріпті, ау-айдай.
Тартпай шап аттың басын, ау, бозбалалар,
Өткендер бізден бұрын не көріпті, ау-айдай.

Атыңнан айналайын-ау, құдай, онда,
Жан бар ма құдай деген мұнша жанда, ау-айдай.
Болғаны ұят кімде-ау, иман сонда,
Үйі бар имандының рауаңда, ау-айдай.

Әр таудың бір ұшқын кеп-ау, басын шалған,
Бір қызын пайғамбардың Әли алған, ау-айдай.
Бір қызын пайғамбардың-ау, Әбу алып,
Мирас боп үмбетіне содан қалған, ау-айдай.

110. АУ-ЖАНЫМ

Әдемісі жылқының қасқа маңқа, ау-жаным,
Шалқасынан түседі шапқан жоңқа, ау-ай.
Қараңғы үйдің ішіне жарық болған, ау-жаным,
Асып туған атадан абзал қалқа, ау-ай.

111. АУЫЛЫМ ҚАЛДЫ-АУ, КЕЙІН-АЙ

Дүние құдым сені бала жастан,
Дәулеттің аз-көбіне қарамастан.
Ауылым қалды-ау, кейін-ай.

Барында оралыңның ойна да күл,
Не келіп, не кетеді ғазиз бастан.
Ауылым қалды-ау, кейін-ай.

Өуеде ұшып жүрген ала қарға,
Берейін өлең айтып ағаларға.
Ауылым қалды-ау, кейін-ай.

Бермесек өлең айтып ағаларға,
Кетеді кінә тағып балаларға.
Ауылым қалды-ау, кейін-ай.

112. АУЫЛЫҢДЫ-АЙ

Болғанда-ау үркер алтау ай қашады,
Жарлыдан жаздыгүні бай қашады,
ауылыңды-ай.

Сөйлессең-ау жақсыменен көңіл ашар,
Жаманның сөзі құрсын, дауласады,
ауылыңды-ай.

Салдырдым первый тоқым сұлу атқа,
Асылдан түйме тақтым кем полатқа.
Қыздарға әйбөтлөніп көрінбекке,
Ірбітке ақша салдым нар кемчатқа.

Қайырмасы.

115. АХАУ, АЙДАЙ

(1-нұсқа)

Айт дегенде өлеңді-ау, жөнелейін,
Бейпіл сөзден несіне бөгелейін-ау.
Құдай берген жел сөздің-ай арқасында,
Диірменнің тасындай дөңгелейін-ай.

Қайырмасы:

Ахау, айдай,
Алма мойын, ақ үйрек,
Ауылың қайда-ай.

Дәйім менің мінгенім, Ақтаң кері,
Жатсам-тұрсам ойлаймын қалқам сені.
Ауылыңнан өткенде жанасалап,
Алар ма екен есіне, қалқам, мені-ай.

116. АХАУ, АЙДАЙ

(2-нұсқа)

Бір бешпентім үстімде-ау қыналмаған,
Өлең айтып біз бұрын, шіркін, сыналмаған.

Қайырмасы:

Ахау, айдай, азат жылдай,
Еліміз, шіркін, атқан таңдай-ау.

Мұнда айтпаған өлеңді-ау, қайда айтамыз,
Үлкендерге боламыз, шіркін, тіл алмаған-ау.

Қайырмасы.

117. АХАУ, АЙДАЙ, СҮР БӨРТЕ

Жардың шетін баспаймын құлай ма деп-ай,
Арық суын ішпеймін лай ма деп-ай,
ой, дүние-ай.
Өткеннен де сұраймын, кеткеннен де-ай,
Ауыл-аймақ, туыстар аман ба деп-ай,
ой, дүние-ай.

Қайырмасы:

Ахау, айдай, сүр Бөрте,
Ауылың жақын, жол төте.
Жақсы болса ағайын,
Мол жетеді бір көрпе.

Жайлау жасыл болмай ма, жайламаса,
Құлын асау болмай ма, байламаса.
Өлгеннен соң жылаудың қажеті не,
Тірлігінде бір-бірін сыйламаса.

Қайырмасы.

118. АХАУ, АЙЫМ

(1-нұсқа)

Мінгенім дәйім менің шұбалаң кер-ай,
Қолыңда қос сақина бұрама зер-ай.
Ақау-ақау-ай.

Кеткенде аулың алыс қос перизат-ей,
Болады көзге күйік ойнаған жер-ай.
Ақау-ақау-ай.

Қайырмасы:

Қоңыр қаз, үйрек,
Күлімкөз әйнек.
Кетесің жақсы болсаң,
Өзің билеп, ақау-ақау-ай.

119. АХАУ, АЙЫМ (2-нұсқа)

Болғанда ой тошала-ай, қыр тошала-ей,
Ойпаңнан алып келдім-ей бір тошала-ай.
Көңілің шыныменен-ай менде болса-ей,
Орнымды ерте бастан-ей оңашала-ай.

Қайырмасы:

Ахау, айым, қалқатайым,
Келеді сенсіз менің қайтып жайым.

Болғанда ой бүлдірген-ай, қыр бүлдірген-ей,
Ойпаңнан теріп жедім, ей, бір бүлдірген-ай.
Бергенде өзің көңіл-ай, ей, әріптес-ей,
Кісіге сенен басқа-ей сыр білдірмен-ай.

Қайырмасы.

120. АХАУ, ӘРИНЕ

Сөйлеп, сөйлеп берейін өлмей тұрып, ахау,
Өлгендерден бір хабар келмей тұрып, ахау, әрине.
Көз салма, құрбым, әркімге.

Тіршіліктің барында күліп-ойна, ахау,
Жеңсіз көйлек желбегей кимей тұрып, ахау, әрине.
Көз салма, құрбым, әркімге.

Сөйлеп, сөйлеп берейін сөз келгенде, ахау,
Тоқтау болмас жүйрікке сар желгенде, ахау, әрине.
Көз салма, құрбым, әркімге.

Құдай берген жел сөзді аяймыз ба, ахау,
Дәуіріміз бақытты кез келгенде, ахау, әрине,
Көз салма, құрбым, әркімге.

121. АХАУ, БИКЕМ

Қозыбақтың қызы едім, атым — Ұмсын,
Серттен тайған жігітті Құдай ұрсын!
Ақбоз үйдің ішінде мен отырсам,
Мені іздеген жігіттер үйге кірсін.

Қайырмасы:

Ахау, бикем, жар-жар,
Алма мойын ақ сұңқар,
Қош, есен бол, құрбым-ай,
Құрбылықпен жүрдім жай.

Бір күн ауру, бір күн сау,
Таба алмадым бабыңды-ай.
Өткен іске өкінбе,
Бір келмесін білдім-ай.

122. АХАУ, БҮРЛЕН

Ән табылмас бүрлендей бозбалаға,
Дүрия бешпент жарасар қыз-балаға.

Қыз кеткен соң ауылынан қызық кетер,
Қызығы жоқ кім барар сол араға.

Қайырмасы:

Ахау, бүрлен,
Тоғыз түрлен.
Жастық шақта, жігіттер,
Өнер үйрен.

123. АХАУ, ЖАЛҒАН

Айт дегенде өлеңді тіл айтады,
Қандай адам тіліме мін айтады-ай.
Өлең айт деп балалар қолқа салса,
Мен айтпасам, өлеңді кім айтады-ай?

Қайырмасы:

Ахау, жалған,
Өтіп заман барады
Бұл адамнан-ай.

Не деп өлең айтайын, қарақтарым,
Құтты болсын, мінеки, талаптарың-ай.
Кейінгіге үлгі боп қала берсін,
Осылайша айтайын қалап бәрін-ай.

Қайырмасы.

124. АХАУ, ИҒАЙ, ҚОҢЫРЖАЙ

Ойлап тұрсаң, дүние шолақ екен-ау,
Бір-біріне адамдар қонақ екен-ау.

Қайырмасы:

Ахау, игай,
Қоңыржай.
Айхой,
Сыңғырлаған даусыңды-ай!

Нешеу болсаң бір үйде сыйласып өт-ау,
Бұл өмірдің қызығы сол-ақ екен-ау.

Қайырмасы.

Келсең, қалқам, дәм тартып Кегеніме-ау,
Қарсы алармын шығып ап белеңіне-ау.

Қайырмасы.

Көмекейде бұлбұлдың ұясы бар-ау,
Қандырармын өнім мен өлеңіме-ау.

Қайырмасы.

Түйе сұлу көрінер тайлағымен-ау,
Жолдас болма, қалқажан, қайдағымен-ау.

Қайырмасы.

Өз ауылы әркімнің Мысыр шаһар-ау,
Болсын аман ауылың аймағымен-ау.

Қайырмасы.

125. АХАУ, КЕРІМ

Елім жайлар Сайрам су күнгейінде,
Өздеріңе айтамын білгенімді.

Талабыңа нұр жаусын, ай-ау, бала,
Аман-есен тілеймін жүргеніңді.

Қайырмасы.

Ахау, керім,
Бұраң белім.
Күнде қызық, күнде той,
Айдай, жүрген жерім-ай.

126. АХАУ, ҚҰРБЫМ

Қозғалмайтын жұлдыз бар — Темірқазық,
Жүйрік келер бөйгеден бауырын жазып-ай.
Ақ тамақтан емітіп бір иіскесем,
Қалар еді жаныма рақат тауып-ай.

Қайырмасы:

Ахау, құрбым,
Мойын бұрғын.
Тал шыбықтай бұралып,
Жолда тұрғын-ай.

Бір қамшым бар қолымда ат қамшылар,
Бауырынан атымның тер тамшылар-ай.
Сіз көйлекшең болғанда, біз жейдешең,
Жақындасып кеткенде не жан шыдар-ай.

Қайырмасы:

Ахау, сары қыз,
Піскен дарбыз.
Көлденеңдеп шығады
Көңілі бар қыз-ай.

127. АХАУ, РИЙ-АУ

Айт-айт десе адырдан қашар түлкі,
Қайда қалмас жігіттің жиған мүлкі.
Алма жай, ахау,
Рий-ау.

Екі атаның баласын еліктірген,
Күміс құйрық қара жал өттең жылқы.
Алма жай, ахау,
Рий-ау.

Жылқы деген мал жақсы аман болса,
Жігіт неге бағады жаман болса.
Алма жай, ахау,
Рий-ау.

Өзінді ойлап, жан сәулем, жүргенім ғой,
Ат үстінде көңілім алаң болса.
Алма жай, ахау,
Рий-ау.

128. АХАУ, УРИЯ-АЙ

Ала үйрек алма мойын, ай, біз емес пе, ай, жалған!
Легін нағыз лашын сіз емес пе?

Ахау, урия-ай.

Болғанда қыз қызыл гүл, ай, жігіт — бұлбұл,
ай, жалған!

Гүл-гүлге бұлбұл келіп түнемес пе?

Ахау, урия-ай.

Кім еді ертең ерте, ай, қозы ағытқан, ай, жалған!
Сен бе едің боз жорғаны орағытқан?

Ахау, урия-ай.

Түскенде сен есіме, ай, сенер болсаң, ай, жалған!
Қойныма көзім жасы сорағытқан.

Ахау, урия-ай.

129. АХАУ-АЙ

Өнерге білім білген жеткізеді-ай,
Дариядан кеме, қайық өткізеді.
Ахау-ахау-ай.

Жақсымен зәуде ғалам жолдас болсаң-ай,
Бойыңа бір қасиет біткізеді.
Ахау, ахау-ай.

Қайырмасы:

Түлкідей бұлаң,
Аққудай сылаң.
Басасың аяғыңды,
Бұраң, бұраң, ей,
Ахау-ахау-ай.

130. АХАХАЙ, АРМАН

Ахахай, ахау «сәлем» деді ағаларың,
Ән-күйге бөленсін аз қалаларың-ай.
Қартыңның, ахау, нашар жатып салған әні,
Салып жүр осы әніме балаларым-ай.

Қайырмасы:

Ахахай, ахау, арман-ай,
Жиырма бес қайта айналып
Келмес маған-ай.

Ахахай, ахау «арманда» деді аталарың,
Салып жүр осы әніме боталарым-ай.
Артымда-ай сорлы анаң қалып барады,
Салып жүр көз қиығын балаларым-ай.

Қайырмасы:

Ахахай, ахау, арман-ау,
Жетпіс бес енді мені
Меңдеттің бе-ай.

131. АХАХАУ, АЙДОЙ-АЙ

Ендеше, бес сала кер, бес сала кер,
Дегенім бес сала кер, бес қара кер.
Ахахау, айдой-ай.
Барады заман өтіп жылдан жылға,
Замандас, тең тұстасым, еске ала жүр.
Ахахау, айдой-ай.

Қайырмасы:

Ой!
Бір бидай арпа,
Өзің біл, қалқа-ай-ау!

Ұшады аққу көлден байпаңдаған,
Қалқаға бір сөзім бар айта алмаған.
Ахахау, айдой-ай.
Су құйып сырлы аяққа тұндырғандай,
Көзіңнен айналайын жаутаңдаған.
Ахахау, айдой-ай.

Қайырмасы.

132. АЯУЖАН

Қалқатай, мінезіңе болдым асық-ай,
Сыртыңнан атыңды естіп болдым ғашық-ай,
болдым ғашық-ай.

Қайырмасы:

Аяужан, адасқан,
Аяужан, адасқан,
Шіркін-ай, таныс болмай,
Ерте бастан-ай,
Ерте бастан-ай.

Қалқатай, ой-қырың бәрі де сай-ай,
Жүруші ем анық жауап ести алмай-ай,
ести алмай-ай.

Қайырмасы.

Бір жауап өзіңізден болмаған соң-ай,
Айта алмай жүруші едім басқадай жай-ай,
басқадай жай-ай.

*Қайырмасы.***133. ӘГӨГӨЙ**

Аттың бәрі тумайды-ей бурылдай боп,
Тату өсер бар ма екен құрбыдай боп, әгөгөй-ау.

Мен қалқаны сағынып жүргенімде,
Даусы қайдан шығады бұлбұлдай боп, әгөгөй-ау.

Қайырмасы:

Су ағады сайменен,
Шам жанады майменен-ай.
Екі жақсы қосылса,
Таң атады жайменен-ай.

Баян таудың басында-ей нар кескенім,
Тал шыбықтай бұралып бірге өскенім, әгөгөй-ау.

Бағаласам, бағаңа жан жетпейді,
Шекер шайнап қолымнан бал жескенім, әгәйгәй-ау.

Қайырмасы.

134. ӘГӘЙ КӨК

Ай, жаным, торы жорға, торы жорға, әгәй көк,
Басында торы жорға шәйіден дорба,
өтеді жалған, амал жоқ.

Түскенде сен есіме, сенер болсаң, әгәй көк,
Басамын аяғымды әрең зорға,
өтеді жалған, амал жоқ.

Ақтаңгер тау биігі артылар ма, әгәй көк,
Інжу тас қара пұлға сатылар ма,
өтеді жалған, амал жоқ.

Өркімнің әзілдесер құрбысы бар, әгәй көк,
Қараңға қара қарға шатылар ма,
өтеді жалған, амал жоқ.

Келеді ердің ері екі елуге, әгәй көк,
Ақ түйғын құс қонады мекеніне,
өтеді жалған, амал жоқ.

Қашаған қашарында байқап қашар, әгәй көк,
Артынан жүйрік қуып жетерінде,
өтеді жалған, амал жоқ.

Шын ашық өз басыма болсаң, құрбым-ай,
әгәй көк,
Қамшыңды беріп кеткін кетерінде,
өтеді жалған, амал жоқ.

135. ӘГИ, ҚАЛҚАШ, ҚАЗИЗА-АЙ

Дәйім менің мінгенім мүз көк ала-ай,
Сала алмас осы әнге өзге бала, әгигай.
Қыл өтпес арамыздан тату едік-ай,
Арадағы айрылдық сөзге бола, әгигай.

Қайырмасы:

Әги-әги-әги-гәй,
Әги, қалқаш, Қазиза-ай.

Бір қамшым бар қолымда бұйра сапты-ай,
Сол қамшым бұйра сапты жұртта қапты, әгигәй.
Қыл өтпес арамызда тату едік-ай,
Қызыл тіл арадағы бұра сапты, әгигәй.

Қайырмасы.

136. ӘГИГӘЙ

Жылқы айдаймын көшкенде дөненменен-ау,
Мінілмеген астымда көбеңменен, әгигәй.
Алыс ауылың кеткенде, екі-ай бала-ау,
Амандасып жүрейік өлеңменен, әгигәй.

Қайырмасы:

Жылқы ішінде ала жүр,
Ұстай алмай бала жүр.
Алыс ауылың кеткенде,
Осы әніме сала жүр.

137. ӘГӨЙ, ҚАЛҚАШ

Жырғылтыдай жер қайда қар алмаған-ей,
Жібек шашың желкілдеп таралмаған-ей.

Қайырмасы:

Ей-әгөй, қалқаш,
Ой, әгөй-гай.

Бағаласам, бағаңа жан жетпейді-ей,
Бұл өлкеде сіздей жан жаралмаған-ей.

Қайырмасы.

138. ӘГӨЙ-ГӨЙ

Ат байладым ақ үйдің кермесіне, әгөй,
Көз салдым біреудің бермесіне.
Әгөй-гөй, әгөй-гөй.

Оралыңның барында ойна да күл, әгөй,
Өткен өмір мен кепіл келмесіне.
Әгөй гөй, әгөй-гөй.

Ат байладым ақ үйдің белдеуіне, әгөй,
Шашақ төгер кербез қыз белбеуіне.
Әгөй-гөй, әгөй-гөй.

Оралыңның барында ойна да күл,
Өткен өмір мен кепіл келмеуіне.
Әгөй-гөй, әгөй-гөй.

139. ӘГӨЙГӨЙ

Әуеде ұшып жүрген ала қарға,
Берейік өлең айтып ағаларға.
Ой, әгөйгөй, әгөйгөй.

Бермесек өлең айтып ағаларға,
Кетеді бір мін тағып балаларға.
Ой, әгөйгөй, әгөйгөй.

Қонғаны ауылымның теріскей-ді,
Қалың мал теріскейде өрістейді.
Ой, әгөйгәй, әгөйгәй.

Ағалар өлең айт деп кеп отырса,
Отыру бекер қарап келіспейді.
Ой, әгөйгәй, әгөйгәй.

140. ӘГУГӘЙ, ЖАМАЛ

Дауысың бұлбұл болғанда, өзің бір гүл, ахау,
Он бестегі толған-ай кезің бұл бір.

Қайырмасы:

Айдай, әугәй, Жамал-ай,
Жаным саған не амал-ай,
Бірге жүрер заман-ай.

Тал бойында тарыдай бір мінің жоқ, айхай,
Тас бұлақтай дауысың қаққан сыңғыр.

Қайырмасы.

Құлазиды кең жайлау ел кеткенде, ахау,
Гүл жайнайды қыз бала ержеткенде.

Қайырмасы.

Алыс аулың кеткенде, қалқатайым, ахау,
Кімге айтамын назымды сен кеткенде, айхай.

Қайырмасы.

142. ӘЙ, ӘЛӘЛУЛӘЙЛІМ*(1-нұсқа)*

Сәлемде-ей, жан қалқа, дәрі берсін,
Дегенім дәрі берсін, өзі келсін.
Әй-әлеуләйлім.

Хал нашар-ей көрмегелі көптен бері,
Шақырттым сондықтан да, келіп көрсін.
Әй-әлеуләйлім.

143. ӘЙ, ӘЛӘУЛӘЙЛІМ*(2-нұсқа)*

Мінгенім-ей дәйім менің шұбалаң кер,
Қолымда қос сақина бұрама зер,
Әй-әлеуләйлім.

Көрмегелі өзіңді болды талай,
Көзге жақсы көрінер ойнаған жер.
Әй-әлеуләйлім.

144. ӘЙ, ИГАЙ

Өтіпті жиырма бес бір сергелдең,
Бақ тайса, ерден дәулет өлгенмен тең, әй, игай.
Жігіттің алған жары болса жаман,
Алты айлық абақтыға кіргенмен тең, әй, игай.

Өлеңді кім айтпайды ән шығарса,
Сұлуды кім алмайды мал шығарса, әй, игай.
Армансыз бұл жалғаннан бұрынғы өтер,
«Кет» деген сүйгеніңмен заң шығарса, әй, игай.

Астымда қара атым бар қаржалмаған,
Әр жерде асыл пұлдар арзандаған, әй, игай.

Қолымда, тоқтылы бай, сүйіншім бар,
Жоғалттым бір топ үкі маржандаған, әй, игай.

Сөйлей бер, қызыл тілім, өлмей тұрып,
Алланың аманатын бермей тұрып, әй, игай.
Осындай әлің барда күліп-ойна,
Жер қазып, жер ошаққа көмбей тұрып, әй, игай.

Ал, жаным, керді міндім, керді міндім,
Өтерін дүниенің енді білдім, әй, игай.
Өтерін дүниенің білгеннен соң,
Салт атты, сабау қамшы ойнап-күлдім, әй, игай.

145. ӘЙ, УГӘЙ

Ал, жаным, қалайы қасық, қалайы қасық,
Тұсыңа жаңа келдім жанай басып, әй, угәй.
Құмартқан жасшылықта қайран құрбым,
Бал берген су сұрасаң, міне, ғашық, әй, угәй.

Сөйлей бер, қызыл тілім, жақ барында,
Маңдайға баста дәулет, бақ барында, әй угәй.
Ойнап-күл тіршілікте, әй, балалар,
Қаламыз қара жердің жапсарында, әй, угәй.

Ал, жаным, сұрша құнан, сұрша құнан,
Көгеннің қозы ағыттым бұршағынан, әй, угәй.
Шын ашық өз басыма болсаң, жаным,
Ауылдың жолығып жүр сырт жағынан, әй, угәй.

146. ӘЙ-АУ

Жарасар шашбауыңа күміс шынжыр,
Сайраған сандуғаштай сен бір бұлбұл.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Ішінде өз құрбыңның мен қызыл гүл.

Көзіңнің айналайын жанарынан,
Сөзіңнің қуанамын хабарынан.
Аңқыған иісің жұпар, өттең, қалқа,
Иіскелеп жатар ма еді тамағыңнан.

147. ӘЙ-ӘЙ, БӨПЕМ

Тауға қара-ай, ендеше, тауға қара-ай,
Таудан бұлақ ағады төмен қарай.
Кішкентайдан бірге өскен елім, жұртым,
Сағынғаннан көз талды саған қарай.

Қайырмасы:

Әй-әй, бөпем,
Артта қалған елімді
Көрер ме екем!

Үш Қарқара, Көктөбе, Мыңжылқыдан
Түбірінен теректі кім жұлқыған?
Тамырынан айрылған мендей болар,
Ажыраған амалсыз ел-жұртынан.

Қайырмасы:

Әй-әй, бөпем,
Кейін қалған ел-жұртым
Келер ме екен?

148. ӘЙ-УГӘЙ

Екі шекті домбыра, тақтым перне, әй-угәй,
Нұр жауады дейді екен талапты ерге, әй-угәй.
Оралыңның барында ойна да күл, әй-угәй,
Өлгеннен соң кіреміз қара жерге, әй-угәй.

Қайырмасы:

Жүгіріп шықтым белеске,
Белес жақын емес пе.
Осы отырған отырыс
Бір ғанибет емес пе.

Екі шекті домбыра, жеті перне, әй-угәй,
Айдай көрме жігітті арамтерге, әй-угәй.
Ат өксітіп алыстан келеміз деп, әй-угәй,
Ақын қыздың ауылына тура серме, әй-угәй.

Қайырмасы.

149. ӘЙГИГӘЙ, БАП-БАП

Басында шұбар таудың қос барабан,
Ішінен алуан әсем ән тараған.
Сұлу қыз, әнші жігіт — бәрі сонда,
Япырмай, неге келдің, ахау, сол арадан.

Қайырмасы:

Әйгигай, бап-бап, бәй бибәй, бап-бап, бап-бап,
Би-оу, би-оу, жарқ еткен күн-оу,
Әйгигай, бап-бап, бәй бибәй, бап-ай.

Ат байлап, шатыр тігіп жатқанымда,
Той қылып, шерім тарқап қайтқанымда.
Жұлаушы ұзын жолға барғанымда,
Тұнжырап екі көзім, ахау, қайтқанымда.

Қайырмасы.

150. ӘЙГИГАЙ, КӨКЕМ

Ақ үйдің ат байладым кермесіне,
Адамның ашты болма бермесіне.
Жігіттер, тіршілікте ойна да күл,
Мен кепіл өткен дәурен келмесіне.

Салғаным сал торы атқа сал тебінгі,
Жігіттер, дұшпаныңнан ал кегіңді.
Ат арытып алыстан келгеніңде,
Ақ тамақтың астынан ал деміңді.

151. ӘЙУ-АЙ

А-хоу!
Қияның қызыл-қызыл қиясы бар,
Қияны шауып алсам, миясы бар, әйу-ай.
Өлеңді әжептәуір айтушы едік,
Қара өлең тамағымда ұясы бар, әйу-ай.

Иғай!
Ал, жаным, өн келгендей, өн келгендей,
Шақырар қораз, тауық таң келгенде, әйу-ай.
Жел сөзді құдай берген неге аяймын,
Алдыма айтар кісім дәл келгенде, әйу-ай.

152. ӘККИГӘЙ, САРЫ БЕЛ

Жылқы бақтым сары жон белесіне,
Етектегі түседі ел есіме.

Қайырмасы:

Әккигай, сары бел,
Соғар салқын самал жел.

Сары белден шырқаған даусымды естіп,
Сүйген сәулем қасыма келесің бе?

Қайырмасы:

Әккігәй, сары бел,
Сағындырмай бері кел.

153. ӘККІЛІК-АЙ

Торы тосам, шырағым, торы тосам,
Тосаң босаң, бол тосаң, болма босаң, әккілік-ай.
Ат арылтып алыстан іздеп жүрмін,
Жүгіріп шық алдымнан адам болсаң, әккілік-ай.

Қайырмасы:

Ашу — дұшман, ақыл — дос,
Ақылыңа-ай ақыл қос.

Өлең емес, мен өзі өрнек едім,
Мәшиненің ішінде шөлмегі едім, әккілік-ай.
Ағып жатқан дария болмасам да,
Тоқтап жатқан өзінше көлмек едім, әккілік-ай.

Қайырмасы.

Кештен ұршық иірдім қорғасыннан,
Бұл өлеңді айтыппын он жасымнан, әккілік-ай.
Құдай білер қадірге жетіп жүрген,
Саған бола қалмайын жолдасымнан, әккілік-ай.

Қайырмасы.

154. ӘЛӘЙЛІМ

Дәйім менің мінгенім қызыл жирен-ау,
Бағар малың жоқ болса-ау, әләйлім,
Япырмау,
Өлең үйрен-ау.

Тіршілікте дос-жаран ойнап-күліп-ау,
Бір дәм татып кетсе екен, әләулім,
Япырмау,
Біздің үйден-ау.

155. ӘЛӘЛІМ

(1-нұсқа)

Қолында қалқатайдың алтын пышақ,
Сол қалқа келе ме деп жайдым құшақ.
Отыр ма екен, сол қалқа, жатыр ма екен,
Шомылған айдын көлде аққу құсап.

Дәйім менің мінгенім күрең дөнен,
Қашады төстен түлкі сүмендеген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айрылып сол қалқадан жүрем деген.

156. ӘЛӘЛІМ

(2-нұсқа)

Айналайын, қарағым, кекілдім-ай,
Балапаны аққудың секілдім-ай.
Қолда барда алтынның қадірі жоқ,
Қолдан шығып кеткен соң өкіндім-ай.

Қайырмасы:

Әләлім, әләлім,
Ешкімге жоқ залалым.

Қайда жүрсең аман бол,
Осынау өнге сала жүр.

Ұшып жүрген аспанда көгілдірік,
Жүйрік атқа жарасар өмілдірік.
Сұрағаның бұл тойда өлең болса,
Ән айтайын, шырағым, төгілдіріп.

Қайырмасы.

157. ӘЛӘЛІМ-АЙ

(1-нұсқа)

Адамзат-ай көрмесе адасады,
Көңілді көтермесе,
Ай-дай, ай-дай, кір басады.

Кеудесі жақсылардың алтын сандық,
Сандықты кілт болмаса,
Ай-дай, ай-дай, кім ашады?

Қайырмасы:

Кәлиләйім,
Әлиләйлім,
Кәләләкім-әйлім,
Аха-ха-ха-хай,
Әләлім-ай.

158. ӘЛӘЛІМ-АЙ

(2-нұсқа)

Жәні келсе қояйын өнге басып, ау-үй,
Талайлар-ақ осы өнге болған ашық, о-ой!
Е-ей, әләлім-ай.

Ән салмасқа болмады бір-екі ауыз, ау-үй,
Сіздерменен қалған соң дидарласып, о-ой!
Е-ей, әләлім-ай.

Қайырмасы:

Мінген де атым ақ жабал,
Шырын да сөзім, шекер, бал.
Менің бір айтқан сөзіме,
Жастар, сіздер құлақ сал.
Осы отырған балалар,
Бірің — құйрық, бірің — жал,
Бірің де қайың, бірің — тал,
Бірің де шекер, бірің — бал,
Ей, қай түрлі өнге сал дейсің,
Түсінетін балалар, е-ей!

159. ӘЛӘЛІМ-ӘЛӘЛІМ-АЙ

(1-нұсқа)

Ендеше-ай, өлеңде өнер-ай, өлеңде өнер,
Шын жүйрік өрге шапса, өршеленер-ай.
Ойнап күл тіршілікте-ай, бар кезінде,
Шырағың мың күн жанған бір күн сөнер-ай.

Қайырмасы:

Әләлім-әләлім-ай,
Алқызыл заманым-ай.
Әніне әләлімнің салайын-оу-ай.

Келеді айым туып-ай күңгірт болып,
Көктемде мал өледі-ау қылқұрт болып-ай.
Күнде ойна күлің барда-ай тіршілікте,
Қаламыз өлгеннен соң жым-жырт болып-ай.

Қайырмасы.

160. ӘЛӘЛІМ-ӘЛӘЛІМ-АЙ*(2-нұсқа)*

Қызыл тілім сөйлей бер шал боларсың,
Отқа жаққан қу томар тал боларсың-ей.

Қайырмасы:

Әләлім-әләлім-ай,
Әләлім-әләлім-ай.

Барында оралыңның күл де ойна,
Күніне он бестегі зар боларсың.

Қайырмасы.

Ақ тісім аузымдағы маржан тісім,
Сендей душар болар ма сүйген кісім.

Қайырмасы.

Сүйген кісім сүйкеніп өте шықса,
Қатты от жаққан қазандай қайнайды ішім.

Қайырмасы.

161. ӘЛӘЛІМ-ӘЛӘЛІМ-АЙ*(3-нұсқа)*

Кигенім аяғым-ей кебіс-мәсі,
Күлмеген, ойнамаған көңіл қасы, у-ай.
Кеткенде аулың алыс-ай, ей, қарағым,
Көл болды омырауға көздің жасы, у-ай.

Қайырмасы:

Әләлім-әләлім-ай,
Жан сәулем, қарағым-ай.

Әніңе майда қоңыр
Салайын ба-ай.

Мінгенім дәйім менің, ей, күрең дөнен,
Қашады төстен түлкі сүмеңдеген, у-ай.
Ойымда үш ұйықтасам-ей бар ма менің,
Айрылып қалқатайдан жүрем деген, у-ай.

Қайырмасы.

162. ӘЛӘЛІМ-ӘЛӘЛІМ-АЙ

(4-нұсқа)

Тот баспас жарқылдаған алтындай-ақ,
Беріпті нұр сипатты аямай-ақ-ай.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Шықпаса Қалифадан некен-саяқ-ай.

Қайырмасы:

Ой, ахау сізге таяп,
Жел сөзімді ағылтам,
Өзіңді аяп,
Әләлім-әләлім-ай.

163. ӘЛӘУЛІМ

(1-нұсқа)

Ендеше ылашынды, ылашынды-ай,
Шіркін-ай, сермей салдым құлашымды.
Әккигөй, әләуләйлім-ай.

Келгенде көңіл қимас, асыл қалқам,
Шарықтап күншығыстан, күн ашылды.
Әккигөй, әләуләйлім-ай.

164. ӘЛӘУЛІМ*(2-нұсқа)*

Тау нұраған ендеше, тау нұраған, ахау,
Таудың тасы етекте саудыраған, әләулім-ай.
Қиуада кез болған қимас қалқа, ахау,
Айналайын көзіңнен жаудыраған, әләулім-ай.

Қайырмасы:

Жүгіріп шықтым белеске,
Белес жақын емес пе?
Осы отырған отырыс
Бір ғанибет емес пе-ай.

165. ӘЛЕУЛІМ, ҚЫЗДАР

Қып-қызыл қыз дегенің гүл емес пе,
Бозбала қыздан сауға тілемес пе.
Әләулім, қыздар, әләулім айдай,
Болғанда қыздар — гүл-гүл, жігіт — бұлбұл,
Біріне-бірі мейман түн емес пе?

Әләулім, әләулім қыздар, әләулім айдай,
Қыз емес, қыздың аты — қызғалдақтай,
Қапалдың ауырасың шайы жақпай.
Мен өзім босқа жүріп не бітірем,
Қыздарын осы ауылдың қойдай бақпай.

166. ӘЛИГЕЙ-УГАЙ

Жайлауы біздің елдің құлан өтпес,
Бөріге ит қарғысы, а дүние-ай, сірә, жетпес-ай.

Қайырмасы:

Әлигей-угай-ай.

Жігітке қыз қарғысы майдай жағад,
Ішің кепкір десе де, а дүние-ай,
еш нәрсе етпес-ай.

167. ӘЛУ-АЙ

Ендеше, ой, қабанымыз, оу, қабанымыз,
Ауырар жаяу жүрсек табанымыз, әлу-ай.
Халыққа тарғалаң-ай, оу, заман келді,
Болады енді қандай заманымыз, әлу-ай!

Ешдеше, ой, дүниесін, оу, дүниесін,
Ойласам дүниені, шығады есім, әлу-ай.
Бозторғай, оу, қой үстінде, ой, жұмыртқалар,
Боламыз қай уақта, қоя берсін, әлу-ай.

168. ӘМІРХАН ЖЕРІМ-АЙ

Берейін сөйлеп-сөйлеп сөйле десең,
Тықыршып тоқтамаймын сөйлемесем,
алгіді-ғай.
Жел сөздің бір-екі ауыз арқасында,
Серкедей қой бастаған болдым көсем,
алгіді-ғай.

Қайырмасы:

Кідік-ай,
Қызық-ай.
Әмірхан жерім-ай,
Ахау, асылзада,

Қалдың кейін,
Қалды-ау кейін,
Аһ, елім-ай.

169. ӘН САЛ-АЙ

Сен дегенде, қалқатай, ойым бөлек,
Текті атадан туыпсың елден бөлек.
Ән сал-ай, осындай әнге салсаң-ай.

Бағаласаң, бағаңа жан жетпейді,
Айналайын көзіңнен дөп-дөңгелек,
Ән сал-ай, осындай әнге салсаң-ай.

Қайырмасы:

Салсаң болар әніме,
Келістіріп сөніне.
Салам десең әніме,
Берірек кел жаныма.

Дәйім менің мінгенім боз көк ала,
Сіздей әнге сала алама өзге бала.
Танысым жоқ бұл тойда, тамырым жоқ,
Әдейі іздеп келіп ем сізге бола.

Қайырмасы.

170. ӘН САЛАЙЫҚ

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Айдой, ән салайық-ай.

Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқам-ау,
Қара көзден мөлдіреп жас келеді,
Айдой, ән салайық-ай.

Бір қамшым бар қолымда, алты таспа-ай,
Өршеленер шын жүйрік өрге шықса,
Айдой, ән салайық-ай.

Ауылым шалғай кеткенде, қалқатайым-ай,
Ұнатып ем өзіңді әуел бастан-ай,
Айдой, ән салайық-ай.

171. ӘН САЛАЙЫН

Ауылың көшіп барады белден асып,
Белден асқан бұлтпенен араласып.
Ай, дой, ән салайын-ау.

Ауылың алыс кеткенде, қалқатай-ау,
Ақ қағазбен жүрейік амандасып.
Ай, дой, ән салайын-ау.

Ауылым көшіп барады Көлме көлге,
Алыс дейді Көлме көл көрмегенге.
Ай, дой, ән салайын-ау.

Алыс ауылым кеткенде, қимас қалқа,
БІнтызарым құриды сен дегенде.
Ай, дой, ән салайын-ау.

172. ӘП, ДАРИҒА

Әй, Әліп би
Екі-екі түй,
Түрлендіріп салдым күй,
Әп, Дариға-ай.

Айтайын айт дегенде-ау, әри-айдай,
Білейін қайдан сені бойдай талай.

Әй, Әліп би,
Екі-екі түй,
Түрлендіріп салдым күй,
Әп, Дариға-ай.

173. ӘПТИ ПОЖЫМ

Сен едің — сен, сен едің, сенсін десең,
Бермес пе ең түйіп тәтті жесін десең.
Қиудан кез болған қимас қалқам,
Ала қағаз бермес пе ең, келсін десең-ей.

Қайырмасы:

Әпти пожым,
Сырнай тожым.
Аузыңда мың теңгелік
Айтқан сөзің-ай.

174. ӘРИ-АЙДАЙ

Айтайын-ей айт дегенде, әри-айдай,
Білейін қайдан сені болдау талай-ай.
Кеткенде аулың алыс, ей, қарағым,
Бір жауап бермей кеткен мұның қалай-ай.

175. ӘРИДАЙ

Ақ отауға жарасар ойған манат-ей,
Ақын салдар құрады бек салтанат-ей.
Әридай,
Даусым, халқым-ай таниды-ай.

Ақындықпен өлеңді біз айтпаймыз-ей,
Үлкендерден қалыпты ойын санат-ей.
Әридай,
Даусым, халқым таниды-ай.

Қой ішінде сүйгенім ісек-тұсақ-ей,
Қойдың еті тураса, болады ұсақ-ей.
Әридай,
Даусым, халқым-ай таниды-ай.

Атасы атамыздың өлеңші екен-ей,
Болайық біз де өлеңші солар құсап.
Әридай,
Даусым, халқым таниды-ай.

176. ӘРИ-ДӘРИ

Аққу көлден ұшады балақтаған,
Не қойды екен көп сақтап қарақ маған.

Қайырмасы:

Әри-дәри даттай,
Әри-дәри даттай,
Әри-дәри-дай.

Аулың шалғай кеткенде, ей, қарағым,
Айналайын көзіңнен қарап қалған.

Қайырмасы.

Аққу көлден ұшады майпаңдаған,
Бір сөзім бар қалқаға айта алмаған.

Қайырмасы.

Аулың алыс кеткенде, ей, қарағым,
Айналайын көзіңнен жайтаңдаған.

Қайырмасы.

177. ӘРИДӘЙ

(1-нұсқа)

Біздің ауыл Алтайдың саласында-ай,
Күнгейті мен Үшілік арасында.

Қайырмасы:

Ай, әридәй,
Жігіттер, өн салыңдар,
Әридәй, әридәй.

Көру үшін көзіңмен сол ауылды-ай,
Шақырайын, құрбылас, барасың ба?

Қайырмасы.

Жылқым жатыр бұлақтың жағасында-ай,
Сөзіме мін, қалқатай, тағасың ба?

Қайырмасы.

Ауылыма барсаңыз, жібермес едім-ай,
Серік болып қасымда қаласың ба?

Қайырмасы.

178. ӘРИДӘЙ

(2-нұсқа)

Қалқатай, сен де арманда, мен де арманда,
Жылайды екі арманда айырылғанда.

Беріп кет орамал-шыт, сүйген сәулем,
Жүрейін медеу қылып сағынғанда.

Қайыrmасы:

Ахау, ахау, әридәй,
Әридәй, әридәй-ай, ау.

179. ӘРИНЕ

А дегенде өлеңім ағытылар,
Өлгеннен соң ақынның жағы тынар.

Қайыrmасы:

Ой, әрине,
Көз салма, құрбым, әркімге.

Бір-екі ауыз білгенді сөйлемесем,
Алдымда тыңдаушының сағы сынар.

Қайыrmасы.

Біліп едім қарағым ақыныңды,
Отқа жағып, пәлеге жақыныңды.

Қайыrmасы.

Аяғыңды аңдап бас, олай болса,
Қарт бурадай қысармын тақымыңды.

Қайыrmасы.

180. ӘСЕМ ӘНІМ СЫРНАЙДАЙ

Көзіңнен айналайын, қарақтарым,
Секілді ақ қазына тамақтарың.

Болғанда сіз бір лашын, біз бір сұңқар,
Білмеймін қай жеріңе қонақтарын.

Қайырмасы:

Ахау, айым,
Әсем өнім сырнайдай,
Өлем сүйіп тыңдайды-ай.
Тамылжытып ән салмай,
Күнде думан болмайды-ай.

Көзіңнен айналайын қырғи қабақ,
Ойнаған су бетінде сен бір шабақ.
Салсам да алтын қармақ, ілінбейсің,
Қайтейін қылығыңды-ей, ақтамақ.

Қайырмасы.

181. ӘСЕМ ЖОРҒА

Аулым қонды Аққұмның жағасына-ей,
Болдым ғашық ақ сұңқар баласына-ай.

Қайырмасы:

Әсем жорға,
Іліндің сәулем,
Сен торға.

Дегенде айналайын-айналайын-ей,
Қолыңа ақ сағат боп байланайын-ай.

Қайырмасы.

Бергенде өзің көңіл, ей, қарағым-ей,
Үстінен ақ төсіңнің аймалайын-ай.

Қайырмасы.

182. ӨТТЕГЕНЕ

Ұшып жүрген әуеден-ей ақ бөдене,
Кейде толы, кейде орта-ей ақ тегене.
Иах-уай.

Осындайда құрбыжан, ей, ойна да күл,
Өтіп жалған барады-ей өттегене.
Иах-уай.

183. ӨТТЕҢ, ШІРКІН, ҚЫЗДАР-АЙ

Айналайын көзіңнен, бота көзім,
Ойымдағы өзге емес, жалғыз өзің, алгідіг-ай.

Аулың алыс кеткенде, ей, қалқажан,
Естен кетпес «қош болғай» деген сөзің,
алгідіг-ай.

Қайырмасы:

Өттең, шіркін, қыздар-ай,
Әсем сұлу жүздері-ай.
Ыстық лебін бойды алды,
Бейне аққу жүзгені-ай.

Ұстатпайды жылқыда қара бедеу,
Сусыз жерге көп шығар елеу-селеу, алгідіг-ай.

Аулың алыс кеткенде, ей, қалқажан,
Қош, есен бол дегенің, о да медеу, алгідіг-ай.

Қайырмасы.

184. ӘУЕЗ*(1-нұсқа)*

«Әліп» деп, ей, ақ жүзіңе таң қаламын-ай,
Ғашық боп бір өзіңе сандаламын-ай.

Мәжнүңдей ішім толған ғашық оты-ай,
Сыртыма шығара алмай зарланамын-ай.

Екі қалқа замандас боп тудың нағып-ай,
Кигенің кәмшат бөрік үкі тағып-ай.

Шомылған айдын көлге сен бір аққу-ай,
Тұйғындай төңкеріліп ілсем қағып-ай.

185. ӘУЕЗ*(2-нұсқа)*

Дәйім менің мінгенім сұрша құнан,
Қозы ағыттым көгеннің бұршағынан.
Шынты көңілің, шын пейілің менде болса,
Табысайық ауылдың сырт жағынан.

Дәйім менің мінгенім ала құнан,
Ала құнан үркеді тұяғынан.
Шынты көңілің, шын пейілің менде болса,
Табысайық аулыңның аяғынан.

186. ӘУЕЗ*(3-нұсқа)*

Жүк артып саралаға, міндім керге,
Шығады сай өрлеген сары белге-ау.
Кеткенде алыс аулың, өттең қалқа,
Айта бар дұғай сәлем бұраң белге-ау.

Көрінер кісем сұлу оқшантайдан,
Қалқаны жақсы көрем кішкентайдан-ау.
Кеткенде аулың алыс, ей, қалқатай,
Жетер ме айтсам сәлем күйкентайдан-ау.

187. ӘУЕЗ

(4-нұсқа)

Көшкенде жылқы айдаймын қиқу салып,
Қолыма бір солқылдақ шыбық алып-ай.
Сенімен бір ойнаса, мен ойнармын,
Мойнымды боз жорға аттай бұрып салып.

188. ӘУЕЗ

(5-нұсқа)

Көшкенде жылқы айдаймын белеңменен-ей,
Қара көк белі сұлу дөненменен-ей, ау.
Кеткенде аулың шалғай, беу қарағым-ей,
Жүрейік хабарласып өлеңменен, ей-ау.

189. ӘУЕЗ

(6-нұсқа)

Толқын көлдей, осы әнім ескен желдей-ау,
Тойдың сәні келмейді ақын келмей-ай.
Ақын келсе, дүбірі жер жарады-ей,
Аспандағы самолет дүріліндей-ай.

190. ӘУЕЗ

(7-нұсқа)

Ән салсаң, өзімдей сал, әнге салсаң,
Әнімді айтайын мен ұғып алсаң.

Бағасы бұл әнімнің бес мың теңге,
Әнімді өзіме бер ала алмасаң.

191. ӘУЕЗ

(8-нұсқа)

Ән салсаң, өзімдей сал ширатылып,
Қалады кескен терек қиратылып-ай.
Барыңда оралыңның күліп-ойна,
Сала жүр осы әніме ырғатылып.

192. ӘУЕЗ

(9-нұсқа)

Ауылым көшіп барып бел асады,
Бір жақсы, бір жақсыға жанасады-ай.
Кеткенде аулың шалғай қос перизат,
Өлеңді не деп айтсам, жарасады-ай.

Қос құрбы біз дегенде әнге салғай,
Аулына жете алмаймын жерің шалғай-ай.
Сағынып ән даусын жүргенімде,
Болмаса әнге қосып есіңе алғай-ай.

193. ӘУЕЗ

(10-нұсқа)

Басы еді өлеңімнің Райымбек,
Ат қостым-ақ аралға-ей сынайын деп-ай.
Кеткенде аулың шалғай, беу қарағым,
Жас келді екі көзге-ай жылайын деп-ай.

194. ӘУЕЗ*(11-нұсқа)*

Дауысы қоңырқаздың даусындай-ай,
Беліңнің нәзіктігі қауырсындай-ай.
Қиядан түлеп ұшқан қыран едім-ай,
Қонақ қыл мекеніңе ауырсынбай-ай.

195. БАҒИЛА-АУ

Мінгенім дәйім менің, ахоу, құла қасқа,
Қаздырдым қырдан құдық құламасқа,
Бағила-ау, сыртыңнан.

Кеткенде ауылым шалғай, ахоу, ей, Бағиладш,
Беріп кет орамал-шыт жыламасқа,
Бағила-ау, сыртыңнан.

Естуші едім былтырдан,
Таң қалып тамашаңа.
Талай адам ұмтылған,
Бағила-ау, сыртыңнан.

196. БАҒЛАН*(1-нұсқа)*

Дүние ойлап тұрсам, ахау, жалған екен-ау,
Екеуің-ай.
Ғаламды он сегіз мың бағлан алған,
Екеуің-ай.
Жібіндей машинаның, ахау, қайран өнім-ау,
Екеуің-ай.
Шалдығып шабан аттай, бағлан қалған екен-ай.

197. БАҒЛАН*(2-нұсқа)*

Жыртылмайды ақ көйлек кең болған соң-ай,
Екі ғашық ойнайды тең болған соң.
Бағлан, ойлап-ойлап сағынам.
Саған айтпай сырымды кімге айтайын-ай,
Шын ойлаған көңілде сен болған соң.
Бағлан, ойлай-ойлай сағынам.

198. БАҒЛАН-АЙ*(1-нұсқа)*

Келеді-ай жоғартыннан түйе мінген,
Жүрмейді жота жолмен-ай бие мінген-ай.
Өлең айт, ей, осындайда, жанай құрбым,
Баласы жақсы ауылдың жүйе білген-ай,
Бағлан-ай, жүйе білген-ай.

199. БАҒЛАН-АЙ*(2-нұсқа)*

Кең Көлсайды жайлаушы ең Алжанменен,
Толықсыған төрт түлік мал-жанменен.
Бағлан-ай!
Берін айтсам, қонысың таусылмайды,
Әнге қосып бір таңға салғанменен.
Бағлан-ай!

Қайырмасы:

Тоқым салдым тарланға,
Сөлем айттым Бағланға.
Аты жақсы жаратқан,
Жеткізе гөр арманға.

Көш айдаймын көшкенде көк тайменен,
Самаурынмен шәй ішем, шәйнекпенен,
Бағлан-ай.
Алыс ауылым кеткенде, қимас қалқа,
Дүрбі салып қараймын әйнекпенен,
Бағлан-ай!

Қайырмасы.

Дәйім менің мінгенім қасқа құнан,
Сақта, Құдай, қыздардың асқағынан,
Бағлан-ай.
Шынымен құласа көңіл шіркін,
Жолығайық ауылдың тастағынан,
Бағлан-ай.

Қайырмасы.

200. БАҚШАДАҒЫ БҮЛБҮЛЫМ-АЙ

Жылқым жатыр төменде жусаған боп-ай,
Сусаған жер қалады қу сабан боп, дүлдүлім.

Қайырмасы:

Әнің жақсы-ай, ән салшы,
Бақшадағы бүлбүлым-ай.

Қызды ауылды көргенде амалым көп-ай,
Сусын сұрап ішемін сусаған боп, дүлдүлім.

Қайырмасы.

Сарт дегізіп сары атқа қамшы бастым-ай,
Намаздыгер болғанда белден астым, дүлдүлім.

Қайырмасы.

Құдай менің жолымды оңдайды екен-ай,
Еркесімен бір үйдің дидарластым, дүлдүлім.

Қайырмасы:

Мың күніме татиды, ой,
Осы отырған бір күнім-ау.

201. БАЛАПАН ҚАЗ

Бұл өлкеде біздің ауыл жайлаған жер-ай,
Желіге асау құлын байлаған жер-ай.
Көзіме от жалындай көрінеді-ай,
Айқасып құлын-тайдай ойнаған жер-ай.

Қайырмасы:

Ей, ақау сабаз,
Ұшырдым ұясынан
Балапан қаз-ай.

Бұл өлке біздің ауыл күзеген жер-ай,
Қаракөз бойын сылап түзеген жер-ай.
Көзіме от жалындай көрінеді,
Қолаң шаш уәдесін үзбеген жер-ай.

Қайырмасы.

202. БАСЫҢНАН БАЙҚАП

Базардан базар барып, алдым барқыт,
Болғанда тісің меруерт, жағың жақыт-ай.
Ақ күміс он саусағың сымға тартқан,
Қызыққа алған адам жүрер батып-ай.

Қайырмасы:

Басынан байқап,
Сөзіңнен тайқап,
Ұйықтасаң, сәулем,
Оятам шайқап.
Әділдей тезің,
Бұлбұлдай сөзің.
Амалым бар ма, тәңірі-ай,
Келмеді-ау, өттең, бір кезің.

203. БАЯНАУЫЛ

Баянауыл басынан бұлт кетпес,
Қиядағы түлкіге, дүние-ай, құсың жетпес.
Ақ боз үйдің сыртынан аттандырып,
«Қош, қалқатай» дегенің, дүние-ай, естен кетпес.

Қайырмасы:

Қыз дегенде, күнім-ау, қыз дегенде,
Табылмайды қыз деген іздегенге.
Бәйге атындай тықыршып тұра алмаймын,
Бәйпең қағып алдыма, дүние-ай, қыз келгенде.

Баянауыл басында балалы құр,
Бір сөз айтсам, қалқатай, мойныңды бұр.
Ауылыңның сыртынан шығарып сап,
Ақ боз үйге сүйеніп қара да тұр.

*Қайырмасы.***204. БӘЛЕКЕЙ, БАЛЖАН-АЙ**

Дәйім менің мінгенім қара құнан,
Қара құнан үркеді қабағынан, бәлекей,
Балжан-ай.

Ауылың алыс кеткенде қимас қалқа,
Табысайық ауылыңның қабағынан, бөлекей,
Балжан-ай.

Қайырмасы:

Ал, құпия Күлсана-ай,
Бір сұлу қыз жан-ай.

Дәйім менің мінгенім құла құнан,
Құла құнан үркеді құлағынан, бөлекей,
Балжан-ай.

Шыныменен көңілің болса менде,
Табысайық ауылыңның бұлағынан, бөлекей,
Балжан-ай.

Қайырмасы.

205. БӘЛЛӘЙ

Базарда бәсі қымбат болаттардың,
Көрінер сырты сұлу жорға аттардың.
Сағынып өлең даусын жүргенімде,
Шығады даусы қайдан бегзаттардың, шіркін-ай.

Қайырмасы:

Бәлләй-бәлләй, ботамай,
Бота көзің екен-ай.

Базарда бәсі қымбат алашаның,
Болады қызы сұлу қарашаның.
Сағынып өлең даусын жүргенімде,
Шығады даусы қайдан құдашаның, шіркін-ай.

Қайырмасы.

206. БӘТИҚА

Дәйім менің мінгенім алқара көк,
Қара көкке қададым үкілі шоқ.
Құба жонға құлазып шыға келсем,
Жұртың жатыр қарайып, ауылың жоқ.

Қайырмасы:

Пай-пай, Бәтиқа-ай,
Құба жон қозы айдаған,
Айхай, айдай-ау.

Дәйім менің мінгенім үкілі кер,
Үкілі керге жарасар күмістен ер.
Алыс аулың кеткенде, беу, Бәтиқа-ай,
Көзге күйік көрінер ойнаған жер.

Қайырмасы.

207. БЕДІРЕ ТАЛ

Айт дегенде өлеңді аяйын ба,
Жаңа келдім жақсының маңайына.
Өтіп заман барады.

Ән салайын құрбының көңілі үшін,
Бір серпілмей мұндайда қалайын ба,
Өтіп заман барады.

Қайырмасы:

Есік алды бедіре тал,
Басын иіп, суға сал.
Қайсыңды мақтайын,
Бірің шекер, бірің бал.

208. БЕҚЗАТЫМ-АЙ*(1-нұсқа)*

Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң-ай,
Кең жайлау құлазиды ел кеткен соң-ай.
Жолыққанша, аман бол, амал қанша-ай.

Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің-ай,
Ойнаймын енді кіммен сен кеткен соң-ай.
Жолыққанша аман бол, амал қанша-ай.

Қайырмасы:

Кекілін кескен кер атым-ай,
Кішкентайдан өскен бекзатым-ай.
Жанымда бірге жүрген жайдарлым-ай,
Жаутаңдаған көзіңнен айналдым-ай.

Сыртынан ауылымның өттің, кеттің-ай,
Үкісін тақияңның бермей кеттің-ай.
Жолыққанша,
Аман бол, амал қанша-ай.

Сол үкің азар болса мың теңгелік-ай,
Қалдырдың көңілімді мың күнгілік-ай,
Жолыққанша
Аман бол, амал қанша-ай.

Қайырмасы.

209. БЕҚЗАТЫМ-АЙ*(2-нұсқа)*

Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң-ай,
Кең жайлау құлазиды ел кеткен соң-ай.
Жолыққанша,
Аман бол, амал қанша-ай.

Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің-ай,
Ойнаймыз енді кіммен сен кеткен соң-ай.
Жолыққанша,
Аман бол, амал қанша-ай.

Қайырмасы:

Кекілін кескен кер атым-ай,
Биттайдан өскен бекзатым-ай,
Жанымда бірге жүрген
Жайдарлым-ай!
Жаутаңдаған көзіңнен
Айналдым-ай!

Тұсыңнан ары өтемін, бері өтемін-ай,
Өзіңді өткен сайын көре өтемін-ай.
Жолыққанша,
Аман бол, амал қанша-ай.

Кеткенде аулың алыс, беу, қарағым-ай,
Түйедей ботасы жоқ зар етемін-ай.
Жолыққанша,
Аман бол, амал қанша-ай.

Қайырмасы.

Сыртынан ауылымның өттің-кеттің-ай,
Үкісін тақияның бермей кеттің-ай.
Жолыққанша,
Аман бол, амал қанша-ай.

Сол үкің азар болса жүз теңгелік-ай,
Қалдырдың көңілімді мың теңгелік-ай.
Жолыққанша,
Аман бол, амал қанша-ай.

Қайырмасы.

210. БЕС ҚАРАГЕР*(1-нұсқа)*

Басынан Қаратаудың құлаған ем-ау,
Кекілін кер бестінің-оу, сылаған ем-ау.
Кеткенде ауылың шалғай, қимас қалқам-ау,
Құшақтап құс жастықты-оу, жылаған ем-ау.

Қайырмасы:

Па, шіркін,
Бес қарагер, бес қарагер-ау,
Бес жүзік, бес сөлкебай-ау,
Бес тана бер-ау.
Берсең де оның бәрін, мен алмаймын-ау,
Кеткенде ауылың шалғай-ау,
Еске ала көр-ау.

Аспанда ұшып жүрген қара инелік-ау,
Ұшады қара инелік зар иленіп-ау.
Түскенде сен есіме, қимас қалқам-ау,
Қалады қабырғама-ау, қан иленіп-ау.

211. БЕС ҚАРАКЕР*(2-нұсқа)*

О, шіркін, бес қара, бес қаракер-ей,
Бес жүзік, бес білезік, бес танаң бер.
Берсең де оның бәрін мен алмаймын-ей,
Кеткенде алыс жерге еске ала жүр.

212. БЕУ, АЙДАЙ

Қалам алып қолыма жазамын хат,
Өзім арзан болсам да, сөзім қымбат, беу, айдай.

Бекер қарап отырған жараспайды,
Қара өлеңмен айтайын аз насихат, беу, айдай.

Қайырмасы:

Былырғы мен биылдай,
Қолда жоқтың қиыны-ай.
Ұстараның жүзіндей
Аударылған дүние-ай.
Жүруші едік той-тойлай,
Торғын белбеу бір байлай.
Әдейі іздеп келгенде,
Сөйлесейік ыңғайлай.

Хат жазамын қолыма қалам алып,
Сенің берер жауабың маған анық, беу, айдай.
Сыбайласым кім болар деп жүргенде,
Бәйге атындай тұрыпсың тағаланып, беу, айдай.

Қайырмасы.

Қалам алсам қолыма, қарысады,
Бәсекемен қос жүйрік жарысады, беу, айдай.
Жүйрік жайын, ей, құрбым, білмеуші ме ең,
Біреуі озып, біреуі қалысады, беу, айдай.

Қайырмасы.

213. БИ-БИ-АУ

Көшкенде жылқы айдаймын қиқу салып,
Қолыма бір солқылдақ шыбық алып.

Қайырмасы:

Би-би-ау,
Қайни-Жамал,
Камила қалқаш-ай.

Сенімен бір ойнасам, мен ойнаймын,
Мойнымды боз жорға аттай бұрып салып.

Қайырмасы.

214. БОЗЖОРҒА

Қарайғанға қараймын қабан ба деп,
Қамшылаймын атымды шабам ба деп.
Бозжорға-ай,
Мен де ойлайын,
Сен де ойла!

Ары өткеннен сұраймын, бері өткеннен,
Қалқатайдың ауылы аман ба деп.
Бозжорға-ай,
Мен де ойлайын,
Сен де ойла!

Қайырмасы:

Ақ қағазға жаздым хат,
Жан Құдайға аманат.
Қайда жүрсең аман жүр,
Қадірге жеткен азамат.

Жалғыз біткен жапанға едім шынар,
Дидарыңа жасымнан болдым құмар.
Бозжорға-ай,
Мен де ойлайын,
Сен де ойла!

Ақ жүзінді көре алмай армандамын,
Құмарланған көңілім қашан тынар.
Бозжорға-ай,
Мен де ойлайын,
Сен де ойла!

Үйдің арты терең сай, қалың бүрген,
Түлкі аралап, ішінен қасқыр жүрген.
Бозжорға-ай,
Мен де ойлайын,
Сен де ойла!

Артық туған, аяулы сіздей жанмен,
Арман бар ма адамда ойнап күлген.
Бозжорға-ай,
Мен де ойлайын,
Сен де ойла!

215. БОЗТОРҒАЙ

(1-нұсқа)

Шіркін-ай,
Бозторғай,
Жете алмадым жер шалғай.

Ағып жатқан дария-ай, суда мін жоқ,
Үзіп жеген әйугәй, малда тіл жоқ.
Шіркін-ай,
Бозторғай,
Жете алмадым жер шалғай.

Тіршілікте қалайық-ай, ойнап-күліп,
Жыл айналып келгенше, кім бар, кім жоқ.
Шіркін-ай,
Бозторғай,
Жете алмадым жер шалғай.

216. БОЗТОРҒАЙ

(2-нұсқа)

Салдым сайран Алтайдың күн бетінде-ей,
Жазу жаздым ақ қағаз бір бетіне, бозторғай.

Білгенімше азырақ ән шырқайын-ей,
Көпшіліктің жиналған құрметіне, бозторғай.

Қайырмасы:

Ахау, айдай, бозторғай,
Ән шырқайсың бұлбұлдай.
Мекен етіп жүруші ек,
Қыран, Ертіс, Дөргінді-ай.

Өр Алтайдың ауылым қапталында,
Қызық тілім, сөйлеші жақ барында.
Оралыңның барында күл де ойна,
Өте шығар жас дәурен қас қағымда.

Қайырмасы.

217. БОЛ-БОЛ

Өлеңді айт дегенде аярым жоқ,
Азырақ желісім бар, аяңым жоқ.

Қайырмасы:

Болсаң құмар,
Осы әнге сал,
Илигай қалқам, илигай.

Жел сөзді келген жерден қоя бермей,
Өлеңді Құдай берген аярым жоқ.

Қайырмасы.

Өлеңді айт дегенде айтушы едім,
Сыбызғы қара қурай, тартушы едім.

Қайырмасы.

Кісіге кісі жары жар болмайды,
Тілеуін өз жарыңның тіле деймін,
Болсаңшы өнге құмар-ай!

220. БӨДЕЛ КЕР

Әрине, айтар едім өлең білсем, бөдел кер,
Арғымақтай шұлғытып жорға мінсем-ай.
Шіркін көрлік жақындап келе жатыр, бөдел кер,
Ойнап-күліп жастармен бірге жүрсем-ай.

Қайырмасы:

Бөдел, бөдел, бөдел кер,
Бөлектенбей бері кел.
Қыр мұрынды, қыпша бел,
Мықты өжет-ай, сен-ай бол.

Әрине, айтар едім өлең білсем, бөдел кер,
Кіреуке жаңа салып жейде кисем-ай.
Жалғаннан армансыз боп өтер едім, бөдел кер.
Шұлғытып шұбар ала дүлдүл мінсем-ай.

Қайырмасы.

221. БӨКЕН, БӨКЕН

Жылқымды айдап салдым, ахау, шөпті көлге,
Жайлаушы ек үкі тағып епті керге-ау.
Кеткенде аулың алыс-ей, беу қарағым,
Бармайды айтуға аузым кетті дерге-ай.

Қайырмасы:

Ай, бөкен-бөкен,
Көкем бе екен?
Кір жуып, кіндік кескен,
Қайран мекен-ау.

222. БӨЛЕЙ-БӨЛЕЙ, БОТАМ-АЙ

Бөлей-бөлей ботам-ай,
Бота көзім екеу-ай.
Өзінді ойлап сарғайып,
Сағынышпен өтем-ай.

Бөлей-бөлей ботам-ай,
Екі көзім жотада-ай.
Келсең еді тезірек,
Төзімімді отамай.

223. БҰЛБҰЛ ҚҰСЫМ

Сірне татыр сілекей шөлдегенде,
Көздің жасы көл болар еңірегенде.
Күндіз күлкі көрмеймін, түнде ұйқы,
Ішкен асым батпайды сен дегенде.

Қайырмасы:

Бұлбұл құсым,
Болса, болсын,
Дей салшы құрбың үшін.

Көшкенде жылқы айдаймын жиренменен,
Қара жол жотадағы иреңдеген.
Бәлен қызық дегеннің бәрі жалған,
Өмірдің ең қызығы сүйгенменен.

Қайырмасы.

224. БҰЛБҰЛ ҚҰСЫМ-АЙ

Бабасына-ау, ендеше, ау, бабасына-ау
Бал құйыпты-ау атан мес, сабасына-ау.
Досым емес, ау, дұшпаным-ау, болып отыр-ай,
Қалдырмағын-ау дұшпанның табасына-ау.

Қайырмасы:

Бұлбұл құсым-ай,
Болса, болсын-ай,
Дей салшы құрбың үшін-ай.

Жасыл алма-ай, ендеше-ай, жасыл алма-ай,
Жақсы сырын-ай жақсыдан жасырарма-ай.
Мына сөзің-ай шын болса-ай, жан жолдасым-ай,
Жақсы тұрып-ай жаманды қасыңа алма-ай.

Қайырмасы:

Ойхой, бөпем-ай,
Ойқастамай-ай,
Жөніңе келсең екен-ай.

225. БҰЛБҰЛ ТОРҒАЙ

Ат міндім-ей жалын түйіп кері аладан,
Көрінер ауылың алыс жер даладан-ай.
Кеткенде-ей ауылың алыс-ей, қарағым,
Жетер ме айтсам сәлем бір баладан-ай.

Қайырмасы:

Ахау,
Бұлбұл торғай,
Дауысың сондай,

Аспанда шырылдайсың,
Жерге қонбай-ай.

Болғанда айғыр жалды, ат кекілді,
Көргем жоқ өзім туып сен секілді-ай.
Барады исің жарып танауымды,
Қайнатқан қалампыр сап шай секілді-ай.

Қайырмасы.

226. БҰЛБҰЛ-АЙ

Ауылымның қонғаны ой ма, қыр ма,
Саздау жерге қонады қайтқан тырна.

Қайырмасы:

Ей, бұлбұл-ай, бұлбұл-ай,
Алтын сырға, қыпша бел-ай,
Сауықшыл біздің туған ел, өгүгәй.

Ауылыңнан, қалқам-ау, аттанғанда,
Ақ үйіңнің артынан қолың бұлға.

Қайырмасы.

Тоқпақ жалды, торы айғыр далада тұр,
Батсайы бәсі кілем қалада тұр.

Қайырмасы.

Мен есіңе түскенде, ей, қарағым,
Ақ үйіңе сүйеніп қара да тұр.

Қайырмасы.

227. БҰЛБҰЛЫМ*(1-нұсқа)*

Барады ауылың көшіп-ай, Балғын көлге,
Балығын Балғын көлдің-ай, іри-ай,
алғым келді-оу, ай.
Кеткенде ауылың алыс-ау, өттең қалқа,
Артыңнан тоқтай алмай-ой, іри-ай,
барғым келді-ай.

Қайырмасы:

Ала үйрек, алма мойын-оу,
Ұшар сайдан,
Аңдыған бұлбұл құсым-ой, іри-ай,
Келдің қайдан-ай.

Барады ауылың көшіп-ай, Ылай көлге,
Жарасар қима бешпент қынай белге.
Кеткенде ауылың алыс-оу, өттең қалқа,
Көзіңнен айналайын-ой, іри-ай,
жылай көрме-ай.

*Қайырмасы.***228. БҰЛБҰЛЫМ***(2-нұсқа)*

Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын боз тайлақ бос келеді.

Қайырмасы:

Ай-күнім, бұлбұлым,
Қалайша еркем көңілің.

Кішкентайдан бірге өскен құрбым едің,
Сені ойласам, көзіме жас келеді.

Қайырмасы.

Сен қалайсың, қарағым, мен дегенде,
Ұшар қанат менде жоқ сен дегенде.

Қайырмасы.

Тигізетін құрбыңа пайдаң бар ма,
Сені ойлаймын күндіз-түн шөлдегенде.

Қайырмасы.

229. БҰРАДАРЫМ

Дегенге-ау, өлең деген, өлең деген,
Құлағым өлең десе елеңдеген.

Айым-ай, күнім-ай,
Бұрадарым, ахахау.

Өлеңнің-ау айтар жері келгенінде,
Мінетін жүйрік атты жөніменен.

Айым-ай, күнім-ай,
Бұрадарым, ахахау.

230. БҰРАҢ БЕЛ

(1-нұсқа)

Есік алды қара су өткелі жоқ-ай,
Өткелі жоқ суынан өткенім жоқ-ай,
бұраң бел.

Өзің көңіл бергенде, беу, қарағым-ай,
Сені тастап ешқайда кеткенім жоқ-ай,
бұраң бел.

Қайырмасы:

Қара көз-ай, қыпша бел,
Мені ойласаң, мұнда кел.
Бір кетпейсің-ай, ойымнан,
Ұзақ таңға-ай, бұраң бел.

231. БҰРАҢ БЕЛ

(2-нұсқа)

Бір қамшым бар-ей қолымда жез бауырдан-ей,
Кірсем шыққым-ей келмейді қызды ауылдан-ей,
бұраң бел.
Ауылың алыс кеткенде-ей, қарағым-ей,
Жақсы көрдім-ей өзінді бір бауырдан-ай,
бұраң бел.

Қайырмасы:

Қарай көз-ай қыпша бел,
Мені ойласаң-ай мұнда кел.
Еш кетпейсің-ай ойымнан,
Ұзақ таңға-ай, бұраң бел.

Ұшып жүрген әуеде-ей көкек деген-ей,
Бауырында балапаны-ей секектеген.
Ойымда үш ұйықтасам-ей бар ма менің-ей,
Айрылып қалқатайым-ей кетед деген.

Қайырмасы.

232. БҮЛДІРГЕН

(1-нұсқа)

Айт дегенде өлеңді айта алмаймын, бүлдірген,
Балаларым алдыма келіп қалды-ау, бүлдірген.

Айт дегеннің көңілін қайтармаймын, бүлдірген,
Топтан шыққан торыдай жайтаңдаймын,
бүлдірген.

Қайырмасы:

Тауда өскен бүлдірген,
Таста өскен бүлдірген.
Балаларым болмаса,
Жағдайымды кім білген.

Айт дегенде мен неге оқталмаймын, бүлдірген,
Кесіп алған тоғайдан оқтаудаймын, бүлдірген,
Жасы кіші балалар келгенінде, бүлдірген,
Бір-екі ауыз өлеңге тоқталмаймын, бүлдірген.

Қайырмасы.

Айт-айт, жаным, айт, жаным, өлең білсең,
бүлдірген,
Не көрмейсің Алладан, өлмей жүрсең,
бүлдірген.
Көрер едік Алладан өлмей жүрсек, бүлдірген,
Түндігі алтын, бауы жез үйге кірсек, бүлдірген.

Қайырмасы.

Ағайынды өлеңім абысынды, бүлдірген,
Жаза тастап қамшының сабы сынды, бүлдірген.
Айналайын атаның дәулетінен, бүлдірген,
Жібермеймін ешкімге намысымды, бүлдірген.

Қайырмасы.

233. БҮЛДІРГЕН*(2-нұсқа)*

Бір жағы Алматының Талғар, Түрген,
Сыйласып жақсы емес пе бірге жүрген.

Қайырмасы:

Бүлдірген,
Қандай жақсы құрбылармен
Бір жүрген.

Өнерінді аймағын жастық шақта,
Өр күнің бір жылға тең ойнап-күлген.

Қайырмасы.

Қонғаны ауылымның ой болса екен,
Қорадан өріп шығар қой болса екен.

Қайырмасы.

Тілеуін екі жастың біз тілейік,
Мереке күнде осындай той болса екен.

Қайырмасы.

234. БҮЛДІРГЕН*(3-нұсқа)*

Басынан Алатаудың арша ап жүрмін,
Аршамды көтере алмай шапшап жүрмін.

Қайырмасы:

Бүлдірген,
Қандай жақсы
Құрбылармен бір жүрген.

Белгісі шаршағанның осы емес пе,
Достарды өздеріңдей аңсап жүрмін.

Қайырмасы.

Дегенмен қуаң қарға, қуаң қарға,
Қонады қуаң қарға дуалдарға.

Қайырмасы.

Қасыңнан айналшықтап кете алмаймын,
Басымды жібермейтін дуаң бар ма?

Қайырмасы.

Біреу жүр өзін-өзі билей алмай,
Біреу жүр келген бақты игере алмай.

Қайырмасы.

Он саусақ қарап тұрсаң бірдей емес,
Біреу жүр жалғыз басы күн көре алмай.

Қайырмасы.

235. БҮРЛЕН-АЙ

Анау тау, мынау таудан асып келдім,
Бүрлен-ай.
Жайқалған жасыл шөбін, басып келдім,
Бүрлен-ай, ойлап жүргені-ай.

Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқам,
Бүрлен-ай.
Өлеңге атыңды атап, қосып келдім,
Бүрлен-ай, ойлап жүргені-ай.

Мінгенім менің дәйім торы құнан,
Үркеді торы құнан тобығынан.
Шынымен ынта-көңілің болса менде,
Алтайдың табысалық қорымынан.

236. БІР БИДАЙ ӘНІМ

Басы еді өлеңімнің Райымбек,
Ат қостым Ақ Аралдан сынайын деп-ей.

Қайырмасы:

Ей, бір бидай өнім,
Өзің біл жаным-ай.

Кеткенде аулың алыс-ей, қарағым,
Үш тұрдым, отырдым жылайын деп-ей.

Қайырмасы.

Әуеден ұшып жүрген қара инелік,
Ұшады қара инелік зар иленіп-ей.

Қайырмасы.

Кеткенде аулың алыс-ей, қарағым,
Қалды ғой қабырғама қан иленіп-ей.

Қайырмасы.

237. БІР СҰЛУ КЕРІМ-АЙ

Сөлем жаздым, құрбыжан, саған арнап,
Шығарайын шерімді бірден талдап.

Қайырмасы:

Әгөй бір сұлу керім-ай,
Құрбыжан керім-ай.

Шырт ұйқыда жатқанда еске түссең,
Үш қоршалсаң да ойым бар сені алмақ.

Қайырмасы:

Әгөй бір сұлу серім-ай,
Сенің үшін келдім-ай.

Ну орманның ауылың арасында,
Мөлдір бастау - тұнық су жағасында.

Қайырмасы.

Қай бақтыға, құрбыжан, кез боласың,
Талай жігіт сыртыңнан таласуда.

Қайырмасы.

238. БІРГЕ ЖҮРГЕН ТАНЫС-АЙ

Бос қопаның құрағы-ай,
Жанып тұрған шырағы-ай.
Елден алыс барамыз-ай,
Қай жер мекен-тұрағы-ай.

Қайырмасы:

Шөбі шүйгін марқаның,
Әуселеңді байқармын.
Исі жұпар аңқиды-ай,
Қамзол киген қалқаның.

Қара мекен, туған жер,
Күнде думан болған ел.
Туған жерден дәм айдап,
Кетті-ау алыс біздің ел.

Қайырмасы.

Бос қопаның қамысы-ай,
Өттең жердің алысы-ай.
Көзге ыстық көрінер,
Бірге жүрген таныс-ай.

Қаракердің шабысы-ай,
Аяғының шалысы-ай.
Барар едім сан рет,
Өттең жердің алысы-ай.

239. ВОТ ТАК, ШАЛАБЕК

Өлеңді айтайын деп еттім талап,
Жөнсіз-ау не қылайын бойды балап.
Балалар өлең айт деп талап етсе,
Жарамас құр тұрғаным бекер қарап, ах-ай.

Қайырмасы:

Вот так, Шалабек,
Молодец дедім-ай, добын-ай,
Вот так и, русеке, оның көзін-ай.

Өлеңді айт дегенде болдырар ма,
Тойда ақын өлең айтып жаңылар ма?
Балалар айт деген соң айта салдым,
Тамаша күнде осындай табылар ма, ах-ай!

Қайырмасы.

240. ГАУҢАР ҚЫЗ

Той базар, таулай базар тойлай келдім,
Қолға алып алтын сақа ойнай келдім-ай.
Бұл тойда тамырым да, танысым жоқ,
Өзіңмен айтыссам деп ойлай келдім.

Қайырмасы:

Әсем көмей бұлбұл-ай,
Ән еркесі — дұл-дұл-ай.
Ахау, Гауһар қыз,
Алма мойын қоңырқаз-ай.

Мен өзім той боларын біліп келдім,
Сары алтын ырғай мойын мініп келдім-ай.
Думанды ұлан-асыр той болсын деп,
Бозбала қыз-келіншек жиып келдім.

Қайырмасы.

241. ГӘККӘЙ

Көлде үйрек, көкте түйғын, жерде қарға,
Сауысқан шықылықтап қонар талға.
Сандуғаш, сары шымшық, шөже торғай,
Ұшқан соң бәрі де құс шара бар ма?

Қайырмасы:

Қара судың қабағы-ай,
Бетінде ойнар шабағы-ай.
Қыз он беске келгенде,
Жұпар аңқыр тамағы-ай,
Қызықты жалған,
Ига-гай-гәккай.

Сықылды қоңырала үйрек,
Түскенде сәулем еске
Өкіндім, айуай.

Бозторғай, бозша торғай, боз бұлдырық,
Барады заман өтіп зыр жүгіріп.
Тілегін қыз-бозбала берген болса,
Замана тұра тұрса аз кідіріп.

Қайырмасы.

242. ГҮЛ ӨЗІҢ-АЙ

Ендеше, өлең де өнер, оу, өнер де өнер,
Жүйрік ат өрге шапса, өршеленер.

Қайырмасы:

Гүл өзің-ай!
Отырған гүл-гүл жайнап
Мінезің-ай!

Күл де ойна гүлің барда, оу, тіршілікте,
Шырағың жайнап тұрған бір күн сөнер.

Қайырмасы.

Қарасаз біздің ауыл, оу, Бөгелінде,
Бөгелдің қой тоқтамас кемеріне.

Қайырмасы.

Күл де ойна күнің барда, оу, беу қарағым,
Келерсің сен де бір күн кемеліңе.

Қайырмасы.

243. ГҮЛ-ГҮЛ, ЖАМАЛ

Ән салсаң, өзімдей сал-ау, аршындатып-оу,
Қоямын анда-санда басын тартып.

Қайырмасы:

Гүл-гүл, Жамал-ай,
Таңғы жел соққан самалдай.

Үніндей граммофонның қайран даусым-оу,
Барады барған сайын баршын тартып.

Қайырмасы.

Дүние ойлап тұрсам-оу, шолақ екен-оу,
Жастықта ақыл-қайрат мол-ақ екен.

Қайырмасы.

Жиырма бес, отыз бес, қайран он бес-оу,
Үшеуі үш күн қонған қонақ екен.

Қайырмасы.

244. ГҮЛ-ГҮЛ-АЙ

Айт дегенде өлеңді тұрыс болмас,
Жақсы адамның көңілінде бұрыс болмас.

Қайырмасы:

Бүгіл, бүгіл, гүл-гүл-ай,
Жаңа заман, жаңа жыл-ай,
Ендігісін өзің біл-ай.

Айт деген соң өлеңді айта берме,
Өлең шіркін біздерге ырыс болмас.

Қайырмасы.

Біздің ауыл жоғары Сыр болады,
Көп тағылса қалампыр, кір болады.

Қайырмасы.

Тіршілікте жүрейік сіз-біз десіп,
Дәурен екі болмайды, бір болады.

Қайырмасы.

245. ГҮЛДАРИҒА

Көзіңнің айналайын қарасынан,
Жүректің хат жазайын санасынан,
Гүлдарига-ай.

Үстіңнен дүрия бешпет шешіп берген,
Қолыңның айналайын саласынан,
Гүлдарига-ай.

246. ГҮЛДЕРАЙЫМ

Арқауы ең өмірімнің, қалқа, жаным,
Сен едің, бұл жалғанда бар арманым.
Қайтейін, кеттің шалғай, қалдым зарлай,
Болғанмен сыртым бүтін, ішім жалын.

Қайырмасы:

Гүлдерайым,
Күн мен айым,
Дарига-ай.

250. ГҮЛСАРА

Гүлсара, аманбысың, ғашық жарым,
Жоқ болып осы арада өтті-ау зарың.
Аралап, жер мен көкті шарқ ұрсам да,
Амал не, өзіндей жан таба алмадым.

Қайырмасы:

Сандал-ай кер,
Қайран-ай жер,
Айрылған ел мен жұрттан
Біз мұңлық шер.

Қайғысы Гүлсараның жанға батты,
Сарғайып, сағынумен діңкем қатты.
Ащы зар, ауыр шері маза бермей,
Ақыры өн салғызып, айқайлатты.

Қайырмасы.

251. ГҮЛСІМ-АЙ

Ақ пайғамбар, ендеше, ау, ақ пайғамбар,
Гүлсім-ай,
Жазым келсе Алладан, жақ байланар-ау!

Қайырмасы:

Гүлсім-ай, Гүлсім-ай,
Жүректің сырын өзің білесің-ай.

Гүлің барда күл де ойна, ау, осындайда,
Гүлсім-ай,
Үкім келсе Алладан, жақ байланар-ау.

Қайырмасы.

Күйген көмір, ендеше, ау, күйген көмір,
Гүлсім-ай,
Өр нәрсеге жарайды асыл темір-ау.

Қайырмасы.

Оралыңның барында, ау, ойна да күл,
Гүлсім-ай,
Өлгеннен соң білінбек өткен өмір-ау.

Қайырмасы.

252. ҒАЙНИ, ҒАФУ

Дәйім менің мінгенім күрең дөнен,
Төстен түлкі қашады сүмеңдеген.

Қайырмасы:

Ей, әкигай, аман бол,
Ғайни, Ғафу, заман-ай.

Үш ұйықтасам ойымда бар ма менің,
Өздеріңнен айырылып жүрем деген.

Қайырмасы.

253. ҒАШЫҒЫМ

Дариға, дүниеге неге келдім,
Келдім де бір жемтіктің соңына ердім.
Сене алмай, сендім дерге дос таба алмай,
Екенін өмір пәни-ай енді білдім.

Қайырмасы:

Ғашығым, асылым,
Ғашығым, асылым,
Қайғыңмен-ай жасыдым.

Ғашықпын-ай, тақыт, сабыр ете алмаған,
Мұратқа көп ізденіп жете алмаған.
Қайырса қара қарға қаз алмайды,
Жібекті жүн қылады түте алмаған.

*Қайырмасы.***254. ҒАШЫҚ ЖАР**

Ай, тіл — бұлбұл, ақыл — дария, көңіл — дүл-дүл,
Сайраған мәуе ағашта сен бір бұлбұл.
Сағынып шөл алыстан іздеп келдім,
Қалқашым, жалындырмай енді өзің біл, ақ-уай.

255. ДАУСЫМ

Даусым ә дегенде бір саңқылдар,
Жел соқса, кәрі түйе үйге аңқылдар.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Алдыңнан аққу ұшып, қаз қаңқылдар.

Дауысым ә дегенде жөнеледі,
Ән таппай біразырақ бөгеледі.
Көршілер, осындайда ойна да күл,
Қолыңнан қартайғанда не келеді.

256. ДЕДІМ-АЙ, АУ*(1-нұсқа)*

Біздің ауыл сұрасаң, күз өткелде,
Тамылжыған жаз еді, біз өткенде,
дедім-ай, ау.

Бөйге атындай тықыршып тұра алмаймын,
Оң жағымнан күлімдеп, сіз өткенде,
дедім-ай, ау.

Қайырмасы:

Япырмай, сенің қабағың-ай,
Ақ шағидай тамағың-ай.
Иісің жұпар аңқыған-ай,
Қайда келдің, қарағым-ай.

Біздің ауыл сұрасаң бүргенді жер,
Тамағыңның астынан күн көрінер,
дедім-ай, ау.
Ауылың алыс кеткенде, ей, қарағым,
Сендей болып көзіме кім көрінер,
дедім-ай, ау.

*Қайырмасы.***257. ДЕДІМ-АЙ, АУ***(2-нұсқа)*

Бір жұлдыз бар аспанда айдан жақсы,
Бір құлын бар жылқыда тайдан жақсы,
дедім-ай-ау.

Бір сөз айтсаң жаманға қортаңдайды,
Қорғасындай балқытқан қайран жақсы,
дедім-ай-ау.

Қайырмасы:

Ақ алманың ағындай-ау,
 Ақ күріштің сағындай-ау,
 Ауылың алыс кеткен кезде,
 Не қып жүрсің сағынбай-ау.

Ауылымның қонағы Құзөткелде,
 Қоңырсыған күз еді біз өткенде,
дедім-ай-ау.

Бөйге атындай тықыршып тұра алмаймын,
 Оң жағымнан күлімдеп сіз өткенде,
дедім-ай-ау.

Қайырмасы:

Алма ағаштың бүріндей-ау,
 Текеметтің түріндей-ау.
 Өтіп дәурен бара жатыр,
 Сіз бен бізге білінбей-ау.

258. ДЕДІМ-АЙ, АУ

(3-нұсқа)

Құба жетер, тағы да, құба жетер,
 Көшкен елдің қадірі қонғанда өтер, дедім-ай-ау.
 Ойнап-күлсең жастарым келешекте,
 Мына дәурен басыңнан әлі-ақ өтер, дедім-ай-ау.

Қайырмасы:

Қағазға жаздым қаламды,
 Қалауың болсын, ал енді.

Арқар, құлжа деген соң арқар, құлжа,
 Атып алсам құлжаның терісі олжа, дедім-ай-ау.

Бұл жалғанда, жастарым, ойна да күл,
Ойнап-күлсең өзіңе тегін олжа, дедім-ай-ау.

Қайырмасы.

259. ДЕЙ САЛДЫМ-АЙ

(1-нұсқа)

Сенде арманда, қалқатай-ей, мен де арманда,
Екі арманда жылайды айрылғанда,
дей салдым-ей.
Кішкентайдан бірге өскен-ей құрбым едің,
Нең кетеді артыңа қайырылғанда,
дей салдым-ай.

Қайырмасы:

Ей, екеуім-ай,
Екеуім-ай.
Үкіліктер жүрмейді,
Жетегіме дей салдым-ай.

Қош болғайсың қалқатай-ей, қош болғайсың,
Боз жорға аттың тізгінін бос салғайсың,
дей салдым-ай.
Ұмытпай жүр, қалқатай, ұмытпай жүр,
Екінші рет кез болсаң, еске алғайсың,
дей салдым-ай.

Қайырмасы.

260. ДЕЙ САЛДЫМ-АЙ

(2-нұсқа)

Мәсі қымбат базарда бас киімнің,
Мал мен басы өнбейді қаскүнемнің,
дей салдым-ай.

Өлең дауысын сағынып жүргенімде,
Даусы қайдан шығады қос күреңнің,
дей салдым-ай.

Қайырмасы:

Айналайын, қарағым,
Ауылыңа барамын.
Е-ей! Екеуіңе,
Үкілі кер байладым жетегіңе, дей салдым-ай.

Жай бұраң бел, жаутаң көз,
Жайды білсең айтам сөз.
Е-ей! Екеуіңе,
Үкілі кер байладым жетегіңе, дей салдым-ай.

Дәм татайық бұйырса, шәй қайнаса,
Еті қызар шын жүйрік айқайласа, дей салдым-ай.
Оралыңның барында ойна да күл,
Не болады жас жігіт қайғы ойласа, дей салдым-ай.

Қайырмасы.

261. ДЕЛДАР-АЙ

Қыздар қыршын, ендеше, қыздар қыршын-ей,
Қызықтырып ойнаған ойның құрсын-ай.
Күндіз айтқан сөзіңнен, түнде танып-ей,
Сипалатып қойдың ғой жүктің бұрышын-ай.

Қайырмасы:

Дуай, дуай, дуай шек,
Теке мойын әк-мәк.
Болып дедім делдар-ай,
Дел-дал қылған қыздар-ай.

262. ДЕП АЙТАМ*(1-нұсқа)*

Қарағайдан тал жақсы, түзеткенге, ахау,
Жылқы деген мал жақсы, күзеткенге,
Деп айтам-ау.

Бөйге атындай тықыршып тұра алмаймын, ахау,
Дәл жанымнан, қалқатай, сіз өткенде,
Деп айтам-ау.

Қайырмасы:

Жүгіріп шықтым белеске,
Құлағыңды сал кеңеске.
Осы отырған отырыс,
Бір ғанибет емес пе-ай.

263. ДЕП АЙТАМ*(2-нұсқа)*

Өлең де жоқ, ән де жоқ салмағанға-ей,
Армандадым аулыңа бармағанға деп айтам.
Жатсам ұйқым келмейді, тұрсам күлкім-ей,
Ойнап-күліп мейірім қанбағанға деп айтам.

Қайырмасы:

Жүгіріп шықтым белеңге,
Сен болмасаң келем бе?
Әдейі іздеп мен келдім,
Той боп жатыр дегенге.

Қош болғайсың, құрбыжан, қош болғайсың-ей,
Өзім деген құрбыңмен дос болғайсың деп айтам.
Бір табақтан дәм татқан құрбым едің-ей,
Сәлем жолдап біздерді еске алғайсың деп айтам.

Қайырмасы.

264. ДИДӘКУ

Ән қайда-ай, дидәкудей, бозбалаға,
Жарасар дүрия бешпент қызбалаға-ай, ау.
Құбылтып-ай, дидәкуге салғанымда,
Жан қалқа, сенің жаның қозғала ма-ай, ау.

Қайырмасы:

Ахау, айым, сәулетайым,
Дидәку шаттанғанда,
Салған әнім-ай, ау.

265. ДҮНИЕ

(1-нұсқа)

Не тәтті бұл дүниеде, бала тәтті,
Мейірімсіз малқұмардың ділі қатты.
Өгей емес, өзімнің әке-шешем,
Әлпештеген баласын малға сатты.

Ауылым Алатаудың етегінде,
Қосылған ғанибет қой өз теңіне.
Ерік жоқ қыз болған соң бір басыңда,
Кетесің мал бергеннің жетегінде.

266. ДҮНИЕ

(2-нұсқа)

Дүние, дүниеден дүние жалған-ей,
Күлмеген, ойнамаған қапыл қалған, әй-угай.
Күл де ойна, гүл-гүл жайна, осындайда-ей,
Қызығы дүниенің әнге салған-әй-угай.

Дүние қудым сені бала жастан-ей,
Өмірдің аз-көбіне қарамастан, әй-угай.
Күл де ойна, гүл-гүл жайна, осындайда-ей,
Бұл дүние әлі-ақ өтер ғазиз бастан, әй-угай.

267. ДҮНИЕ-АЙ
(1-нұсқа)

Қудым сені дүние бала жастан-ай,
Аз-көбіне дәулеттің қарамастан, дүние-ай.
Оралыңның барында ойна да күл-ай,
Не кетеді, не келіп ғазиз бастан, дүние-ай.

Қайырмасы:

Былтыр құлын, биыл тай,
Қолда жоқтың қиыны-ай.
Диірменнің тасындай,
Дөңгеленген дүние-ай.

268. ДҮНИЕ-АЙ
(2-нұсқа)

Сенен де өтер дүние, менен де өтер,
Өтерінде бұл жалған не көрсетер.
Оралыңның барында ойна да күл,
Осы жалған опасыз алдап кетер.

Қайырмасы:

Кеше құлын, бүгін тай,
Қолда жоқтың қиыны-ай.
Ұстараның жүзіндей,
Төңкерілген дүние-ай.

Көктей дүние, ендеше көктей дүние,
Қауызынан айрылған сөктей дүние.
Арқандаған аттайын армандамын,
Аз ғана күн тұрсаңшы өтпей дүние.

Қайырмасы.

269. ДҮНИЕ-АЙ

(3-нұсқа)

Досым жайлы, ей, қалқа, досым жайлы-ай,
Ынтымағы жаманның қосылмайды, дүние-ай.
Алды-артын ойлайтын ер азамат-ай,
Дүниеге масаттанып отырмайды, дүние-ай.

Қайырмасы:

Ебелек деген шөп екен,
Қыз-бозбала көп екен.
Бірге тұмақ болса да,
Бірге жүрмек жоқ екен!

Өлең қайдан шығады, сөз болмаса-ай,
Кім жетелеп жүреді, көз болмаса-ай, дүние-ай.
Бұл жалғаның болар ма еді-ай,
Сегіз қырлы жігіт пен қыз болмаса, дүние-ай.

Қайырмасы.

270. ДҮНИЕ-АЙ

(4-нұсқа)

Алқызыл көрінеді қашқан түлкі,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі.
Төменнен жоғарыға қол сермеймін,
Болсын деп, шіркін, көңіл көтеріңкі.

Қайырмасы:

Япырмай, мынау менің өлеңім бе,
Ақылға дариядай зерегім бе.
Білмеймін өңім қайсы, түсім қайсы,
Білмедім саған арнап не дерімді.

Дүние, ойлап тұрсаң, шолақ екен,
Адамзат бір күн қонған қонақ екен.
Қызарған қызғалдақтай қайран он бес,
Қар жаумай, көктем түспей солады екен.

Қайырмасы.

271. ДҮНИЕМ-АЙ—МӘЖІЛІС

Ауылым менің Масаттың өзенінде,
Қыздар өктем сөйлейді өз елінде.

Қайырмасы:

Дүнием-ай — мәжіліс,
Ойхой, заманым-ай!

Қалай айтсаң, ойлай айт, қыз балалар,
Еркің сенің, ойласам, өз еліңде.

Қайырмасы.

Елім отыр Масаттың қабағында,
Ішкен асың бұйырсын тамағыңа.

Қайырмасы.

Сыйламасаң, сыйласаң тәбиятың,
Құдай айдап кеп қалдық жанабыңа.

Қайырмасы.

272. ДІЛДӘШ-АЙ

Мекені біздің елдің қара терек,
Өлеңге он жасымнан болдым зерек.
Қайлілі-лөйлім,
Ділдәш-ай.

Көпшілік құрметіне ән салайын,
Мұндайда босқа отырып неге керек.
Қайлілі-лөйлім,
Ділдәш-ай.

Аспанда үркер алтау, шолпан жалғыз,
Домбыра екі ішекті қолға алғанбыз.
Қайлілі-лөйлім,
Ділдәш-ай.

Мұндайда босқа отырып жарамайды,
Көпшілік құрметіне ән салғанбыз.
Қайлілі-лөйлім,
Ділдәш-ай.

273. ЕЙ, АЙНА-АУ

Жанған оттай жалтылдап екі көзің,
Әлі есімнен кетпейді, ей, Айна-ау, айтқан сөзің-ай.

Қайтып айтсам өзіңді, келіседі,
Жаралған сәтті күні, ей, Айна-ау, жансың өзің-ай.

274. ЕЙ, АҚМАРАЛ

Басылмас қартайғанша-ей жастық серпін,
Жасымнан еркеледім емін-еркін.

Қайырмасы:

Ей, Ақмарал,
Сұлу бикеш,
Жан сәулем.

Келмейді тұрсам күлкім-ей, жатсам ұйқым,
Сіңірсем ішкен асты сенің дертің.

Қайырмасы.

Бұлбұлдың даусы жақсы-ей сайрағанда,
Тарантас қозғалады майлағанда.

Қайырмасы.

Өтпейді ішсем асым-ей тамағымнан,
Қалқатай не болар деп ойлағанда.

Қайырмасы.

275. ЕЙ, АХАУ (1-нұсқа)

Жылқымды айдап салдым Шиліөзекке,
Жығылдым атып тайып қу тезекке-ай.
Барында тіршіліктің күліп-ойна,
Қалайық ойнап-күліп бір кезекке-ай.

Қайырмасы:

Ей, ахау,
Ахау, бикеш,
Қозы Көрпеш,
Сала жүр осы әнімді
Ертеңді-кеш-ай.

278. ЕЙ, БҮЛБҮЛ-АЙ

Құлакермен аулыңа аяндайын,
Жүрек сырын өзіңе баяндайын.
Ұға алмасаң жүректің ләззатын,
«Жан сәулем» деп айтудан аялдайын.

Қайырмасы:

Ей, бүлбүл-ай, бүлбүл-ай,
Алтыннан сырға қима бел.
Сауықшыл сайран біздің ел,
Еу, айдай.

Көк ала үйрек ұшады аспанменен,
Таң ата ма мезгілсіз сасқанменен.
Кісі жары кісіге жар болмайды,
Қанша мақтап өлеңге қосқанменен.

Қайырмасы.

279. ЕЙ, ҚАЛҚА

Мен шақырдым, келсең кел ауылыма,
Жібереің бір сипап-ей, қалқа, сауырыңа-ай.

Ақ білекті мойныңа арта салсам,
Болып жүрме тигендей-ей, қалқа,
жауырыңа-ай.

280. ЕЙ, ҚАЛҚА-АУ

Бәйгеге қосып жүрген-ай жүйрік жирен-ай,
Үкілеп жал құйрығын-ай, ей, қалқам,
өзім түйген-ай.

Қалықтап ұлы тойда-ей ән салғанда-ей,
Көре алмай кетіп қалар-ей, қалқау,
іші күйген-ай.

281. ЕЙ, ҚАРҒАШ-АУ

Кетемін өлең десе-ай мен де қызып,
Жүреді-ай кейбір жаман-ей, қарғаш-ау,
жиын бұзып-ай.

Біреудің құтты тойын-ей құрметтейік,
Табылмас күнде бізге, қарғаш-ау,
мұндай қызық-ай.

282. ЕЙ, ҚҰРБЫМ

Кигенім аяғыма кебіс еді-ей,
Қос күрең жылқы ішінде тебіседі.
Ей, құрбым, ей, сәулем.

Өлең бұдан бұрын айтқамын жоқ,
Құрбылар не деп айтсам келіседі.
Ей, құрбым, ей, сәулем.

283. ЕЙ, ҚҰРБЫМ-АЙ

Алғызбайды адамзат алдағанға-ай,
Шіркін, көңіл арманда бармағанға.

Қайырмасы:

Ай, құрбым-ай,
Сізді ойлап жүрдім-ай.

Атып алған қояндай армандамын-ай,
Ойын-күлкім бір жүріп қанбағанға.

Қайырмасы:

Ай, құрбым-ай,
Ойлай-ойлай жүрдім-ай.

284. ЕЙ, ЛАХАУ, ЛӘРИДАЙ

Ләйім менің мінгенім, ей, көкжал шабдар,
Жануардың желісі шапқандай бар.
Ей, лахау, ләридай.

Бір-екі ауыз жақсымен-ай сөйлескенім,
Құшақтасып жаманмен жатқандай бар.
Ей, лахау, ләридай.

Айда батпан жігітке, ей, күнде батпан,
Шаба алмаймын толықсып жайлақ атпен.
Ей, лахау, ләридай.

Жолдас болсаң, жігіттер-ей, жақсымен бол,
Сексеуілдің шоғындай жайнап жатқан.
Ей, лахау, ләридай.

285. ЕЙ, СӘУЛЕМ

Шырқап салса, келеді әннің сәні-ей,
Сыбызғышы, сырнайшы, домбырашы-ей,
сәулем-ай.

Той-думанды мереке болған жерде-ей,
Қыз-бозбала жиылып ән шырқашы-ей,
сәулем-ай.

Сәуле беріп түндегі туған айдай-ей,
Асыр салған өрісте құлын тайдай-ей, сәулем-ай.

Жүз құбылтып, сызылтып ән шырқаса-ей,
Сәулем-айдай ән болмас қоңыр майдай-ей,
сәулем-ай.

286. ЕЙ, ТОБЫЛҒЫ-АЙ

Болғанда ақыл дария, көңіл-көлмек,
Тата алмай көл дариядан жүрміз шөлдеп.

Қайырмасы:

Ей, тобылғы-ай,
Әкел бері қолыңды-ай!

Астына қара жердің бір түскен соң,
Бекініп оңай емес шығып келмек.

Қайырмасы.

Бүгінде жүк артамын қасқа жорға,
Жақсы екен ақ білегің жастанарға.

Қайырмасы.

Өлеңді айтушы едім бір кісідей,
Қартайып айта алмадым дүр кісідей.

Қайырмасы.

Жас күнің қандай жақсы келмейтұғын,
Құнанның қара жорға жүрісіндей.

Қайырмасы.

287. ЕЙ-АУ*(1-нұсқа)*

Ән дегенде жасымнан аттай желем-ай,
Ар жағымнан ән салсам-ей, ау, келеді өлең-ау.

Ата-бабам жасынан өлең құған-ай,
Мен сондықтан өлеңге, ей-ау әнмен сыңар-ау.

Әке-шешем өлеңге болды құмар-ай,
Кейбіреулер болады-ей, ау, әнмен сыңар-ау.

Ән дегенде жалықпай айтушы еді-ай,
Ән атасы болғанда-ей, ау, өзі шынар-ау.

288. ЕЙ-АУ*(2-нұсқа)*

Көк ала үйрек ұшады, ей-ау, көл дегенде,
Сірне татыр сілекей шөлдегенде-ау.
Бағаласам, бағаңа, ей-ау, жан жетпейді,
Ұшар қанат менде жоқ сен дегенде-ау.

Бір қамшы бар қолымда, ей-ау, алтындаған,
Ұстай алмай кей жаман қалтылдаған-ау.
Жай білетін жағдайды, ей-ау, бір баласың,
Жауап берші жағдайлап салтыңменен-ау.

Ісің түссе жаманға, ей-ау, жалтарады,
Бір жақсылық басынан артылмаған-ау.
Жақсы адамның мінезі, ей-ау, сөзді орады,
Балғасындай ұстаның шартылдаған-ау.

289. ЕЙ-ЕЙ, АҚҚУ

Көрінеді алқызыл-ей қашқан түлкі,
Қайда қалмас жігіттің жиған мүлкі.

Қайырмасы:

Ей-ей, аққу,
Ей-ей, аққу,
Ей, ей-ай.

Ойда тұрып биікке қол сермеймін,
Көңіл шіркін болсын деп көтеріңкі.

Қайырмасы.

А, дегенде дауысым, ей, шаңырқаған,
Естіген жан өнімді таңырқаған.

Қайырмасы.

Ақындықпен өлеңді, ей, мен айтпаймын,
Көтеремін көңілді жабырқаған.

Қайырмасы.

290. ЕЙ-ЕЙ, АУ

(1-нұсқа)

Сен ар жақта, қарағым-ей, мен бер жақта-ей,
Қара арғымақ шұлғиды.

Қайырмасы:

Ей-ау, ей-ей-ау,
Баушарбақта, ей-ей-ау.

Құнан атан-ей қолымда шүйіншім бар,
Жан қалқаның ауылы, ей-ау, ей-ей-ау,
дәл қай жақта.

Қайырмасы:

Сіздер ақын,
Біздер жақын.
Жаңа закон баяула,
Ей-ау, ей-ей-ау,
Келдің жақын, ей-ей-ау.

291. ЕЙ-ЕЙ, АУ (2-нұсқа)

Сен ар жақта, қалқатай, мен бер жақта,
Қара арғымақ шұлғиды бау-шарбақта.
Аулың алыс кеткенде, абзал қалқам,
Шыдалық, сабыр қылып, сағынсақ та.

Қайырмасы:

Сіздер ақын, біздер жақын,
Жаңа зақұн баяулат.
Ей-ау, ей-ей-ау,
Келдік жақын, ей-ей-ау.

Дәйім менің мінгенім, қара жал ат,
Менің таңдап сүйгенім сол перизат.
Кішкентайдан бірге өскен сәулем едің,
Аман бол, қайда жүрсең, сау-сәламат.

Қайырмасы.

294. ЕКЕУ-АЙ*(1-нұсқа)*

Ай қараңғы, кеш жарық,
Таңда шолпан сайрашы.
Дүниеден дүние,
Дүние өтеді, ахау!

Оймақсыздың қолынан ине өтеді, құрбым-ай,
Ойнарыңның барында, ойна дағы, ой, ахау!
Сұм жалғанның түбіне кім жетеді, құрбым-ай.

295. ЕКЕУ-АЙ*(2-нұсқа)*

Айт дегенде өлеңді, аярым жоқ,
Желісім бар азырақ, аяңым жоқ, екеу-ай.
Тіршіліктің барында ән салайық-ай,
Көпшіліктен отырған, аярым жоқ, екеу-ай.

Қайырмасы:

Жан сәулем, жаным-ай,
Сен кезіктің-ау маған.
Әніңе сал, қалқам,
Жастық шақты-ай.
Жан, жан құрбы, жаным-ай,
Жақындашы-ай, екеу-ай.

296. ЕКЕУІМ-АЙ*(1-нұсқа)*

Қолымда бір қамшым бар өрілмеген,
Біреуге өріп бер деп берілмеген.
Жөніңді айтшы, қалқатай, танысайық,
Қандай жансың көзіме көрінбеген.

297. ЕКЕУІМ-АЙ*(2-нұсқа)*

Ендеше, сылдыр үзбе, ай, сылдыр үзбе, екеуім-ай,
 Қасыңа біз келгенде білдіңіз бе, ай.
 Тұсына ауылыңның, ай, келіп қалдық, екеуім-ай,
 Етесіз қандай сыйды енді бізге, ай.

Ендеше, қу ырғайлы, ай, қу ырғайлы, екеуіміз-ай,
 Қу ырғай отқа салса, дуылдайды-ай.
 Мен сізді көргенім жоқ, ай, естуім бар, екеуім-ай,
 Сыртыңнан көрген жандар шуылдайды-ай.

Ендеше, қара атымды, ай, қара атымды, екеуім-ай,
 Жаямын сізге қарай қанатымды-ай.
 Албанды алты болыс араладым, екеуім-ай,
 Таппадым сізден өзге жаратымды-ай.

298. ЕКЕУІҢ ДЕ АҚ СҰҢҚАР

Айт десеңіз айтайын, айдай, он бес-ей,
 Асауынан үйреткен тайдай он бес, сәулем-ай.
 Тіршіліктің барында ойна да күл-ей,
 Қайта айналып келмейтін қайран он бес, сәулем-ай.

Қайырмасы:

Бірің — қайың, бірің — тал,
 Бірің — шекер, бірің — бал.
 Қайсынды қалайын,
 Екеуіңде ақ сұңқар.

Мен үйрендім өлеңді он жасымнан-ей,
 Денем ауыр тартады қорғасыннан, сәулем-ай.
 Жер-су баспас тайпалған жорғадағы-ей,
 Қартайған соң танбай ма жорғасынан, сәулем-ай.

Қайырмасы.

299. ЕКІ БАЛА, ҚАРАҒЫМ

Дүние, құдым сені бала жастан-ау,
Шаруаның аз-көбіне қарамастан-ау.
Екі-де бала, қарағым-ау,
Ілгері болсын, талабың-ау, ай.

Барында гүл-жазыңның, ойна да күл-ау,
Барады өтіп дәурен, ғазиз бастан-ау.
Екі де бала, қарағым-ау,
Ілгері болсын, талабың-ау.

300. ЕКІ БІРДЕЙ ҚОС ЖИРЕН

Ауылымның қонғаны қарағайлы-ей,
Қарағайды қалың мал аралайды, хай-ли-ли-лөй.
«Сабыр түбі — сары алтын» деген екен-ай,
Бір нәрсеге асыққан жарамайды, хай-ли-ли-лөй.

Қайырмасы:

Екі бірдей қос жирен,
Бастарында жез жүген.
Қанатың болса ұшып кел,
Кешкі-ай салқын желменен.

Теріп бердім Алтайдың қымыздығын-ай,
Шөлдегенде ішпейді қымызды кім,
хай-ли-ли-лөй.

Сағынып бір өзіңді салған өнім-ай,
Алты тесік үніндей сыбызғының,
хай-ли-ли-лөй.

Қайырмасы.

301. ЕКІ ҒАНА ЖИРЕН-АЙ

Ахай, айдай айтылар сөз басында, ахау,
Алыстамай, қалқатай, кел қасыма, сәулем-ай.
Сен есіме түскенде қимас қалқа, ахау,
Жуайыншы бетімді көз жасыма, сәулем-ай.

Қайырмасы:

Ат байладым шарбаққа,
Ауылыңа бармаққа.
Суда балық сен болсаң,
Ілінерсің қармаққа.

302. ЕКІ ЖИРЕН

Ақ маңдай, нұрың қызыл, қара қасың-ей,
Ақ саусақ ұзын біткен, қолаң шашың-ай.
Серт берген аузыңнан, жан серігім-ей,
Дерт болды-ау сен жоқ жерде ішкен асым-ай.

Қайырмасы:

Ей, екі-ай жирен,
Жалғанда жарығымсың,
Жаным сүйген-ай.

303. ЕКІ СӘУЛЕМ

Көшкенде жылқы айдаймын сарыменен,
Қорғасын мылтық аттым, дәріменен.
Өзге емес, сендер үшін, қос қалқатай,
Аулыңның араз болдым бәріменен.

Қайырмасы:

Екі сәулем,
Аман бол!

Ауылы қос қалқаның кетті шалғай,
Бізден сәлем айта бар дұғай-дұғай.
Қайтейін, әлі күнге армандамын,
Шалғай кеткен аулына бір бара алмай.

Қайырмасы.

304. ЕКІ-АЙ БЕЛ

Жетпіс екі жасым бар, жылым — мешін,
Кім біледі өлімнің ерте-кешін.

Қайырмасы:

Екі-ай бел,
Қалипа, Жамал қара көк,
Сағындым, сәулем келер деп.

Қалағаның біздерден өлең болса,
Айтып өлең берейін тапсам ебін.

Қайырмасы.

Қызыл гүлсің дегенде, қызыл гүлсің,
Арты күлмей көзіңнің алды күлсін.

Қайырмасы.

Көрмегелі өзіңді көп ай болды,
Ендігісін, құрбыжан, ішің білсін.

Қайырмасы.

305. ЕКІ-АЙ КӨК

Есік алды қара су өткелі жоқ, сәулем-ау,
Өткелі жоқ суыңнан өткенім жоқ.

Екі-ай көк,
Айналып жалған келер жоқ-ай.

Бір құдайға шет болсаң, өзің шет бол, сәулем-ау,
Сені тастап ешқайда кеткенім жоқ.

Екі-ай көк,
Айналып жалған келер жоқ-ай.

Айналайын көзіңнен күлімдеген, сәулем-ау,
Басқан ізің артыңнан білінбеген.

Екі-ай көк,
Айналып жалған келер жоқ-ай.

Үш ұйықтасам ойымда бар ма менің, сәулем-ау,
Сенен, сәулем, айырылып қалам деген.

Екі-ай көк,
Айналып жалған келер жоқ-ай.

306. ЕКІ-АЙ, ҚАЛҚАМ

Барады аулым көшіп Блайкөлге,
Жарасар дүрия мешбет қынай елге-ай.

Қайырмасы:

Екі-ай қалқам,
Сізден қорқам.

Қайтейін қылығыңды өттең, қалқам.
Құшақтап құс жастықты жылай көрме-ай.

Қайырмасы.

307. ЕЛ ҚАЙДА

Ел қайда, Еділ қайда, Нұра қайда-ай,
Ешбір жан біздің жайды-ой, дүние-ау,
сұрамайды-ау.

Шет жерде ажал жетіп өліп кетсем-ай,
Ешбір жан бауырым бар деп-ой, дүние-ау,
жыламайды-ау.

Қарағым, қарындасым, құрбыласым-ай,
Өзіме қастық қылды-ай, жан жолдасым-ай.
Айырылып еркіндіктен кетіп барам-ай,
Артымда не болды екен, ой, дүние, ау,
мал мен басым-ау.

Шығып ем ауылымнан баяғыда-ау,
Бір тұсау түсті менің, ой, дүние-ау, аяғыма-ау.
Жетпісте әкем қанша жылады екен-ай,
Сүйеніп дөң басында, дүние-ау, таяғына-ау.

308. ЕЛ ҚАЙДА, ПЕРИЗАТ

Бірге өскен кішкентайдан, қалқатайым,
Келмейді сенсіз сәнім, ешбір жәйім.
Қосылған қиуадан, қимас қалқам,
Сәулемсің, нұрландырған жарық айым.

Үш қалампыр, бес кәмпит, бір бауырсақ,
Стақаннан шәй ішкен алтын саусақ.
Ғашық едім сыртыңнан асыл затым,
Ақ жүзіңді көре алмай жүрмін аңсап.

309. ЕЛІМ ҚҰЛЖАДА-АЙ

Қарайғанға қараймын қабан ба деп-ау,
Қамшылаймын атымды шабам ба деп, ау, угөй.

Елім Құлжада-ай,
Көңілім сені болжады-ай.

Есімде бар, өскен жер, ой мен қырың,
Кім ойлаған қолда деп сені бұрын, ау, угәй.
Елім Құлжада-ай,
Көңілім сізді болжады-ай.

Күлсең күлкі жарасқан құрбыларым,
Айың өтті сағынып, міне, бүгін, ау, угәй.
Елім Құлжада-ай,
Көңілім сізді болжады-ай.

310. ЕНДІ АМАН БОЛ

(1-нұсқа)

Алтын ерді көтеріп атқа салдым-ей,
Қазине деп атыңды хатқа салдым-ей.
Енді аман бол-ай.

Жатсам ұйқым келмейді, тұрсам күлкім-ей,
Бір сен үшін жанымды отқа салдым-ей.
Енді аман бол-ай.

Сен де арманда, қалқатай, мен де арманда-ей,
Екі арманда жылайды айрылғанда-ей.
Енді аман бол-ай.

Қарай-қарай артыма мойным талды-ей,
Нең кетеді артыңа қайрылғанда-ей.
Енді аман бол-ай.

311. ЕНДІ АМАН БОЛ

(2-нұсқа)

Өлеңімнің басы еді-ай, айым-қайым,
Саздау жерге бітеді, тал мен қайың.

Қайырмасы:

Ал, угәй, ириәй-ау,
Енді аман бол-ай.

Бір айтыссам өзіңмен-ай, деп жүруші ем,
Келді-ау бүгін қисыны, қалқатайым.

Қайырмасы.

Өлең ойдан болғанда-ай, ән көмейден,
Қиуада кез болдым бірегеймен.

Қайырмасы.

Барар жолды жаныңа-ай өзің нұсқа,
Қайтсем көзді жазбаймын, қалқам сенен.

Қайырмасы.

312. ЕНДІ АМАН БОЛ, ЖЕҢЕШЕ-АЙ

Дәйім менің мінгенім ұзын құла ат,
Екі жағы Қобданың малға суат.

Қайырмасы:

Ей, машине мараш-ай,
Енді аман бол, жеңеше-ай.

Аулың алыс кеткенде туыстарым,
Осы әніме сала жүр дөтке қуат.

Қайырмасы.

313. ЕРКЕМ

Дүние опа болмайды пендесіне, ахоу,
Жан таң қалар жақсы аттың жем жесіне.

Еркем, еркем, еркем!

Атағанмен жаманға сөз жемейді, ахоу,
Құдай өзі салмаса зердесіне.

Еркем, еркем, еркем!

Қайырмасы:

Қадірлесім, еркем,
Қадіріңе жетсем,
Еркем, еркем.

Су ағады арықтан шыр айланып, ахоу,
Ер жігітке мал бітер бір айналып,

Еркем, еркем, еркем!

Оралыңның барында ойна да күл, ахоу,
Кім бар, кім жоқ келетін жыл айналып.

Еркем, еркем еркем!

Қайырмасы.

314. ЕРКЕМ-АЙ

(1-нұсқа)

Ақ қалала ендеше, ақ қалала,
Ақ қалала, жағалай бақ қонады-ау, еркем-ау.
Осындайда, құрбылар, ойна да күл,
Өлгеннен соң, саудырап жақ қалады, еркем-ай.

Қайырмасы:

Топ қарағай, тал қайың,
Шаршы топта самғайын.
Қос әріптес өзіңе,
Тәтті жырды арнайын.

Мыс қалала ендеше, мыс қалала,
Мыс қалала жағалай құс қонады-ау, еркем-ай.
Осындайда, құрбылар, ойна да күл,
Өлгеннен соң, саудырап тіс қалады, еркем-ай.

Қайырмасы.

315. ЕРКЕМ-АЙ

(2-нұсқа)

Айт дегенде өлеңді тоқталмаймын,
Сыпыра қайың ішінде шоқ талдайын.

Қайырмасы:

Еркем-ай,
Мына қызық, тамаша
Тағы болсын ертең-ай.

Сұрағаның біздерден өлең болса,
Ақ қағаздан алдыңа тақтайлайын.

Қайырмасы.

Ұстағаным қолыма алтын құрық,
Ақ сұңқарды ұшырдым талпындырып.

Қайырмасы.

Бас қосқанда өлеңді біз айтайық,
Бізден бұрын өткеннің салтын құрып.

Қайырмасы.

316. ЕСТЕН КЕТПЕС ЖИЫРМА БЕС

Ендеше-ай, жез бауырлық, жез бауырлық-ай,
Жаз күні-ай кие алмаймын тонды ауырлап-ай.
Түскенде-ай елім еске, сенер болсаң-ай,
Жылаймын-ау жата қалып жер бауырлап-ай.

Ой, тоба-ай, шапаным бар, шапаным бар-ау,
Етегі-ай елу бір кез, кеудесі тар-ай.
Бұрынғы-ай өтіп кеткен жиырма бес-ай,
Сол жасқа-ай өтіп кеткен боламыз зар-ай.

Аржағы-ау Алматының Мойыл талды-ай,
Жиылып қыз-келіншек ойын салды-ай.
Ойласақ-ай жиырма бес естен кетпес-ай,
Қайырылып-ай қаршығадай мойын талды-ай.

317. ЕСІЛ ЖАР

Қара таудың басына қарай жаттым-ей,
Қара айдарым беліме орай жаттым-ей.

Қайырмасы:

Есіл жар,
Бір көруге болдым зар.

Аулың шалғай кеткенде қалқатайым-ей,
Жолаушыдан жол тосып, сұрай жаттым-ей.

Қайырмасы.

Қайырмасы:

Жүгіріп шықтым белеңге,
Сен болмасаң келем бе.
Әдейі іздеп мен келдім,
Той боп жатыр дегенге.

Дәйім менің мінгенім құла мойын-ей,
Қыз-бозбала сылайды тұла-бойын, еу-айдай.
Сауық құрып сайрандап ән шырқайды-ей,
Жігіт-желең жиылып, салып ойын, еу-айдай.

Қайырмасы.

321. ЕУ-АЙДАЙ

(3-нұсқа)

Қара таудың басында қақ тұрмайды, еу-айдай,
Жалғыз құлан далада аттырмайды.

Қайырмасы:

Бал қайнат,
Шай қайнат.
Ақырын жағып,
Жай қайнат.

Қиқу, Мақпал қыз да араз,
Қыздарменен біз де араз.
Келесің деп қыз да араз,
Келеміз деп біз де араз.
Соныменен күнде араз,
Болып жүрміз мүлде араз.

Алтын-ай, Күміс-ай,
Өзің біл, қалқам, Күніш-ай.

Екеуім-ай, үкілі кер,
Майда жал жетегім бар,
дей салдым-ай.

Салторы атқа салғаным өмілдірік,
Жылқы айдаймын көшкенде төгілдіріп.
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқа,
Қабырғамды кеттің ғой сөгілдіріп.

324. ЖАЙҚОҢЫР

Қарағым, айналайын, ақылыңнан,
Жат жақсы, болсаң таныс жақыныңнан.
Ағайын бірге туған болса жаман,
Тартады итше тістеп тақымыңнан.

Бой керек, ақыл керек, мінез керек,
Ақылға өзің теңдес болсаң зерек.
Ағайын бір өлі де, бір тірі де,
Алыстан сондай кезде жақын керек.

325. ЖАЛҒАН

Немене өлең деген-ей, білген құлға-ей жалған,
Сыйлаған ата-енесін адал ұлға.
Үри-әу, айым, күнім әйду-ай.

Сыйласа ата-енесін-ей, адал ұлға-ей, жалған,
Дәулетің дами берсін жылдан-жылға.
Үри-әу, айым, күнім әйду-ай.

Өлеңді айт дегенде-ей, ере алмайын-ей, жалған,
Барады өтіп жасым сене алмаймын.
Үри-әу, айым, күнім әйду-ай.

Келіппіз елу жасқа-ей, жас ортасы-ей, жалған,
Айналып жиырма беске келе алмаймын.
Үри-әу, айым, күнім әйду-ай.

326. ЖАЛҒАН-АЙ

Екі ішекті домбыра қолға алайын,
Құрметіне балалар ән салайын, жалған-ай.

Жүйрік айғыр баласы ат ұстайды,
Ол өнерден мен неғып құр қалайын, жалған-ай.

Өтеді екен бұл дәурен талайдан да,
Жан жүрмеген бір кезде маңайдан да, жалған-ай.

Сізден де өтер дүние, бізден де өтер,
Мұратына қай ғашық жылдам жетер, жалған-ай.

Кемеліне жеткізіп келтіргенше,
Сұм дүние бір-ақ күнде тез-ақ өтер, жалған-ай.

327. ЖАН ЕРКЕ

(1-нұсқа)

Сүйсінемін жан ерке мінезіңе,
Тартқандайсың өніңмен бір өзіңе.
Үлкен, кіші естісе, таңырқаған,
Өнегелі, үлгілі әр сөзіңе.

Қайырмасы:

Ашық мінез, ақ маңдай,
Мен-мендік жоқ ешқандай.
Сөзің алтын, күлкің наз,
Жайдары жүз, еркем-ай.

Көркіңе ақылың сай, ісің әрі,
Бір өзіңдей болсайшы жанның бөрі.
Күлкісі наз, сөзі бал жан ерке деп,
Аңыз еткен атыңды жас пен кәрі.

Қайырмасы.

328. ЖАН ЕРКЕ

(2-нұсқа)

Не бар дейсің өлеңді сала бермей-ай,
Көкірегім кең сарай дала жердей.
А, шіркін, жан ерке.

Тұра алмаймын той десе елегізіп,
Жұма сайын бөйге алған қара кердей,
А, шіркін, жан ерке.

329. ЖАН ЕРКЕМ

Айналайын көзіңнен көлгірім-ай,
Тас бұлақтың суындай мөлдірім-ай,
Ой, дүние-ай!
Шаршы топтың ішінен таңдап алған,
Асқар таудай айшықты белгілім-ай,
Ой, дүние-ай!

Қайырмасы:

Ашық мінез, ақ маңдай,
Менмендік жоқ ешқандай.
Сөзің алтын, күлкің аз,
Жайдары жүз еркем-ай.
Ауылым Көлсай бойында,
Еш нәрсе жоқ ойымда.

Шырқап әнге салайын,
Осынау жастың тойында.

Көрінсеңші көзіме егіндей боп, ай,
Жаңа шыққан егіннің көгіндей боп,
Ой, дүние-ай!
Жасыл гүлдей жайнаған жан еркем-ау,
Атпен шарлап алыстан келгенімде,
Ой, дүние-ай!

330. ЖАН, ЖАНЕКИ

Айт дегенің айтайын әнім саған-ау,
Тұрып орын бермейді танымаған-ау.
Сыйласқандай кісінің баласы едік-ей,
Тәуір-тәуір өлең айт жаным маған-ай.

Қайырмасы:

Жан, жанеки-ау,
Біз мінеки-ау.
Уәделі сөз қайда,
Қол көнеки-ау.

331. ЖАН ҚАЛҚАТАЙ

Дәйім менің мінгенім көгілдірік, көгілдірік,
Көк дөненге жарасар өмілдірік-ай.
Жерің шалғай кеткенде, құрбыластар, құрбыластар,
Осы әніме сала жүр төгілдіріп-ай.

Қайырмасы:

Аққұйрық шай, боз жорға тай,
Есен-аман жүрмісің, жан қалқатай-ай?

Дәйім менің мінгенім құла-қасқа, құла-қасқа,
Таудан соқпақ салдырдым құламасқа-ай.
Ауылың алыс кеткенде, құрбыластар, құрбыластар,
Бет орамал беріп кет жыламасқа-ай.

Ақау десек,
Мамық төсек.
Бара берсек аулыңа,
Болады өсек-ай.

332. ЖАН СӘУЛЕМ

Келіп тұрмын ауылыңа өлеңдетіп,
Кер бестінің құлағын, жан сәулем, елеңдетіп-ау.
Сағынышпен ауылыңа келгенімде,
Қарсы алдымнан шықсаңшы, жан сәулем,
өлеңдетіп-ау.

Бір кеткен соң ауылыңа келу қайда,
Кезігетін оңаша, жан сәулем, жерің қайда?
Сағынышпен ауылыңа келгенімде,
Аз сөйлесіп қалайық, жан сәулем, осындайда-ау.

333. ЖАН-АЙ, ҚҰРБЫМ

Батсайы бас кілем қалада тұр, құрбым-ай,
Тоқпақ жалды торы айғыр далада тұр, құрбым-ай.

Қайырмасы:

Жан-ай, құрбым,
Жан-ай сылқым,
Жан-ай керім,
Жан-ай бұлбұл,
Жан-ай жан.

Мен есіңе түскенде-ей, қарағым, құрбым-ай,
Ақ үйіңе сүйеніп қарада тұр, құрбым-ай.

Қайырмасы.

Нұр дидарың, қалқатай, жаннан артық,
құрбым-ай,
Болдым ғашық сыртыңнан мен құмартып,
құрбым-ай.

Қайырмасы.

Сіз — сары алтын болғанда, мен — болатпын,
құрбым-ай,
Лебізіңмен алсаңшы-ей мені тартып, құрбым-ай.

Қайырмасы.

334. ЖАНБАЙ, ЖАНЫС

Денең сұлу мылтықтың теміріндей,
Қасың сұлу ағаштың көміріндей.
Жақсыменен кездескен жарты сағат —
Өтіп кеткен жаманның өміріндей.

Қайырмасы:

Ей, Жанбай, Жаныс — жаңа таныс,
Жаңа таныс болып ең, кетпеші алыс.

Бабылады жаным-ау, бабылады,
Жүйрік айғыр бөйгеге шабылады.
Күнде мұндай кезіміз келе бермес,
Өлең айтсаң, құрбым-ай, неғылады.

Қайырмасы.

335. ЖАНБАЛА

Жұтып жұпар кең жайлау таң самалын-еу,
айдай,
Жан сырына қалқаның таңғаламын-еу, айдай.
Қайтқанымда жылқыдан салған әнім-еу, айдай,
Құлағына тиер ме Жанбаланың-еу, айдай.

Қайырмасы:

Ауылың жақын қонғаны-ай,
Көңілім жәй болғаны-ай.
Сағындым ғой өзіңді,
Келші бері, келші бері, Жанбала-ай.

336. ЖАНҒА ЖАЙЛЫ

Жігіттер, немене екен өлең деген?
Құлағың өлең десе елеңдеген.

Жүйріктің қамшылатқан сәндігі жоқ,
Қақ жарып шын жүйріктей жөнелмеген.

Өлеңді ақындықпен мен айтпаймын,
Көңілді көтерейін төмендеген.

337. ЖАНИЯ-АУ

Сүйгенім қой ішінде-ей көк еркек қой,
Бойыңды көк сеңгірден, Жания-ау,
көрсетіп қой, йах-уай.
Кеткенде аулың алыс, ей, жан, қалқатай,
Жаңылтып өз атыңды, Жания-ау
дөңгелек қой, йах-уай.

338. ЖАНЫМ-АЙ

Аузыңды ашсаң, көрінер маржан тісің,
жаным-ай,
Не демейді сыртыңнан дұшпан кісің, жаным-ай.
Жан-ай салған өнім-ай.

Десе десін артыңнан дұшпан кісің, жаным-ай,
Көрінбей ме досыңа қылған ісің, жаным-ай.
Жан-ай салған өнім-ай.

Арғымақтан ат жақсы шабыс болса, жаным-ай,
Ағайыннан жат жақсы таныс болса, жаным-ай.
Жан-ай салған өнім-ай.

Досың күліп, дұшпаның табалайды, жаным-ай,
Бір нәрседен аяғың шалыс болса, жаным-ай.
Жан-ай салған өнім-ай.

339. ЖАҢАША-АУ

Жатып та айтам өлеңді, тұрып та айтам-ау,
Салтанатты жігіттік құрып та айтам-ау.

Қайырмасы:

Жаңаша-ау,
Іздегенім тамаша,
Жүрген жерім-ай.

Орыстардың жегілген қос атындай-ау,
Мойынымды өзіңе бұрып та айтам-ау.

Қайырмасы.

340. ЖАРИЯМ АЙДАЙ

Алып келген базардан қыжым кебіс,
Сілекейі қалқаның болар жеміс.
Жел тимесе, күн тимес деген сөз бар,
Сұлу қыздың айтқаны ұят емес.

Қайырмасы:

Өрік, мейіз, қант пен шай,
Алма мойын ақ бидай.
Жариям айдай,
Жанға жақын келсейші,
Беу, қалқатай, сәулетай.

Алып келген базардан сырма шапан,
Бидай өңді аққұба құдашам-ай.
Сірө, менің көңілім басылар ма,
Сақиналы қолыңнан ет асамай.

Қайырмасы.

341. ЖАС ДӘУРЕН

Тағы да домбыра ма, домбыра ма,
Бұл тақтай, тарта берсе, болдыра ма, жас дәурен.

Көңілді өлең айтып көтерейін,
Жігітті сары уайым оңдыра ма, жас дәурен.

Әуеде бұлт көшеді жел айдаса,
Тәуекел қиын емес, бел байласа, жас дәурен.

Көңілді өлең айтып көтерейік,
Жігітті қайғы басар, ой ойласа, жас дәурен.

342. ЖАС ЖҮРЕКТІҢ КІЛТІН АШ

Аспанда ай болмаса, адасады,
Көңілді көтермесе, кір басады.
Болғанда ақыл — кілт, көңіл — сандық,
Сандықты кілт болмаса, кім ашады?

Қайырмасы:

Жас жүректің
Кілтін аш.

Ақ көйлек тозбайды екен кең болған соң,
Жас пен жас ойнамай ма тең болған соң.
Мұңымды саған айтпай, кімге айтам,
Көзіме көрінгенім сен болған соң.

Қайырмасы.

343. ЖАС КЕЛІН

Жетісу келген жерім, Қыбрай елі,
Алатау бөктерінде қонған жері.
Ақбасты Алатаудың құшағында,
Айнадай жырқыраған Ыстық көлі.

Қайырмасы:

Көерсіз айдай,
Білерсіз жайдай,
Жас келін өн салудан
Жалықпайды-ай.

Жаңа ел, жаңа жерге өнмен келдім,
Иіліп тізе бүгіп, сәлем бердім.

Ұлықсат ағалардан алғаннан соң,
Жолымды құтты ғыл деп отауға ендім.

Қайырмасы.

Сағыңды сындырмайын, ақын аға,
Сөзіме ақын аға берсін баға.
Ұлықсат үлкендерден алғаннан соң,
Қосайын тамашаны тамашаға.

Қайырмасы.

344. ЖАСАЙЫҚ, АЛҒА ҚАРАЙ БАСАЙЫҚ

Бір мешпетім үстімде қара мақпал-ай,
Оны қиған қайшыны ана мақтар-ай.

Қайырмасы:

Жасайық,
Алға қарай басайық.

Дүниенің қызығы ойнап-күлген,
Төрт бұрышын әлемнің аралап қал-ай.

Қайырмасы.

345. ЖАСТЫҚ ДӘУРЕН ӨТЕДІ-АЙ

Мен қайтейін кіші жұрт, басың биік,
Бауырыңда ойнайды ақша киік, еркем-ай.
Сен есіме түскенде, ерке сәулем,
Жүре алмаймын теңселіп, ішім күйіп, еркем-ай.

Қайырмасы:

Ақ көйлектің етегі,
Желбір-желбір етеді.
Заманыңда күліп-ойна,
Жастық дәурен өтеді.

Ана беттен жол еді мына бетке,
Сөйлеспедім өзіңмен шығып шетке, еркем-ай.
Қайсыбірін айтайын, ай-ай сәулем,
Енді кетіп барасың тұрмай сертте, еркем-ай.

Қайырмасы.

346. ЖӘЙ ҚОҢЫР

Ертістің арғы жағы ер қанаты,
Әншінің домбырасы қолғанаты.
Жағалап Қара Ертісті Бәжей ақын,
«Жай қоңыр» сонда салған әннің аты.

Өлеңді айтқан жақсы жайлап қана,
Өзімен, нақышымен сайлап қана.
Дариядай асып-тасып жатпаса да,
Бұлақтай көзден шыққан қайнап қана.

347. ЖӘЙ ТОЛҚЫН

Мінгенім дәйім менің арда күрең,
Жоқ болса жалғыз тайың, өлең үйрен.
Өлеңнің бір пайдасы тойда тиер,
Басыңды есіктегі төрге сүйрер, ей-ей.

Айтайын айт дегенде әлденені,
Ілдірдім қырғи салып бөденені.

Думанды тамашада бас қосқан соң,
Қозғалық өлең деген әңгімені, ей-ей.

348. ЖӘМИҒА

Дүние дүмбір дегенде, дүние дүмбір,
Дүмбірлеткен жігітті дәл жиырма бір-ай,

Жәмиға.

Оралыңның барында ойна да күл,
Қайта айналып келмейді өткен ғұмыр-ай,

Жәмиға.

Қайырмасы:

Арғымақ жалғыз, ер малсыз,

Ағайын жүрмес кермалсыз.

Опасы жоқ дүние,

Өтер де кетер болжалсыз.

Көк қаршыға дегенде, көк қаршыға,

Көк қаршыға ұялар шоқпар шыңға-ай,

Жәмиға.

Өмір бәйге болғанда, сен-бір жамбы,

Қапылыста қор болма көкпаршыға-ай,

Жәмиға.

Қайырмасы.

349. ЖЕЛЫР ЖЕКЕН

Айналайын, қарағым, алтыным-ай,

Ақ жүзінді көргенде балқыдым-ай, ау.

Көрмегелі көп айдың жүзі болды-ау,

Есен-аман жүрмісің, жарқыным-ау, ау.

Қайырмасы:

Желбір желкен,
Желіп жүрген
Жайлауда
Біз бір бөкен-ау.

Айналайын, қарағым, хал жақсы ма,
Көзің салма көрінген әр жақсыға-ау.
Көзің салсаң көрінген әр жақсыға,
Бәрі сұлу көрінер алғашқыда-ау.

Қайырмасы.

350. ЖЕҢГЕМ-АУ

Жүруші едік Бұлғынды қыстап, жайлап-ей,
Жағасына жағалай бие байлап, жеңгем-ай.

Талай тойды өткізіп сайрандатып-ей,
Қыз-бозбала жүруші ек күліп-ойнап, жеңгем-ай.

Қайырмасы:

Өттең, шіркін, жеңгем-ай,
Сөз кезегі келгені-ай.

Өрлеп-құлдап жүруші ек Бұлғын бойын-ей,
Жағасында көк майса салып ойын, жеңгем-ай.

Әсем әнге құбылтып салғанымда-ей,
Бой жеткеннің балқытқан тұла бойын,
жеңгем-ай.

Қайырмасы.

351. ЖЕҢЕШЕ

Жоғартыңнан келемін жолмен саулап,
Таңдайымнан келеді өлең қаулап.
Шаршы топтың ішінде тартынбаймын,
Мұрындықсыз тайлақтай омыраулап.

Қайырмасы:

Ей, жеңеше,
Мұныңыз қалай демеші-ай.

Қара таудың басында қиясы бар,
Мал жемейтін бір шөптің миясы бар.
Айт дегенде өлеңді іркілмеймін,
Таңдайымда жел сөздің ұясы бар.

Қайырмасы.

352. ЖЕҢЕШЕМІЗ

Жеңешеміз, ендеше, жеңешеміз,
Ары отырмай, бері отыр кеңесеміз.

Қайырмасы:

Жеңеше-ай,
Әнің қалай демеші-ай.

Әнге қосып өзінді айтар едім,
Мынау қандай әдепсіз демесеңіз.

Қайырмасы.

353. ЖЕТІ ҚЫЗДЫҢ ӘНІ

Дәйім менің мінгенім делең көкше, Зарауқа-ау,
Көзге түсер бұлаңдап қыз бой жетсе.

Қайырмасы:

Қатира, Қабира, Сағира, Камила, Жамила,
Сағындым, Жекейжан — жетеуінді-ай, уай.

Сабағынан сарғайып үзіледі, Зарауқа-ау,
Бұл қыздардың төсіне қауын ексе.

Қайырмасы.

354. ЖЕТІАРАЛ

(1-нұсқа)

Шөбің шүйгін, суың бал, жерің шалғай-ай,
Сол шалғында өсіп ек талай балғын.
Асыр салып ойнаған туған жерді-ай,
Сағынғанда жүректен шығар жалын.

Қайырмасы:

Жетіарал жерім-ай,
Сауықшыл елім-ай.

Алтыбақан тебетін қыз-бозбала,
Шырқаушы едік осы әнді көкті жара.
Көк шалғында бірге өскен қалың жастар,
Әнді шырқап қайтушы ек таң алдында.

Қайырмасы.

355. ЖЕТИАРАЛ*(2-нұсқа)*

Жетіаралдай жер бар ма, елдің көркі,
Құмырсақдай қайнаған қоян, түлкі.

Қайырмасы:

Жетіарал жерім-ай,
Сағындым елім-ай.

Қалмақ шауып жерімді алғаннан соң,
Қай жерімнен келеді ойын-күлкі.

Қайырмасы.

Жүруші едім Жетіарал саласында,
Ор киіктей ойнақтап даласында.
Шұбырынды-ақтабан заман туды,
Қалмақтарға ана боп қаласың ба?

Қайырмасы.

356. ЖЕТІСУ ЖЕРІМ-АЙ

Жетісудай жер бар ма, жердің көркі,
Құмырсақдай қайнаған қоян, түлкі.

Қайырмасы:

Жетісу жерім-ай,
Сауықшыл елім-ай.

Қалмақ шауып жерімді алғаннан соң,
Қай жерімнен келеді ойын-күлкі.

Қайырмасы.

Жүруші едім Жетісу саласында,
Ор киіктей ойнақтап даласында.

Қайырмасы.

Шұбырынды, ақтабан заман туды,
Қалмақтарға пана боп қаласың ба!

Қайырмасы.

357. ЖИЫРМА ЖЕТІ ҚЫЗ

Айт дегенің айтайын, әриайдай, Қатипа-ау,
Көп торыдым аулыңды жарым айдай.

Қайырмасы:

Мағи-ау, Шағи-ау,
Қазира-ау, Қазиза-ау,
Зылиман, Зылиқа,
Зағипа, Мағира, Бағила-ау.
Сағындым Зейнеш, Бұлбұл-Жамал,
Қайша, Шағи, Сағиян, Сағи, Қисажан, Мүлкім,
Меруерт сылқым, Самал, Жамал,
Әймен-Шолпан, Қалиман,
Зияш жиырма жетеуінді-ай.

Адал жүрек, шын көңілің менде болса,
Қатипа-ау,
Ерітейін ішіңді сары майдай.

Қайырмасы.

358. ЖОЛ ЖОРҒА

Мінгенім астымдағы жорға құла-ей,
Арда емген ана сүтін өскен бұла-ей.

Қайырмасы:

Жол жорға жолыққанша,
Аман бол мен барғанша-ай.

Бірге өскен кішкентайдан замандасым-ай,
Ер салдым жол жорғаға саған бола-ай.

Қайырмасы.

Мінгенім астымдағы құла қасқа-ей,
Айтамыз амандықты мал мен басқа-ей.

Қайырмасы.

Құламен құйқылжытып салдыртқанда-ей,
Көз қырын жіберуші ем замандасқа-ай.

Қайырмасы.

359. ЖОЛЫҚҚАНША АМАН БОЛ

Аулым көшіп барады Ылай көлге,
Шағи пешпет жарасар қынай белге.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқам,
Көзіңнен айналайын, жылай көрме.

Қайырмасы:

Жолыққанша аман бол.
Сен едің көз алдымда тұрған сағым,

Гүл шайқап қанатыммен ұшар шағым.
Болғанда жаңа таныс кеттің алыс,
Қайтейін іште кетті-ау сол арманым.

Қайырмасы.

360. ЖОНЫП АЛДЫ

Аты еді бұл әнімнің — Жонып алды,
Алғандай сұлу жонып өрім талды.
Жасымнан сүйіп айтқан ән болған соң,
Жойылмай әлі күнге есте қалды.

Жан едім әсем әнді сүйіп айтқан,
Жағымды көпке бірдей жұрт ұнатқан.
Келетін нақысына жүз құбылып,
Кейде өрлеп, кейде шалқып баяулатқан.

Кім сүймес көкке өрлеген әсем әнді,
Көңілдің күйін шерткен көркем сәнді.
Болғандай бойға қуат, ойға азық,
Балқытып еріткендей тербеп жанды.

361. ЖОРҒА ТАЙ

Шыңында өскен асқардың, ей, сен бір шынар,
Бір көруге жүзіңді болдым құмар.

Қайырмасы:

Дәй-дәй-дәй жорғатай,
Ақ бикеш манат-ай.
Қызылдан бордат-ай,
Айдай құрбым, заулатшы-ай.

Көрмегелі жүзіңді көп күн болды,
Құмарланған көңілім қашан тынар.

Қайырмасы.

Орта бойлы қара көз шырайлым-ай,
Бір сөйлеспей өзіңмен тынармын ба-ай.

Қайырмасы.

Сөйлегенде тіліңнен бал тамады,
Басқа жанға көңілімді бұрармын ба-ай.

Қайырмасы.

362. ЖҮРГЕН ЖЕРІМ—ҮШ ҚАҚПАҚ

Өзі мұндай жақсының кілті аспанда, айнам-ау,
Сөз түспейді аузына ер сасқанда, айнам-ау.

Қайырмасы:

Жүрген жерім — Үшқақпақ,
Нарынқолдың аймағы-ау.

Бұл өлеңді немене айтып-айтпай, айнам-ау,
Үлкен-кіші жиналып бас қосқанда, айнам-ау.

Қайырмасы.

363. ЖЫЛҚЫШЫ

Жылқыда екеу едік сыбызғылы,
Салдырмас нелер күйге қыз қылығы-ай.
Көңілің шыныменен менде болса,
Терең сай үйдің арты тобылғылы-ай.

Қайырмасы:

Қос күрең барар едім,
Аулың қайда.
Күнде ойын гүлдей жайна,
Осындайда-ай.

Жылқыда екеу едік отардағы,
Көжеңді, ет асып бер қотардағы-ай.
Мойныңды боз жорға аттай бұрып салып,
Қайтейін қылығыңды жатардағы-ай.

Қайырмасы.

364. ЗАМАНДАС

(1-нұсқа)

Айналайын көзіңнен жалт-жұлт еткен,
Кім бар екен бұл жерде саған жеткен.

Қайырмасы:

Замандас,
Жолыққанда есіңе алып амандас.

Үш ауылдың жақсысы жиналса да,
Теңгермеймін ізіңе басып өткен.

Қайырмасы.

Қызыл жібек, ақ жібек иірейін-ай,
Сары белге, сағынсам, жүгірейін.

Қайырмасы.

Сен есіме түскенде қимас қалқа-ай,
Үкілі хат артыңнан жіберейін.

Қайырмасы.

365. ЗАМАНДАС

(2-нұсқа)

Жігіті біздің елдің сылқым сері-ай,
Күнде той, ойын-күлкі жүрген жері-ай.

Қайырмасы:

Екі де бала замандас-ай,
Айында келіп хабарлас-ай.

Асыр сап құлын-тайдай ойнақтаған-ай,
Өркімнің өзіне ыстық туған жері-ай.

Қайырмасы.

Ат жақсы арғымақтан шабыс болса-ей,
Жат жақсы ағайыннан таныс болса-ай.

Қайырмасы.

Досың күліп, дұшпаның табалайды-ей,
Аяғың бір нәрседен шалыс болса-ай.

Қайырмасы.

366. ЗАМАНЫМ

Әуел бастан етікті нөл сақтайды,
Еркін жүйрік бөйгіде алшақтайды.

Айт дегенде өлеңді айтып салмай,
Ақын жігіт несіне жалтақтайды.

Қайырмасы:

Ахау, айдай,
Бөйгі атындай талпынған,
Заманым-ай.

Әриялар, ендеше әриялар,
Жігіт аттан құласа, қыз табалар.
Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өлер,
Аттың басын тартпай шап, бозбалалар.

Қайырмасы.

Қара ала үйрек ұшады қаңқылдаған,
Сазға қонып, табаны салқындаған.
Он бес пен отыздың арасында,
Құдай ұрсын жігітті талпынбаған.

Қайырмасы.

Сары ала үйрек ұшады қаңқылдаған,
Сазға қонып, табаны салқындаған.
Пысықсыған жігіттер толып жатыр,
Өз басынан пайдасы артылмаған.

Қайырмасы.

367. ЗАР-ЗАР-АЙ

Жылқы айдаймын көшкенде қиқу салып,
Бір солқылдақ қолыма шыбық алып, зар-зар-ай.
Бір ойнасам сенімен мен ойнаймын,
Боз жорғадай мойныңды бұрып алып, зар-зар-ай.

Қайырмасы.

Келмейді өлең шіркін жылдағындай,
Мылтықтың мойның сұлу құндағындай.

Қайырмасы.

Көзіме биігірек әйбат көрінесіз,
Күмістің алтын менен жұрнағындай.

Қайырмасы.

370. ИГАЙ-ГАЙ СӘУЛЕМ

Атыңнан айналайын алтын сәулем-ай,
Бір жүру өзіңменен ол бір дәурен-ай,
Игай-гай, сәулем, айдай-ау.

Келмейді жатсам ұйқым, тұрсам күлкім,
Жүргенім менің бүйтіп сенің әурең-ай,
Игай-гай, сәулем, айдай-ау.

Қайырмасы:

Сағынған сәулем-ай,
Бірге өскен дәурен-ай.

Атыңнан айналайын асыл затым-ай,
Жарасқан тал бойыңа сәулем атың-ай,
Игай-гай, сәулем, айдай-ау.

Кеткенде аулың алыс, алтын сәулем-ай,
Келмеді-ау бір жапырақ жазған хатың-ай,
Игай-гай, сәулем, айдай-ау.

Қайырмасы.

371. ИГӘЙ СӘУЛЕ

Қарағым, айналайын, қырғи қабақ,
Сен едің суда жүзген алтын шабақ.
Салсам да күміс қармақ, ілінбейсің,
Қайтейін қылығыңды-ей, ақтамақ.

Қайырмасы:

Ей, игәйгәй,
Игәй сәуле.
Етпе өуре,
Іриай-ай.

Ішінде ну орманның сен бір талсың,
Аяққа құйып қойған шекер-балсың.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Басқадан артық туған неткен жансың.

Қайырмасы.

372. ИГӨЙ-ГӨЙ

Ауылым көшіп барады Алдиярға,
Арқандағы ат жақсы мал жиярға, игөй-ау.
Жазатайым жаманға ісің түссе,
Жарамайды қолыңа су құюға, игөй-ау.

Қайырмасы:

Бақшадағы қызыл гүл,
Өркімде бар терең сыр.
Жүректе арман мұзбен тең,
Ерітуді өзің біл.

Айналайын көзіңнен күлімдеген,
Басқан ізің ешкімге білінбеген.
Айдын көлде ойнаған ақ шабақтай,
Алтын қармақ салсам да, ілінбеген.

Қайырмасы.

373. ИЛИГАЙ, ӨТТЕҢ, ШІРКІН

Бір келеді дүние, бір кетеді, ау,
Сұм жалғанның түбіне кім жетеді-ай.

Қайырмасы:

Илигай,
Өттең, шіркін,
Дүние-ай!
Қалады-ау бір күн,
Күліп-ойна-ай!

Адам түлкі болғанда, ажал — бүркіт, ау,
Қуып барып бір дөңге індетеді-ай.

Қайырмасы.

374. ИЛИГӘЙ, СӘУЛЕМ

Ой, ахау!
Ендеше өлеңде өнер, өнер де өнер,
Шын жүйрік өрге салса, өршеленер.
Илигай, сәулем, илигай-ау.

Барында оралыңның күл де ойна,
Шамшырақ жанып тұрған бір күні сөнер.
Илигай, сәулем, илигай-ау.

Ой, ахау!
Барады ауылым көшіп таудан асып,
Бұлтпенен таудан асқан араласып.
Илигай, сәулем, илигай-ау.

Кеткенде жерің шалғай-ой, әріптес,
Жүрейік ақ қағазбен амандасып.
Илигай, сәулем, илигай-ау.

375. ИУА, ШІРКІН

Қатар ұшқан қаз едің-ей қаңқылдаған-ай,
Көлге қонып, самалда саңқылдаған.

Қайырмасы:

Иуа, шіркін,
Енді есен бол-ай.

Аулың шалғай кеткенде, ей, өттең қалқам-ай,
Сағынам ғой жүзіңді жарқылдаған.

Қайырмасы.

376. КӘЙ-ӘЙ-АУ

Қаратаудың басынан арша ап жүрмін, кәй-әй-ау,
Көтере алмай аршамды шаршап жүрмін, кәй-әй-ау,
А, жалған,
Өткенің бе, кәй-әй-ау.

Алыс аулың кеткенде, қимас қалқам, кәй-әй-ау,
Бір көруге өзінді аңсап жүрмін, кәй-әй-ау,
А, жалған,
Өткенің бе, кәй-әй-ау.

Қаратаудың басында бір топ шынар, кәй-әй-ау,
Бір көрдім де өзіңе болдым құмар, кәй-әй-ау,
А, жалған,
Өткенің бе, кәй-әй-ау.

Алыс ауылың кеткенде, қимас қалқам,
кәй-әй-ау,
Құмарланған көңілім қашан тынар, кәй-әй-ау,
А, жалған,
Өткенің бе, кәй-әй-ау.

377. КӘЛӘЛІМ АЙДАЙ, ҚОҢЫР ЖАЙ

Бір жұлдыз бар әуеде айдан қалған,
Қайқы мүйіз ақ серке қойдан қалған.
Кәләлім айдай, қоңыр жай.

Осы ауылда кім жаман, құрбым жаман,
Көн етігін кие алмай тойдан қалған.
Кәләлім айдай, қоңыр жай.

378. КӘЛӘЛІМ БИ-БИ-АЙ

Аулыңды сағынармын-ау,
Әніңе табынармын-ай.
Өзіңді іздей-іздей-ау,
Сарғайып сабылармын-ай.

Қайырмасы:

А-ей, кәләлім би-би-ау,
Кәләлім би-би-ау,
Кәләлім би-би-ау-ай.

379. КӘЛИЛӘУ ДИДАУ

Өлеңді қиыстырам әнге парлас,
Сөз болса қанағатсыз құлақ салмас, ах-уай.
Өлеңді өрнегімен қиыстырған,
Сөзінде айтушының қаяу болмас, ахау-ай.

Қайырмасы:

Қалилау-дидау, ди-ди-дау,
Кәлилау-дидау, ди-ди-дау.
Дида-ку-ди-дай,
Аку дидай-аку-ай.

Білмеске өлең түр ғой сөзде қиын,
Шығады қиыстырған сөзден түйін, ах-уай.
Қара сөз қанағатсыз сылдырласа,
Есепке алынбаса о да қиын, ах-уай.

Қайырмасы.

380. КӘРИРӘ, ЖАН СӘУЛЕМ

Өлеңді айтпай болмас, ей, үйренген соң,
Сел болар қылған қайырың күңіренген соң.
Кәрирә, жан сәулем.

Аттай боп арпа жеген аңсайды екен,
Бір жүріп екі жақсы үйренген соң.
Кәрирә, жан сәулем.

Көзіңнен айналайын оймылдаған,
Не сақтап, нені қалқа, қойдың маған.
Кәрирә, жан сәулем.

Қарағым, қандай жанды жарылқайсың,
Пенде жоқ бір өзінді ойға алмаған.
Кәрирә, жан сәулем.

381. КӘРИРӘ-АУ

Дәйім менің мінгенім торы құнан-ей,
Торы құнан үркеді тобығынан.

Қайырмасы:

Кәрирә-ау райрым,
Карирә-ау рай.

Шын көңілің, шынты бейлің менде болса,
Табысайық ақ сайдың қорымынан.

Қайырмасы.

Дәйім менің мінгенім сары құнан,
Үркеді сары құнан сауырынан.

Қайырмасы.

Шын көңілің, шынты бейлің менде болса,
Табысайық, қалқатай, ауылыңнан.

Қайырмасы.

382. КӘСИРА—МӘРУСИЯ

Қыз емес, қыздың аты — қызыл өрік,
Беріпті екеуіне тәңір көрік.

Қайырмасы:

Кәрсира — Мәрусия,
Ухади отсуда.

Ойымда еш алаң жоқ жүрген едім,
Бұзылдым қапелімде сені көріп.

Қайырмасы.

383. КЕГЕНІМ

Мінгенім көш алдында құла тайым,
Құйрығын құла тайдың шұбатайын.
Түскенде сен есіме, қайран елім,
Көңілді өлең айтып жұбатайын.

Қайырмасы:

Кегенім!
Келемін!
Иіліп сәлем беремін.

Өлеңім он жасымнан өрге жүзген,
Қоңыр қаз су жағалай көлде жүзген.
Шынжырым жеті атамнан үзілмеген,
Ағыздық сүттен бұлақ іргемізден.

Қайырмасы.

384. КЕҢ САЛА

Ахау, қызы едің әлдекімнің ардақтаған,
Өкеңнің оң жағында бұлғақтаған,
Саусағың сымға тартқан ақ күмістей,
Қолыңда алтын жүзік бармақтаған.

Қайырмасы:

Тарыдай тал бойында бір мінің жоқ,
Өзіңе бұл уақ тақау жан жақпаған.

Ахау, аузыңда отыз тісің інжу-маржан,
Қолыңда лағыл жүзік қайдан алған.
Бетіңе шам тасындай түсер сағым,
Ажарың аппақ екен жауған қардай.

Қайырмасы.

385. КЕР ТОРЫ АТ

Дәйім менің мінгенім, ей, торым еді,
Жүрген жерім торымен қорым еді.

Қайырмасы:

Кер торы ат,
Құрушы едік салтанат.

Құрбылардан айрылған қиын екен,
Табылмады тау-тастан соның емі.

Қайырмасы.

386. КЕРНЕЙ САЛ

Айналайын көзіңнен күлімдеген-ей,
Тал бойыңнан ешбір мін білінбеген.

Қайырмасы:

Кел-кел, керней сал,
Осы әніме тура сал.

Көңіліме ұялап көгершіндей,
Жатсам, көзім түн бойы ілінбеген.

Қайырмасы.

387. КЕРІМ-АУ, АЙДАЙ

(1-нұсқа)

Әндебайдың баласы, атым — Торым,
Қызбен жолдас болғам жоқ бұдан бұрын.
Керім-ау айдай,
Кермиық-ау, аулың қайда-ай.

Қайырмасы:

Керімаймен келісіп жүргенімде,
Айырды ғой мойныма іліп құрым.
Керім-ау айдай,
Сағындым, сәулем, сені ойлай.

Дәйім менің мінгенім кер балағым,
Ренжуден тартады сол қабағым.

Қайырмасы.

Қолым жетпей қор болдым сұм заманда,
Қияметтік қимасым, хош, қарағым.

Қайырмасы.

388. КЕРІМ-АУ, АЙДАЙ

(2-нұсқа)

Көк ала үйрек ұшады көлге қарсы,
Жануардың ұясы желге қарсы.

Сағынғанның белгісі сол емес пе,
Орамалға тамады көздің жасы.

Қайырмасы:

Керім-ау, айдай,
Сағындым, сәулем,
Сені де ойлай.

Ауылымның қонғаны Қарағайлы,
Жалған сөз тату досқа жарамайды.
Сағынғанда сені ойлап, қимас қалқам,
Ішкен асым бойыма тарамайды.

Қайырмасы.

389. КИГАЙ-АУ, ҚАЛҚАШ, ҚАЗИЗА

Тоқым салсам жарасар, ей, тел күреңге-ай,
Сіз кеткен соң телмірдім мен біреуге-ай.
Кигай-ау, қалқаш, Қазиза-ай, ау.

Сағынғаннан төрт болып, ей, екі көзім,
Қарайғанға қадалып телміруде-ай.
Кигай-ау, қалқаш, Қазиза-ай, ау.

390. КИГӘЙ-АУ ҚАЗИЗА

Келемін жоғартыңнан-ай, ей, жолмен саулап,
Келеді таңдайымнан өлең қаулап.
Әккигәй,
Кигәй-ау Қазиза.

Ішінде шаршы топтың-ай, ей, тартынбаймын,
Тайлақтай мұрындықсыз-ай омыраулап.
Әккигәй,
Кигәй-ау Қазиза.

391. КӨЗ САЛМА, ҚҰРБЫМ, ӘРКІМГЕ

Көкала үйрек көлдерде байпаңдаған,
Бір сырым бар, өзіңе айта алмаған.
Томағасын сыпырған лашындай,
Айналайын көзіңнен жаутандаған.

Қайырмасы:

Әжкігай, әрине,
Көз салма, құрбым, әркімге.

Айналайын, қарағым, айтқан сөзің,
Әурелеген жанымды тек қана өзің.
Мені тастап, басқаға мойын бұрсаң,
Жылауменен ағарар екі көзім.

Қайырмасы.

392. КӨЗІҢНІҢ МӨЛДІРІН-АЙ

Барады ауылым көшіп Қызылжарға,
Таң ата шолпан туар сызылғанда.
Көзіңнің мөлдірін-ай.

Осы әнге тамылжытып сала берем,
Көңілім сені ойлап бұзылғанда.
Көзіңнің мөлдірін-ай.

Қайырмасы:

Құлындай керім, майда жал,
Бар ма екен біздей ынтызар.
Ішінде топ қарағай уәделескен,
Көзіңнің мөлдірін-ай.

Ұшады аққу көлден тайраңдаған,
Дариға-ай, өткен өмір айланбаған.
Кеткенде ауылың алыс, қимас қалқа,
Жүзіңді сағындым ғой жайраңдаған.

Қайырмасы.

393. КӨК АЙДАЙ

Ей, қалқа, сен де көркем, мен де көркем,
Қосылса екі көркем болады тең.
Дөңбекшіп төсегімде жата алмаймын,
Түскенде сен есіме, сұлу еркем.

Қайырмасы:

Бір ағашта екі алма,
Мен де алмайын, сен де алма.
Анық досым сен болсаң,
Мен кеткенде сен қалма.
Ей, көк айдай, көк айдай,
Күткен сәулем қыз қандай-ай.

Ей, қалқа, сен де шынар, мен де шынар,
Ертеден жаным сүйіп, болдым құмар.
Татымды сөз мәнісін ұғар болсаң,
Тапсаңшы бір лажын көңіл тынар.

Қайырмасы.

394. КӨК АЛА ҮЙРЕК

Жарға ойнаған он жаста лақтайсың,
Он бес жаста толқыған сынаптайсың.
Ақ алмас,
Қалды-ау кейін қайран жас.

397. КӨКЕМ-АЙ*(1-нұсқа)*

Айналайын, қарағым, ұтымыңнан,
 Құмырсқа бел үзілген мықыныңнан.
 Көкем-ай,
 Жүрсің бе аман-есен-ай.

Бағаласам, бағаңа жан жетпейді-ей,
 Қандай жанның жаралдың тұқымынан.
 Көкем-ай,
 Көп шалқайма бекерге-ай.

Күміс ерді көтеріп атқа салдым-ей,
 Атыңды атап, қалқатай, хатқа салдым.
 Көкем-ай,
 Көп шалқайма бекерге-ай.

Аулың алыс кеткенде қимас қалқам-ай,
 Бір сен үшін жанымды отқа салдым.
 Көкем-ай,
 Көп шалқайма бекерге-ай.

398. КӨКЕМ-АЙ*(2-нұсқа)*

Ендеше, меніменен, меніменен-ау,
 Көрінер бешпет сұлу жеңіменен.

Қайырмасы:

Көкем-ай,
 Ойнар кезің екен-ай.

Кейінгі қадір білмес, жастар өсті-ау,
 Өркімді алсын құдай теңіменен,

Қайырмасы.

Қараша үй сыртың сұлу әйнегіндей-ау,
Көзіме көрінесің әлдекімдей,

Қайырмасы.

Сенімен әр мақтауға сыйғызайын-ау,
Қапаздың алма мойын шәйнегіндей.

Қайырмасы.

399. КӨЛСАЙДАН АҚҚУ ҰШАР

Өлеңді, оу, жақсы айтады жайын білген,
Қақ жарар қара суда жайын жүрген-ай.
Ойна да күл бұл өмірде аз ғана күн,
Тұрады жан құдайың өзірмін деп-ай.

Көлсайдан аққу ұшар байпаңдаған,
Қалқаға бір сөзім бар айта алмаған-ай.
Су құйып-ау сырлы аяққа тұндырғандай,
Көзіңнен айналайын жаутаңдаған-ай.

Көлсайдың-ау тұнығында балық жүзген,
Балықты бірге ауладық, жаным, сізбен-ай.
Кеткенде-ау сен алысқа, сәлем айттым,
Жолшыдан келіп жүрген, барып жүрген-ай.

400. КӨҢІЛ ЖАЙ

Қоңғаны ауылымның ой болса екен,
Қорадан-ау, өріп шығар қой болса екен,
Ахау, бүгін, көңіл жай-ау.

Өзіңмен ойнап-күліп отыратын,
Бірінде екі күннің той болса екен,
Ахау, бүгін, көңіл жай-ау.

Отырсам жаныңызда әнге басып,
Той болып өлеңменен әзілдесіп,
Ахау, бүгін, көңіл жай-ау.

Кез келіп отырғанда сәулетайым,
Қалсақ бір күліп-ойнап, әзілдесіп,
Ахау, бүгін, көңіл жай-ау.

401. КҮЛӘШ-АЙ

(1-нұсқа)

Әнің салсам,
Әніңе салсам.
Әніңе салып,
Аулыңа барсам.

Қайырмасы:

Ей, ақау айым,
Қалқатайым.
Күләш-ай,
Ей, мінезің сенің өзгеше-ай.

Басынан байқап,
Көңілім жай тап,
Ұйықтаса, сәулем,
Оятсам шайқап.

Қайырмасы.

Әзілдеп сөзің,
Қиғаштап көзің.
Құмарым тартар,
Бір келсе кезің.

Қайырмасы.

Бәлсініп бір созбай,
Әдепті бұзбай,
Жан қалқа, сәулем,
Уәдеде тұра ғой.

Қайырмасы.

402. КҮЛӘШ-АЙ

(2-нұсқа)

Көрейін байқап,
Жүруші ем тайқап,
Ұйықтасаң, сәулем,
Оятамын шайқап.

Қайырмасы:

Ай, ахау айым,
Өтті-ау уайым, Күләш-ай,
Ал, құлыным, Зәурен-ай, ей.

Әзілдеп сөзің,
Қиғаштап көзің,
Құмарың тарқар,
Бір келсе кезің.

Қайырмасы.

403. КҮЛЗИПА ЖАЙ

Басында Баянауыл бір топ арқар,
Аққан су жоғарыдан төмен сарқар.
Құрбыласым, Күлзипа-жай.

Осында топ ішінде өнге салсам,
Көңілім жабырқаған, сонда тарқар.
Құрбыласым, Күлзипа-жай.

Ақ үйдің ат байладым кермесіне,
Жалғанның көз жетпейді келмесіне.
Құрбыласым, Күлзипа-жай.

Болғанша таудай талап, бір бақ артық,
Алланың таласпаймын бермесіне.
Құрбыласым, Күлзипа-жай.

404. КҮЛІМ КӨЗ

Сәулемнің кішкентайдан білем жайын,
Басқаның мен не қылам, күн мен айын.
Жатсам түстен кетпейді, тұрсам естен,
Көзіме елестейді, сағат сайын.

Қайырмасы:

Өзілдеп сөзің, күлімдеп көзің,
Құмарым тарқар, бір келсе көзің.
Ей, ахау ләйлім, өтті-ау қайғың, Күләш-ау,
Ей, қызық дәурен!

Асылым айналайын, гауһар тасым,
Бұраң бел, қарақат көз, қиғаш қасым.
Кеткенде аулың алыс сені ойлап,
Өтпейді тамағымнан ішкен асым.

Қайырмасы:

Жайылған қой ма, бұралған бой ма,
Замандас, құрбым, айттырмай ойла.

405. КҮМІС ҚҰМҒАН-АЙ

Өлең деген-ай немене-ай ой емес пе-ай,
Қызды сұлу көрсеткен бой емес пе-ай.
Мұнда айтпаған өлеңді қайда айтамыз-ай,
Бастарымыз қосылса, той емес пе-ай.

Қайырмасы:

Ай, күміс құмған-ай,
Отта тұрған-ай,
Айналайын көзіңнен
Ашып-жұмған-ай.
Ай, Бекзаттарым-ай,
Жекжаттарым-ай,
Жекжатшылап аулыңа
Кеп жатқаным-ай.

Біріншіден-ай, не жаман-ай, өсек жаман-ай,
Екіншіден, сүймеген төсек жаман-ай.
Ер жігіттің-ай бойында-ай болмаса өнер-ай,
Жақсы екен ғой жүргені есен-аман-ай.

Қайырмасы.

406. КҮНДЕ ҚЫЗЫҚ СӘУЛЕМ-АЙ

Баға жетпес жақсыға бір гауһар тас-ей,
Он алты, он жетіге келгенде жас күнім-ау.

Қайырмасы:

Құмармын өзіңе,
Қой мақпал көзіңе.
Армансыз өтер ем,
Бұйырсаң өзіме.

Сынығындай алтынның, қарағым-ай, ей,
Көрген сайын болды-ау көңілім мас, күнім-ау.

Қайырмасы.

407. КҮНІМ-АУ, АЙДАЙ

Көрінер қызы сұлу Қосқұлақтың-оу,
Ішінде берекесі ешкі-лақтың.

Қайырмасы:

Үрия-оу, ай-ай,
Күнім-ау, айдай.

Той тойлап, тамашалап мен отырмын-оу,
Шығады даусы қайдан қос перизаттың.

Қайырмасы.

Айтамын не деп өлең, жаным, саған-оу,
Ежелден артық еді сенің бағаң.

Қайырмасы.

Бағаңа бағаласам жан жетпейді-оу,
Ту ұстап, тұлпар мінген ата-бабаң.

Қайырмасы.

408. КҮНІШІМ, АЙДАЙ

Айтайын-ау, айт дегесін, ари-айдай,
Білейін қайдан сені бойдай талай.

Қайырмасы:

Әй, угөй, өй, угөй,
Күнішім айдай-ау.

Сөйлей бер-ау, қызыл тілім, жақ барында,
Маңдайда таудай талап, бақ барында.

Қайырмасы:

Әй, угөй, өй, угөй,
Күнішім айдай-ау
Барында-ау.

Тіршілікте ойна да күл,
Бұйрықсыз шыбын шақпас сақтарында.

Қайырмасы.

409. ҚАЗЫНА-АЙ

Ауылым көшіп барады Алматыға,
Кім көнбейді тағдырдың салғанына,
Ей, Қазына-ай.
Бір кетпейсің есімнен, есіл қалқам-ай,
Кетер ме екен біреудің қармағына,
Ей, Қазына-ай.

Қайырмасы:

Ой, Қазына-ай,
Жазғы таңның, ей, азын-ай.

Үріккен аққу, ой, қонбайды,
Қайта айналып, ей, сазына!

410. ҚАЙЛАЙЛІМ

(1-нұсқа)

Басында Қаратаудың қос барабан,
Сол жерден дария шалқып су тараған.

Қайырмасы:

Қайлайлім,
Қайлилайлім-ләйлім.

Әсем қыз сұлу жігіт — бәрі сонда,
Япырым-ау неге келдім сол арадан?

Қайырмасы.

411. ҚАЙЛАЙЛІМ

(2-нұсқа)

Сен дегенде, қалқатай, ойым бөлек, қайлайлім,
Он жасымнан өлеңге болдым зерек,
қайлайлім-ау.

Тал шыбықтай бұралып сен тұрғанда,
қайлайлім,
Қима белі өзгенің кімге керек, қайлайлім-ау.

Қайырмасы:

Әне, гүл-гүл тамаша,
Міне, бұлбұл тамаша.
Келші жайнап, келші сайрап,
Келші, құрбым, оңаша-ау.

412. ҚАЙРАН ЖАЛҒАН

Сонау алыс Сауырда қалды-ау сүйген жар,
Аттанарда қош десе алмай болдым-ау зар,
Қайран жалған.

Кербаланың шөліндей құлазиды,
Кең деуші еді бұл дүние, не деген тар,
Қайран жалған.

Таңдай Татыр шетіне жетемін бе,
Құлакер ат тепеңдейді жетегімде,
Қайран жалған.

Таңдап сүйген Алаштан дегдарым-ай,
Ақ жүзінді бір көре алмай кетемін бе,
Қайран жалған.

Көш асады қайқайып қарлы таудан,
Егей-егей ел едік біз нарды сауған,
Қайран жалған.

Айырды ма шынымен туған жерден,
Бота боздап, сорлаған ел көшіп-ауған,
Қайран жалған.

413. ҚАЙРАН ЗАМАН

Қайтейін, қай-қайтейін қайран заман,
Барады өтіп заман, тайраңдаған.
Жалған, қайран жастық,

Қарғыған ақ еліктей қайран жастық.
Кәрілік қуып жетті ойға алмаған,
Жалған, қайран жастық.

Ей, қалқа, ақ дидарың айдан аппақ-ай,
Көрген жан кете алмайды айналсоқтап.

Қайырмасы.

Аршын төс, алма мойын, қарағым-ай,
Жүремін ылғи ғана сені ойлап.

Қайырмасы.

416. ҚАЛҚА БАЛА

Айналайын, қарағым, қара қасым,
Қос иықта бұралған қолаң шашың-ай.
Өзіңменен бір болсам бұл өмірде,
Болады ғой бақытты менің басым-ай.

Қайырмасы:

Қалқа бала, қалқа бала,
Қалқа бала дегенде, шалқалама-ай.

Айналайын елімнің қабағынан,
Дәм тарттырған қастерлі табағынан-ай.
Алқаласа, асқақтай күй төгілер,
Кеудемдегі жыр-қобыз шанағынан-ай.

Қайырмасы:

Ән қалаған,
Алқалаған,
Қарқарадан қызығым
Тарқамаған.

419. ҚАЛҚАТАЙЫМ

Басы еді өлеңімнің-ей, айым-қайым-ей,
Бітеді саздау жерге-ай тал мен қайың-ей.
Көп айдың көрмегелі-ей жүзі болды-ей,
Жүрмісің аман-есен-ай, қалқатайым-ай.

Қайырмасы:

Ахай айым, қаулілі лайым,
Кез болса осындайда-ай,
Қалқатайым-ай.

Қалқатай, сен дегенде-ей неден жаздым-ей,
Сабағын сарымсақтың-ай белден қаздым-ай.
Кеткенде ауылың алыс-ей, қимас қалқам-ей,
Еске алып бірнеше рет-ай хаттар жаздым-ай.

Қайырмасы.

420. ҚАЛҚАШ-АУ

Қарайғаннан қарайып, қамыс қалды,
Ауылы қалқатайдың алыс қалды.
Аулыңа алыс қалған қарай-қарай,
Қайрылып, қаршығадай мойным талды.

Бір еді қалқаменен тілегіміз,
Айқасқан айрылмастай білегіміз.
Алыстан амандығың естілгенде,
Тулайды қуанғаннан жүрегіміз.

421. ҚАЛЫ-КҮЛІК-АЙ

Ойыма түспей отыр, ахау, өлең деген,
Құлағым өлең десе елеңдеген, ахау, игагәй.

О, тоба, жетпіс жасың, ахау, қиын екен,
Бұрынғы өуенім жоқ дегенменен, ахау, игагәй.

Қайырмасы:

Оу, келді-ау заман,
Қалды-ау құлан,
Қалы-күлік-ай.

422. ҚАНАТ ТАЛДЫ

Гүл бақша көңілді, бір әсем әнді,
Тілейтін бұлбұл едім сайрағанды.
Ән шырқап бой жаза алмай, шалқыта алмай,
Қалықтап, қайран дүние, қанат талды.

Әнім ед сүйіп салған «Қанатталды»,
Бұл өнім балқытушы ед тыңдағанды.
Өмірден өз еркіме орын таппай —
Кейінге «Қанат талды» өнім қалды.

423. ҚАПИЗА ТЕНТЕК

Қасың қара Қапиза қаламдайын,
Сіз тұрғанда мен кімге алаңдайын.
Бағаласа, бағаңа жан жетпейді,
Сәйпіл-Мәлік, бұрынғы Жамалдайын.

Қайырмасы:

Ой, Қапиза тентек-ау,
О, Қалқа еке-ау.

Есімнен еш кетпейді салған әнің,
Сіздей болып кезіксе сүйген жарым.

Жүрегіме лебізің жылы тиіп,
Балқыттың ғой бойымды, құрбыжаным.

Қайырмасы.

424. ҚАРА КӨЗ ҚАШЫҚ-АЙ

Алтайдың бір асуын асып келдім,
Жайқалтып жапырағын басып келдім.

Қайырмасы:

Қара көз қашық-ай,
Бай — Алтай асу-ай.

Толықсып қара көзім құшағымда,
Арнамнан Қобда өзендей тасып келдім.

Қайырмасы.

425. ҚАРА КӨЗІМ

Аулым көшіп барады белден асып,
Белден асқан бұлтпенен араласып-ай.
Алыс аулың кеткенде, әй, қарағым,
Ақ қағазбен жүрелік амандасып-ай.

Қайырмасы:

Қаракөзім,
Бар ма есінде кешегі
Айтқан сөзім-ай.

Аулым көшіп барады ылай көлге,
Шағи мешпет жарасар қынай белге-ай.

Аулың алыс кеткенде қара көзім,
Көз жасыңды көл қылып жылай көрме-ай.

Қайырмасы.

426. ҚАРА ҚИҒАЙ

Теріп жеген-ай нәсібін-ай біз бір қарға-ай,
Жаратылған-ай нәпсісіз адам бар ма-ай?
Дүниенің-ай түбінен-ай жеткеніңше-ай,
Былай бұра-ай тартқанша сынады арба-ай.

Қайырмасы:

Қара бидай-ай,
Қайда жүрсең-ай,
Аман жүр, қара қиғай-ай.

Қара кердің-ай мойынында-ай қайыс шылбыр-ай,
Талға қонып-ай сайрайды пәйне бұлбұл-ай.
Сен ортада-ай болғаныңда-ай, мен салықты-ай,
Ашып-жауып-ай ала алмай болдым ділгір-ай.

Қайырмасы:

Қалқа бала-ай,
Жаңа үйреткен-ай бүркіттей
Шалқалама!

427. ҚАРАГӨЗАЙЫМ

Өлеңді айт дегенде аяу бар ма,
Пышақта ұста соққан қаяу бар ма.
Өлеңді айт дегенде қоя бермей,
Тоны тозған, аты арық жаяу бар ма.

Қайырмасы:

Қарагөзайым,
Мен қимаймын, жаным-ау.
Мен де өзіңдей,
Жан сыйлаймын, угай-ай.

Өлеңді айтқан жақсы білген құлға,
Кім берер ақ теңгесін қара пұлға.
Төрт бұрышы төңіректің болар тұлға
Сыйлаған ата-анасын адал ұлға.

Қайырмасы.

428. ҚАРАҒАЙ

Боз інген-ді, ендеше, боз інген-ді,
Сөйлейін деп аузыма сөзім келді-ау.

Қайырмасы:

Қарағай,
Шауып өттім аралай,
Алды-артыма қарамай.

Кішкентайдан бірге өскен құрбым едің,
Құдай айдап тілдесер кезің келді-ау.

Қайырмасы.

Боз келтірген, тағы да боз келтірген,
Қисық-қисық ағашты тез келтірген.

Қайырмасы:

Қарақ-ай,
Қарағымның жамалы-ай,
Жан күйдіріп барады-ай!

Бір көрсем деп сағынып жүруші едім,
Айналайын құдайдан кез келтірген.

Қайырмасы:

Қарағай,
Желіп өттім аралай,
Жан-жағыма қарамай.

429. ҚАРАЙ КЕРІМ

Қолаң шашты, қой көзді, қиғаш қасың,
Сені ойласам, қиналар ғазиз басым-ай.
Нұр сипатың есіме түскен сайын,
Тамағымнан өтпейді ішкен асым-ай.

Қайырмасы:

Қарай керім,
Қақпан белім.
Күнде той, күнде жиын-ай,
Жүрген жерім-ай.

Мінген атым астымда қарай керім,
Жер ошақтай қазылар басқан жерің-ай.
Нұр сипатың есіме түскен сайын,
Мен несіне аяйын аттың терін-ай.

Қайырмасы.

430. ҚАРА-АЙ КӨЗ

Жер қайда, ей, сөңкіл көлдей жайлағанға,
Шыңғыртып-ей жас құлынын байлағанға-ай.

Келмейді, ей, жатсам ұйқым, тұрсам күлкім,
Қалқаны-ей кейін қалған ойлағанда-ай.

Қайырмасы:

Қара-ай көз,
Келсе-ай тез.
Жайдары-ай, жаймашуақ,
Мінезіңіз-ай.

431. ҚАРАКЕР ЖОРҒА

Қолымда бір қамшым бар күмістеген,
Күмісін бұл шіркіннің кім істеген-ай.
Тарыдай тал бойында бір мінің жоқ,
Бола ма сізден артық біліс деген-ай.

Қайырмасы:

Па, шіркін,
Қаракер жорға.
Тисе қолға,
Кетер ем сапар шегіп
Алыс жолға-ай!

Көйлектің бүрме салдым әдібіне,
Адамның кез келмегін бәдігіне-ау.
Адамның кез келтірсе бәдігіне,
Жетпейді бес тиындай қадіріңе-ау.

Қайырмасы.

432. ҚАРАКӨЗ

(1-нұсқа)

Ұшып жүрген әуеде көк көбелек,
Қанатыммен өтейін су себелеп.

Сен есіме түскенде, әбзал қалқам,
Аш бөрідей жортайын, тау жебелеп.

Қайырмасы:

Қаракөз сәулем, көз көрген,
Түнде ұйқысын төрт бөлген.
Шақырғанда бармай қап,
Сұм басым, пай-пай,
Сөзге ерген.

Таққаным тал бойыма қару-жарақ,
Хат келмеді қалқадан жалғыз парақ.
Сен есіме түскенде, әбзал қалқам,
Кетейін дуана боп ел аралап.

Қайырмасы.

433. ҚАРАКӨЗ

(2-нұсқа)

Басында-ау Шегетайдың бір түп мия,
Келемін-ау кербестімен жылқы жая.
Ауылыңа келу оңай, қайту қиын,
Туыстар-ау, кете алмаймын көңілін қия-ай.

Қайырмасы:

Қаракөз, қасыңыз жайдары-ай,
Жайма шуақ мінезің-ай.

Мінгенім-оу, дәйім менің, дөнен болса,
Майысқан ақша маңдай көрер болса.
Ел-жұртым-ай, бір-екі ауыз ән салайын,
Шынымен қалағаның өлең болса-ай.

Қайырмасы.

Қос өзен-ай ағып жатқан, тауым болсын,
Жағалай сай-салаға ауыл қонсын.
Келгенде-ай шалғай жерден елді аңсап,
Тілеуім-ай тілеп жүрген қабыл болсын-ай.

Қайырмасы.

434. ҚАРАКӨЗ ҚҰРҒЫР ГҮЛ ЖАЙНАР

Ай, қарағым, айналайын қиғаш қасың,
Қима бел, жазық маңдай, сүмбіл шашың.
Ай, есімнен жатсам-тұрсам бір шықпайсың,
Өтеді-ау, сені ойласам, жарым жасым-ай.

Қайырмасы:

Қаракөз құрғыр гүл жайнар,
Кәмел белбеу бір байлар.
Қаракөз еске түскенде,
Ет жүрегім зыр қайнар.

Ай, қарағым, айналайын қаранғаның,
Дидарың асыл тастан жаралғаның.
Ай, толықсып туған айдай нұрын шашып,
Түрленіп тоты құстай таранғаның.

Қайырмасы.

435. ҚАРИДАШ ҚАЛҚА, ЕЛ ҚАЙДА?

Ауылым Сөгетінің жағасында,
Қарайды жақсы азамат шамасына.

Қайырмасы:

Қаридаш қалқа,
Ел қайда-ай?!

Арасы жақсы-жаман жер мен көктей,
Жаманның таласпаймын бағасына.

Қайырмасы.

Азамат мына сөздің артын ойла,
Жібердім сенен сәлем нағашыға.

Қайырмасы.

436. ҚАРҚАРА

Басында керегенің оймақ тұрар,
Жігітке кедейшілік қой бақтырар, угәй-әй.
Алғаны ер жігіттің жақсы болса,
Бұралып тал шыбықтай ойнап тұрар, угәй-әй.

Қайырмасы:

Угәй-әй,
Ел жайлауы — Қарқара,
Мекен болған қалқама.
Жәрмеңкеде өн салған,
Бар қызығым, угәй, жаным, тарқама.

Жарасқан жамалына қарқарасы,
Сұлуға өркімнің-ақ бар таласы, угәй-әй.
Жігіттер, сұлуларға таласпаңыз,
Бұйырса, жаны сұлу жар табасыз, угәй-әй.

Қайырмасы.

437. ҚАРЛЫҒАШЫМ

Хат жаздым әр ойды ойлап, сіздің жаққа,
Сәлем айт, ұшқан құстан біздің жаққа.
Өзіңмен ойнап-күліп жүрген кезде,
Болушы ем отырғандай алтын тақта.

Қайырмасы:

Қарлығашым, жастықтың әсерімен,
Ой, сәулем, әуреленді ғазиз басым.

Қарағай, қайың, арша, тал, мойылым,
Лақтай жарға ойнаған қалды ойыным.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің есен-аман, қаз мойыным.

Қайырмасы.

438. ҚАТҚАН ШАЛДЫҢ ӘНІНІҢ СӨЗІ

Мен өзім шал да болсам, қатқан шалмын,
Сақалға меруерт, маржан таққан шалмын.
Бозбала ішің күйсе, тұз жалаңдар,
Қойнына талай сұлу жатқан шалмын-ай.

Қайырмасы:

Аспан шарлар бозторғай,
Сол бір қызық заман-ай,
Ай, қыздар-ай, қош есен бол-ай.

Молдеке, қоя тұршы иманыңды,
Берейін мал-мүлкім мен жиғанымды-ай.
Қасыма қыз молдасын әкеп қойсаң,
Кетейін соған тастап қу жанымды-ай.

Қайырмасы.

439. ҚАУЛИЛИ-ЛАЙ*(1-нұсқа)*

Таң-таң атар, таң атар таң жағынан,
Шаң шығады құланның ойнағынан, қаулили-лай.
Белге соққан жыландай үш бұралып,
Тұрар ма едім қалқаның оң жағынан,
қаулили-ай.

Қайырмасы:

Самал салқын жел соқса,
Үйрек ұшып, қаз қонса.
Таңдап алған перизат,
Сағынғанда кез болса.

Айналайын көзіңнен күліп тұрған,
Көрген сайын көңілді бөліп тұрған,
қаулили-лай.
Сымбатыңа тамаша көңілім толды,
Кезең жерде кез болып жолықтырған,
қаулили-лай.

*Қайырмасы.***440. ҚАУЛИЛИ-ЛАЙ***(2-нұсқа)*

Жылқы айдаймын көшкенде-ей Жалбаспенен,
Ортан жілік бітеді жамбаспенен.

Қайырмасы:

Қаулили-лай,
Қайран заман,
Ой, дүние-ай.

Көрмегелі көп айдың-ей жүзі болды,
Аман-есен жүрмісің мал-баспенен.

Қайырмасы.

441. ҚАУЛИЛИ-ЛАЙ

(*Э-нұсқа*)

Жылқымды айдап салдым теріскейге,
Мал шіркін айдамаса өрістей ме-ай.

Қайырмасы:

Өрістей ма, қаулили-лай,
Қаулили-ли-лай-ау.

Өрісте мал ішінде ән салғанда,
Осы әнім шырқап салған келіспей ме-ай?

Қайырмасы.

442. ҚИСЫҢҚА, ҚИЯСЫҢҚИ

Кигенім аяғыма кебіс еді,
Қос күрең жылқы ішінде тебіседі.
Күлдарига.

Тойда өлең мұнан бұрын айтқаным жоқ,
Өлеңді не деп айтсам келіседі.
Күлдарига.

Қисыңқа, қиясыңқи қиюа-қиюа,
Қарлығаш мәуе ағашқа салар ұя.
Күлдарига.

443. ҚОҒАЛЫ-АЙ

Боз беткейлі, ендеше, боз беткейлі,
Боз беткейден, ендеше, мал кетпейді.

Қайырмасы:

Қоғалы-ай,
Қоңыр салқын-ай малға жай.

Шөбі жұмсақ, шаруа жері шүйгін,
Бағаналы Мансарға жер жетпейді.

Қайырмасы.

Маусым-мамыр болғанда, маусым-мамыр,
Мал құдықтан су ішер абыр-сабыр.

Қайырмасы.

Самал соқса, қызылдың аптабымен
Күн қызады, жер бусап, жасыл адыр.

Қайырмасы.

444. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЙЛАУЫ

Бұлтты күн, ендеше, бұлтты күн,
Ақ қозыға жарасар түбітті жүн.

Қайырмасы:

Қоғамның жайлауы-ай,
Сөзіңнің бар ма байлауы-ай.

Оралыңа бір келсе ойна да күл,
Өтіп-кетіп қалады қызықты күн.

Қайырмасы.

Ай көрінер ақ үйдің маңдайынан,
Аузымды ашсам, бал тamar таңдайымнан.

Қайырмасы.

Ақындықпен өлеңді мен айтпаймын,
Мен айтамын өлеңді қандайынан.

Қайырмасы.

445. ҚОЙШЫ ӘНІ

(1-нұсқа)

Қойым семіз болсын деп тауға бақтым,
Таудың сәні келсін деп сырнайлаттым,
сәулетай, сәулетай.

Тау басынан ертемен кездеспесе,
Жас жүректің обалын саған арттым,
сәулетай, сәулетай.

Қайырмасы:

Сырнай даусы тау сәні, шай-шай-шай,
Құлағымнан кетер ме,
Сырнайлатқан сәулетай, сәулетай.

Қап бүркендім басыма күн жауғанда,
Сен келер деп қасыма түс ауғанда,
сәулетай, сәулетай.

Келші, келші, қалқатай, қамықпаймын,
Мен сендікпін дейтұғын сертің қайда,
сәулетай, сәулетай.

Қайырмасы.

446. ҚОЙШЫ ӘНІ

(2-нұсқа)

Айдағаным ешкі еді,
Мінген атым бесті еді.
Сол қалқамен уәде
Бүгінгі түн кеш еді.

Бір ағашта қос алма,
Мен алмаймын, сен де алма.
Жақын жерде той болса,
Мен барғанда сен қалма.

447. ҚОҢЫР ҚАЗ

Қоңыр қаз көл жағалап ұшады өрлеп,
Салғандай түрлендіріп әніне өрнек.
Ән салсаң, қоңыр қаздың әніне сал,
Көтеріп көңіліңді көкке сермеп.

Қайырмасы:

Ахау үй,
Сен — қоңыр қаз, мен — шаһбаз,
Айтқанмен
Таусылмайды іштегі наз.

Қоңыр қаз көл жағалап қаңқылдаған,
Сахара сазға қонып салқындаған.
Көңілді жабырқаңқы көтергендей,
Әнге сал қоңырқаздай саңқылдаған.

Қайырмасы.

448. ҚОҢЫР ҚАЗ-ҮЙРЕК

(1-нұсқа)

Жапалақ жалпылдайды жар басында,
Немене жоқтың күні бар қасында-ай.
Дос болып, қас қылғаннан сақ қылғайсың,
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына-ай.

Қайырмасы:

Қоңыр қаз-үйрек,
Қанатын сүйреп.
Өмірің өте шығар,
Үй деп, бүй деп-ай!

Дүние дастан,
Әуел бастан.
Ақылды дұшпан жақсы-ай,
Жаман достан-ай!

449. ҚОҢЫР ҚАЗ-ҮЙРЕК

(2-нұсқа)

Ауылым көшіп барады белден асып-ой,
Бұлтпен белден асқан араласып-ой, угәй.
Өлең-той, жиын-думан болған кезде-ой,
Өлеңмен отырайық көңіл ашып-ой, угәй.

Қайырмасы:

Қоңыр қаз-үйрек,
Күлім көз әйнек.
Келіп ем мен алыстан,
Әдейі іздеп-ай, угәй.

450. ҚОҢЫР ҚАЗ-ҮЙРЕК (3-нұсқа)

Жапалақ жалпылдайды жар басында,
Немене жоқтың күні бар қасында-ай.
Дос болып қас қылғаннан сақтағайсың,
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына-ай.

Қайырмасы:

Қоңыр қаз, үйрек,
Қанатын сүйреп.
Өмірің өте шығар,
Үй деп, бүй деп-ай.

Дүние дастан,
Әуел бастан.
Ақылды дұшпан жақсы-ай,
Жаман достан-ай.

451. ҚОҢЫРЖАЙ (1-нұсқа)

Салдым сайран Қобданың күн бетіне,
Жазу жаздым ақ қағаз бір бетіне.

Қайырмасы:

Халалакуләйлім,
Халалакуләлім,
Қоңыржай.

Ақындықпен өлеңді біз айтпаймыз,
Көпшіліктің айтамыз құрметіне.

452. ҚОҢЫРЖАЙ

(2-нұсқа)

Өлеңді айт дегенде іркілмеймін,
Тұлпардай топтан озған желкілдеймін.
Қолқаңыз маған салған өлең болса,
Алдыңда желмей, шаппай бүлкілдейін.

Өлеңді сасқанымнан айта алмаймын,
Бастасам барып тұрған майталманмын.
Бұл жерде үлкен отыр, кіші отыр,
Көңілін үлкен-кіші қайтармайын.

453. ҚОҢЫРЖАЙ-ГҮЛЖАЙ

(1-нұсқа)

Ағашы таулы жердің қара барқын,
Қоңыржай-Гүлжай,
Қалқатай, айналайын жүзің жарқын.
Тарыдай тал бойыңда бір мінің жоқ,
Қоңыржай-Гүлжай,
Аузыңнан шыққан сөздің бәрі алтын.

Қарағай қамшым сабы қанымаған,
Қоңыржай-Гүлжай,
Бермейді тұрып орын танымаған.
Кісінің сыйласқандай баласы едік,
Қоңыржай-Гүлжай,
Тигізбе салғырт сөзді, жаным, маған.

Алқызыл көрінеді қашқандағы,
Қоңыржай-Гүлжай,
Жігіттің жары Құдай сасқандағы.

Даусым тымауратып келмей отыр,
Қоңыржай-Гүлжай,
Аққудай ән салушы ем аспандағы.

454. ҚОҢЫРЖАЙ-ГҮЛЖАЙ (2-нұсқа)

Қонғаны ауылымның Аласа-ды,
Қоңыржай-Гүлжай,
Жайылып аласадан мал асады, айхай!

Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Қоңыржай-Гүлжай,
Сыртыңнан көрген адам таласады, айхай!

Жан қалқа, сен де ақ маңдай, мен де ақ маңдай,
Таңырқап көрген адам қаққан таңдай.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Ақ жүзің ағаш үйге шам жаққандай.

455. ҚОЛАҢ ШАШ

Айым да сен, қарағым, күнім де сен, жаным-ай,
Қасқа тісің ақсияр күлімдесең, жаным-ай.

Қайырмасы:

Жаңа салған өнім-ай,
Қара мақпал қолаң шаш-ай,
Әттең, сенің сөнің-ай.

Ай мен күндей жанымда сен жүргенде, жаным-ай,
Ауыт басып, адасып сүрінбес ем, жаным-ай.

Қайырмасы.

456. ҚОРЛАШ

Дәйім менің мінгенім, ала құнан,
Сыры мәлім сәулемнің қабағынан.
Артық туған ардақты аяулымның,
Иіскер ме едім үлбіреген тамағынан.

Қайырмасы:

Ай қараңғы, кеш жарық,
Ебін тауып
Ойнашы-ау.

Үйдің арты терең сай, қалың бүрген,
Ішінен түлкі аралап, қасқыр жүрген.
Артық туған, аяулы сіздей жанмен,
Адамда арман бар ма ойнап-күлген.

Қайырмасы.

457. ҚОС БАЛА

Желісіне жел жетпес киігім-ай,
Ай жүзіне қол жетпес биігім-ай.

Қайырмасы:

Қос бала теңгелі-ай,
Ән салайық, кел бері-ай.

Бір жаманға қор болып кете ме деп,
Қу ішімнің өртеніп күюін-ай.

Қайырмасы.

Қайырмасы:

Қос күрең қалқа,
Күнде ойна осындайда-ай.

Елжіреп іші бауырым бара жатыр-ай,
Көрінген сағымдай боп тамағыңа-йау.

Қайырмасы.

461. ҚОС КҮРЕҢ (2-нұсқа)

Берейін сөйлеп-сөйлеп, сөйле десең,
Болады ішім қапас сөйлемесем-е-ау.
Жел сөздің Құдай берген арқасында,
Серкедей қой бастаған болдым көсем-е-ау.

Қайырмасы:

Қос күрең ауыл қайда,
Кез болдық осындайда-е-ау.

Жігітке қандай жақсы-ау өлең деген,
Құлағым өлең десе елендеген-е-ау.
Жел сөзді аяйды ғой кейбір адам,
Ішіне сақтап қалар жөн білмеген-е-ау.

Қайырмасы.

462. ҚОС КҮРЕҢ ТЕҢГЕЛІ-АЙ

Аяғыма кигенім кебіс еді,
Жылқы ішінде қос күрең тебіседі.

Қайырмасы:

Ей, қос күрең теңгелі-ай,
Ән салайық кел бері-ай.
Шытыра көйлек сылқылдақ,
Сал өзімдей былқылдап.

Мұнан бұрын өлеңді айтқаным жоқ,
Не деп айтсам өлеңді келіседі.

Қайырмасы.

463. ҚОС ҚАРА КӨЗ

Дәйім менің мінгенім күрең арда,
Ардаңдатып жүруші ек ақша қарда.
Қаздай қалқып жүруші ек айдын көлде,
Кешегі қалқатайдың ауылы барда.

Қайырмасы:

Қос қара көз айдай,
Өзің де ойлан, аха-хай.

Айтпай болмас өлеңді үйренген соң,
Қылған қайырың сел болар күңіренген соң.
Арпа жеген атдайын аңсайды екен,
Өз құрбыңмен бір жүріп, үйренген соң.

Қайырмасы.

464. ҚОС ПЕРИЗАТ

Айт дегенде өлеңді тоқталар ма, ей,
Шын жүйріктің басында ноқта бар ма,
Хәйлилililәй.

Осындайда айтпасақ біз өлеңді-ей,
Күнде мұндай жиналған той болар ма,
Хәйлилиләй.

Қайырмасы:

Бірің қайың, бірің тал,
Бірің шекер, бірің бал.
Ұлы тойда кез болғай,
Қос перизат әнге сал.

Ақын өлең айтады, соққан желдей-ей,
Жүрген жері жақсының рулы елдей.
Хәйлилиләй.

Қанша ойласам ойыма өлең түспес-ей,
Өзілдесер қасыма құрбым келмей,
Хәйлилиләй.

Қайырмасы.

465. ҚҰБАЖАЙ

(1-нұсқа)

Құбажайға салайын баяулатып,
Мал табады ер жігіт жаяулатып.

Қайырмасы:

Құбажай,
Жеткіз, Тәңірім, арманға-ай.

Алты қырдың астынан ән шырқасам,
Дәтің қайтіп шыдайды ояу жатып.

Қайырмасы.

Құбажайға салайын ширатылып,
Кескен қайың құлайды қиратылып.

Қайырмасы.

Тіршілікте, жігіттер, күл де ойна,
Өтіп жалған барады шұбатылып.

Қайырмасы:

Құбажай,
Қоңыр салқын малға жай.

466. ҚҰБАЖАЙ

(2-нұсқа)

Айт дегенде өлеңді үстеуші едім,
Тоят алмай тотыдай түспеуші едім.

Қайырмасы:

Құбажай,
Кім жетеді арманға-ай.

Теңбіл көктің баласы затым тұлпар,
Тұнық судан таңдамай ішпеуші едім.

Қайырмасы.

Айта берсем өлеңді зырлаушы едім,
Жаман жерге мойнымды бұрмаушы едім.

Қайырмасы.

Теңбіл көктің баласы қаз мойын-ау,
Өлең айтпай тойларда тұрмаушы едім.

Қайырмасы.

467. ҚҰДАША-АУ*(1-нұсқа)*

Созғанмен қол жетпейді туған айға,
Қайрылып құрық салдым асау тайға.
Алыстан ат арытып келгенімде,
Көзіңнің қырын салшы біздің жайға.

Қайырмасы:

Ей, құдаша-ау,
Құлпырасың құндыздай,
Жымындайсың жұлдыздай.

Қарағым, айналайын, асыл туған,
Үстіне жібек киіп, белін буған.
Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,
Секілді ақ балапан түйғын қуған.

*Қайырмасы.***468. ҚҰДАША-АУ***(2-нұсқа)*

Жылқымды айдап салдым шилі өзекке,
Жығылды атым тайып қу тезекке.
Кісінің сыйласқандай баласы едік,
Өлең айт тәуір-тәуір бұл кезекте.

Қайырмасы:

Ей, құдаша-ау,
Құлпырасың тұлпардай,
Сыртың сұлу сұңқардай.

Құдаша, аулың қайда, аулың қайда,
 Келіпсіз тамашалап біздің жайға.
 Дүние екі айналып қайта келмес,
 Қалайық ойнап-күліп осындайда.

Қайырмасы.

469. ҚҮДЕКЕ-АЙ

Мінгенім дәйім менің, ей, күрең дөнен,
 Құйрығы күрең дөнен күлтеленген, е-ау.
 Кеткенде ауылың шалғай, ей, қимас қалқа,
 Көзіңнен айналайын күлімдеген, е-ау.
 Құдеке-ай, ауылың қайда-ай,
 Кез болдық осы тойда-ай, е-ау.

Мінгенім дәйім менің, ей, құла қасқа,
 Қаздырдым қырдан құдық құламасқа, е-ау.
 Кеткенде ауылың алыс, ей, қимас қалқа,
 Беріп кет орамал шыт жыламасқа, е-ау.
 Құдеке-ай, ауылың қайда-ай,
 Кез болдық осы тойда-ай, е-ау.

470. ҚҰРАЛАЙ КЕР

Алып келген базардан он бір тақтай,
 Сыртың сұлу көрінер арғымақтай-ау.
 Бағаласам, бағаңа жан жетпейді,
 Жанып тұрған Меккеде шамшырақтай-ау.

Қайырмасы:

Құралай кер,
 Ат өксітіп келгенім
 Бірталай жер.

471. ҚҰРАЛАЙ КӨЗ*(1-нұсқа)*

Бірге өсіп, біте қайнап жүрмесем де,
Сыртыңнан ғашық едім, көрмесем де.
Шынымен көңіліңіз бізде болса,
Жеткізе көр қолымды сермесем де.

Қайырмасы:

Уа, шіркін, құралай көз,
Қалды-ау кейін.
Өкінбе өткен іске
Дегендейін.

Қос қара ат парлап жектім сырлы арбаға,
Аулыңа құмар едім бір бармаға.
Қалқатай, берген уәдең рас болса,
Аударма көңіліңді бөтен жарға.

*Қайырмасы.***472. ҚҰРАЛАЙ КӨЗ***(2-нұсқа)*

Көшкенде жылқы айдаймын қиқу салып,
Қолыма бір сылқылдақ шыбық алып-ай.
Сенімен бір ойнасам мен ойнаймын,
Мойыныңды бозжорға аттай бұрып алып-ай.

Қайырмасы:

Ал, шіркін, құралай көз, қалды-ау кейін,
Мысалы, дүние жалған дегендейін-ай.

481. ҚҰРБЫМ-АЙ*(5-нұсқа)*

Сен дескендей, құрбым-ай, ахау, мен дескендей-ау,
Жағаласқан болмайды белдескендей, құрбым-ай.
Бір сені ойлап жүрмін-ай.

Қайырмасы:

Суға бір түстік, су іштік,
Неге түстік, неге іштік.
Ойнамасақ, күлмесек,
Неге туып, неге өстік.

Жаман тамда құлаған, ахау, ешкі ойнайды-ау,
Күн батпаймын дегенге кеш қоймайды,
құрбым-ай.

Бір сені ойлап жүрмін-ай.

Жаманменен мүбәдә жолдас болсаң,
Бес тиындық басыңда ес болмайды-ай, құрбым-ай,
Бір сені ойлап жүрмін-ай.

Қайырмасы:

Ана бір таудың аршасы-ай,
Басына бұлт қонсашы-ай.
Ауылың жақын болғанша,
Көңілің жақын-ай, болсашы-ай.

482. ҚҰРБЫМ-АЙ*(6-нұсқа)*

Тойлау базар, той базар тойлай келдім,
Алтын сақа қолға алып ойнай келдім,
құрбым-ай.

Тамырым жоқ бұл тойда, танысым жоқ,
Айттысам деп өзіңмен ойлай келдім, құрбым-ай.

Қайырмасы:

Әсем көмей бұлбұл-ай,
Өн еркесі дүлдүл-ай.
Кер маралдай керілген,
Алма мойын құрғыр-ай.

483. ҚҰРБЫМ-АЙ

(7-нұсқа)

Жылқы ішінде жүрелік домбыра алып,
Бір шеберге тиегін жондыралық, құрбым-ай.
Шын көңілің, шын пейілің менде болса,
Екі ауылды бір жерге қондыралық, құрбым-ай.

Қайырмасы:

Су ағады бүлдірген,
Қыз қарайды жабықтан.
Сүйер едім бетіңнен,
Ұяламын халықтан.

Есік алды бүлдірген,
Қыз бен жігіт бір жүрген.
Ебін тауып ойнаса,
Қыз бетінен сүйдірген.

484. ҚҰРБЫМ-АЙ

(8-нұсқа)

Құрбы сәні келмейді ойнап-күлмей-ей,
Қыздың сәні келмейді барша кимей, құрбым-ай.

Алыстағы махаббат арман болар-ей,
Екі ғашық сырласып бірге жүрмей, құрбым-ай.

Жас қартаяр, қартаймас құрбы көңіл-ей,
Құрбысыз күн не керек құрысын өмір, құрбым-ай.

Қимас құрбы туыстан болар жақсы-ей,
Құрбың келсе, көңілден ашылар сыр, құрбым-ай.

Бұл өмірде не тату, құрбы тату-ей,
Бір-біріне әзілін етер тарту, құрбым-ай.

Сыйласпайтын пәндеменен сөз байласпа-ей,
Асыл күлкің аяғы болар ашу, құрбым-ай.

485. ҚҰРБЫМ-АЙ

(9-нұсқа)

Сән болмайды жүйрікке қамшылаған,
Зәмзам артық дариядан тамшылаған, құрбым-ай.
Отыз үйрек, қырық қаз алыстағы,
Нәсілі артық сұңқардың қаршығадан, құрбым-ай.

Қайырмасы:

Саяхатта елдері,
Самал салқын белдері.
Үйрек ұшып, қаз қонған,
Дария шалқар көлдері-ай.

Сайрандап сал айдаймыз,
Шалқар көлді жайлаймыз.
Аман-есен шыққан соң,
Сауық құрып ойнаймыз.

486. ҚҰРБЫМ-АЙ*(10-нұсқа)*

Сен ар жақта, қалқатай-ей,
мен бер жақта, құрбым-ай,
Кері арғымақ шұлғиды-ай, құрбым-ай,
баушарбақта, құрбым-ай.

Құнан атан қолымда-ей,
егіледі, құрбым-ай,
Жапырағы жел соқса-ай, құрбым-ай,
төгіледі, құрбым-ай.

Бір бөйтерек жаһанда-ей,
егіледі, құрбым-ай,
Жапырағы жел соқса-ай, құрбым-ай,
төгіледі, құрбым-ай.

Аулың алыс кеткенде, ей,
қалқатай, құрбым-ай,
Сынбаса да қабырғам-ай, құрбым-ай,
сөгіледі, құрбым-ай.

487. ҚҰРБЫМ-АЙ*(11-нұсқа)*

Бір қамшым бар қолымда алтындаған,
Ұстай алмай кей адам қалтылдаған.
Кішкентайдан бірге өскен, өттең, құрбым,
Айналайын көзіңнен жалтылдаған.

Қайырмасы:

Құрбым-ай,
Құр сөзіңмен жүрмін-ай,
Өтер дәурен бір күні-ай.

Күн шығады аспаннан алтын арай,
 Құрбыда да құрбы бар талай-талай.
 Жатсам ұйқым келмейді, сені ойласам,
 Көзім талды жолыңа қарай-қарай.

Қайырмасы.

488. ҚҰРБЫМ-АЙ

(12-нұсқа)

Майдақол жігіт болсаң алжібектей-ай,
 Жарамас қатты қолы тікенектей-ай,
құрбым-ай.
 Бос белбеу, бота тірсек бозбала көп-ай,
 Болмайды жігіт жарқын сыннан өтпей-ай,
құрбым-ай.

Қайырмасы:

Сыпыра қайың, шоқ талдай,
 Осы өнге сал тоқтамай.
 Көңіліңдегі кісің болса,
 Шақырып қасыңа ал тоқталмай.

Қараойдың қаңбақ ұшар желіменен-ай,
 Өзеннің мұз қатады селіменен-ай,
құрбым-ай.
 Кәрі мен жас ойнаса, жараспайды-ай,
 Әркімді алсын Құдай теңіменен-ай,
құрбым-ай.

Қайырмасы.

489. ҚҰРБЫШЫМ-АЙ

Алма мойын ала үйрек ұшар сайдан, ой-ау,
Бозторғайдың ажалы-ау күйкентайдан-ай.
Екі бала құрбышым-ай,
Есен де аман жүрмісің-ай.

Өлең даусын сағынып жүргенімде, ай-ау,
Ала үйрек, алма мойын-ау, келдің қайдан.
Екі бала құрбышым-ай,
Есен де аман жүрмісің-ай.

Жанда аманат жүргенде, малда аманат, ой-ау,
Біреу құйрық болғанда біреу қанат.
Екі де бала құрбышым-ай,
Есен де аман жүрмісің-ай.

Көріскелі, көргелі келдік жаңа, ой-ау,
Аман-есен жүрсің бе сау-сәлемет.
Екі де бала құрбышым-ай,
Есен де аман жүрмісің-ай.

490. ҚҰРЫШ ҚАНАТ ҚАУЫРСЫН

Тоқым салма жауырға жалды екен деп, ахау,
Жолдас болма жаманға малды екен деп, еркем-ай.
Сынса дағы сырлы аяқ сыны кетпес, ахау,
Күдер үзбе жақсыдан жарлы екен деп, еркем-ай.

Қайырмасы:

Құрыш қанат қауырсын,
Ән салуға тәуірсің.
Құлағымнан кетпейді,
Әнге салған дауысың.

491. ҚЫЗҒАЛДАҚ ҚЫЗДАР-АЙ

Сары қурай сыбызғы тартқаным,
Сыр шертемін тойда өлең айтқанымда.
Аз ғана күн өзіңмен ойнап-күліп,
Екі көзім төрт болды-ау қайтқанымда.

Қайырмасы:

Ей, қызғалдақ қыздар-ай,
Көңілімді бұзғаны-ай.

492. ҚЫЗДАР-АЙ

Сен дегенде, қалқатай, неден жаздым,
Сары қурайдың сабағын белден қаздым.

Қайырмасы:

Қыздар-ай,
Әттең-әттең, қыздар-ай.
Қыздар отыр болмай-ай,
О, шіркін, озорой, қыздар-ай.

Кеткенде аулың алыс, ей, қалқатай,
Жығылып Салторыдан өле жаздым.

Қайырмасы.

Алып келген базардан қуқыл мақпал,
Он түйме омырауда былқылдап қал.

Қайырмасы.

Аулың шалғай кеткенде, әттең, қалқа,
Есен-аман жүрмісің, сылқылдақтар.

Қайырмасы.

493. ҚЫЗЫЛ ЖЕЛ*(1-нұсқа)*

Айналайын көзіңнің қарасынан,
Артық туған қазақтың баласынан.
Күндіз-түні аулыңнан шықпас едім,
Дұспандардың қорқамын табасынан.

Қайырмасы:

Қызыл жел-ай,
Сағынсаң, сәулем,
Өзің кел-ай!

Сен ар жақта, қалқатай, мен бер жақта,
Көзім талды телміріп, сіздің жаққа.
Сүйем деп айтқан сөзің рас болса,
Келіп-кетіп жүре көр біздің жаққа.

*Қайырмасы.***494. ҚЫЗЫЛ ЖЕЛ***(2-нұсқа)*

Ауылым көшіп барады-ау, таудан асып,
Таудан асқан бұлтпенен араласып.

Қайырмасы:

Қызыл жел, айдай,
Аман ба екен біздің ел, айдай.

Ауылың алыс кеткенде-ау, қалқатайым,
Самал желмен жүрейік амандасып.

Қайырмасы.

Дарияның бойында жалғыз терек,
Қайратқа сай адамға ақыл керек.

Қайырмасы.

Алыс ауылың кеткенде қайдан табам,
Бір өзіңдей адамды елден зерек.

Қайырмасы.

495. ҚЫЗЫЛ ЖЕЛ, АЙДАЙ

Алыс жүрсең, аңсаймын, ей, құрбым, сізді,
Сізде ұмытпай жүрерсіз, өттең, бізді.

Қайырмасы:

Қызыл жел, айдай,
Есенде ме екен біздің ел-айдай.

Тай-құлындай айқасып, ойнақ салған,
Есіме алып жүремін өткен күзді.

Қайырмасы.

496. ҚЫМБАТТЫМ

Алып келген базардан алтын балдақ,
Тор бестімен келемін суға жалдап.
Тор бестінің құйрығын талдап өріп,
Жануарды жараттым саған арнап.

Қайырмасы:

Өлең айт деп ым қақтың,
Бұл өнерден кім қапты.

Бәрін айт та бірін айт,
Денсаулық қой қымбатты.

Қаратаудың басында бұлағы бар,
Көлге біткен көкорай шалғыны бар.
Ән айтты деп, қымбаттым, сөге көрме,
Тарқамаған жастықтың құмары бар.

Қайырмасы.

497. ЛӘЙЛӘН

Ләйлән деп өз атымды әкем қойған,
Әкеміз қуанғаннан бір ат сойған.
Ер жеткенде қалқаға ғашық болып,
Дарига-ай, сол ғашығым кетпейді ойдан.

Қайырмасы:

Әккигай, әккигай,
Әппақ етің қояндай.
Арманда боп біз жүрміз,
Қызығыңа тоя алмай.

Ауылым Бөпекенің етегінде,
Сал торы ат жүгендеулі жетегімде.
Қор болып бір жаманға барам, әке,
Арманда дүниеден өтемін бе.

Қайырмасы.

498. МАЙДА ЖАЛ

Жүк артса, жарасады, қара нарға,
Салайын құйқылжытып майда жалға.

Шырқатып, тамылжыта салған әнім,
Қалықтап жетер ме екен қалқажанға.

Бұл әнім қалқажанға ұнар ма екен,
Жүректің нәзік сырын ұғар ма екен.
Тұтанып, жүрегіне ғашық оты,
Сол қалқа бізге мойын бұрар ма екен.

499. МАЙДА ҚОҢЫР

Ұшып жүрген әуеде ақ сауысқан,
Жыл он екі болғанда, ай ауысқан.

Қайырмасы:

Майда қоңыр көңіл жай,
Ай-дой,
Сыңғырлаған күлкіңді-ай!

Оралыңның барында ойна да күл,
Тіршіліктің қызығын кім тауысқан.

Қайырмасы.

Күн жауарда көк аспан бұлттайды,
Алыс жүрсе, ағайын суықтайды.

Қайырмасы.

Бір күн жолдас болғанда қырық күн сәлем,
Шын досын ер азамат ұмытпайды.

500. МАЙДА МАМЫР

Келмейді мінсем түскім қызған аттан,
Әлі де дәмелімін перизаттан.

Кездесіп сол қалқамен сөз сөйлесем,
Ішкендей сусын қанар зәуқыйраттан.

Алыстан дүбірің шықты тұлпардайын,
Жақыннан иісің шықты жұпардайын.
Сіз болып қызыл түлкі қырдан шықса,
Ілермін қан шығармай сұңқардайын.
Ай-ай.

501. МАРҒҰЛАН

Қыран бүркіт ұшады қыр айналып-ей,
Дариядан су ағады ылайланып.
Марғұлан-ай,
Зарығып сізді салған ән-ай.

Осындайда балалар ойна да күл-ай,
Кім бар, кім жоқ келгенше жыл айналып.
Марғұлан-ай,
Зарығып сізді салған ән-ай.

Ұшып жүрген әуеде ақ сауысқан-әй,
Жыл он екі болғанда, ай ауысқан,
Марғұлан-ай,
Зарығып сізді салған ән-ай.

Осындайда, балалар, ойна да күл-ай,
Бұл жалғанның қызығын кім тауысқан.
Марғұлан-ай,
Зарығып сізді салған ән-ай.

502. МАРҚАКӨЛ

Сұр шоқы, бөлек төбе, қызыл жартас,
Жатады мекен етіп мал менен бас.

Алысқа сапар шегіп біз барамыз,
Талап қып әр нәрседен өрімдей жас.

Қайырмасы:

Ей, Алқакөл,
Қайран Алтай, Марқакөл,
Қалды-ау кейін қайран ел.

Әуелі хат жазайын анамызға,
Әлпештеп мені өсірген панамызға.
Міндетті абыроймен атқарған соң,
Ауылға аман-есен барамыз ба?

503. МӘТӘРИ САБАЗ-АЙ

Алып келген базардан асыл айна,
Қайғы ойласа, көңілің жасымай ма.

Қайырмасы:

Осылай, өтеді заман-ай,
Мәтәри сабаз-ай.
Құрбыңменен әзілің жарасқанда,
Дариядай көңілің тасымай ма.

Дүние біраз күндік мекен екен,
Тастап та күні біткен кетеді екен.

Қайырмасы.

Қалайық тіршілікте күліп-ойнап,
Бұл дәурен бәрімізден кетеді екен.

Қайырмасы.

504. МЕКЕН-АЙ

Ауылымның қонғаны үлкен қырат-ей,
Екі жағы Ертістің малға суат, хәулім-ай.
Ауылың алыс кеткенде, беу, қарағым-ай,
Осы әнімді сала жүр дөтке қуат, хәулім-ай.

Қайырмасы:

Хәулімлөйдің мекені-ай,
Мекен алыс екен-ай.
Аттандырып, қош деген,
Ол да мерей екен-ай.

505. МИНӘШ

Көйлегің көлбеңдейді кең болған соң-ай,
Ойнайды екі асыл зат тең болған соң, үй, үй.
Төк Минәш, еркем-ай,
Асылға шапса қылыш, өте ме-ай.

Сырымды саған айтпай кімге айтайын,
Көзіме көрінгенім сен болған соң, үй, үй.
Төк Минәш, еркем-ай,
Асылға шапса қылыш, өте ме-ай.

Көшкенде жылқы айдаймын Ақтабанмен-ай,
Болмайды жаман жақсы мақтағанмен-ай,
үй, үй.

Төк Минәш, еркем-ай,
Алға шапса қылыш, өте ме-ай.

Сүймесе несі қызық екі жастың,
Күйеу боп босағаны аттағанмен, үй, үй.
Төк Минәш, еркем-ай,
Асылға шапса қылыш, өте ме-ай.

506. МІНГЕН АТЫМ—ӨЗ АТЫМ

Мінгенім дәйім менің ал қара кер,
Жігіттер екі-екіден-ай, өн сала бер.
Өз атым.

Барында оралыңның ойна да күл,
Жұтады бәрімізді-ай, бұл қара жер.
Өз атым.

Қайырмасы:

Мінген атым — өз атым,
Сүйіп мінер боз атым.
Тиірменнің тасындай
Қызыл тілім озатын.

507. НҰҒИ-АЙ

Ауылым қонды Алтайдың күн бетіне-ей,
Жазу жаздым ақ қағаз бір шетіне-ой.

Қайырмасы:

Нұғи-ай, Нұғи-ай,
Әншіл Зүбила-ай,
Уғай, Ғазиза-ай.

Бүгін айтпай өлеңді қайда айтамыз-ай,
Осы отырған үлкендер құрметіне-ой.

Қайырмасы.

Есік алды қара су қайраңдаған-ай,
Бастан дәулет-бақ қайтса, ойланбаған-ай.

Қайырмасы.

508. НҮРИЯ-АЙ

Өлеңді айт дегенде-ау, жөнелейін,
Несіне бейпіл сөзден-ау бөгелейін,
Нүрия-ай.
Отыр ғой өлең айт деп-ау ағаларым,
Тасындай диірменнің-ай дөңгелейін,
Нүрия-ай.

Дүние дүниеден-ау, дүние жалған,
Күлмеген, ойнамаған-ау қалып қалған,
Нүрия-ай.
Барында тіршіліктің-ау ойна да күл,
Өтеді бәрімізден-ау мына жалған,
Нүрия-ай.

509. О, ҒАЛИЯ

Бір қамшым бар қолымда ат қамшылар,
Ал күреңнің бетінен қан тамшылар, әләйлім.
О, Ғалия, ғашық жар, қан тамшылар-ай.

Сіз көйлекшең болғанда, біз жейдешең,
Жақындасып келгенде не жан шыдар, әләйлім.
О, Ғалия, ғашық жар, не жан шыдар-ай.

Бір қамшым бар қолымда алтындаған,
Ұстай алмай кей жаман қалтылдаған.
О, Ғалия, ғашық жар, қалтылдаған-ай.

Алыс ауылым кеткенде екі-ай, қалқам,
Айналайын көзіңнен жалтылдаған, әләйлім.
О, Ғалия, ғашық жар, жалтылдаған-ай.

510. ОЙ, АСЫЛ БЕКЗАТ

Келдің қайдан-ай, сәулем-ей, келдің қайдан-ай,
Алма мойын ала үйрек ұшар сайдан-ай.

Қайырмасы:

Ей, асыл, бекзат құрбышым-ай,
Аман да есен жүрмісің-ей.

Жаз құсындай, ей, қос бұрым, айқасалық-ей,
Мен қоңыр қаз алдыңнан қанат жайған-ай.

Қайырмасы.

Қыран бүркіт ұшады қиялауға,
Шешен жігіт сөйлейді қия дауда.

Қайырмасы.

Түлеп ұшқан Алтайдан сұңқар едім,
Қай жеріне қонайын ұялауға.

Қайырмасы.

511. ОЙ, АСЫЛ-АЙ

Қудым сені дүние он жасымнан-ай,
Денем ауыр тартады қорғасыннан.
Ой, асыл-ай,
Арманда едім қосылмай.

Су төгілмес үстінен майда қоңыр-ай,
Қартайған соң танбай ма жорғасынан.
Ой, асыл-ай,
Арманда едім қосылмай.

512. ОЙ, БҰРАҢ БЕЛ-АЙ

Айналайын-ай көзіңнің, ей, қарасынан-ой,
Хат жазайын-ай қасыңның арасынан-ай.

Ой, бұраң бел-ай.

Дүрия мешпет-ай үстіңнен шешіп берген-ой,
Айналайын-ай қолыңның саласынан-ай.

Ой, бұраң бел-ай.

513. ОЙ, ЕЙ-АУ

Мінгенім дәйім менің Сусылсары,
Сусылдар шапқан сайын, ой, аттың жалы-ей-ай.
Кеткенде аулың алыс екі-ай, қалқам,
Болмайды бір өзіңдей, ой, жанның бәрі-ей, ай.

514. ОЙ, ЖАН СӘУЛЕМ

Қаршығаң қыран болса, тырна алады-ау,
Жел соқса, қамыс басы ырғалады-ау,
Ой, жан сәулем, ырғалады-ай-ау!

Бұрынғы өткендерден қалған бір сөз-ау,
Базардан байдың қызы сырға алады-ау,
Ой, жан сәулем, сырға алады-ай-ау!

Сырғалы бойжеткеннің біреуі сен-ау,
Өзіңнен қандай жастар құр қалады-ау,
Ой, жан сәулем, құр қалады-ай-ау!

Өзіңді ат арылтып іздеп келіп-ау,
Отырмын бенітіңді ырғағалы-ау,
Ой, жан сәулем, ырғағалы-ай-ау!

Алыстан әдейі іздеп келгенімде-ау,
 Өзіндей тауып алдым бір баланы-ау,
 Ой, жан сәулем, бір баланы-ай-ау!

515. ОЙ, ЖАНЫМ-АЙ

Бұлт астынан күн батар қырдан асып,
 Гүл жайнаған өмірге болдым ғашық,
ой, жаным-ай.
 Жастық дәурен барады-ау бастан өтіп,
 Аз ғана күн жүрейік қолтықтасып, ой, жаным,
Өзіліңді қой, жаным-ай.

Қайырмасы:

Ой, жаным,
 Тойладым.
 Қызығына-ау жалғанның
 Тоймадым-ау.

Терең судың бетінде балық жүрер,
 Құдай берген нәсібін теріп жүрер, ой, жаным-ай.
 Жақсылармен ойнасаң, шаттанарсың,
 Жамандардан көңілің қалып жүрер, ой, жаным,
Өзіліңді қой, жаным-ай.

Қайырмасы.

516. ОЙ, ҚАЙША-АЙ

Атым шыққан Бүркітбай батыр едім,
 Шырт ұйқының ішінде жатыр едім,
ой, Қайша-ай.
 Келіп қалды жолдастар дүбірлетіп,
 Соларменен ілесіп тентіредім, ой, Қайша-ай.

Қайырмасы:

Самарқанда сандал бар,
Сандал ағаш қайда бар.
Қара көз, қалқам, қайтейін,
Жолың болсын, барсаң бар.

517. ОЙ, ҚАЛҚА

Қарасу қайнатқанмен іркіт болмас,
Білімді жүректегі, ой, қалқа, іркіп болмас-ау.
Мысалы, өр нәрсенің сол сияқты,
Қарақұс қайырғанмен, ой, қалқа,
бүркіт болмас-ау.

Өн салсаң, өзімдей сал баяулатып,
Ер жігіт мал табады жаяулатып.
Астынан алты қырдың өн шырқасаң,
Шыдайды дөтің қайтіп, ояу жатып.

518. ОЙ, ҚАРАҒАЙ

Дүние, өтеріңде сынаптайсың-ай,
Таулардан жылжып аққан бұлақтайсың.

Қайырмасы:

Ой, қарағай,
Шауып өткен марал-ай,
Кәрілік келді-ау жағалай,
Жастық өтіп барады-ай.

Басынан талай ердің аттай теуіп-ай,
Сұм жалған, қайда барып тұрақтайсың.

Қайырмасы.

Дүние, қудым сені жалықпай-ақ-ау,
Судағы ұстатпайсың балықтай-ақ.

Қайырмасы.

Біреуге мал мен бақыт қатар беріп-ау,
Біреуді қойдың, Құдай, жарытпай-ақ.

Қайырмасы.

519. ОЙ, ҚҰРБЫМ, ОЙ СӘУЛЕМ

Айналайын көзіңнен, ей, бұлбұлым-ай,
Тас бастаудың суындай, ой, құрбым, ой, сәулем,
мөлдірім-ай-ау.

Көрмегелі жүзіңді-ей көп күн болды-ай,
Аман-есен жүрмісің, ой, құрбым, ой, сәулем,
білгірім-ай-ау.

Айналайын қарағым, ей, жүрсің бе аман,
Өзім көрген аман ба, ой, құрбым, ой, сәулем,
бала-шағаң-ай.

Көрмегелі жүзіңді-ей көп күн болды-ай,
Сәлем жолдап жүруші ем, ой, құрбым, ой, сәулем,
мен де саған-ай.

520. ОЙ, СӘУЛЕМ-АЙ

Тоқым салдым жарасар тел күреңге-ай,
Сіз кеткен соң телмірдім-ай мен біреуге,
Ой, сәулем-ай.

Сағынғаннан төрт болып екі көзім-ай,
Қарайғанға қадалып-ай телміруде,
Ой, сәулем-ай.

Қайырмасы:

Жаңбыр жауар себелеп,
Гүлге қонар көбелек.
Жас күнінде ойна да күл-ай,
Бұдан басқа не керек-ай.

Айналайын, қарағым, алтыным-ай-ау,
Ақ жүзіңді көргенде-ау балқыдым-ай,
Ой, сәулем-ай.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды-ау,
Есен-аман жүрмісің-ау, жарқыным-ай,
Ой, сәулем-ай.

Қайырмасы.

Елдік деймін, ендеше, елдік деймін-ау,
Сұлу қызға жарасар белдік деймін,
Ой, сәулем-ай.

Қайырмасы:

Тауда жүрер кекілік,
Тастан тасқа секіріп.
Жас күнінде ойна да күл,
Кейін жүрме өкініп-ай.

521. ОЙ, ХОЙ-ХОЙ

Қыздың аты қыз емес, қызыл алма, ой-хой-хой,
Жігіт таңдап жүрмін деп босқа қалма.

Қайырмасы:

Еһеһай,
Әри-әри-әрине,
Әнім солай еһ-уай.

Жігіттердің айласы осал емес, қыздар-ай,
Болжаусыздан біреуге босқа барма.

Қайырмасы.

Қыз емес, қыздың аты — қызыл қыршын,
Ойнаған қызықтырып ойның құрсын.

Қайырмасы.

Жеріңді жататұғын анық айтпай,
Қойдың ғой сипалатып теңнің бұршын.

Қайырмасы.

522. ОЙГИГАЙ, СӘУЛЕМ-АЙ

Мен жерімді мақтауға өнім дайын-ей,
Қызу еңбек қайнаған күн-күн сайын.

Қайырмасы:

Ойгигай, сәулем-ай,
Қонса жақсы аулың-ай.

Тал-терегі мәуелеп бір-бір сайдың-ей,
Өң береді өлкеге қызыл қайың.

Қайырмасы:

Ойгигай, сәулем-ай,
Мұнда отырған аулың-ай.

523. ОЙЛАНШЫ ӨЗІҢ

Жан сәулем, дүние өтеді-ау,
Қолынан оймақсыздың ине өтеді,
екеуің, ойланшы өзің.

Барында оралыңның-ау ойна да күл-ау,
Түбінде бұл жалғанның кім жетеді,
екеуің, ойланшы өзің.

Мінгенім дәйім менің Аққаракер,
Беліме буынғаным оқалы зер,
екеуің, ойланшы өзің.

Барыңда оралыңның ойна да күл,
Жалмайды бәрімізді сұм қара жер,
екеуің, ойланшы өзің.

524. ОЙПЫРЫМ-АЙ

Алып келген базардан-ай асыл айна,
Қайғы ойласа көңілің, ойпырма-ай, жеңгей-ау,
Жасымай ма, айдай.

Жеңгеңменен әзілің-ай, жарасқанда,
Дариядай көңілің, ойпырым-ай, жеңгей-ау,
Тасымай ма, айдай.

Көрінеді ақ тісің-ай, маржан тісің,
Сендей сұлу болсашы, ойпырым-ай, жеңгей-ау,
Сүйген кісім, айдай.

Ақ жеңеше, сүйкеніп-ай өте шықсаң,
Отта тұрған қазандай, ойпырым-ай, жеңгей-ау,
Қайнайды ішім, айдай.

527. ОҚАЛЫ ҚЫЗ

Дүние баяны жоқ, бұл бір жалған-ау,
Бұл дәурен бұраңдаған, бізге қалған-ай,
қалқа-ау.

Оқалы қыз, қыр мұрын,
Болады екен таныс кім бұрын?

Барында тіршіліктің күл де ойна-ай,
Тимейді еркін қолға, көңіл қалған-ай, қалқа-ау.
Оқалы қыз, қыр мұрын,
Болады екен таныс, кім бұрын?

528. ОСЫЛАЙ ЖАМАҒАТЫМ-АЙ

Мінгенім астымдағы ұзын құла ат-ей,
Қобданың екі жағы малға суат-ай,
осылай жамағатым-ай.
Кеткенде аулың алыс, жерің шалғай-ей,
Сала жүр осы әніме дөтке қуат-ай,
осылай жамағатым-ай.

Қайырмасы:

Ақ күмбез аулым бар-ай,
Ақ жарқын бауырым бар-ай.
Шыныққан шын жүйріктей,
Қауымым бар-ай,
Осылай жамағатым-ай.

529. ОСЫЛАЙ ЗАМАН, ОСЫЛАЙ

Айт дегенде өлеңді-ей іркілмеймін-ау,
Жақсы көрген адамды «шіркін» деймін-ау.
Осылай заман, осылай-ау.

Көпшіліктің алдында-ей ән салғанда-ау,
Жолға түскен жорғадай бүлкілдеймін-ау,
Осылай заман, осылай-ау.

Мадақтайын, мадақтайын-ей сөңкіл көлім-ау,
Он жасымнан ойын сап өскен жерім-ау,
Осылай заман, осылай-ау.

Бір аз ғана жырлайын-ей салтанатты-ау,
Бақыт қонған дәл бүгін құтты елім-ау,
Осылай заман, осылай-ау.

530. ӨГЕМ БІР ЕЛДІҢ ЖАЙЛАУЫ

Әнге қосам жерімнің ақ бұлағын,
Жел тербеген әдемі бал құрағын.

Қайырмасы:

Өгем бір елдің жайлауы,
Сөзіңнің бар ма байлауы.

Айналайын атыңнан, туған елім,
Сен дегенде жүрегім жарылады.

Қайырмасы.

Жаз жайлауда болады жайын семіз,
Қайырады күйісін малың семіз.

Қайырмасы.

Тау самалы жаныңды жадыратып,
Таң сәріде соғады салқын лебі.

Қайырмасы.

531. ӨТЕДІ ЖАСТЫҚ ӨМІР-АЙ

Айт дегенде өлеңді-ай жөнелейін,
Бейпіл сөзден мен неге, шіркін-ай, бөгелейін-ай.
Өлеңді айт деп үлкендер-ай бұйырған соң,
Диірменнің тасындай, о, шіркін, дөңгелейін-ай.

Қайырмасы:

Ұста бір соққан темірді-ай,
Жаққан оған көмірді-ай.
Сарғышта тартқан жапырақ,
Өтеді жастық өмірде-ай.

532. ӨТЕДІ-АУ ПӘНИ АМАЛ ЖОҚ

Дүние, ойлап тұрсам, олақ екен,
Бәйтерек, басын кессе, шолақ екен.

Қайырмасы:

Өтеді-ау пәни амал жоқ.

Отыз бес, жиырма бес, қайран он бес,
Үшеуі үш күн қонған қонақ екен.

Қайырмасы.

Жастық шақ басымыздан барады өтіп,
Өткіздік дүниені сайран етіп.

Қайырмасы.

Кәрілік жеңіп барады енді бізді,
Жүруші ек жастық шақта екпіндетіп.

Қайырмасы.

533. ӨТТІ-АУ ДҮНИЕ ЗАМАНЫМ

Үйір болдық жел сөзге жасымыздан,
Жақсы болсаң кім кетер қасымыздан.
Құмға айдаған жылқының мұнарындай,
Өтіп кетті дүние басымыздан.

Қайырмасы:

Өтті көбі жалғанның,
Жерге тимес табаның.
Бірғалақтай ырғалған,
Өтті-ау, дүние-ай, заманым.

Аққу ұшып барады қасымыздан,
Өмір өтіп барады басымыздан.
Бас қосқанда, көпшілік, ойна да күл,
Қартайған соң келмейді жастық қайтып.

Қайырмасы.

534. ПАЙ-ПАЙ

(1-нұсқа)

Әуеде ұшып жүрген, пай-пай, көк кекілік,
Үзді ғой шідерімді, пай-пай, ат секіріп, айхай.
Кеткенде аулың шалғай, пай-пай,
қимас қалқам-оу,
Қалдым ғой арт жағында, пай-пай,
қатты өкініп, айхай.

Қайырмасы:

Сары-ай керім, сандал көгім,
Әншейін айта салған, пай-пай,
Қалжың сөзім, айхай.

Қайырмасы:

Пай-пай-пай-пай-пай-пай-пай-пай-пай-пай.

Апарғаным базарға егіз тауық,
Міне алмадым байлардан семіз тауып.
Жорға менен жүйрікті мінбес басым,
Қоңыр шолақ міндім-ау өгіз тауып.

Қайырмасы.

538. ПАЙ-ПАЙ-ПАЙ

Сарыалаға мінгеннен-ау салдым өрге,
Өй, өй, өй, өй, өй!

Сай өрлеген шығады-ау сары белге,
Пай-пай-пай-пай!
Па-па-па-пи, пай-пай-пай-пай!

Сенен бұрын баратын атым семіз,
Өй, өй, өй, өй, өй!
Барсаң сәлем айта бар ондағы елге,
Пай-пай-пай-пай!
Па-па-па-пи, пай-пай-пай-пай!

539. ПАРҒАНА

Қыз бой жетсе, бұралып, толады екен,
Қынама бел кигені болады екен.
Қызық жастық мезгілден өтіп кетсе,
Зағпырандай сарғайып, солады екен.

Қайырмасы:

Пиыла есік, жез топса,
Ашылар, жабылар жел соқса.

Осынау өнге салғанда,
Сол Парғана қыз шықса.

Бір айтарым онан соң құла мойын,
Қыз алдында қу жігіт қылады ойын.
Қыз да оған қылымсып, бұраң қағып,
Назданады бұралтып тұла бойын.

Қайырмасы:

Алтын сақа салмақтай,
Қаралғысы бармақтай.
Айтар сөзім көп еді,
Жолықпадық аулақта-ай.

540. ПЕРИЗАТ

Шырқап-шырқап берейін өнге басып,
Кім жүрмейді жақсымен араласып.

Қайырмасы:

Перизат, баурым,
Қайда тұрады аулың?

Жиын топта бас қосқан көп жамағат,
Осы өніммен берейін көңіл ашып.

Қайырмасы.

Баста десе өлеңді, бала бастар,
Бастай алмай отырған есіл жастар.

Қайырмасы.

Бастай алмай отыр ғой есіл жастар,
Бастап-бастап берейін, құрдастар.

Қайырмасы.

541. ПҮЛІС-АЙ

Өлең айтқым келмейді ерінгенде,
Бойым байсал тартады керілгенде.
Жерден алтын тапқандай қуанамын,
Тақияңның төбесі көрінгенде.

Қайырмасы:

Көйлегі гүлді пүліс-ай,
Ауылымның бұрысы-ай.
Көз алдымнан кетпейді
Қалқатайдың жүрісі-ай.

Қара шашың толқиды бұрымдағы,
Ғашық едім өзіңе бұрындағы.
Қонсаң келіп қолыма, бағар едім,
Сылап-ойнап сұңқардай тұғырдағы.

Қайырмасы.

542. РИАЙ-АУ

Өлең де бар біздерде, өнер де бар-ей,
Мінілмеген жылқыда дөнен де бар-ай.
Таң атқанша өлеңді айтып-айтып-ей,
Таң атқан соң үйіңе жөнел де бар-ай.

Қайырмасы:

Ахахай-ау, рияй-ау,
Жазайын хат.
Көңілім шат,
Қос перизат, рияй-ау.

Қош болғайсың, қалқатай, қош болғайсың-ей,
Шаршы топтың ішінде дос болғайсың-ай.
Аулың алыс кеткенде, ей, қалқатай-ей,
Жас күндегі мінезді еске алғайсың-ай.

Қайырмасы.

543. РИЯУ-АЙДАЙ

Ер жігіт ақылы көп, ей, елді билер,
Тасты да қолы білген ұндай илер.

Қайырмасы:

Рияу айдай, жарқын-ай,
Ахау, білім іздеп талпын-ай.

Құрбылар жас күнінде-ей өнер үйрен,
Басыңды есіктегі-ей төрге сүйер.

Қайырмасы.

544. РИЯЙ-АХАУ

Дүние құдым сені он жасымнан,
Тартады денем ауыр қорғасыннан.
Рияй-ахау, иряй-ай.

Үстінен су төгілмес майда қоңыр,
Танбай ма қартайған соң жорғасынан.
Рияй-ахау, ирай-ай.

545. САҒЫНДЫМ ҒОЙ ЕЛІМДІ

Білте бермен, тағы да білте бермен,
Қолаң қара шашың бар күлтеленген.

Қайырмасы:

Қазығұрт жерімді,
Сағындым ғой елімді.

Көмекейің көсілген ақын болсаң,
Қара дауыл өлеңді сілте бермен.

Қайырмасы.

Ақ қалалы, ендеше, ақ қалалы,
Аттың басқан жерінде дақ қалады.

Қайырмасы.

Оралыңның барында ойна да күл,
Өлгеннен соң саудырап жақ қалады.

Қайырмасы.

546. САҒЫНДЫМ, КӨКЕ, АМАН КЕЛ

Естен кетпес етікпен су кешкенім,
Жауқазындай жадырап бірге өскенім.

Жаманменен сан ойнап, сан күлгенім —
Өзіңменен бір ауыз тілдескенім.

Қайырмасы:

Арқадан соққан самал жел,
Сағындым, көке, аман кел.

Жаз жайлауға көшеді ел арбамен,
Ішім толып жүреді арманменен.
Қайсыбірін айтайын өлең қылып,
Жүремін де тағдырдың салғанымен.

Қайырмасы.

Балдыберек ауылым етегінде,
Жаман жүрер жақсының жетегінде.
Қайсы бірін айтайын өлең қылып,
Өстіп жүріп өмірден өтемін де.

Қайырмасы.

547. САҒЫНДЫРҒАН ТУҒАН ЖЕР

Ай астынан соғады алтын күрек,
Не демейді қызыл тіл, бұл көкірек,
құрдасжан.

Артта қалған ағайын есіме алып,
Не себептен болады көңіл көмек,
құрдасжан.

Қайырмасы:

Құлжа, Сүйдім, Сайрам көл,
Сағындырған туған жер.

549. САМАЛ-АЙ*(2-нұсқа)*

Басында Қаратаудың арша ап жүрмін, ахау,
 Аршамды көтере алмай, шаршап жүрмін-ай,
самал-ай.

Кеткенде шалғай ауылым қимас қалқа, ахоу,
 Көруге дидарыңды аңсап жүрмін-ай,
самал-ай.

Қайырмасы:

Су бойында жел қайық,
 Лашын қуған бидайық.
 Ел-жұртынан айырылған,
 Уа, дариға, біз ғарып.

Әуеде ұшып жүрген көк лашын, ахау,
 Өмірге жайып тұрған кең құлашын-ай,
самал-ай.

Өмірдің алға жүзген кемесінде, ахау,
 Өніңіз, ей, қалқатай, көкке ұлассын-ай,
самал-ай.

*Қайырмасы.***550. САМАРҚАНДА САНДАЛ БАР**

Шырқап-шырқап салуға ән келмейді-ей,
 Аяғымды басуға сән келмейді, әгугай.
 Шырқап-шырқап осы өнге салғанымда-ей,
 Өзің теңдес құрбылар пар келмейді, әгугай.

Қайырмасы:

Самарқанда сандал бар,
 Сандал ағаш қайда бар.

Қаракөз қалқам, қайтейін,
Жолың болсын, барсаң бар.

Қаратаудың басынан құлап түстім-ей,
Қалқатайды сағынып жылап түстім, әугай.
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқа-ай,
Төсегімнен түсе алмай құлап түстім, әугай.

Қайырмасы.

551. САҢҒЫРБАЙ

Менің атым сұрасаң, Саңғырбаймын, беу, беу, беу,
Малға кедей болғанмен, әнге баймын, беу, беу, беу.

Қайырмасы:

Бақырбай,
Ойпырмай, халім-ай.

Қанша мың сом болғанмен жан қалтамда,
беу, беу, беу,
Түбі тесік қалтамның, байымаймын, беу, беу, беу.

Қайырмасы.

Керегенің басында оймақ тұрар, беу, беу, беу,
Кедейшілік жігітке қой бақтырар, беу, беу, беу.

Қайырмасы.

Алған жары жігіттің жақсы болса, беу, беу, беу,
Тал шыбықтай бұралып, ойнап тұрар,
беу, беу, беу,

Қайырмасы.

552. САРДОНҒАЛ

Басың биік, Сардонғал, аса алмадым,
Жапырағын жайқалтып баса алмадым.

Сен есіме түскенде, беу, қарағым,
Буынымды бекітіп баса алмадым.

Аулым көшіп барады көл шетіне,
Малға жайлы болсын деп ыстық күнде.

Сен жүргенде қасымда, сүйген сәулем,
Ойымдағы сырымды айта алмадым.

553. САРЫ АЛТАЙ

Домбырам екі ішекті қолға алайын,
Құбылтып неше алуан ән салайын-ей.

Қайырмасы:

Сары Алтай, жерім-ай,
Сағындым елім-ай.

Өлеңді атамыздан арылмаған,
Мен неғып бұл өнерден құр қалайын-ей.

Қайырмасы.

554. САРЫ БЕТКЕЙ

Өлеңді-ай, оу, айта алмай-ай, оу, арындаған,
Қуырдақ ас болмайды жалындаған-ай.
Дүрия-ай, оу, қанша-ау болсаң, оу, бәрің мейман,
Пенде жоқ бірін-бірі сағынбаған-ау.

Ендеше, оу, сары беткей, оу, сары беткей,
Жатады сары беткей қары кетпей-ау.
Ойнап-күл, оу, тіршілікте, оу, келсе шамаң,
Бетіңнен қызылшағы, әрі кетпей-ау.

555. САРЫАРҚА

(1-нұсқа)

Жүруші ем Сарыарқаны қоныс етіп,
Адастым қиыр қонып, теріс кетіп.
Күнде той, күнде думан, қайран елім,
Барады әсіресе сонысы өтіп.

Қайырмасы:

Ай, елім-ай,
Сарыарқа — менің жерім-ай!
Ит жүгіріп, құс салған,
Айдында шалқар көлім-ай!
Көл-ай, көл-ай, көл-ай, көлім-ай!

Сарыарқа, сағындым ғой туған жерді,
Кіндік кесіп, кірімді жуған жерді.
Ойласам, екі көзден жас келеді,
Асыр сап, көбелегін қуған жерді.

Қайырмасы.

556. САРЫАРҚА

(2-нұсқа)

Шіркін-ай!
Сарыарқа-ай,
Не деп айтам, ей, қалқа-ай.

Ақындардың жалыны-ау, жыр қанаты,
Қызғалдақтай қырдағы, ырғалатын.

Шіркін-ай!
Сарыарқа-ай,
Не деп айтам, ей, қалқа-ай.

Үлкен-кіші жиналып-ау, бас қосқанда,
Қалдырайын мен-дағы жыр қанатын.

Шіркін-ай!
Сарыарқа-ай,
Не деп айтам, ей, қалқа-ай.

557. САРЫАРҚА

(3-нұсқа)

Самалы салқын Арқаның сары белі,
Қаракесек, Қуандық жайлайды елі, Сарыарқа.
Қарқаралы, Бесқызыл — жердің көркі,
Сұлу Көкше бауырында сексен көлі, Сарыарқа.

Қайырмасы:

Сарыарқа — сұлу сары бел,
Самалы салқын қоңыр жел.
Еске түссе, сағынам,
Туып-өскен қайран жер.

558. САРЫАРҚА—МЕНИҢ ЖЕРІМДІ-АЙ

Қарағым, айналайын келдің қайдан,
Ақ үйрек алма мойын ұшар сайдан,
Халалакім иғай,
Иғай,
Халалакім иғай!

Қайырмасы:

Сарыарқа — менің жерімді-ай,
Сағындым ғой жан елімді-ай.
Айдой!
Үйрек ұшып, қаз қонған
Айдын да шалқар көл-ай,
Көл-ай! Көлімді-ай-ау!

Қарағым, мекеніңді айтып қойшы-ай,
Адамның жат болмағы осындайдан.
Халалакім иғай,
Иғай,
Халалакім иғай!

Қайырмасы.

559. САРЫАРҚАНЫҢ САЗДАРЫ-АЙ

Айт деп отыр балалар неменені,
Қырғи салып ілдірем бөденені.
Маған салған қолқаңыз өлең болса,
Сындырмайын өлеңмен беделіңді.

Қайырмасы:

Сарыарқаның саздары-ай,
Саңқылдайды қыздары-ай.
Жақсы ауылдың баласы,
Міне, осындай жайдары-ай.

Өлең деген немене өнерпазға,
Ауру жолдас болады өмірі азға.
Білгеннен соң өлеңді мен айтайын,
Кім бар, кім жоқ ендігі келер жазда.

Қайырмасы.

560. САУЫҚШЫЛ БІЗДІҢ ЕЛ

Жігіті біздің елдің сылқым-сері,
Думан мен ойын-күлкі жүрген жері.
Құлын-тайдай асыр сап, ойнақтаған,
Өркімнің өзіне ыстық туған жері.

Қайырмасы:

Сауықшыл, сайраншыл,
Біздің ел.

Қыздары біздің елдің балдырғандай,
Қарасаң, жүрегіңе от жандырғандай.
Сапырған сабадағы сары қымыз,
Ұрттасаң бар шөлінді қандырғандай.

Қайырмасы.

561. САЯДАҒЫ БҰЛБҰЛ-АЙ

(1-нұсқа)

Аулым көшіп барады Алмалыға,
Кім көнбейді Алланың салғанына, бұлбұл-ай.
Бір құдірет қолымда болса күшім,
Жеткізер ем аңсаған арманыңа, бұлбұл-ай.

Қайырмасы:

Саядағы бұлбұл-ай,
Сайра, сәулем, құрбым-ай.
Ұйықтасам естен кетпейді,
Бірге жүрген құрғыр-ай.

564. САЯЛЫ ӨЗЕН БҰЛҒЫН-АЙ

Бұл Бұлғынның асуын асып келдім,
Жапырағын жайқалған басып келдім,
құрбым-ай.
Сен есіме түскенде, ей, қарағым,
Атыңды атап өлеңге қосып келдім,
құрбым-ай.

Қайырмасы:

Саялы өзен Бұлғын-ай,
Сайрандаған бұл күн-ай.
Ұлы тойдың үстінде
Ән салайық бұлбұл-ай.

Жүруші едік Бұлғынды қыстап-жайлап,
Жағасына жағалай бие байлап, құрбым-ай.
Талай күнді өткізіп сайрандатып,
Қыз-бозбала жүруші ек күліп-ойнап,
құрбым-ай.

Қайырмасы.

565. СӘМЕН ШАЛ

Бойдай талай, Сәмен шал,
Жаспа-ай, жаным-ай, халалакім-ей, ірі ей-ау.
Бұл бір өнер жігітке өлең деген-ау,
Бұл жалғанда ойда жоқ, өлем деген, Сәмен шал.

Жаспа-ай, жаным-ай, халалакім-ей, ірі ей-ау,
Күнің барда күл де ойна, шіркін, жастар-оу.
Өтіп барады дүние, міне, осылай, Сәмен шал,
Жаспа-ай, жаным-ай, халалакім-ей, ірі ей-ау.

566. СӘУЛЕМ-АЙ*(1-нұсқа)*

Жастықтың ең қымбатты белеңінде,
Күндіз-түн мен болармын жүрегінде.
Ішкендей тас бастаудан бірге сусын,
Сақтаулы махаббатың жүрегімде.

Қайырмасы:

Сәулем, сәулем, сәулем-ай,
Салдың неге әуреге-ай.

Егіндей боп, ендеше егіндей боп,
Жайқаласың егіннің көгіндей боп.
Аулың алыс кеткенде, қимас қалқам,
Кім көрінер көзіме өзіңдей боп.

Қайырмасы.

567. СӘУЛЕМ-АЙ*(2-нұсқа)*

Аулымның қонғаны, ахау, ала татыр,
Оқтай зулап дүние бара жатыр, сәулетай,
бара жатыр, сәулетай.
Аулыңның тұсынан ән салғанда,
Ақбоз үйге сүйеніп қара да тұр, сәулетай,
қара да тұр, сәулетай.

568. СӘУЛЕМ-АЙ*(3-нұсқа)*

Дәйім менің мінгенім ұзын құла ат-ей,
Екі жағы Ертістің малға суат, сәулем-ай.

Аулың алыс кеткенде, өттең, қалқаш-ей,
Осы әніме сала жүр дөтке қуат, сәулем-ай.

Қайырмасы:

Маякский ақ жайлау,
Қашан, құрбым, сөз байлау.
Ғашық болып өзіңе,
Жатсам ұйқым келмейді-ау.

Алыста жүр аулың, жуықта жүр-ей,
Жауайын деп ақша қар бұлттап жүр, сәулем-ай.
Кішкентайдан бірге өскен, ей, қалқатай-ей,
Бір өзімнен көңліңді суытпай жүр, сәулем-ай.

Қайырмасы.

569. СӘУЛЕМ-АЙ

(4-нұсқа)

Сен де арманда, қалқатай, мен де арманда,
Екі арманда жылайды айрылғанда, сәулем-ай.
Қарай-қарай артыңнан көзім талды,
Нең кетеді артыңа қайрылғанда, сәулем-ай.

Қайырмасы:

Мінген атым сұр ма екен,
Ат ағашта тұр ма екен?
Жайлаудағы жан сәулем,
Аман-есен жүр ме екен?

Алып келген базардан күміс құмған,
Дариядан өтеді көзін жұмған, сәулем-ай.

Қыл өтпестей арадан тату едік,
Қастық қылған біздерге қай антұрған,
сәулем-ай.

Қайырмасы.

570. СӘУЛЕМ-АЙ

(5-нұсқа)

Олай да өттің аулымнан, бұлай да өттің, ахау,
Олай-бұлай өткенде келмей кеттің, сәулем-ай.
Айрылмаймын дейтұғын сертің қайда, ахау,
Не себептен сертіңе жетпей кеттің, сәулем-ай.

Қайырмасы:

Ахау, айдай, қаламқас,
Қара мақпал, қолаң шаш.
Ақ жүзіңді көргенде,
Дидарыңа болдым мас.

571. СӘУЛЕМ-АЙ

(6-нұсқа)

Ай болмаса аспанда адасады,
Көтермесе көңілді, кір басады, сәулем-ай.
Жақсылардың кеудесі алтын сандық,
Кілт болмаса, сандықты кім ашады, сәулем-ай.

Қайырмасы:

Саядағы бал құрай,
Сайра, сәулем, құрбым-ай.
Жатсам, ұйқым келмейді,
Елестеген құрғыр-ай.

Аулым менің сұрасаң бел тұрғанда,
Орамалың желпілдер жел тұрғанда, сәулем-ай,
Көзіме ешкім, қалқатай, көрінбейді,
Қарсы алдымда күлім көз сен тұрғанда, сәулем-ай.

Қайырмасы.

572. СӘУЛЕМ-АЙ

(7-нұсқа)

Айналайын көзіңнен жайнап тұрған-ей,
Бұлбұл құстай өлеңге сайрап тұрған, сәулем-ай.
Ер жігітте жалғанда арман болмас-ей,
Бір өзіңмен бұралтып ойнап тұрған, сәулем-ай.

Қайырмасы:

Сұлу едің елдегі,
Аққу едің көлдегі.
Лажым бар ма қайтейін,
Маған көңіл бермеді.

573. СӘУЛЕМ-АЙ

(8-нұсқа)

Қара таудың басынан көш келеді-әй, угай,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Сәулем, айдай сәулем-ай.

Шын туыстан айрылған қиын екен-әй, угай,
Екі көзден мөлдіреп жас келеді.
Сәулем, айдай сәулем-ай.

Ұшып жүрген аспанда ақ сауысқан-әй, угай,
Жыл он екі ай болғанда, ай ауысқан.
Сәулем, айдай сәулем-ай.

Қайырмасы:

Атлас көйлек ноқталы-ай,
Қалқам көңілі жоғары-ай.
Әдейі іздеп келгенде,
Есіңе алсаң, болғаны-ай.

Айтқан жақсы өлеңді білген құлға,
Ақ теңгесін кім берер қара пұлға.
Ата-анасын сыйлаған адал ұлға,
Төңіректің төрт бұрышы болар тұлға.

Қайырмасы.

577. СЕН АҚ ҚОЯН ҚОРИМДАҒЫ

Қалқатай, сен ақ қоян-ей қорымдағы-ей,
Қайтейін кезікпесем-ай сорымдағы-ай.
Бергенде өзің көңіл-ей, қалқатай-ей,
Болайын мен де құрбан-ей жолындағы-ай.

Қайырмасы:

Сен ақ қоян секектеген,
Ойымда бар ма менің-ау
Кетед деген-ай.

Ақ қоян есік алды секеңдеген,
Артынан мен қаршыға жетем деген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айрылып қалқатайдан кетем деген.

Қайырмасы.

578. СОЛҚЫЛДАР, СОҚСА ЖЕЛ

Қызыл-қызыл таулардың қиясы бар,
Қиясы бар жерлердің миясы бар.

Қайырмасы:

Ақ саусақ, қыпша бел,
Солқылдар, соқса жел.

Ерінбей-ау өлеңді айтар едім,
Алпыс пенен жетпістің ұяты бар.

Қайырмасы.

Айналайын қарағым, айнама жақсы,
Залалыңды тигізбе, пайдаң жақсы.

Қайырмасы.

Бір сөз айтсаң жаманға, қорс етеді,
Қорғасындай балқыған қайран жақсы.

Қайырмасы.

579. СУ ІШІНДЕ МЕТРЕ

Бай да өткен, қара да өткен, жарлы да өткен,
Жас бала, кемпір мен шал — бәрі де өткен-ай.
Балалар, тіршілікте күліп-ойна.
Өлмесе ата-бабаң, қайда кеткен-ай.

Қайырмасы:

Су ішінде метре,
Шыға алмайды шетіне.

Осындайда, үй-үй, ойнап-күл,
Өткен іске-ей өкінбе.

Ақ үйдің ат байладым кермесіне,
Пәнденің кім таласар бермесіне-ай.
Балалар, тіршілікте күл де ойна,
Мен кепіл өткен жалған келмесіне-ай.

Қайырмасы.

580. СУСАРЫ ҮЙРЕК

Өлең сайлап, ендеше, өлең сайлап,
Жаңбыр жауса, бетеге өсер қаулап.

Қайырмасы:

Ей, аршын төс,
Алма мойын, кекілді,
Сусары үйрек секілді.

Бөгде көзден жасқанып қапы қалма,
Кім бар дейсің жас кезде сөзден аулақ.

Қайырмасы.

Алып келген базардан темір шелек,
Ойнағаның, күлгенің елден бөлек.

Қайырмасы.

Алыс ауылың кеткенде, қимас қалқам,
Айналайын көзіңнен дөп-дөңгелек.

Қайырмасы.

581. СҰЛУ БАНУ

Екі ішекті домбырам қолға алайын,
Қоңырлатып азырақ ән салайын.
Көлден ұшқан аққудай секілденіп,
Жер бауырлап азырақ жорғалайын.

Қайырмасы:

Өлеңді мен айтайын,
Сұлу Бану, шәмшит Бану,
Ләйлім жалған өтті дәурен.

582. СҰЛУ ҚЫЗДЫҢ СЫНЫ

Баға жетпес жақсыға бір гауһар тас-ей,
Он алты-он жетіге келгенде жас күнім-ау.

Қайырмасы:

Күнде базар елім-ай,
Шаттық көңіл жерім-ай.

Пісіп тұрған жәнаттың алмасындай-ей,
Алма мойын, ай жүзді, қиылған қас, күнім-ау.

Қайырмасы.

Бір сұлу бар жапанда шынарланған-ей,
Жанның бәрі сол қызға құмарланған, күнім-ау.

Қайырмасы.

Сол сұлудың сипаты тілден келмес-ей,
Әсем тағып, мойнына тұмарланған, күнім-ау.

Қайырмасы.

583. СҮЛУҒАЙ

Алып келген базардан алтын қалақ,
Есен-аман жүр ме екен біздің қарақ.
Уәделі сөзінді ести алмай,
Алаң болып жүреміз сізге қарап.

Қайырмасы:

Сұлуғай,
Сұлу жоқ сіздей ұруда-ай,
Амал жоқ мойын бұруға-ай.

Қалың дейді Қалбаның қарағаны,
Сұлу дейді бестінің жарағаны.
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Не болады қалқаның қалағаны.

Қайырмасы.

584. СҮР ЖЕЛГЕН

Айт дегенің айтайын, әри айдай-ау,
Қайдан сені білейін-ай болдау талай,
сүр желген.

Қайырмасы:

Қанша пәлен,
Қанша пәлен десе де,
Қимады екен көз көрген.

Кішкентайдан бірге өскен сәулем едің-ау,
Көз қырыңды сала жүр, жүрсем жанай,
сүр желген.

Қайырмасы.

585. СҰР ЖЕЛГЕНШЕ

Көшкенде сұр жорғаны салдыртасың,
Бір жорға қосарға алып болдыртасың.

Тарыдай тал бойында-ау бір мінің жоқ,
Сырыңды қандай жанға-ау алдыртасың-ау.

Қайырмасы:

Ақақай сұр желгенше,
Қос қалқа, қош, аман бол-ай,
Біз келгенше-ай.

586. СҰР ЖОРҒА

Ұшып жүрген әуеде сары ала қаз-ай,
Айдын көлдің ортасы көкорай саз, құрбым-ай.
Сен іздеген, қалқажан, мен сұраған-ай,
Күліп-ойнап қалайық бір-екі-ай жаз,
құрбым-ай.

Қайырмасы:

Мінген атым сұр жорға,
Амал бар ма қу сорға.
Мойның бұрып қарасаң,
Нең кетеді бір жолға.

Ұшып жүрген әуеде сен ақ сұңқар-ай,
Ұстай алмай талайлар боп жүр іңкәр,
құрбым-ай.

Кішкентайдан бірге өскен, замандасым-ай,
Құрған орға боларсың қай күн душар,
құрбым-ай.

Қайырмасы.

587. СҰР ҚЫЗЫЛДАЙ

Сұр қызылдай,
Сізді көріп көңілім бір бұзылды-ай.

Өр Алтайдың басынан-ай желдетті ғой.
Күзді күні болғанда ел кетті ғой-ай,
Әнге салып шырқайық-ай, замандастар.
Ойнап-күліп отырсаң, нең кетеді-ай.

Сұр қызылдай,
Сізді көріп көңілім бір бұзылды-ай.

588. СҰР МЕРГЕН

Ізі жатыр бұлғынның, өзі қайда,
Шын ғашықты бір көрсең о да пайда.
Шын сүйгенім жалғанда өзің едің,
Мені тастап кетерсің әлдеқайда.

Қайырмасы:

Ахау айдай, сұр мерген,
Неге керек тілге ерген.
Қанша пәлен дегенмен,
Қимайды екен көз көрген.

Аулым көшіп барады таудан асып,
Таудан асқан бұлтпен араласып.
Аулың алыс кеткенде, қимас қалқам,
Әлдекімге кетерсің бауыр басып.

Қайырмасы.

592. ТАҢ КЕЛЕДІ

Биік таудың басынан таң келеді,
Көк жорғаның артынан шаң келеді.
Кідігі, қалқам, үриай.

Айт дегенде өлеңді қоя бермей,
Осындайда кей адам паң келеді.
Кідігі, қалқам, үриай.

593. ТАЛМА БЕЛ

Қаршығам қазға салған темір қанат,
Көргенше бір өзінді болмас тағат.
Қалқам-ай, қайғы ойлап жүдей көрме,
Тағы да көрісерміз сау-сәламат.

Қайырмасы:

Қош, талма бел,
Жарым-ай.

Барады аулым көшіп Ертіс бойлап,
Жүруші ек қалқатаймен күліп-ойнап.
Көрмесек қайта айналып, қош есен бол,
Санамен сарғаярмын бір сені ойлап.

Қайырмасы.

594. ТОЙ БАЗАР

Той базар, той базар тойлай келдім-ай,
Алтын сақа қолға алып, ойнай келдім, құрбым-ай.
Танысым көп бұл тойда, бауырым көп-ай,
Айттысам деп өзіңмен ойлай келдім, құрбым-ай.

Қайырмасы:

Су ағады арықтан,
Қыз қарайды жабықтан.
Сүйер едім бетіңнен,
Ұяламын халықтан.

Ойға барсам — ой тегіс,
Қырға барсам — қой семіз.
Өтіп кетті-ау біздерден
Қайран жастық — он сегіз.

Тауда өскен бүлдірген,
Қыз бен жігіт бір жүрген.
Ебін тауып ойнасаң,
Қыз бетінен сүйдірген.

Жүруші едің қолыңа домбыра алып-ай,
Домбыраның тиегін жондыралық, құрбым-ай.
Шыныменен көңілің болса менде-ай,
Екі ауылды бір жерге қондыралық, құрбым-ай.

Қайырмасы.

595. ТОП ДУАДАҚ

Топ дуадақ дегенде, топ дуадақ,
Топ дуадақ жайылар көк қуалап.

Қайырмасы:

Айым-ай!
Ағарып атқан таңым-ай!
Жанап бір өтші, қалқа, жаныма-ай.

Уәделі жеріңе келші, сәулем,
Ауылыңның тұсынан өтсем жанап.

Қайырмасы.

Топ дуадақ дегенде, топ дуадақ,
Бір өзіңді, жан қалқам, сүйдім қалап.

Қайырмасы.

Шоқ түскендей жүрегім өртенеді,
Айдай жүзің толықсып тұрсаң қарап.

Қайырмасы:

Айым-ай!
Ағарып атқан таңым-ай!
Жанап бір өтші, қалқа, жаныма-ай.
Құралай,
Саған да көңілім бұрады-ай,
Мәнісін айтшы, қалқа, бұ қалай?!

596. ТОП ШЕҢГЕЛ

(1-нұсқа)

Айт дегенде өлеңді аял болмас,
Аялаған жаныңды алмай қоймас.
Тәуір сыйлап өлең айт, құрбыларым,
Күнде осындай тамаша даяр болмас.

Қайырмасы:

Есік алды топ шеңгел,
Топ шеңгелге келсең, кел.
Топ шеңгелге келгенде,
Өзіңе-өзің сенсең, кел.

Айдап салдым жылқымды теріскейге,
Кесте тіксе, жарасар мәліскейге.
Бір қиырға ауылың кеткен шақта,
Әнге салсам сағынып, келіспей ме.

Қайырмасы.

597. ТОП ШЕҢГЕЛ

(2-нұсқа)

Сен де он бесте, құрбым-ау, мен де он бесте,
Екі он бесте қосылса, тең келмес пе.
Қалқатайдың бергені жарты мейіз,
Бөліп жесек екеуіміз, олжа емес пе.

Қайырмасы:

Есік алды топ шеңгел,
Топ шеңгелге келсең, кел.
Топ шеңгелге келуге,
Өзіңе-өзің сенсең, кел.

Қалам алып хат жаздым тәрбиялап,
Бүркіт салған жүреді тау қиялап.
Жаһан түзге сен біткен бір бәйтерек,
Бұтағыңа жүрмесін қарға ұялап.

Қайырмасы.

598. ТОТЫ ҚЫЗДЫҢ ӘНІ

Әуелде әкем қойған, атым — Тоты,
Сұлу қыз, жақсы әйел — ердің досы.
Болғанда сен іздеген, мен сұраған,
Іздеген сұрағанға, ақау, деген осы-ау.

Ақау, тотыдай тоқсан түрлі түрленемін,
Көктемде қызғалдақтай гүлденемін.
Жаратқан, қосар болсаң, жақсыға қос,
Қосылсам теңім тауып, ақау, бірге өлемін-ай.

599. ТӨРТКҮЛДЕ ЕЛІМ, ҒАШЫҚ ЖАРЫМ

Ақ үйдің ай көрінер маңдайынан,
Кетпейді берген қантың таңдайымнан,
ашық жар.

Қайырмасы:

Төрткүлде жерім,
Сағындым, елім.
Сүмбіл шаш, бота көзің,
Беу, дариға-ай!

Қасыңа келген адам кете алмайды,
Пейіштің жаратылдың қандайынан,
ашық жар.

Қайырмасы.

Деген соң әуел анар, әуел анар,
Бидайдың басын алса, түбі сабан,
ашық жар.

Қайырмасы.

Тілеймін әр уақытта жақсылықты,
Азаматы ауылымның болсын аман,
ашық жар.

Қайырмасы.

600. ТУҒАН ЖЕР*(1-нұсқа)*

Алтай, Сауыр, Майлыны мекен еткен,
Текес, Тянь-Шань о шеті Күнес кеткен.
Тарбағатай, Барлықта ата-бабам,
Кіндік кесіп, кір жуып, терін төккен.

Қайырмасы:

Айхай ел, туған жер,
Туысқандар, бізге кел!

«Суында көгереді, — деген, — жекен»,
Өсіп-өнген туған жер ыстық екен.
Халқың қазақ ешқашан ұмытпайды,
Көргенше, қош, аман бол, қайран мекен!

Қайырмасы.

601. ТУҒАН ЖЕР*(2-нұсқа)*

Ауылым көшіп барады белден асып,
Сары жайлаудың жай қалған жерін басып,
шіркін-ай.
Көз тоймайды көркіңе қарай берсем, туған жер.

Бұл араға сағынып келгенімде-ай,
Отырайық өлеңмен көңіл ашып, шіркін-ай.
Көз тоймайды көркіңе қарай берсем, шіркін-ай.

Қайырмасы:

Туған жерім осындай,
Шарықтайды ән мен күй.

Көз тоймайды көркіңе,
Айналайын, туған жер.

602. ТУҒАН ЖЕРІМ—ҚАРАТАУ

Мен өлеңді айтамын бейім қылып, айнамау,
Қыз болдым да қор болдым, кейін тұрып,
айнамау.

Қайырмасы:

Туған жерім — Қаратау,
Мың жылқының аймағы.

Қыз болмастан, шіркін-ай, ұл болғанда, айнамау,
Өз елімде жүрмес пе ем сейіл құрып, айнамау.

Қайырмасы.

Дөнен шұбар деуші едім, дөнен шұбар, айнамау,
Аузымды ашсам, көңілімнен өлең шығар,
айнамау.

Қайырмасы.

Кішкентайдан бірге өскен құрбым едің, айнамау,
Сөйлесуге өзіңмен болдым құмар, айнамау.

Қайырмасы.

603. ТҰРЛАУ ҚАЙЫҢ

Қызы сұлу көрінер Айт-Бозымның,
Берекеті ішінде қой-қозымның.

Қайырмасы:

Тұрлау қайың,
Осы өнімді салып ал,
Қалқатайым-ай.

Тамашалап, той тойлап мен отырмын,
Даусы қайдан шығады жампозымның?

Қайырмасы.

Көк ала үйрек ұшады көлге қарсы,
Жануардың ұясы желге қарсы.

Қайырмасы.

Сен алысқа кеткенде, аяу қалқам,
Орамалға ағады көздің жасы.

Қайырмасы.

604. ТІЛ БҰЛБҰЛЫ

Жайнаған сәулем едің, қызыл гүлдей,
Ғашықтық әлсіретті, тілді күрмей.
Дертiнен жан жарасы жазылар ед,
Алдымнан шыға келсең шыққан күндей.

Қайырмасы:

А, шiркiн,
Жастық — бiр от, жалындаған.
Тiл — бұлбұл,
Жүрек күйiн өнге салған.

От салған жүрегіме сәуле нұрың,
Сән берген өміріме, қызыл гүлім.
Сырлассам өзіңменен емін-еркін,
Дариға-ай, шешілер ед жүрек сырым.

Қайырмасы.

605. ҮЙ-БАЙ, СӘМЕН ШАЛ

Айт дегенің айтайын-ей айдай он бес,
Асауынан үйреткен тайдай он бес.

Қайырмасы:

Үй-бай, Сәмен шал,
Пай-пай, күнім-ау.
Дүние-ау,
Халалақім-айдай,
Риай-ау.

Құлын-тайдай алысып ойнайтұғын-ай,
Қайта айналып келмейді-ау қайран он бес.

Қайырмасы.

606. УГАЙ

Сен дегенде, қалқатай, ойым бөлек,
Жас күніңнен ақылға болдың зерек.
Қарағанда жалт етіп, жанды еріткен,
Айналайын көзіңнен дөп-дөңгелек.

Қайырмасы:

Угай, угай, әй угай,
Ақ қазына, дариға-ай!

Күміс ерді көтеріп атқа салдым,
Атыңды атап, қалқатай, хатқа салдым.
Жатсам ұйқым келмейді, тұрсам күлкім,
Бір сен үшін жанымды отқа салдым.

Қайырмасы.

607. УГАЙ ЖАР

(1-нұсқа)

Қараймын қарайғанға қабан ба деп,
Атымды қамшылаймын шабам ба деп.
Сұраймын өткеннен де, кеткеннен де,
Ауылы қалқатайдың аман ба деп.

Қайырмасы:

Угай жар, угай қарақ,
Әнге сал.

Түйгенім орамалға он екі құрт,
Ауылын сол қалқаның көрдің бе, жұрт?
Ауылын қалқатайдың көргеніңе,
Берейін шүйіншіге орамал шыт.

Қайырмасы.

608. УГАЙ ЖАР

(2-нұсқа)

Угай жар, угәй қоңыр әнге сал,
Айт дегесін айтайын, ари-айдай-ай,
Қайдан сені білейін, бойдай талай.

Угай жар, угәй қоңыр әнге сал,
Қырғын болса қырық жыл, ажалды өлер-ау.
Аттың басын тартпашы, бозбалалар,
Угай жар, угәй қоңыр әнге сал.

609. УГАЙ-АЙ

Өлең де жоқ, ән де жоқ салмағанға, ахоу,
Армандамын аулыңа бармағанға, угәй-ай.
Жатсам ұйқым келсейді, тұрсам күлкім, ахоу,
Ойнап-күліп мейірім қанбағанға, угәй-ай.

Қайырмасы:

Қасың қара көзбенен,
Алдайсың жылы сөзбенен.
Табиғаттың күштісі-ай,
Табыстырған сізбенен-ай.

Көк балдырған дегенде, көк балдырған, ахоу,
Жолда жүріп жолаушы ат шалдырған, угәй-әй.
«Әй! Әй!» десем, артыңа қарамайсың, ахоу,
Қарамастай көңліңді кім қалдырған, угәй-әй.

Қайырмасы.

Алатаудың басында қайрақ жатыр, ахоу,
Ауыл малын жайлауға айдап жатыр, угәй-әй.
Күндіз-түні қасыңнан шықпас едім, ахоу,
Қу тіршілік қолымды байлап жатыр, угәй-әй.

Қайырмасы:

Угәймді айтармын,
Жағдайымды байқармын.
Жағдай жақсы болса егер,
Өлең айтып қайтармын.

614. ҮКІЛІ ЖЕҢГЕЙ

Ән форымға келмейді шырқап салмай,
Жігіт сәні келмейді қаршыға алмай,
үкілі жеңгей наздары-ай.

Осы отырған көпшілік сөге ме деп,
Бүгежектеп мен жүрмін ән шығармай,
үкілі жеңгей наздары-ай.

Жылқы сайға тұра алмас жел келгенде,
Жер шаңды аяқ тартады ел келгенде,
үкілі жеңгей наздары-ай.

Ауыздағы жел сөзді аяймыз ба,
Ұлы жиын, мереке кез келгенде,
үкілі жеңгей наздары-ай.

615. ҮКІЛІ ҚҰРБЫМ

Аты шығар әр жерде жүлде алғанның,
Пайдасы жоқ жігітке көп арманның.

Қайырмасы:

Үкілі-ай құрбым, үкілі-ай, яй.

Аз ғана күн қалайық күліп-ойнап,
Арманы жоқ жалғанда сені алғанның.
Үкілі-ай құрбым, үкілі-ай, яй.

616. ҮКІЛІ ҮЙРЕК

Ақ тісің аузыңдағы тізіліп тұр,
Көңілім сізді көріп бұзылып тұр, үкілі-үйрек.

Кеткенде аулың шалғай-ей, қарағым,
Омыртқам от, өзегі үзіліп тұр, үкілі-үйрек.

Қайырмасы:

Үкілі үйрек, қоңыр қаз,
Жабырқамай көңілің жаз.
Ғашық едім сыртыңнан,
Бір өзіңе болып мәз.

Ақ тісім — аузымдағы маржан тісім,
Болар ма мұнда душар сүйген кісім.
Сүйкеніп сүйген жаным өте шықса,
Қазандай қатты от жаққан қайнайды ішім.

Қайырмасы.

617. ҮКІЛІ-АЙ

Есік алды қара су ағындаған-ай,
Жастық оты бойыңда жалындаған-ой.
Үкілі-ай, үкілі-ай,
Үкілім айдай-ау.

Айдындағы аққудай арайлым-ай,
Бір адам жоқ өзіңе табынбаған-ой.
Үкілі-ай, үкілі-ай,
Үкілім айдай-ау.

618. ҮКІЛІ-АЙ КЕР

Айт дегесін айтайын мендей болып,
Кескен терек қалады жеңдей болып-ай.
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқа,
Кім көрінер көзіме сендей болып-ай.

Қайырмасы:

Үкілі-ай кер, қасың қара, көзің сүз,
Майда қоңыр, құдаша, мінезің-ай.

Көк ала үйрек ұшады көл дегенде,
Сілекейің бал татыр шөлдегенде.
Ауылың алыс кеткенде, қимас қалқа,
БІнтызарым құриды сен дегенде.

Қайырмасы.

619. ҮКІЛІ-АЙ, ҚҰРБЫМ

Баста десе өлеңді бастағандай,
Ұрмай-соқпай жаманды жасқағандай, угәй-ай.
Өзі өлсе де жақсының, сөзі өлмейді,
Алтын үйіп артына тастағандай, угәй-ай.

Қайырмасы:

Үкілі-ай, құрбым, шашың кез,
Жан-ай құрбым,
Және айналып, жанай кел.

Жылқы деген мал жақсы жүріс болса,
Айтқан сөзің өрлейді дұрыс болса, угәй-ай.
Ауылыңның кетеді-ай берекесі,
Арасында ағайын ұрыс болса, угәй-ай.

Қайырмасы.

620. ҮКІЛІМ

Даусым ө дегенде жөнеледі,
Азырақ өнге келмей бөгеледі.

Қайырмасы:

Үкілім, үкілім,
Тілеймін, қалқам-ай,
Ғұмырыңды-ай.

Құрбылар, осындайда ойна да күл,
Қолыңнан қартайған соң не келеді?!

Қайырмасы.

Аулым екі таудың арасында,
Құрбым-ау, мен шақырсам, барасың ба?

Қайырмасы.

621. ҮКІЛІМ АЙДАЙ

Ой, үкілі-ай,
Үкілім айдай, бүрлен-ай.

Ән сал десем балалар, ән салмайды-ай, ей,
Заман ақыр болғанда жан қалмайды-ой,
Үкілім айдай, бүрлен-ай.

Қылышынан қан тамған Қалиды алған-ай,
Соларды алған бар Құдай кімді алмайды-ой,
Үкілім-ай, үкілім айдай, бүрлен-ай.

Өлең де өнер кісіге, өнер де өнер-ай,
Өрге салса, шын жүйрік өршеленер-ай.
Үкілім айдай, бүрлен-ай.

Осындайда, балалар, ойна да күл-ай,
Мың күн жанған шырағым бір күн сөнер-ой,
Үкілім-ай, үкілім айдай, бүрлен-ай.

622. ҮКІЛІМ АЙДАЙ, БҮРЛЕН-АЙ

Айналайын, қаракөз күлімдеген-ей,
Жаман атың ешқашан білінбеген.
Ей, үкілі-ай, үкілім-айдай,
Бүрлен-ай.

Жақсылықтың нышаны тал бойыңда-ей,
Жаман атқа әрқашан ілінбеген.
Ей, үкілі-ай, үкілім-айдай,
Бүрлен-ай.

623. ҮКІЛІМ АЙДАЙ, ҚОҢЫР ЖАЙ

Есік алды қара су бойламадым,
Бұл жалғанның өтерін ойламадым.
Үкілім айдай, қоңыр жай.

Бұл жалғанның өтерін білген болсам,
Құлын-тайдай тебісіп ойнамадым.
Үкілім айдай, қоңыр жай.

624. ҮКІЛІМ-АЙ

Дәйім менің мінгенім құла құнан,
Үркеді құла құнан құлағынан.
Ондай көңіл сен берсең, әбзал, қалқам,
Аулыңның жолығайық бұлағынан.

Қайырмасы:

Үкілім-ай, қос мырза,
Сылқым-ай, ашылды,
Ұйқым-ай.

Дәйім менің мінгенім құла қасқа,
Құдыққа шеге қақтым құламасқа.
Кеткенде жерің шалғай, беу қарағым,
Беріп кет орамал шыт жыламасқа.

Қайырмасы.

625. ҮКІЛІМ-АЙДАЙ, ҚОҢЫРЖАЙ

Есік алды қара су бойламадым,
Бұл жалғанның өтерін ойламадым.
Үкілім-айдай, қоңыржай!

Бұл жалғанның өтерін білген болсам,
Құлын-тайдай тебісіп ойнамадым.
Үкілім-айдай, қоңыржай!

626. ҮРИАЙ-АЙДАЙ

Ақ үйге ат байладым жанастырып,
Кеттің бе, жиырма бес, адастырып,
үриай-айдай.

Түспейтін жүйрік аттан сері едім,
Өттің бе, жастық шағым, біз бейбақтан,
үриай-айдай.

Жағасында Балқаштың қамысы бар,
Ер жігіттің бойында намысы бар,
үриай-айдай.

Жастық шағым есіме түскен шақта,
Еріксізден қабырғамды қайыстырар,
үриай-айдай.

627. ҮРИАЙ-АУ

Дүние құдым сені-ау, жалықпай-ақ,
Судағы ұстатпадың-ау балықтай-ақ, Үриайа-ау.
Біреуге мал мен басты-ау бірдей берер,
Қойды ғой кейбіреуді-ау жарытпай-ақ,
Үриай-ау.

Дүние ойлап тұрсам-ей жалған екен,
Ғаламды он сегіз мың-ау алған екен, Үриай-ау.
Жібіндей машинаның-ау қайран өнім,
Шалдығып шабан аттай-ау қалған екен,
Үриай-ау.

628. ҮРИЯ-АЙ

(1-нұсқа)

Өлең басы бісміллә жаратқаннан-ай,
Ер жігітке нұр жауар талаптанған, үрия-ай.
Талабыңның барында талпына бер-ай,
Талапсыз жан әр жерде қарап қалған, үрия-ай.

Қайырмасы:

Қарқараны жайлаған,
Жағалай бие байлаған,
Қыз-бозбала жиылып,
Құлын, тайдай ойнаған.

Өкінемін дүние-ай жалғаныңа-ай,
Қай пендені жеткізген арманына, үрия-ай.

Орынбай мен Кеншімбай айтысыпты-ай,
Жетісуға жандарал барғанында, үрия-ай.

Қайырмасы.

Айт дегенде өлеңді аярым жоқ, үрия-ай,
Желісім бар азырақ, аяңым жоқ, үрия-ай.
Тіршілікте ойнап-күл, қыз-бозбала-ай,
Өте шығар бұл жалған аялы жоқ, үрия-ай.

Қайырмасы.

629. ҮРИЯ-АЙ

(2-нұсқа)

Ахауға салушы едім тоқсан түрлі,
Айрылса ел жұртынан, үрия-ай, ер де мұңды.
Тоты құс қапасынан ұшқаннан соң,
Бағасы болмайды екен, үрия-ай, торғай құрлы.

Қайырмасы:

Ой-хай, елім-ай,
Айхау, дүние, жерім-ай.
Кәлмай сәулем,
Кә-ли-ме-ли-ли ме-ли-ляй
Кә-ли-май, ай.

Алысқа аз ойлаған болмас жолдас,
Қас қылған татқан тұзға, Үрия-ай, ай жігіт оңбас.
Жапанда қанша биік болсадағы,
Саяға да рақатсыз, Үрия-ай-ай, бұлбұл қонбас.

Қайырмасы.

Жерден алтын тапқандай-ей қуанамын,
Езу тартып күлімдеп қарағанда.

Қайырмасы.

Күміс қасың болғанда-ей, алтын шашың,
Қаламменен сызғандай қиғаш қасың.

Қайырмасы.

Мұндай сымбат тұрғанда бір өзінде,
Жабыттамай аулыңды кім шыдасын.

Қайырмасы.

632. ХАЙЛӘЙЛІМ

Торы айғыр торғын жалды далада тұр,
Қамқа, торқа, қатипа қалада тұр.
Хайлім, хайләйлім.
Тұсынан ауылыңның өн салғанда,
Сүйені-ақ үйіңе қара да тұр.

Келемін жоғартынан төмен өктеп,
Көдені жұлып алдым, қойжелкек деп.
Үйіңе түйе болып сүйкенейін,
Жүгіріп шық алдымнан «Әтчу-шөк!» деп.

633. ХАЛАЛЫМ-АЙДАЙ, ҚОҢЫРЖАЙ

Бір жұлдыз бар әуеде айдан қалған,
Қайқы мүйіз ақ серке қойдан қалған,
Халалым-айдай, қоңыржай.

Осы ауылда кім жаман, құрбым жаман,
Көн етігін кие алмай тойдан қалған,
Халалым-айдай, қоңыржай.

634. ХАЛАУЛІМ-АЙ

Өлең басы бісміллә, оу, деп айтамыз-ау,
Жарытымсыз жаман сөз неге айтамыз,
айхой, халаулім-ай.

Бәрімізді жаратқан, оу, Жаппар құдай-ау,
Құдайды айтпай әуелі нені айтамыз,
айхой, халаулім-ай.

«Айт» дегенде өлеңді, ау, айта алмаймын-ау,
«Айт» дегеннің көңілін қайтармаймын,
айхой, халаулім-ай.

Айтар кісі алдыма, оу, кез келгенде, оу,
Топтан шыққан торыдай жайтаңдаймын,
айхой, халаулім-ай.

635. ХАЛАУЛЫМ-АЙ

Қамыстың-ай, ат байладым сабағына,
Жігіттің жолдас болма жаманына, ой,
халаулым-ай.

Жігіттің жолдас болсаң жаманына,
Дұшпанның тастап кетер табанына, ой,
халаулым-ай.

Көк аспан күн жауарда бұлттайды,
Ағайын алыс жүрсе, суықтайды.
Болғанға бір күн жолдас, қырық күн сәлем,
Шын досын ер азамат ұмытпайды.

636. ХАЛДӘРИҒА

Салғаным сал торы атқа өмілдірік,
Өрістен жылқы айдадым төгілдіріп.
Кеткенде аулың алыс, қимас қалқам,
Кеттің ғой қабырғамды сөгілдіріп.

Қайырмасы:

Халдәриға-ай,
Қалдың құрбым,
Ой, дүние-ай.

Ей қалқа, сен ар жақта, мен бер жақта,
Жылайды екі арман да екі жақта.
Айрылдым қандай күні сен қалқамнан,
Көремін енді қашан, қай уақытта.

Қайырмасы.

637. ШАҚПАҚ-ОЙ

Өлең деген немене үйренген соң, Шақпақ-ой,
Ақын болар өлеңге ізденген соң, Шақпақ-ой,
Атқа салған нөқта ғой.

Арпа жеген аттай боп аңсайды екен, Шақпақ-ой,
Құрбы-құрдас бір жүріп үйренген соң,
Шақпақ-ой,
Атқа салған нөқта ғой.

Екі ішекті домбыра қу қарағай,
Күйге келмес құлағын бұрап алмай.
Гүл жазыңның барында күліп-ойна,
Өтіп дәурен барады, бір қарамай.

638. ШАҒИБАЗ

Ауылыңа шығып ем Қарқарадан,
Қарқараның басынан өн тараған, Шағибаз.
Ат арытып алыстан келгенімде,
Қарсы жүрші керіліп, қалқа, маған, Шағибаз.

Қайырмасы:

Сары самаурын сан қайнап,
Сағындым, сәулем, сені ойлап.
Қиыр қыстап, шет жайлап,
Келер ме екен дәм айдап.

Қара судың жағасы қара барқын,
«Қарақ», «шырақ» деуші едім сөздің салтын,
Шағибаз.

Басы күміс сөзімнің, аяғы-алтын,
Айтқызбай-ақ түсінген көңіл парқын, Шағибаз.

Қайырмасы.

639. ШҰБАР АҒАШ

Сен маған, қалқатай, мен саған жоқ, ахау,
Екі ауылдың ортасы жайнаған шоқ, а, құрбым.
Ат өксітіп алыстан келгенімде, ахау,
Жұртың жатыр құлазып, ауылың жоқ, а, құрбым.

Қайырмасы:

Шұбар ағаш — ақ жайлау,
Қашан қалқа, сөз байлау?
Келсең, келші, дей берші,
Не болары құдайда-ау.

Айт дегенде өлеңді аяңдадым, ахау,
Сөзі менен әуенді баяулады, а, құрбым.
Іздегенде, ғашық жар, ауылыңды, ахау,
Ат өксітіп алыстан таба алмадым, а, құрбым.

Қайырмасы.

640. ШЫНАР-АЙ

Жақсы қандай, ендеше, жаман қандай, ахау,
Жүйрік қандай, байқасаң, шабан қандай.

Қайырмасы:

Шынар-ай!
Әркім де сізге құмар-ай.
Әркім құмар болса, болсын-ай,
Қайтіп көңілім тынар-ай.
Сүйгеніңді біреу сүйсе,
Қайтіп жүрек шыдар-ай.

Жазатайым жаманға ісің түссе, ахау,
Ақырзаман басыңа таянғандай.

Қайырмасы:

Шынар-ай!
Әркім де сізге құмар-ай,
Әркім құмар болса, болсын-ай,
Өзім сүйген Шынар-ай!

641. ШІРКІН-АЙ

(1-нұсқа)

Сағындым жүрек, жарып тапқан анам,
Сарғайып мені күтіп жатқан анам.
Шіркін-ай!

643. ШІРКІН-АЙ*(3-нұсқа)*

Киейін ақ тымағым-ай, ей, шоқтай-шоқтай-ай,
Басайын ауса түйем, шіркін-ай,
тоқтай-тоқтай-ай.

Кеткенде жерің шалғай-ай, ей, қарағым-ей,
Жүрейін өлеңменен, шіркін-ай,
жоқтай-жоқтай-ай.

644. ШІРКІН-АЙ*(4-нұсқа)*

Жылқы айдаймын көшкенде-ей дөненменен,
Алма мойын арғымақ, шіркін-ай, дәурен-ай,
Көбеңменен, айдай-ай.

Жас өспірім, жеткіншек балаларға,
Айтар сөзім мінеки, шіркін-ай,
дәурен-ай, өлеңменен, айдай-ай.

Дәйім менің мінгенім-ей, құла серек,
Өзім әнші топ жарған, шіркін-ай,
дәурен-ай, бұла сергек, айдай-ай.

Сары майдай сақтаған-ей өлеңіңді,
Осындайда айтпасаң, шіркін-ай,
дәурен-ай, неге керек, айдай-ай.

645. ШІРКІН-АЙ*(5-нұсқа)*

Мінгенім дәйім менің-ей Сусылсары,
Жел соқса сусылдайды, шіркін-ай,
аттың жалы-ей-ау.

Кеткенде алыс аулың-ей, қарағым-ай,
Жүрмейді тамағымнан, шіркін-ай,
жалғыз тары-ей-ау.

646. ІБІГӘЙ-АУ

Аулым көшіп барады-ей белден асып,
Белден асқан бұлтпенен-ей, ібігәй-ау,
араласып-ай.

Аулың алыс кеткенде-ей, қимас қалқам,
Ақ қағазбен жүрейік-ей, ібігәй-ау, амандасып.

647. ІДІГАЙ

(1-нұсқа)

Өлеңді айта алмадым білсем-дағы,
Аралап халық ішін жүрсем-дағы.
Азырақ білгенімше ән салайын,
Құрбылар, келеке қып, күлсең-дағы.

Қайырмасы:

Ахау, ідігай,
Қызық-ай, қыздар-ай.
Ахау Урия-ай,
Урия-ай, Урия-ай.

Өлеңді айту керек білгеннен соң,
Тамаша, сауық құрып жүргеннен соң.
Жел сөзді білгеннен соң неге аяйын,
Жиылып, өңшең бағлан келгеннен соң.

Қайырмасы.

648. ІДІГАЙ*(2-нұсқа)*

Өлеңім ағайынды, абысынды,
Қамшымның сазға тастап сабы сынды.
Жүруші ем жас күнімде асау тайдай,
Қартайып енді менің сағым сынды.

Қайырмасы:

Ой, ідігай,
Өттең, қалқа, қайтейін,
Күнім-ай, ау.

Өлеңді айт дегенде іркілмеймін,
Кісіні жақсы көрген, шіркін, деймін.
Алдында көпшіліктің өн салғанда,
Жорғадай жолға түскен бүлкілдеймін.

Қайырмасы.

649. ІДІГАЙ ГӨЙ

Ей, ахау, қолымда бір қамшым бар алтындаған,
Кей жаман ұстай алмай қалтылдаған.

Қайырмасы:

Ідігай-гөй, гөй,
Ідігай гөй-ау.

Кеткенде аулың алыс, қимас қалқа,
Көзіңнен айналайын жалтылдаған.

Қайырмасы.

650. ІДІГАЙ, ШІРКІН, КҮНІМ-АЙ

Ауылың көшіп барады бел тұрғанға-ей,
Биік ағаш майысар жел тұрғанда.
Ідігай, шіркін, күнім-ай, ау.

Күнмен айын өзгенің не қылайын-ей,
Көз алдымда бұралып сен тұрғанда.
Ідігай, шіркін, күнім-ай, ау.

651. ІЛІГ-АЙ

Қара көк жылқы ішінде жетер екен,
Күлмеген, ойнамаған бекер екен-ай.

Қайырмасы:

Іліг-ай қызық-ай,
Қалалакім-ай, әли-лай,
Қалар бір күн-ай дүние-ай.

Жастық шақ көк семсердің жүзіндей боп,
Аз күнде жалт-жұлт етіп-ай өтеді екен-ай.

Қайырмасы.

Қара көк жылқы ішінде сылаң қаққан,
Өмілдірік, кежімін сәндеп жапқан.

Қайырмасы.

Оралыңның барында күл де ойна,
Қызыл түлкі дүние бұлаң қаққан.

Қайырмасы.

652. ІЛІК-АЙ, СӘУЛЕМ, ІЛІК-АЙДАЙ

Өлең басы бісміллә шетен дейді-ай, оу,
Бісмілләсіз айтқан сөз бөтен дейді-ай, ой.

Қайырмасы:

Ілік-ай, сәулем,
Ілік-айдай,
Келсе шамаң,
Күліп-ойна-ай!

Бісмілләні аузыңа үш келтірсең-ау,
Шайтан қашып жолыңнан кетер деймін-ау.

Қайырмасы.

Ақын емес, мен өзім ақ маңдаймын-ау,
Ақынмын деп ешкімге мақтанбаймын-ау.

Қайырмасы.

Айтар кісі алдыма кез келгенде-ау,
Қыбыладан қызыл жел соққандаймын-ау.

Қайырмасы.

653. ІРКУЖАН

Жылқы айдаймын көшкенде кер кекілмен-ай, угай,
Ауық-ауық аймалап жел бетімнен.

Қайырмасы:

Іркужан жан-жан-ай,
Үкілі бағылан-ай.

Көш жөнекей шырқатып ән салғанда-ай, угай,
Қыз-келіншек шаттанып тербетілген.

Қайырмасы.

Қыздың аты қыз емес — қызыл бидай, ай-угай,
Түнде жүрем қыз үшін көңілін қимай.

Қайырмасы.

Белде белбеу қалмады, баста бөрік-ай, угай,
Қызды ауылдың жеңгесін сыйлай-сыйлай.

Қайырмасы.

654. ЯКУЛАЙ

Басынан құламаның құлай жаттым,
Өзінді көрінгеннен сұрай жаттым.
Якулай, якулай, якулай,
Қалқатай.

Көз көрген құрбым еді бір келер деп,
Төрт болып екі көзім, сынай жаттым.
Якулай, якулай, якулай,
Қалқатай.

655. ЯПЫРАЙ, ЖЕҢГЕМ-АЙ

Ал қызыл боп көрінер-ей қашқан түлкі,
Қайда қалмас жігіттің, япырай, жеңгей-ай,
Жиған мүлкі, айдай-ай.

Қбағаңды түймеші, асыл жеңгем,
Арылмасын ауылдан, япырай, жеңгей-ай,
Ойын-күлкі, айдай-ай.

656. ЯПЫРМАЙ

Айдап келдім-ой, жылқымды бие бауға, ахау,
Оралады-ой, ақшабақ жібек ауға.

Қайырмасы:

Жаным-ай,
Арнап салған әнім-ай,
Япырмай.

Жалғыз тұрған-ой жапанда сен бөйтерек, ахау,
Бұтағыңа-ой мен келдім ұялауға.

Қайырмасы.

Күміс ерді-ой көтеріп атқа салдым, ахау,
Атадым да-ой атыңды хатқа салдым.

Қайырмасы.

Жас жүректің-ой обалы бір өзінде, ахау,
Шыбын жанды-ой сен үшін отқа салдым.

Қайырмасы.

657. ЯПЫРМАЙ, АҒАЖАН

Дәйім менің мінгенім ала құнан-ей,
Ала құнан үркеді, япырмай, ағажан.
Аяғынан, өгөй-га-яй.

Шынты бейілің, шын көңілің менде болса-ей,
Табысайық ақ қорым, япырмай, ағажан.
Аяғынан, өгөй-га-яй.

658. ЯПЫРМАУ-Ә

Мінгенім дәйім менің Сусылсары-ай,
Сусылдар шапқан сайын аттың жалы-ай.
Япырмау-ә.

Кеткенде аулың алыс-ей, қалқатай-ай,
Өтпейді тамағымнан жалғыз тары-ай.
Япырмау-ә.

Мінгенім дәйім менің ұзын құла ат-ай,
Бұлғынның екі жағы малға суат-ай.
Япырмау-ә.

Кеткенде ауылың алыс-ей, қалқатай-ай,
Айтайын өнге салып дөтке қуат-ай,
Япырмау-ә.



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

1. Жетісу қазақтарының 54 халық әні.

Бұл қолжазба жинаққа (ОФК. №1586 бума. 54 казахских народных песни Семиречья. Ноты и тексты. Тетрадь № №1-3. (Запись производилась с 16 апреля 1956 г. по 15 марта 1957 г.) Песни записаны по сообщению Байбатырова Мукаша, акына-певца Талды-Курганской обл., Капальского района, колхоза им. «Абая». Запись Кереевой Зауре. Алма-Ата, 1957 г.) әнші М.Байбатыровтың орындауынан фольклорлық мұралар, әсіресе халықтық ән-өлеңдер (лирикалық, ғұрыптық) үлгілері енген.

Қолжазбаның бірінші дәптерінде (түптелген кеңсе қағазында) орындаушының өмірбаяны мен 21 әннің (№№1-20), екіншісінде — 20 (№№20-39), үшіншісінде 15 (№№40-54), барлығы 54 халық әнінің нотасы, олардың машинкада теріліп, нөмірленген мәтіндері қамтылған. Онда Жетісу, Батыс Қазақстан (№7), Семей (№№11, 28), Жамбыл облыстарынан (№№15, 45) жиналған ән үлгілері туралы және ӘӨИ Өнер секторы қызметкерлерінің (Б.Ерзакович, М.М.Ахметова, З.Кереева) қолжазбаларды бағалап, қорға қабылдағаны туралы пікірлері тіркелген.

Томға аталған қолжазба бойынша(1-дәптерден): «Тоты қыздың әні», «Қатқан шалдың әні», «Әлеулім, қыздар», «Жайқоңыр Алатау», (2-дәптерден): «Гәккәй», «Ақылың, әділің», «Сұр желгенше», «Жанға жайлы», «Біз колхозшы еңбекші ел», «Басыңнан байқап», «Қайран заман», «Ахау, айта», «Әрине», «Зібiлiяй ләйлім», «Үрия-ай», (3-дәптерден): «Кең сала», «Майда мамыр», «Жеті қыздың әні», «Ау-жаным» секілді ән мәтіндері ұсынылды.

2. Қазақ әндері.

Бұл жинаққа (*Қазақ әндері / Құрастырған — Мәмбет Бестібаев.—Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1957. — 91-б.*) жалпы тыңдарманды бейжай қалдырмайтын туған жер, отан, бейбіт өмір, жаңа тұрмыс, жастық шақ, ғашықтық-сүйіспеншілік, адамгершілік т.б. тақырыптардағы халық әндері мен халық композиторларының, сондай-ақ кеңестік Қазақстанның кәсіби композиторлары әндері мәтіндерінің үлгілері топтастырған. Атап айтқанда, «Жас келін», «Көк айдай», «Ақ Айша», «Қанатталды», «Топ шеңгел», «Жетісу жерім-ай», «Жаз болса», «Жариям айдай», «Жан ерке», «Ғашығым», «Ақ тамақ», «Ахау, бикем», «Жоңып алды» сияқты ән-өлеңдер бар.

Томға мәтіндер осы жинақтың негізінде дайындалды.

3. Синьцзян қазақтарының халық әндері.

Ән жинағына (*Синьцзян қазақтарының халық әндері / Құрастырған — Ә.Бафина.—Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. — 52-б.*) махаббат, туған ел, отан тақырыбындағы 46 халық әнінің нотасы мен мәтіндері енген. Олардың арасында «Сарыарқа», «Туған жер», «Алтай», «Гүлдерайым», «Қорлаш», «Қалқаш-ау», Сұлуғай», «Көз салма, құрбым, әркімге», «Тіл бұлбұлы», «Хайләйлім», «Керім-ау, айдай», «Қарлығашым», «Гүлсара», «Ел қайда, перизат», «Бұлбұл құсым», «Жеті арал», «Ей-ей-ау», «Сәулем-ай», «Дүние», «Шіркін-ай». «Уғай», «Уғай, жар», «Ідіғай», «Қос қара көз», «Майда жал», «Қара көз», «Құралай көз», «Ай-айым», «Қызыл жел», «Ақ алма», «Көкем», «Ләйлән», «Сұрмерген», «Үкілім-ай» т.б. ән-өлеңдер кездеседі.

Томға мәтіндер осы жинақтың негізінде дайындалды.

4. Моңғолия қазақтарының халық әндері.

Жинақ (*Моңғолия қазақтарының әндері / Әндерді жинап, құрастырған—Қабыкей Ақмерұлы, өлеңдерін редакторлаған—Имашхан Байбатырұлы, Музыкасын қараған—Құсайынұлы. Өлгий, 1983. — 335-б.*) Моңғол Халық Республикасының Баян-Өлгий аймағын мекендеген қазақтардың халық әндерінің

бұрынғы-соңғы басылымдарының («Монғолия қазақтарының халық әндері (1965); «Монғолия қазақтарының халық әндері» (1972) негізінде толықтырылып, баспаға дайындалған.

Кітапқа күйші-композитор, МХР-дің еңбек сіңірген артисі Қабыкей Ақмерұлының ұзақ жылдар бойы Алтай, Алтан цөгц, Булган, Бугат, Дөлүүн, Ногооннуур, Толбо, Улаанхус сұмдарынан (аудандарынан) және Өлгий қаласынан жинаған материалдары пайдаланылған. Алдыңғы жинаққа — 52, соңғысына — 86 ән кірсе, 1983 жылғы жинаққа — 319 қара өлең үлгісіндегі халық әндері, сондай-ақ кейінгі композиторлардың ән-өлеңдері енген.

Ән мәтіндерін жеткізген және жаздырғандардың қатарында С.Дінәсіл, К.Аяған, А.Сләмхан, Ш.Бүткіей, Л.Мамық, Сырдықан, Ж.Сілетай, Қ.Имамағызам, Ө.Күлтөн, З.Зандыбай, Ш.Калидан, З.Төлек, Н.Зайнолда, С.Зақан, Шүки, Ж.Ыбырай, С.Жабай, Ж.Шамша, К.Балапан, А.Жұқа, О.Кәлел, Ө.Мүтөй, К.Мәлике, Ж.Қонай, Б.Мәуледан, Е.Шынғышбай, Ш.Ақыбай, М.Мұхани, М.Әбіш, А.Зүбәйра, К.Қабидолда, Б.Якула, Ж.Қаумен, Бөкеш, Нәсірдолла, Ж.Қауап, Тотай, Бобан, Жәке, Сәли, Жанымхан, С.Өмірхан, К.Кәлел, К.Ташкен, Ж.Қанасбай, З.Шамай, Р.Абай, Т.Үмітхан, Ж.Ақбала, Дәмелі, Муса, Ү.Белдеубай, К.Махфуза, С.Нұрмұхамбет, Ж.Қапсөк, Ө.Нәзима, С.Жайнар, Қанышқан, К.Монбай, О.Бәтиқа, Ж.Қибатдолда, Ж.Төлеухан, С.Нүскей, К.Захан, К.Әузәр, К.Мария, Т.Муса, Ү.Сынап, М.Әнікей, Қауан, К.Сақай, К.Базархан, А.Шамшерхан, З.Қуанған, М.Замза, Б.Сағдолда, Қ.Қымыз, Б.Имашхан т.б. бар.

Ұсынылған томға «Абай көк» (бірнеше нұсқасы), «Ай-ай, сәулем-ай», «Айдай» (екі нұсқасы), «Ай қараңғы, түн жарық», «Айдай, тамаша», «Ақ саусақ, қыпша бел», «Ақ жайқын көл», «Ақ көйлек», «Ақ сия-ай», «Ақ торғай», «Ақ Жайық пен Сұр Жайық», «Ақ саусақ», «Ақ шоқы», «А, құрбым, айдай-ау», «А, қалқа-ау», «Ақау» (екі нұсқасы), «Ақау-ай», «Ақау, керім», «Ақау, лилилай-ау», «Ақау, ләйлім», Ақау, әлиләй», «Ақау, мосым», «Ақау, арман», «Ал, қаракер», «Алтын сырға, жез түйме», «Алма мойын», «Ал, гідіг-ай», «Алтыным-ай, күмісім-

ай», «Ал күрең», «Алтын тау», «Ал қарай көз» т.б. ән мәтіндері енгізілді.

5. Балқаш өңірінің әндері.

Аталған басылымда (*Төлеутаев К. Балқаш өңірінің әндері. — Алматы: Өнер, 1989. — 96-б.*) Алматы облысының Балқаш бойында айтылатын ғұрыптық, балаларға арналған әндер, Қазан төңкерісі мен Ұлы Отан соғысы жылдары шыққан әндердің іріктелген үлгілерінің ноталары, мәтіндері қамтылған. Жеткізушілер мен композиторлар құрамында К.Тұмарқұлова, Ж.Бейсембаева, Қ.Мұхамеджанова, Ү.Дүтбаева, Ш.Кемелбаева, Н.Көкеева, Ү.Мұсабекова, Р.Жәкенов, С.Сүйменбаева, К.Бекмағанбетов, Ә.Мүсәпіров, А.Досмағанбетов, А.Әубәкіров, Ш.Әшімов, А.Шөменов, К.Мұқаханова, Д.Түсіпбекова, С.Аманжолов, Н.Жиенханов т.б. бар.

Ұсынылған томға «Сәулем-ай», «Үкілім», «Құбажай» (*екі нұсқасы*), «Қаракөзайым», «Әләлім», «Қымбаттым», «Еркем-ай», «Өтті-ау, дүние, заманым», «Сарыарқаның саздары-ай», «Заманым», «Қойшы әні», «Сарыарқа», «Айнамау», «Жас дәурен», «Қоңыр жай», «Сәлемсіз келдік біз», «Сардоңғал», «Жалған-ай», «Үриай-айдай», «Қоңыржай-Гүлжай», «Гүлді Райхан», «Сұлу Бану», «Даусым», «Таң келеді», «Ардағым», «Дүние», «Қалқажан», «Сүйген жарым» сияқты ән-өлеңдер іріктеліп алынды.

6. Қазығұрт әуендері.

Бұл жинақта (*Қазығұрт әуендері: Халық әндері / Әндерді жинап, нотаға түсірген және құрастырған — Райымқұл Темірбаев. — Алматы: Өнер, 1991. — 128 б.*) Шымкент облысының (қазіргі Оңтүстік Қазақстан) аумағынан жиналған 94 халық әні мен олардың ноталары топтастырылып, мәтіндер туралы толық мәліметтер берілген. Дереккөздері Р.Темірбаев, Ү.Темірбаева, Х.Оспанова, О.Дүйсенбекова, Ж.Әбішева, Т.Жалмырзаева, С.Әлімбаев, Ә.Өтенова, Ж.Тілеубаева, М.Төрегелдиева, Е.Сапарбаев, Ә.Медешева, Р.Өтенов, Ж.Сейілбеков сияқты ел адамдарының аузынан хатқа түсірілген.

Ұсынылған томға осы жинақтағы «Қоғалы-ай», «Өгем бір елдің жайлауы», «Сағындым ғой елімді», «Ақ толғай», «Туған жерім — Қаратау», «Төрткүлде елім, ғашық жарым», «Қоғамның жайлауы», «Дүнием-ай — мәжіліс», «Гүл-гүл-ай», «Солқылдар, соқса жел», «Жанбай, Жаным», «Абайкөк», «Сағындым, көке, аман кел», «Жастық дәурен өтеді-ай», «Ақ бидай», «Дедім-ай-ау», «Аптари-ай», «Бүлдірген», «Ахау, керім», «Екі-ай бел», «Ай, қара көз» секілді ән-өлеңдер алынды.

7. Жетісу әуендері.

Бұл жинаққа (*Медеубекұлы С., Мұптекеев Б. Жетісу әуендері. — Алматы: «Өнер» баспасы, 1998. — 240-б.*) аталған аймақтан жазылған музыкалық фольклордың түрлі жанрлары (бесік жыры, тойбастар, сыңсу, қоштасу, жоқтау, жарапазан, қара өлеңдер, т.б), осы өңірден шыққан халық композиторларының (*Кенен, Шалтабай, Пішән, Қапез, т.б.*), сондай-ақ 138 халық әнінің нотасы мен мәтіндері енген.

Томға осы жинақтың негізінде «Айнам-ау», «Ахахау, айдай-ай», «Әй-әй, бөпем», «Қарағай», «Ай, бүлдбұл», «Ахау, жалған», «Вот так, Шалабек», «Үрия-ай», «Әләлім, әләлім-ай», «Алма жай», «Ауылыңды-ай», «Гүлсім-ай», «Ілік-ай, сәулем, ілік-айдай», «Абай күнім-ай», «Ей-ау», «Ей, аяулым-ай», «Қалы-күлік-ай», «Құрбылас, сыртыңнан», «Ой, жан сәулем», «Угайдой-ай», «Сырлы-ау, ләйлім», «Ахау, игай, қоңыржай», «Ей, ахау» т.б. ән-өлең мәтіндері іріктеліп алынды.

8. Алтай-Тарбағатай өңірінің халық әндері.

Көптомдық «Шыңжаң қазақтарының рухани мәдениет үлгілері» топтамасының (*жеті томдық*) халық әндеріне арналған томдарына (*Алтай-Тарбағатай өңірінің халық әндері. Бірінші кітап / Жинақтап құрастырған — Долда Кенешұлы. — Алматы: Атамұра, 2008. — 288-б.; Алтай-Тарбағатай өңірінің халық әндері. Екінші кітап / Жинақтап құрастырғандар: Долда Кенешұлы, Біләл Ысқақов. — Алматы: Атамұра, 2009. — 360-б.*) аталған аймақтардан жиналған халық мұраларының үлгілері топтастырылған.

Мәтіндер Д.Кенешұлының жинауында Қазақстанға жетіп, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері И.Тасмағамбетовтің қолдауымен, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының Ғылыми кеңесінің мақұлдауымен, профессор Б.Ысқақ, музыка зерттеушісі Г.Қозыбақова және Е.Өміров, А.Жайым, Ұ.Есдәулет сияқты азаматтардың атсалысуымен жарық көрген. Екі томдық жинаққа (*1-томда—198; 2-томда—225 ән-өлең*) 423 ән мәтіні кірген.

Қос томдағы халық мұрасы: Б.Ыдырышұлы, Т.Сұлтанғалиұлы, М.Оянғанқызы, Г.Сұлтанқызы, Қ.Ағзайұлы, А.Тілеубекқызы, М.Тұрыққызы, Т.Мұратқызы, Г.Бақанқызы, М.Байдоллақызы, Х.Сарайқызы, Н.Омарқызы, Қ.Тұрғылұлы, Қ.Қамжанұлы, З.Сапиұлы, К.Нұрмоллаұлы, Ө.Қапашұлы, С.Қайырқанқызы, А.Аланқызы, Т.Сәрсенбайұлы, Ү.Жүнісқызы, Г.Оқанқызы, М.Қасенұлы, Қ.Қабдолтілеужанұлы, М.Жанғалиұлы, Б.Сақажанұлы, Р.Әбуқызы, С.Мырзахметұлы, Ө.Мәшенұлы, Ж.Назарұлы, Р.Нұрмұхамедқызы, С.Қали, А.Қаламқызы, Е.Сүлейбекұлы, Қ.Көбілтайұлы, Х.Ақмәдиұлы, Ө.Ақайұлы, Ш.Халықұлы, О.Сұлтаншәріп, М. Өміреұлы, Т.Белгібайұлы, Ш.Солтанбайұлы, Б.Тағайұлы, Ө.Қасымұлы, Н.Көбегенқызы, Ш.Жәңгірұлы, Б.Ошынтайқызы, С.Қойшыбайқызы, С.Иісханұлы, Р.Зағытбайұлы, Қ.Ұмысайұлы, Б.Орынханқызы, Т.Кәрия, М.Әнуарұлы, Н.Дәлелханқызы, С.Қайырбайұлы, Қ.Қабиұлы, И.Жатқанбайұлы, Қ.Көкейұлы, М.Жақсыбайқызы, Б.Айдарқызы, К.Оспанқызы, Р.Мейірхарұлы, Т.Мәулітханұлы, Қ.Омарқызы, М.Мұсаханұлы, А.Қалайқызы, Қ.Көкейұлы, Т.Дәуітұлы, М.Ноғайқызы сынды өнер иелерінен жазылып алынған.

Томға алғашқы жинақтан: «Ағажан Алтай», «Алтын тау», «Жеті арал», «Сары арқа», «Күшішім, айдай», «Угөй, жар», «Сұр қызылдай», «Саңғырбай», Өтеді жастық, өмір-ай», «Ой, қайқа», «Құрбымжай», «Деп айтам», «Ахау, айдай», «Сөмен шал», «Нүрия-ай», «Еркем-ай», «Бозторғай», Ахау, айдай, «Ай, жаным, қалар көңілің, қой жаным», «Үкіл-ай, кер»,

«Жалғыз қайғы», «Бұлбұлым», «Ауылым қалды-ау, кейін-ай», «Арман-ай», «Әлеулім», «Ән салайық», «Туған жер», «Құрбылар», «Құрбым-ай», сондай-ақ екінші жинақтан: «Қайран, жалған», «Бозторғай», «Қызыл жел», «Самал-ай», «Көңіл жай», «Минәш», «Шақпақ-ой», «Енді аман бол», «Айдай», «Жай толқын», «Игөй-гәй», «Ойланшы өзің», «Мәтәри, сабаз-ай», «Әгүгәй, жамал», «Халаулым-ай», «Қапиза тентек», «Айхай, ел», «Япырмай», «Құдаша-ау», «Ал, бұраң бел», «Сусары үйрек», «Ау, замандас», «Әй-ау», «Болли ботам», «Арман-ай», «Бұраң бел», «Аппақ етің», «Бұлбұл-ай», «А, күнім», «Алтын сырға, қима бел», «Ақерке», «Жанбала», «Ойпырым-ай», «Асыл бекзат», «Сұр жорға», «Құдаша-ау», «Ақ торғай», «Уғай-ау» т.б. осы сияқты ән-өлең мәтіндері сұрыпталып алынды.

9. Қоңыр әуен.

«Шыңжаң қазақтарының рухани мәдениет үлгілері» топтамасының (*Қоңыр әуен. / Құрастырушылар алқасы: Ахметбек Әнуарбекұлы, Нұртай Қиясбекұлы, Уахан Ахметұлы, Смағұл Бөденбайұлы, Кемелқазы Смағұлұлы, Қалихан Қабиханұлы, Ұланбек Қабдоллаұлы, Сәуле Шеризатқызы. — Шыңжаң, Іле халық баспасы, 2009. —177-198-бб.*) 4-бөлімінде «Қоңыр әндер» деген тақырыппен 11 халық әнінің нотасы мен мәтіні берілген. Олар «Шыңжаң халық радиостанциясы және Іле облыстық мәдениет-көркемөнер зерттеу орнының мұрағатынан алынған.

Томға осы жинақтың негізінде «Алқоңыр», «Жайқоңыр», «Халалым-айдай, қоңыржай», «Қоңыр қаз-үйрек», «Қоңыр қаз», «Майдақоңыр», «Үкілім-айдай, қоңыржай», «Қоңыржай-Гүлжай», «Әніме «Майда қоңыр» салайын-ай» секілді ән-өлеңдері іріктеліп алынды.

Томға енген:

Жетісу қазақтарының 54 халық әні: 67, 75, 110, 114, 165, 179, 202, 241, 324, 336, 353, 369, 384, 413, 438, 500, 585, 598, 629.

Қазақ әндері: 33, 36, 65, 121, 253, 322, 327, 340, 343, 356, 360, 393, 422, 567.

Синьцзян қазақтарының халық әндері: 19, 25, 34, 81, 150, 155, 223, 246, 250, 265, 291, 303, 308, 318, 342, 355, 359, 388, 391, 396, 404, 420, 431, 437, 456, 463, 471, 493, 497, 498, 539, 555, 560, 566, 583, 588, 593, 600, 604, 606, 607, 624, 632, 636, 641, 647.

Моңғолия қазақтарының халық әндері: 2, 3, 5, 8, 9, 10, 13, 18, 22, 23, 27, 41, 42, 44, 46, 47, 48, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 69, 71, 72, 76, 79, 82, 85, 87, 88, 96, 99, 102, 103, 104, 108, 113, 118, 119, 127, 129, 130, 133, 135, 137, 138, 142, 143, 152, 157, 160, 161, 162, 166, 168, 173, 174, 175, 176, 180, 181, 182, 183, 184, 185, 186, 187, 188, 189, 190, 191, 192, 193, 194, 201, 205, 206, 211, 213, 220, 221, 222, 225, 228, 231, 236, 237, 238, 240, 245, 248, 249, 252, 254, 259, 261, 263, 266, 272, 273, 274, 275, 278, 279, 280, 281, 282, 283, 284, 285, 287, 289, 290, 292, 293, 296, 298, 302, 306, 310, 312, 317, 319, 320, 321, 328, 330, 331, 333, 337, 338, 344, 350, 351, 352, 357, 358, 361, 363, 365, 370, 371, 375, 377, 378, 379, 380, 381, 382, 385, 386, 387, 389, 390, 394, 397, 401, 406, 410, 411, 415, 418, 419, 424, 425, 428, 429, 433, 439, 440, 441, 442, 445, 450, 455, 457, 459, 460, 462, 482, 483, 484, 485, 486, 487, 489, 490, 491, 492, 495, 502, 506, 510, 511, 512, 513, 516, 519, 521, 522, 525, 528, 529, 532, 536, 537, 540, 542, 543, 544, 553, 561, 564, 567, 568, 569, 570, 571, 572, 573, 574, 575, 577, 579, 582, 584, 605, 613, 614, 615, 616, 617, 622, 623, 631, 643, 644, 645, 646, 648, 649, 650, 651, 653, 654, 655, 657, 658.

Балқаш өңірінің әндері: 29, 92, 156, 247, 255, 270, 315, 326, 341, 366, 417, 426, 446, 452, 453, 465, 466, 496, 533, 552, 557, 559, 576, 581, 589, 592, 620, 626.

Қазығұрт әуендері: 11, 17, 36, 49, 91, 125, 234, 244, 258, 271, 304, 334, 345, 443, 444, 530, 545, 546, 578, 599, 602.

Жетісу әуендері: 7, 14, 16, 24, 26, 28, 32, 45, 64, 66, 70, 73, 78, 80, 90, 100, 105, 107, 109, 112, 123, 124, 128, 131, 132, 134, 141, 144, 145, 147, 151, 153, 158, 159, 167, 198, 199, 200, 203, 209, 212, 214, 219, 224, 229, 232, 233, 239, 242, 251, 257, 260, 269, 276, 277, 286, 288, 297, 305, 309, 313, 316, 329, 339, 348, 349, 362, 368, 373, 383, 395, 398, 399, 405, 407, 409, 414, 416, 421, 427, 430, 434, 435, 436, 474, 488, 514, 515, 518, 520, 526, 547, 554, 558, 563, 590, 591, 594, 595, 603, 609, 611, 612, 628, 630, 634, 638, 640, 652.

Алтай-Тарбағатай өңірінің халық әндері (1-кітап): 4, 6, 12, 15, 35, 37, 40, 43, 86, 93, 94, 98, 101, 111, 115, 116, 120, 122, 136, 139, 148, 154, 163, 170, 171, 172, 196, 197, 204, 210, 215, 227, 235, 262, 264, 267, 294, 295, 299, 307, 314, 325, 332, 354, 374, 402, 403, 408, 449, 461, 464, 469, 470, 472, 473, 475, 476, 477, 478, 501, 504, 507, 508, 517, 527, 531, 538, 551, 556, 562, 565, 587, 601, 608, 618, 619, 621, 627, 639. (2-кітап): 1, 20, 21, 30, 31, 38, 39, 50, 68, 74, 83, 84, 89, 95, 97, 106, 117, 126, 140, 146, 149, 164, 169, 177, 178, 195, 207, 208, 216, 217, 218, 226, 230, 243, 256, 268, 300, 301, 311, 323, 335, 347, 364, 367, 372, 376, 392, 400, 412, 423, 432, 458, 467, 468, 479, 480, 481, 494, 503, 505, 509, 523, 524, 534, 535, 541, 548, 549, 550, 580, 586, 596, 610, 635, 637, 642, 656.

Қоңыр әуен: 77, 346, 447, 448, 451, 454, 499, 625, 633.

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ, ДІНИ ЕСІМДЕР ЖӘНЕ РУ АТАУЛАРЫ

Алла (Аллах)—бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, ислам дінінде баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі. Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес».¹ Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.ә.с.)² — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті. Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар. Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті),

¹ Құран Кәрім. 112- «Ихлас» сүресі.

² (с.ә.с.) — сала Аллаху әләйһи уассалам /а / — Алланың оған жақсылығы мен жарылқауы болсын.

Ғафұр (кешірімді) т.б. Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Өлхамдулилаһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тасбих тастарын санама-лау арқылы жүзеге асады.

Пайғамбар (Мұхаммед пайғамбар) — ең соңғы пайғамбар, Ислам дінінің негізін салушы. Мұхаммед (с.ә.с.) 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Мұхаммед алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.ә.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Өбутәліптің тәрбиесінде болған. Алғашқы уахи хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында рамазан айында түсті. Мұхаммед 610 жылдары 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — Исламды уағыздай бастайды. Мұхаммед (с.ә.с.) Ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар Ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.ә.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдина қаласына қоныс аударады. Бұл жыл Ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз. Мұхаммед Мұстафа (с.ә.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдина қаласында қайтыс болды. Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

Адай — Кіші жүздің он екі ата Байұлы бірлестігіне енетін басты рулардың бірі. Қыдырқожа әулетінен тарайтын Байұлыда: Есентемір, Адай, Беріш — үш ру бөлек аталып, өзінше бір топ құрайды. Ел аузында «Есентемір, Адайсың, Берішпен қалайсың» деген сөз де бар. Адай руы Байұлы ішінде халқының саны жағынан да алдыңғы орындардың бірін алады. XIX ғасырдың орта шеніндегі есеп бойынша Адайлар қырық мың түтін

болған. Осы Адайлар негізінен үлкен екі атадан — Құдайке мен Келімбердіден тарайды.

Алаш (ежелгі түрік сөзі — *бауырластар, қандастар, туыстар*) — көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. Орта ғасырлық және одан ерте кезеңдегі деректерде қазақтың өз алдына ел болып хандық құрғанға дейінгі ежелгі тайпаларының ортақ атауы.

Қазақ халқының басын құрайтын ежелгі тайпалардың көпшілігі Оғыз қағанға бағынғанын ескерсек, «Алты Алаш» деген ұғымды оғыздың алты ұлына ерген ел деп те түсінуге болады. Бұл тұрғыдан алғанда Алаш деген ортақ түріктік атау Алтын Орда (Қыпшақ мемл.) ыдырағаннан кейінгі кезде қайтадан жаңғырған бауырлас түрік халықтарының басын біріктіру ұраны, ортақ атауы да болған сияқты.

Ескі шежіре деректерінде Алаш атауы қазақ халқының синонимі ретінде келтіріледі. Мысалы, Қадырғали Жалаири өз еңбегінде қазақтың орнына Алаш атауын қолданады. Шежірелердің бірінде Алашқа өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қырғыз, қазақ, ноғайды жатқызады. «Қамбар батыр» жырында («Тамашаға жиылсын, Алты Алаштың баласы»), Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқанында («Он сан Алаш баласын, жұмсап бір тұрсың қолыңмен»), Махамбеттің («Алты сан Алаш ат бөліп, тізгінін берсе қолыма») өлеңдерінде Алаш сөзі қазақ атауының баламасы ретінде берілген. «Атамыз — Алаш, керегеміз — ағаш» деген қазақ халқы ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресінде ежелгі Алаш ұғымына қайта оралып, оны бостандық пен бірліктің ұраны етіп алды. Соның дәлелі ретінде «Алаш қозғалысы», «Алашорда», «Алаш» деген ұғымдарды атауға болады. «Алаш азаматы» деу қазақ халқының ауыз бірлігіне, елдің, жердің тұтастығына меңзейді.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан, алып күш иесі.

Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болғанмыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Ғайса (Айса, Иса) — (Иусус) Иса Мәсіхтің есімі христиан дініндегі сияқты исламда да ілтипатпен еске алынады. Құран Кәрімде Иса пайғамбарға біраз орын берілген, оның анасы Мәрия хазіретке арналған сүре бар. Алайда, ислам қағидасы бойынша, Иса (ә.с.)—бар болғаны Алланың сүйікті құлы, «кітап түсірілген» төрт пайғамбардың бірі. Христиандар Исаны Құдайдың ұлы деп есептейді, оның өзін Құдай дәрежесінде дәріптеп, оған құлшылық жасайды.

Кейбір дін зерттеушілері (әсіресе, еуропалықтар) Мұхаммед пайғамбардың христиандарға жылы ықыласпен қарағанын айтады. Шарифат зерттеушілері Исаны «Мұхаммедтің дүниеге келерін алдын ала білген» және Аллаға шын жүрегімен берілген хақшыл Пайғамбар ретінде мойындайды. Ислам ғалымдары «Иса Құдай емес, оған еруші жұрт адасты» деп санайды.

Зылиха мен Жүсіп («Жүсіп—Зылиха») — Шығыстағы көп елге тараған ғашықтық дастан. Негізінен Інжіл мен Құран Кәрімде баяндалатын Жүсіп пайғамбар туралы оқиғаға құрылған. Сюжеті Шығыстың көп ақындарының шығармаларына өзек болған. Оның ауызша нұсқаларымен бірге, жазба нұсқалары да бар. Дастанның көне қолжазбалары Британия музейінде және Будлин кітапханасында сақталған. «Жүсіп—Зылиханың» сюжетіне дастан жазған ақындар көп болған. Солардың ішінде халық арасына кең тараған әрі кемел нұсқасы—Абд әр-Рахман (Әбдірахман) Жәми жырлаған дастан. Қазақ халқы арасына «Жүсіп—Зылиха» жыры ерте

кезден-ақ кеңінен тараған. Мысалы, Алтын Орда дәуірі әдебиетінің аса көрнекті өкілі Дүрбек ақын да оғыз-қыпшақ тілінде «Жүсіп — Зылиха» дастанын жазған. Дүрбектің өмірі туралы көп мәлімет сақталмаған. Дүрбек «Жүсіп — Зылиха» дастанын 1409 жылы жазған. Дастанның 1516 жылы көшірілген ең көне нұсқасы Түркияның Топқани кітапханасында, ал 1563 жылы көшірілген 2-нұсқасы Париждегі Француз ұлттық кітапханасының сирек қолжазбалар қорында сақтаулы тұр. Дастан Жақып пайғамбардың он бір баласы арасындағы күншілдіктен туған қайғылы жәйттерді баяндаудан басталып, Жүсіптің ұзақ жылдар жат елдерде жүріп, жан төзгісіз қайғы-қасірет көргені суреттеледі. Шығарманың соңын Жүсіп Мысыр еліне патша болып, сүйіктісі Зылиха сұлуға үйленеді. Дастанның негізгі идеясы — ел билеушілер арасындағы төж бен тақ үшін, байлық пен мансап үшін жиі-жиі болатын қанды соғыстардың, ағайын адамдар арасындағы бақталастық пен алауыздықтың, шектен тыс қатыгездіктің зардаптарын көрсету. «Жүсіп — Зылиха» дастанының сюжетін өзге ақындар да нәзира үлгісімен қайта жырлаған. Мысалы, қазақ ақыны Жүсіпбек Шайхысыламұлы да осы сюжетті арқау еткен «Жүсіп — Зылиха» қиссасын жазып, оны Қазан баспаларынан бірнеше рет (1898, 1901, 1913) бастырып шығарған.

Қаракесек — шежіре бойынша, Орта жүздегі Арғын тайпасының «бес мейрам» аталатын рулар бірлестігіне кіреді. Халық арасындағы кей шежіреде Болатқожаны даралап «төрт қаракесек» (Болатқожа, Қамбар, Жалықбас, Шұбыртпалы), басқаларында «үш қаракесек» (Шұбыртпалы кірмейді) деседі. Арғыннан — Болатқожа; Болатқожадан — Қаракесек; одан — Майқы, Бошан, Тапас болып жіктеледі. Қаракесектің рулық ұраны мен таңбасы бүкіл Арғын тайпасымен бірдей болғанымен, Арғын ішінде Болатқожаның шешесі Қарқабат атын ұран еткен.

Қуандық — Арғын атадан: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік. Бегендіктен: Қозған, Тәңірберді, Сырық деген балалар өрбиді.

Мәді — Қазыреті Ғалидың ұлы.

Ноғай — түркі халықтарының бірі. Негізінен, Ресей Федерациясында (Ставрополь аймағы, Дағыстан, Шешенстан т.б.) тұрады. Басты субэтникалық топтары: қара ноғайлар, ащықұлан-ноғай, ақ ноғай немесе қубандықтар, астрахандық ноғай.

Райымбек (Түкеұлы Райымбек) (1730-1814) — жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен батыр, қолбасшы. Сүйегі Албан тайпасының алжан руынан тарайды. Атасы Ханкелді батыр 1733 жылы Ұлы жүздің беделді адамдары Төле би, Қодар би, Сатай, Бөлек батырлармен бірге орыс патшасы Анна Иоановнаға елші жіберіп, Ресейдің қол астына алуын өтінген. Райымбек он жеті жасында жоңғар шапқыншыларымен болған ұрыстарда ерлік көрсетіп, батыр атанған. Бейбіт кезеңде халық арасында әулие ретінде танылған, оның келешекті болжағаны туралы ел жадында көптеген аңыз, әңгімелер қалған. Райымбектің есімімен аудан, ауыл, көптеген көшелер аталады. Соның бірі — Алматыдағы өзінің зираты жатқан Райымбек даңғылы.

Тәуке (Тәуке хан, Өз Тәуке) (т.ж.б. — 1716) — қазақ ханы, Жәңгір ханның ұлы. Тәуке хан тұсында Қазақ хандығы саяси жағынан нығайған, бір орталыққа бағынған мемлекет болды. Үш жүзге билігі жүріп, Қазақ хандығының орталығы Түркістан қаласында тұрды. Өзіне дейінгі «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты ережелер жиынтығының негізінде Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге арқа сүйей отырып, «Жеті жарғыны» қабылдады. Көрші елдермен саяси-дипломатиялық байланыс орнатуға тырысқан.

СӨЗДІК

Арда — 1. Қысыр емген (төл); 2. Бұла, ерке (адам); 3. Тағы, асау.

Байпақ — етіктің ішінен киетін, жұқалау етіп жүннен басылған не киізден істелген қонышты шұлық.

Барбан — 1. Шанағы сірі керіп қаптаған, іші қуыс, цилиндр пішінді соғып ойнайтын саз аспабы, дағыра; 2. Шайқастар мен жекпе-жек алдында сарбаздардың рухын көтеру үшін соғылатын аспап.

Баушарбақ — 1. Бір отбасына тән қора-қопсы; 2. Ауыл-аймақ; 3. Жеміс бағын және оның төңірегін қоршаған қорған, дуал.

Борлат — 1. Қызыл түсті жұқа мата; 2. Әк жаққызу, ақтату; 3. Бордақылау.

Гармон (мәтінде «гармония» деп берілген) — гармонь, сырнай

Гоминдаң (*Гоминьдан* — Қытай Халқының Ұлттық партиясы) — Қытай Халық Республикасының консервативті саяси партиясы атауының қазақшаланған түрі.

Граммофон — Күйтабаққа жазылған музыкалық шығарманы естуге арналған музыкалық аппарат.

Физзатлу (*Физатты*) — құрметті, қадірлі

Дуана — 1. Диуана; 2. Дұға оқып, дем салушы, соны кәсіп етуші адам; 3. Ісінде береке жоқ, тұрақсыз адам.

Дүрия — жылтырауық, тығыз, жібек мата

Закон, закун — 1. Заң; 2. Заңдылық, тұрақталған жүйе.

Замзам — 1. Зәмзәм суы, 2. Шипалы, шарапатты, емдік қасиеті бар су.

Кебіс — мәсінің сыртынан киюге арналып былғарыдан тігілген, қонышсыз аяқкиім.

Қазине — камзол, бешнент сияқты сырт киім тігуге арналған қалыңдау келген қымбат мата.

Қаныт (ж.с.) — қант деген мағынада

Ләззатлу — ләззат аларлық, сүйсінерліктей

Мизам — қыркүйек айының ескіше аты

Мұғаллақ — мекенсіз, құпия

Отарба — пойызды сүйреуші бу машинасының алғашқы қазақша атауы

Пейнә (ж.с.) — бейне.

Перизат — 1. Періден туылған, пері тектес; 2. Ай десе аузы, күн десе көзі бар асқан сұлу қыз.

План /о/ — белгілі бір жұмыстың алдын ала жасалған жобасы, жоспар

Салық — көшіп барып қонатын жерге біреу қонып қоймасын деп алдын ала апарып тастаған үй.

Телеграф — 1.Электр қуатымен сым арқылы, не сымсыз алысқа хабар жеткізетін құрылғы.

Фани — пәни, жалған

Форым (форымды) — кесінді, түрлі, келбетті

Шабдар — 1.Сыртқы түгі ақшыл сары, жал-құйрығы бурыл келген, құла-жирен жылқы (ат); 2. Шикіл сары, жирен (адам).

Шағи — жұқалаң жұмсақ және таза мата.

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Ақжайқын — Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданының солтүстік-батысындағы тұзды көл.

Аққұм — Алматы облысының аумағындағы Балқаш көлінің оңтүстігіндегі құмды түбек. Көлге оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай сұғына еніп жатыр. Қазақстан жерінде Аққұм атауы жиі кездеседі.

Алатау — басы Хантөңірінен басталып, Ташкент қаласының маңына барып аяқталатын биік шыңдарын мәңгілік мұздықтар мен қар басып жататын алып таулар тізбегі. Олар Жоңғар Алатауы, Іле Алатауы, Қырғыз Алатауы т.б. деп аталып, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Қырғызстан Республикасының біраз аумақтарын алып жатыр.

Алқакөл — қола дәуіріне жатқызылатын ескі жұрт. Теректі ауданындағы Алқакөл алабына орналасқан. Ол пішіні деңгелек тәрізді он екі шұңқырдан тұрады. Кейбір шұңқырлар қосақталған күйде.

Алмалы — Алматы облысының Панфилов ауданындағы ауыл. Мұндай елді мекендер мен жерлердің атауы Қазақстанның ауқымында жиі кездеседі.

Алматы — бұрынғы Алматы облысының орталығы, республикалық мәртебесі бар қала. Қазақстанның оңтүстік шығы-

сында Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан. 1929 жылдан 1997 жылға дейін Қазақстанның астанасы болды.

Алтай — тау жотасы, аймақ. Түркілердің атамекені болған Алтай тауы қазір Ресей Алтайы, Монғол Алтайы, Қазақ Алтайы деп бөлінеді. Оның үштен бірі Қазақстанның үлесінде. Қазақ Алтайы өз ішінде Өр Алтай, Кенді Алтай болып Ертіс өзені арқылы екіге бөлінеді. Оларды Қалба жотасы жалғастырып тұр. Алтай тауы батыстан шығысқа қарай, яғни ең биік нүктесі Мұзтауға қарай биіктей береді. Алтайдың осы аймағын қазақтар Өр Алтай деп, Катонқарағай мен Марқакөлдің арасындағы тау жотасын белгілеп жүр.

Арал (Арал теңізі) — Қазақстан мен Өзбекстан шекарасында орналасқан теңіз. Ол XX ғасырда ауқымы жағынан әлемде төртінші орында болды, бірақ 1960 жылдардан бастап теңіздің суы азайып кетті. Бұл теңіз Кайнозой дәуірінің орта шетінде, яғни бұдан 21 млн. 1200 жыл бұрын Каспий теңізіне қосылып жатқан деген ғылыми болжамдар бар. Кейінгі дәуірлерде жер қыртысының көтерілуіне байланысты ұсақ су айдынына айналды.

Атырау — Атырау облысының әкімшілік орталығы, Қазақстанның батысында, Жайық өзенінің бойында орналасқан қала. Қаланың негізі 1640 жылы қаланған. Қаланы Жайық өзені екіге бөледі: батысы Самар қанаты мен шығысы Бұқар қанаты.

Балхаш (Балқаш) — Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі үшінші орында. Алматы, Жамбыл, Қарағанды облыстарының шегінде, Балқаш-Алакөл ойысында, теңіз деңгейінен үш жүз қырық метр биіктікте жатыр.

Баян көлі — Есіл алабындағы тұзды көл. Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданында орналасқан. Қоңыржай құрғақ дала белдеуінде орналасқан Баянның жағалауы жазық.

Баян-Өлгий (*Баян-Өлгей аймағы*) (қазақша балама аты — *Бай-Өлке, Байбесік*) — Моңғолияның жиырма бір аймағының ең батысындағы биік таулы аймағы. 1940 жылы құрылған. Аймақ орталығы — Өлгий қаласы.

Баянауыл — Павлодар облысындағы тау, аудан орталығы және аудан атауы. Жергілікті қазақтар тауды «Баянаула» деп те атайды, ал оның шығыс биік жотасын «Жаманаула» атаған. Атаудың мағынасы «тау қыры көп, таулы жер» дегенді білдіреді.

Баяннуур — Моңғол Халық Республикасының Бұлғын аймағындағы аудан атауы. Аудан орталығы Бұлғын қаласынан 180 шақырым жердегі Өлзейит тұрағынан және мемлекеттің астанасы Ұлан-Батор қаласынан 200 шақырым қашықтықта орналасқан.

Гурьев — Атырау қаласының бұрынғы аты.

Дәубаба (*Иирсу-Дәубаба қорықшасы*) — республикалық маңызға ие зоология қорықшасы. Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түлкібас ауданының жерінде он тоғыз мың гектар жерді алып жатыр. Талас Алатауының қиыр батысындағы тау жоталарында орналасқан. 2006 жылы Сайрам-Өгем ұлттық паркінің құрамына кірді.

Доссор (мұнай кені) — Атырау облысының Мақат ауданында, Атырау қаласынан шығысқа қарай 90 шақырым жерде орналасқан, Қазақстанда ашылған ең алғашқы өндірістік маңызы бар мұнай кені.

Ертіс — Батыс Сібір мен Қазақстан жеріндегі өзен. Обьтың сол саласы. Моңғол Алтайының оңтүстік-батыс беткейіндегі мұздықтардан бастау алып, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарының аумағын басып өтеді.

Жайық — Каспий алабындағы өзен. Оңтүстік Орал тауы және Каспий ойпаты, Ресей Федерациясының Башқортстан Республикасы, Челябин, Орынбор және Қазақстанның Батыс Қазақстан, Атырау облыстарының жерінен ағып, Атырау қаласы тұсында Каспий теңізіне құяды. Жайық өзені бойымен Еуропа мен Азияның шартты шекарасы өтеді.

Жетіарал — *Шығыс* Қазақстан облысының Тарбағатай ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік аумағының орталығы. Аудан орталығы — Ақсуат ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 100 шақырым жерде орналасқан. Іргесі 1959 жылы «Ластинский» қой өсіретін кеңшар орталығы ретінде қаланған.

Жетісу — еліміздегі ең ірі өлкелердің бірі. Жері сулы, нулы Жетісу туралы ғалымдар түрлі пікірде болып келгені белгілі. Кей деректерде Жетісу құрамына Іле, Қаратал, Ақсу, Бүйен, Лепсі, Басқан, Сарқант өзендері жатқызылса, танымал зерттеуші Ә.Тұрлыбаев Бүйен, Басқан, Сарқант өзендерінің орнына Аякөзді, Талас пен Шуды кіргізеді. Жетісудың аумағында 1867 жылы Семиреченская облысы құрылып, ол 1922 жылы Жетісу облысы, 1924 жылы Жетісу губерниясы болып аталып, 1932 Алматы облысы болып бөлініп шықты.

Жылыой (ауданы) — Атырау облысының шығысында орналасқан әкімшілік бөлініс. 1928 жылы құрылған. Алғашқыда Ембі ауданы, 1993 жылдан Жылыой ауданы аталған. Солтүстік-шығысында Мақат ауданымен, батысында Атырау қалалық әкімдігі аумағымен, шығысында Ақтөбе облысының Байғанин ауданымен, оңтүстігінде Маңғыстау облысының Бейнеу ауданымен шектеседі. Аудан жерінің басым бөлігін Каспий маңы ойпатының шығыс бөлігі алып жатыр.

Кеген — Алматы облысы, бұрынғы Кеген ауданының орталығы, ауыл. 1997 жылдан Райымбек ауданының әкімшілік орталығы.

Кемчат (*Камчатка*) — Азияның солтүстік-шығысындағы ірі түбек. Ресейдің Камчатка өңірі мен Коряк Автономды округі аумағын алып жатыр.

Көктөбе — жер атауы. Мұндай жер атаулары Қазақстанда көптеп кездеседі. Әр әншінің, композитордың өз Көктөбесі болуы мүмкін.

Көкшетау — жақпартасты, орманды-көлді таулар жүйесі. Сарыарқаның солтүстігінде, Көкшетау қыратының солтүстік-шығыс бөлігінде, Шортанды ауданында оқшау орналасқан.

Көлсай — Алматы облысы, Райымбек ауданы жерінде, Күнгей Алатауының Күрметі және Саты асуларынан бастау алатын кішігірім өзендер суынан пайда болған үш көл. Төменгі Көлсайдың су айдыны басқаларына қарағанда үлкен.

Күнес (*Күнес ауданы немесе Синьюань ауданы*) — Қытай Халық Республикасы Шыңжаң Ұйғыр Автономиялық районы, Іле Қазақ Автономиялық облысының Іле аймағына қарасты әкімшілік-аумақтық құрылым. Шет елдегі қазақтардың ең көп әрі тығыз қоныстанған аудан. Қытайдағы ірі туристік орталық Ақөзен жайлауы, Нарат сахарасы осында.

Қарағайлы — Алматы облысы, Қарасай ауданындағы ауыл, осы аттас ауылдық әкімшілік аумақтың орталығы. Аудан орталығы — Қаскелең қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай жиырма бес шақырым жерде, Іле Алатауының баурайында. Ауыл 1992 жылдан Қарағайлы деп аталады. Елімізде осы аттас жерсу атаулары жиі кездеседі.

Қараой — Іле өзенінің сол жағалауындағы Күрті және Қаскелең өзені аралығындағы үстіртті тау. Шығысы Қапшағай патқалына тіреледі. Солтүстігі мен оңтүстігі құмға ұласады.

Қарқара — Алматы облысы, Райымбек ауданындағы өзен. Қарқара Күнгей және Теріскей Алатаудың солтүстік-шығыс беткейлерінен басталып, Тиектас тұсынан Шарын өзеніне құяды.

Қарқаралы — Қарағанды облысындағы Қарқаралы ауданының орталығы.

Қап тауы (*Каф тауы*) — Шығыс әдебиетінде, аңыз-әңгімелерде жиі кездесетін тау аты. Ол тым қашық, дию, перілер жайлаған мекен ұғымын береді. Қап тауы қазіргі Кавказ тауы деген пікір де бар. Сюжетін «Мың бір түн» ертегілерінен алып жазған Абайдың «Өзім әңгімесі» деген дастанында жәдігөй шал қапылыста тұзағына түсірген Өзімді желмаямен Қап тауына әкеледі. Ақын бұл атауды да сол ертегіден алған болуы керек.

Қаракөл — Есіл алабындағы өзен. Қаракөл атты өзен-көлдер еліміздің өзге өңірлерінде де кездеседі.

Қарасаз — Жамбыл облысы, Жуалы ауданындағы ауыл, осы аттас ауылдық әкімшілік аумақтың орталығы. Аудан орталығы Бауыржан Момышұлы ауылынан солтүстік-батысқа қарай сегіз шақырым жерде орналасқан. 1993 жылға дейін Петровка деп аталып келген. Елімізде осы аттас жер-су атаулары жиі кездеседі.

Қаратау — Еуразияның түркі тілдес халықтар қоныстанған аймақтарындағы биіктігі орташа және аласа тау жоталары. Қаратауда жаз айларында қар жамылғысы болмағандықтан осылай аталады. Қаратау атауы Орталық Азияда, Оңтүстік Оралда т.б. түркі тілдес елдер аумағында (Түркия, Иран, Кавказ, Қырым т.б.) жиі кездеседі. Қазақстанда Қаратау жотасы (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстары аумағында), Қаратау таулары (Маңғыстауда), Кетпен (Ұзынқара) жотасында бар.

Қобда — Ақтөбе облысындағы аудан орталығы, Елек алабындағы өзен. Ақтөбе облысының Алға, Қобда аудан жерлерімен ағады.

Қоғалы (*Қоғалы Артезиан Алабы*) — Жетісу Алатауының оңтүстік-батысындағы Алтынемел мен Қотырқайың жоталарының аралығындағы ойыста, Талдықорған қаласынанан оңтүстік-шығысқа қарай 60-80 шақырым жерде орналасқан.

Қопа (*Қопа жазығы, Қопсан жазығы*) — Шу-Іле тауларының шығыс сілемі Кіндіктас тауының солтүстік-шығысында орналасқан тау аралық жазық. Батысы Жамбыл облысының Қордай, шығысы Алматы облысының Жамбыл ауданына еніп жатыр. Қопа жазығы Қопа өзенін жарып ағады. Солтүстігінде Құлжабасы тауы Қопа жазығын Қараой жазығынан бөліп жатыр.

Құлжа (*Инин*) — Қытайдың солтүстік-батысында, Шыңжаң Ұйғыр Автономиялы ауданы, Іле Қазақ Автономиялы облысының орталығы. Қала Іле өзені аңғарындағы ежелгі Ұлы Жібек жолының бір тармағы — Құлжа жолы бойындағы ірі экономикалық орталық. 1864 жылы Шығыс Түркістан халқы көтерілісіне байланысты, Іле сұлтандығы құрылып, астанасы Құлжа болды, бірақ Ресей әскері Құлжаны басып алып, онда 1882 жылға дейін орын тепті.

Қызылжар — қазіргі Петропавл қаласы, қазақтар Қызылжар деп атаған. 1936 жылдан Солтүстік Қазақстан облысының орталығы.

Маңғыстау — облыс, тарихи аймақ. Қазақстанның оңтүстік-батысында орналасқан. Ел аузында Маңғыстаудың ойында үш жүз алпыс әулие өмір сүргендігі айтылады.

Марқакөл — *Шығыс* Қазақстан облысында орналасқан өдемі көлдердің бірі. Көл Азутау және Күршім жоталарының

аралығында орналасқан. Көлге құятын өзендердің ірілері: Қарабұлақ, Матабай, Жиренбайтал т.б.

Мекке — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.ә.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.ә.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйін Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (құбыла). Мұсылмандардың Меккеде 630 жылы өз билігін орнатуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Мыңжылқы (Бессаз) — Қаратау жотасының солтүстік-батыс бөлігіндегі тау. Беткейлерінен бірнеше шағын өзендер (Байылдыр, Біресік, тағы басқа) бастау алады. Елімізде осы атас жер-су атаулары жиі кездеседі.

Мысыр — Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Нарынқол — ауыл. Алматы облысы, бұрынғы Нарынқол ауданының орталығы болған.

Ногооннуур (моңғ.жасыл көл) — Моңғолияның Баян-Өлгий аймағындағы аудан. Мемлекет астанасы Ұлан-Батыр мен Өлгий қаласының аралығында Ресеймен шекаралас орналасқан.

Нұр тауы — Мекке жанындағы алғаш Мұхаммед пайғамбарға жөбірейіл арқылы Алланың жарлығы келіп, Жаратқанға сенім білдірген қасиетті тау. Хира, Хира нур тауы деп те аталады.

Нұра өзені — Қарағанды және Ақмола облыстары жерімен ағатын өзен. Нұра Қарқаралы тауының батыс сілемдеріндегі бұлақтардан басталып, Теңіз көліне құяды.

Орал — Қазақстандағы ескі қала. Батыс Қазақстан облысының орталығы (1932 жылдан), ірі темір жол станциясы, Жайық бойындағы өзен порты, әуе жолдарының торабы. Қала Жайық өзенінің жағасында, Шағанның Жайыққа құяр тұсында орналасқан.

Орынбор — қазіргі Ресей Федерациясындағы қала, облыс орталығы. Патшалық Ресей Қазақстанның бөліктерін отарлау мақсатында XVIII ғасырда қазақ жерінде салған бекінісі. 1920-25 жж. Қазақ АКСР-нің астанасы болды.

Сайрам көлі — байырғы Жібек жолының Солтүстік арнасына, Төңір тауының батыс жағында, Бұратала қаласының батыс оңтүстігіне орналасқан. Сайрам көлі Шыңжаңдағы теңіз деңгейінен ең жоғары, көлемі ең үлкен тау көлі.

Самарқан (Самарқанд) — Өзбекстан Республикасындағы ежелгі қала, осы аттас облыс орталығы. Заравшан өзенінің аңғарында орналасқан. 1868 жылы патша әскерлері басып алды да, Ресей империясының құрамына енді. 1924-1930 жылдары Өзбек КСР-ның астанасы, 1938 жылдан облыс орталығы. Самарқанда Шаһи Зинда, Бибі ханым мешіті, Регистан т.б. тарихи ескерткіштер өте көп.

Сауыр (Сауыр-Тарбағатай) — Жайсан ойпатының оңтүстік шекарасы Сауыр мен Тарбағатай тау жүйесіне тіреледі. Бұл жермен Қытай-Қазақстан шекарасы өтеді.

Сарыарқа — Қазақстанның бүкіл орталық бөлігін алып жатқан аймақ. Солтүстікте Қазақ жазығынан басталып оңтүстікте Бетпақдала мен Балқаш көліне дейінгі аралықта орналасқан. Батыста Торғай үстіртіне тіреледі. Шығыстағы

шекарасы Балқаш көлінің солтүстік-шығыс шетінен Тарбағатайдың етегіне, онан әрі Зайсан қазаншұңқырының шетін ала Қалба жотасына дейін жетеді.

Сарыбел — Алматы облысы, Панфилов ауданындағы ауылдық аумақ орталығы. Аудан орталығы Жаркент қаласынан солтүстікке қарай 30 шақырым жерде, Тұрпан өзенінің жағалауында орналасқан.

Сарымсақ — Оңтүстік Алтайдағы таулы жота. Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданында орналасқан. Сарымсақ жотасы Күршім, Бұқтырма, Нарын өзендерінің суайрығы болып саналады.

Семей — Ертіс өзенінің жағасында орналасқан қала. Іргесі XVI ғасырда қаланған, қаланың алғашқы атауы Доржынкент.

Сөгеті — Іле Алатауының шығысындағы Сөгеті және Торыайғыр таулары аралығындағы аңғар. Батысы — Шілік, шығысы — Шарын өзендері аңғарларына тіреледі. Сөгеті аңғары арқылы Алматы — Шонжы — Нарынқол күре жолы өтеді.

Сүмбе — Алматы облысы, Ұйғыр ауданындағы ауылдық аумақтың орталығы. Аудан орталығы — Шонжы ауылынан оңтүстікке қарай 35 шақырым жерде, Кетпен (Ұзынқара жотасының) солтүстік-батыс баурайында орналасқан. 1930-1997 жылдар қой өсіретін ұжымшардың орталығы болды.

Сілеті — өзен, Ақмола облысынан басталып, Солтүстік Қазақстан облысының Сілеті көліне құятын өзен мен көл атауы.

Талғар — Алматы облысындағы қала, Талғар ауданының орталығы. Алматы қаласынан 25 шақырым жерде орналасқан.

Талдыөзек — Тоқырау алабындағы өзен. Үшқайың, Кектас, Қызыладыр тауларының беткейіндегі бұлақтар суының

қосылуынан түзіледі. Қошқар тауының солтүстік-шығыс етегіне жетер-жетпестен жерге сіңіп кетеді.

Тарбағатай — Зайсан және Балхаш-Алакөл арасындағы суайырық жота. Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының жерінде орналасқан. Аягөз ауданында Тарбағатай ауылы бар.

Теке — Қазақстанның солтүстігіндегі тұзды көл. Оған Талдысай өзені құйылады.

Текес (Текес ауылы) — Алматы облысы, Райымбек ауданындағы ауыл, ауылдық аумақтың орталығы. Аудан орталығы — Кеген ауылынан шығысқа қарай 75 шақырым жерде, Текес өзеннің оң жағасында орналасқан.

Түрген — Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы ауылдық аумақтың орталығы. Аудан орталығынан Есік қаласынан шығысқа қарай 12 шақырым жерде, Түрген өзенінің жағалауында, Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан.

Тянь-Шань (қыт. *Аспанмен тілдескен тау*) — Орта және Орталық Азиядағы тау жүйесі. Тянь-Шаньның батыс бөлігі Қырғызстанда, солтүстік және батыс жоталары Қазақстанда, оңтүстік-батыс сілемдері Өзбекстан мен Тәжікстанда, шығыс жағы — Қытайда.

Шақпақ — Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөйдібек ауданындағы ауыл, Алғабас ауылдық аумақтың орталығы. Аудан орталығы Шаян аулынан солтүстікке қарай 22 шақырым жерде, Арыстанды өзеннің оң жағалауында, әйгілі Арыстанды-Қарабас желінің өтінде орналасқан. 1950 жылдары Шымкент қорғасын зауытының қосалқы шаруашылығы болды.

Шәлкөде — Алматы облысы, Райымбек ауданындағы таулы жайлау. Жайлаудың орта тұсынан Шәлкөде өзені ағып өтеді.

Бистықкөл (қыр. *БІсык-Көл*) — Қырғыз Республикасындағы көл. Солтүстік Тянь-Шаньдағы Күнгей Алатау мен Теріскей Алатау тау жоталарының аралығында орналасқан тұйық көл. Көлге 50-ден астам шағын өзен құяды. Ірілері: Жырғалаң, Түп. Жағалары нашар тілімделген, терең шығанақтар шығыс және оңтүстік-шығыс жағалауында ғана кездеседі.

Іле — Қазақстан (Алматы облысы) және Қытай жерлерінен ағып өтетін өзен. Шығыс Тянь-Шаньнан басталып, Балқаш көліне құяды. Басты салалары: Қаш, Қорғас (оң жақ), Шарын, Шелек, Талғар, Қаскелең, Күрті (сол жақ).

ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРДІ ЖИНАУШЫЛАР МЕН ЖАРИЯЛАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Ақмерұлы Қобыкей (1924) — шетелдік қазақ зерттеушісі, этнограф, композитор. Моңғолиядағы қазақтардың мәдениет қайраткері. Баян-Өлгий аймағында еңбек етіп, 328 халық әні мен 120 домбыра, сыбызғы күйлерін жинақтап, нотаға түсірген. Олар «Моңғолия қазақтарының халық әні» (1965), «Ән» (1972), «Моңғолия қазақтарының халық әндері» (1984), «Баян-Өлгий қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері» (1977) атты жинақтарда жарық көрді. Моңғолиядағы Қазақ музыка драма театрындағы ұлт-аспаптар оркестрінде дирижерлік еткен кезеңде қазақ, моңғол, батыс классиктерінің 200-ге жуық шығармаларын өңдеді. Өзі жазған 25 әні мен 30 шақты күйі халық арасында кең тараған.

Байбатыров Мұқаш (1899-1980) — ақын, әнші. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарынан бастап, ауылдағы мәдени, шаруашылық жұмыстарға ат салысып, 1936-1961 жылдары Қазақ мемлекеттік опера және балет театрының әншісі, Ұлы Отан соғысы жылдарында әнші-ақындардың үгіт бригадасында қызмет еткен. 1943, 1961, 1969 жылдары республикалық ақындар айтысына қатысып, өлеңдері, айтыстары «Ақындар жыры» (1963), «Пернедегі термелер» (1965), «Ленин деп халық жырлайды» (1969) жинақтарында жарияланды. Оның орындауындағы 50-ден астам халық әндері нотаға түсіріліп, «Алпамыс» жыры және өзінің «Толғау», «Кененге арнау» деген әндері күйтабаққа жазылды. М.Жолдыбаев, Ә.Қосбасаровпен айтыстары «Қазақтың қазіргі халық поэзиясы (1973), «Халық

поэзиясы және бүгінгі өмір» (1976) кітаптарында басылды. Ол әр кезеңдері халық арасынан фольклорлық мұраларды жинап, қолжазба қорларына өткізіп отырған.

Бафина Әмина (1929-2007)—әнші, музыка зерттеушісі. Шыңжаңның Шәуешек қаласындағы Қыздар гимназиясын бітіріп, оқытушылық қызмет атқарған. 1947 жылға дейін сол қаладағы жастардан құралған көркемөнер үйірмесінің белді мүшесі болып, «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» қойылымдарында басты рөлдерді ойнайды. 1950 жылы өнерпаздар сапында Пекинге барып, төңкерістің бір жылдық мерекесіне орай үлкен сахнаға шығады. Сол жылдың күзінде Үрімшіге келген кеңестік әртістерінің концерттерін тыңдап, репертуарын толықтырады. Екі жылдан кейін Пекинге барып, Орталық ұлттар ән-би ансамблінде қызмет істейді. ХХ ғасырдың 50 жылдары Қазақстанға қоныс аударады.

Алматы консерваториясын (1955-1961) бітіріп, ұзақ жылдар Қыздар педагогика институтында сабақ береді. Ә.Бафина шебер әнші ретінде радиодан, теледидардан, концерт сахналарынан кеңестік тыңдармандарға беймәлім халық мұраларын орындады, шығармашылығындағы әндердің бір бөлігін нотаға түсіріп, жарыққа шығарды. Ол орындаушы, зерттеуші ретінде халық музыка мәдениетінің өркендеуіне үлес қосты.

Бестібаев Мәмбет — мәдениет қайраткері, композитор. Оның «Айдалада ақша қар» (Сөзі Қ.Ыдырысовтікі) т.б. әндері халық арасында кеңінен танымал.

